

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК

**«Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясы
Серия «Исторические и социально-политические науки»
№ 4 (31), 2011**

Алматы, 2011

Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті

ХАБАРШЫ

«Тарих және саяси-әлеуметтік
ғылымдар» сериясы,
№ 4 (31), 2011

Шығару жиілігі – жылына 4 нөмір.
2000 ж. бастап шығады

Бас редактор
тар.ғыл.д. **Ғ.Қ. КЕНЖЕБАЕВ**

Редакция алқасы:
тар.ғыл.д., проф. **С.Т. Орумбаев**
(бас ред. орынбасары),
тар.ғыл.к., доц. **С.Х. Байдильдина**
(жауапты хатшы),
тар.ғыл.д., проф. **Х. М. Әбжанов**,
тар.ғыл.д., проф. **Қ.Т. Жұмағұлов**,
Тюбинген университетінің
профессоры **М. Майер** (Германия),
тар.ғыл.д., проф. **В.М. Козьменко**
(Ресей Федерациясы),
тар.ғыл.д., проф. **Қара Әбдіуақап**
(Түркия),
тар.ғыл.д., проф. **М.Қ. Қойгелдиев**
тар.ғыл.д., проф. **К.Р. Несіпбаева**,
тар.ғыл.д., проф. **О.Д. Осмонов**
(Қырғыз Республикасы),
тар.ғыл.д., проф. **А.Б. Соколов**
(Ресей Федерациясы),
тар.ғыл.д., проф. **Ғ.Х. Халидуллин**

© Абай атындағы
Қазақ ұлттық педагогикалық
университеті, 2011

Қазақстан Республикасының мәдениет
және ақпарат министрлігінде
2009 жылы мамырдың 8-де тіркелген
№ 10102 - Ж

Басуға 16.02.2012 кол қойылды.
Пішімі 60x84 1/8. Көлемі 20 е.б.т.
Таралымы 300 дана.
Тапсырыс 29.

050010, Алматы қаласы,
Достық даңғылы, 13.
Абай атындағы ҚазҰПУ

Абай атындағы Қазақ ұлттық
педагогикалық университетінің
өндірістік-жарнама бөлімінің
баспаханасы

Казахский национальный
педагогический
университет имени Абая

М а з м ұ н ы С о д е р ж а н и е

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

Берлібаев Б.Т. Қазақстандағы тарихи білімнің даму тенденцияларын іріктеу.....	3
Түлекова М.К. Қазақстандағы көші-қон процесі: заңсыз миграция және иммиграция мәселесі.....	7
Пилипчук Я.В. Война в жизни кыпчаков. Противостояние с другими кочевниками.....	12
Абдирайымова А.С., Мырзалы С.К. О развитии человеческого капитала в условиях независимости.....	18
Қабдөшев Б. Орынбордағы өлкелік заң курсы.....	20
Жаманбаева Л.К. Кеңестік күштеу саясатының әлеуметтік-демографиялық саладағы көріністерінің зерттелуі.....	25
Айтказина М.М. Нормы права и обычаи казахской степи.....	29
Джолдыбаева У.М. Орталық Азиялық мемлекеттерде шекарааралық экологиялық мәселелердің шешілуі.....	31
Дюсебаева Ғ.К. Некоторые страницы истории ислама в Павлодарском Прииртышье в 20-30 гг. XX века.....	36
Мырзатаева З. Алаш зиялыларының еңбектеріндегі қазақтардың күнделікті өмірі (XIX ғ. соңы – XX ғ. басы).....	39
Утегалиева А.Д. Социокультурные последствия модернизации 1920-1930 годы в Казахстане.....	44
Кулиева З. Новые факты генезисе Кура-Аракской культуры в Нахчыване.....	46

ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАР ПЕРСОНАЛИИ

Хафизова К.Ш. Чокан Валиханов в китайской историографии.....	49
Кенжебаева Ғ.Қ., Манкеев Н.Б. Х.Әділгереев тарихшы-ғалым және ұлағатты ұстаз.....	54
Шалтықов Ә.Е. Шоқан Уәлиханов – саяси қайраткер.....	58
Әзіретбергенова Э. Сералы Лапин және Ресей мемлекеттік думасы.....	62

ЖАЛПЫ ТАРИХ ВСЕОБЩАЯ ИСТОРИЯ

Shumagulov K. Die literarischen nachrichten der antikezeit über die frühgermanen.....	65
--	----

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ

Тимченко С.В. Политика России и некоторые вопросы казахско-кокандских отношений в русской дореволюционной историографии.....	70
Меңілбаев Ғ.А. Қазақ халқында ру-тайпа, шежіре, жеті ата тарихының алатын орны.....	76

Главный редактор
д.и.н. **Г.К. КЕНЖЕБАЕВ**
Редакционная коллегия:
д.и.н., проф. **С.Т.Орумбаев**
(зам.гл.редактора),
к.и.н., доцент **С.Х.Байдильдина**
(ответ.секретарь),
д.и.н., проф. **Х.М.Абжанов**,
д.и.н., проф. **К.Т.Жумагулов**,
профессор **Тюбингенского**
университета М. Майер
(Германия),
д.и.н., проф. **В.М.Козьменко**
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. **Кара Абдиуакап**
(Турция),
д.и.н., проф. **М.К.Койгелдиев**,
д.и.н., проф. **К.Р.Несипбаева**,
д.и.н., проф. **О.Д.Осмонов**
(Кыргызская Республика),
д.и.н., проф. **А.Б.Соколов**
(Российская Федерация),
д.и.н., проф. **Г.Х.Халидуллин**

© **Казахский национальный
педагогический университет
имени Абая, 2011**

Зарегистрировано
в Министерстве культуры и информации
Республики Казахстан
8 мая 2009 г. № 10102-Ж

Подписано в печать 16.02.2012.
Формат 60x84 1/8.
Объем 20 уч.-издл.
Тираж 300 экз. Заказ 29.

050010, г. Алматы,
пр. Достык, 13. КазНПУ им. Абая

Типография производственно-рекламного
отдела Казахского национального
педагогического университета
имени Абая

Котошева Г. Субстанциональная сущность этноса как системы.....	83
Төлеубаева К.М. Қазақтар мен өзбектердің қайтыс болған адамды жерлеу, өліктің артын күту ғұрыптары (салыстырмалы түрде).....	87
Калыш А.Б. Қазақ халқының дәстүрлі мерекелері мен ойындары: генезисі және даму тенденциясы.....	93
Гаджылы З.Дж. Захоронения с каменными покрытиями бассейна реки Товузчай, относящиеся к концу бронзового-началу железного периода.....	101
Котошева Г. Этническое мировоззрение как самоидентификация духовной сущности этноса.....	105

**ЖАС ҒАЛЫМДАР ЗЕРТТЕУЛЕРІ
ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

Тагиева М. Русские чиновники о месте азербайджанского шелка в международной торговле в первой половине XIX в....	110
Манкеев Н.Б. Абай атындағы қазақ педагогика институты: ғылыми-педагог кадрлар әлеуетінің сандық-сапалық құрамы және олардың кәсіби белсенділігінің артуы (1960-1990 жж.)....	114
Байжұманова З. Тәуелсіз қазақстан: табыстары мен жетістіктері.....	122
Аманжолова Д. Религиозная политика российской империи в кочевом обществе.....	125
Канагатова А.И. Каспийский регион и нефтяной фактор в международных отношениях.....	131
Nurzhanova Zh.A. The Great Silk Road is the way of the civilization dialogue.....	134

**ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫНЫҢ 220 ЖЫЛДЫҒЫНА
АРНАЛҒАН «ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТАРИХ ЖӘНЕ
ТҮЛҒА. ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ» АТТЫ ҒЫЛЫМИ-
ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ МАТЕРИАЛДАРЫНАН
2011 ЖЫЛ, 25 ҚАРАША**

Койгелдиев М.К. Старшын Исатай Тайманұлы және Жәңгір хан (баяндаманың тұжырымдары).....	137
Қосымова Г. Махамбет шығармаларындағы тарихи шындық.	139
Ажибекова З. Махамбет мұрасындағы Исатай батыр тұлғасы	141
Қозиева Г.Б. Халел Досмұхамедұлы Исатай Тайманұлы бастаған азаттық қозғалыстың зерттеушісі.....	143

Тәуелсіздік – еліміздің ерлік жолы. Абай атындағы ҚазҰПУ-де тарих факультеті студенттерінің қатысуымен ел еркіндігінің 20 жылдық торқалы тойына арналған «тәуелсіздік – еліміздің ерлік жолы» тақырыбында дөңгелек үстел.....	146
--	-----

Тәуелсіз Қазақстанның саяси жаңаруы: тәжірибе және тағылым. Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультетінің теориялық-колданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасы өткізген дөңгелек үстел.....	149
---	-----

Білім және ғылым саласында қадағалау және аттестациялау жөніндегі комитеттің 2005 ж. № 476 «Диссертациялардың негізгі ғылыми нәтижелерін жариялайтын басылымдар тізбесіне» 2003 ж. 26 маусымдағы № 433-3 ж бұйрығына толықтыру енгізу туралы бұйрығы негізінде Абай атындағы ҚазҰПУ тарихи ғылымдары бойынша (07.00.00. мамандығы) Хабаршы БҒСҚАК тізіміне енгізілген.

На основании приказа Комитета по надзору и аттестации в сфере образования и науки за № 476 от 2005 г. о внесении дополнений в приказ от 26 июня 2003 г. № 433-3 ж "Об утверждении Перечня изданий для публикации основных научных результатов диссертаций" Вестник КазНПУ им. Абая по историческим наукам (специальность 07.00.00) внесен в Перечень КНАСОН

ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ИСТОРИЯ

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМНІҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫН ІРІКТЕУ

Б.Т. Берлібаев – *т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ профессоры*

Бүгінгі таңда дүниежүзілік тарих ғылымының стратегиясы жаңа мыңжылдықтағы қоғамдық даму тенденцияларының бірнеше белгілерін басшылыққа алумен сипатталады. Осы үрдіспен санасу барысында, Қазақстан үшін оның негізгі төрт белгісінен туындайтын басымдықтарға сүйеніп, соның ішіндегі өзімізге қолайлы тенденцияларды іріктеуге тура келеді... Біздің айтайық деген әлемдік деңгейдегі қоғамдық даму тенденцияның бірінші белгісі, кейбір дамушы елдердің өз қоғамындағы гуманитарлық ғылым саласына қаржы бөлгенде, оған ерекше басымдық беру ерекшелігімен байқалса, екінші белгісі, тағы бір елдердің гуманитарлық сала кадрларының бәсе-кеге қабілеттілігін бірінші орынға қоюмен сипатталады. Үшінші белгісі – ХХ-ғасырдың соңғы жылдарынан орныққан технологиялық ақпарат жылдамдығы мен жаһанданудың әсерінен болған елдер арасындағы қоғамдық-экономикалық даму тепе-теңдігінің бұзылуынан туындайды. Бұдан байқайтын тарих ғылымының алдындағы кезек күттірмейтін мақсат, ол – елдер арасындағы даму тепе-теңдігінің бұзылуына тосқауыл қоя білумен ерекшеленеді. Жаңа мыңжылдықтағы даму тенденцияларының төртінші белгісі, қоғамдық дамудағы ғылым мен техниканың және білімнің адамзат игілігіндегі рөлін барынша бағалаумен сипатталады.

Әлемдік тарихи білімнің дамуында ескеретін осы жоғарыдағы тенденцияларды ескергенде және қазіргі таңдағы бүкіл әлемдік қаржы дағдарысының үдемелі жағдайында, Қазақстан үшін дүниежүзілік тарихи білімнің ілгері басуындағы бірінші белгіні таңдаудың қажеті шамалы. Біздің ойымызша, қазірге өтпелі кезеңнің күрделі түрін бастан өткізіп, қаржы дағдарысына бәлендей ұрына қоймаған біздің еліміз үшін, жоғарыда айтылған әлемдік тарихи білімнің ілгері басу тенденциясының ішінде, бәсекеге қабілетті кадрлар таңдаумен сипатталатын оның екінші белгісін таңдау – көңілге қонады.

Ал біздің еліміздің тарихындағы, тіпті бер жағын жұқалап айтқандағы, қазақ этнонимі туралы басы ашылмаған, екі ұшты күрделі мәселелердің байыбына бармай тұрғанда, елдер арасындағы тепе-теңдікті тұрақтандыруға дәнекер болу, немесе дүниежүзілік ғылымда, техникада, білімде басқалардың алдына шығып, лидер рөлін атқару сияқты үшінші және төртінші даму тенденция-ларына арқа сүйеу – біздің еліміздің даму барысын кездейсоқ келеңсіздіктерге ұрындыруы мүмкін. Соған қарамастан, біздің елімізде жаңа мыңжылдықтағы даму тенденцияларының үшінші және төртінші белгілеріне бейімделуден туындайтын алға оза шапқан көріністері бар. Айта-лық, қазіргі дүниежүзілік өркениеттің игілігі үшін этникалық, расалық және идеологиялық ерекшеліктеріне қарамастан, өркениетті әлем жұртшылығының алдын орап, адамзаттың бірлігі жөнінде ұсыныс білдіру – Қазақстан басшылығының ой-тұжырымдарында кездеседі.

Өткен тарихымзға үнілсек, тарихи білімдегі ой-сананы дамытуда Кеңес дәуірінде де ХХ ға-сырдың 50 жылдарының аяғы мен 60 жылдарының бас кезінде қарама-қарсы тенденциялар орын алған еді. Сол дәуірдегі кеңестік идеологияға негізделген тарихи білімдегі 1-ші тенденция бойынша, оқуды еңбекпен ұштастырған жағдайда ғана, адамның бойындағы тарихи-білімдік ой-сана жұғымды болатыны дәріптелді. Алайда, мектептің өмірмен байланысын әр елдің өзінің ерекшелігіне сәйкес дамыған шынайы тарихы ғана көрсетіп бере алатын еді. Осыған қарамастан, кезіндегі кеңестік саяси озбырлықтан туындайтын жымысқы түрдегі шовинистік ықпалға байланысты КСРО-дағы барлық одақтас республикаларда негізінен орыс тарихы басыңқы түрде оқытылған-дықтан, ХХ ғасырдың 50-60 жылдарындағы КСРО басшылығы өз кезегінде тағы да саясатқа жү-гініп, тарихи шындықтың сырын ашатын тарих ғылымының рөлін халықтан жасыруға тырысты. Ал кеңестік гуманизмге негізделген сондағы 2-ші тенденция бойынша, тек қана әділеттіліктің шыңына жетелейтін коммунизмнің «шындығы» насихатталғандықтан, тарихи білімдік ой-сана негізінен осы дақпыртқа бағындырылды. Дұрысында, кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бас-тап көптеп ашылған педагогикалық оқу орындарының құдіретімен

қалыптастырылған кеңестік тарихи білімдік ой-сана, 1950-1960 жж. кеңес басшылығының әбден шатасуынан барып қабыл-данған шешімдер барысында, одақтас республикалардағы ұлттық тарихи-білімдік ой-сананың біртіндеп қалыптасып келе жатқанын байқамай да қалды. Көріп отырғанымыздай, қалай болғанда да, кез келген мемлекеттің прогрессивті даму өрісі, негізінен гуманитарлық ғылымның ілгері ба-су тенденцияларымен өлшенеді. Бірақ оларды өмір ағымына байланысты таңдай білу – ең алды-мен белгілі бір елдегі тарихшы кадрлардың біліктілігі мен бірлігіне байланысты шешіледі.

Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейін белгіленген даму стратегиясында білім беру саласына мемлекеттік басымдық берілуі де жоғарыдағы әлемдік ақиқатты терең сезінумен байланысты. Осы орайда, еліміздің дербес даму бағыты айқындалып, халықтың тарихқа деген көзқарасы жаңа қырынан жаңғыра бастаған бүгінгі таңда мемлекеттің тарихи сана қалыптастыру мақсатына жетудегі міндеттердің бірі – «тарихи ілім-білімнің негізгі-негізгі нысаналарын айқындау» болып отыр. [1]

Түптеп келгенде, білім беру ісін, оның ішінде тарихи білімді де жаңа заманның талап-тілек-терімен үйлестірмей, қай жұрттың да көсегесі көгермейді. Тарихи білім дегеніміздің өзі, кең мағынасында алып қарағанда, адамдардың өткен өмір сырларының шындығынан ақпарат алуы болып табылады. Тар мағынасында, тарихи білім түсінігі, белгілі бір мемлекеттегі тарихи сананы қалыптастырудың негізгі тетігі деген ұғымды білдіреді. Ал тарихи білімді пәнге айналдыру дегеніміз – адамға қажетті кез-келген кемел тұжырымды әлемдік тәжірибе ретінде өзі-нің ұрпағына жеткізу. Олай болса, «Жалын мен оттан жаралып» өлеңінде Абайдың кемел тұжырымның сырын кәміл ұғынған бала білімділікке жетпек деген пайымдауы бүгінгі халық-аралық ұйымдардың ХХІ ғасырдағы білім мазмұнының макромоделі «Мәдениет. Білім. Тарих» болсын деген ұсынысымен үндеседі.

Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін алып, жаңа аза-маттық қоғамның дүниеге келуімен тарих ғылымы да күрделі бетбұрыс жасауға мүмкіндік алды. Әсіресе, Қазақстан тарихы бойынша ұлттық білім беру мен тәрбиені жаңарта түсу – бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналды. Ел басы – Н.Ә. Назарбаевтың сөзімен айтсақ, «...біздің болмысымыздың ең көкейкесті сұрақтары – ұлттық үндестігіміздің мән-мағынасы неде, қазіргі Қазақстан үшін мәдениетке қатысты үлгінің қандайы қонымды, біздің ұлттық санамыздың арқауы неде, қазіргідей жедел құбылатын заманда «Мен» дерлік ұлттық қасиеттерді қалай сақтап қалуға болады – міне мұның бәрі де нақтылы өмірмен беттескен саясаттың сұрақта-ры». [3] Яғни, адамзатқа белгілі нәрсенің бірі, қандай да бір ұлттық белгілерден тысқары білім жүйесі болған емес, болмайды да. Антропология ғылымының анықтамаларына сүйеніп, Қазақ елінің көне заман тарихы мен болмысын еске алғанда бүгінде «есте жоқ ерте заман» деген бос сөздің күні отті. Өйткені бұл күнде белгілі антрополог Оразақ Смағұлдың дәлелі бойынша қазақ ұлтының естілігі мен оның көне заман туралы тарихи ұғымы әлемдік физикалық антропология-да дәлелденген. Демек, қазақ халқы қазіргі тұрып жатқан жерінде сан мыңдаған жылдар бойы ұрпақ жалғастыруы үзілмей келе жатқан әрі этноантропологиялық жағынан қалыптасқан дара ұлт болып табылады. Ендеше, білім берудің тұтқасы болып отырған арнаулы және жоға-ры оқу орындары тек кәсіби дәрежесі жоғары маман кадрлар даярлап қана қоймай, соған қосымша, әр халықтың ұлттық ділінен туындайтын ақыл-парасаты мен кісілігі мол, зиялы аза-маттар тәрбиелеп, өсіруге бейімдесе ғана, мемлекетіміздің білім саласындағы стратегиялық міндеттері межселенген мерзімде орындалған болар еді. Сондықтан, бүгінгі таңдағы уақыт күттірмейтін мәселенің бірі – білім беру мен тәрбие ісін ұлттық белгілермен тығыз ұштасты-ра отырып, оқу бағдарламасын осыған сәйкес құру үшін жаңа тарихи білімнің бәсекеге қабілет-ті кадр таңдай білуге негізделген ілгері басу тенденцияларымен санасуға тура келеді.

Қазіргі таңда біздің еліміздегі тарихи білімнің дамуында көңілге қонымды тенденциялармен санасудың мүмкіндіктері бар. Мәселен, VII ғасырда-ақ тасқа қашап жазылған асыл жәдігерлер-ріміз, Білге Қаған мен Тоныкөк жырлары, Қорқыт күйлері мен Қожжа Ахмет Яссауи хикметтері, әл-Фараби мен Махмұт Қашқари трактаттары, Асан қайғыдан Абайға дейінгі ұлы ақындары-мыз бен жыршыларымыздың өлеңдері жастардың бойында ұлттық рухымызды, дәстүрлі дүниетанымымызды қалыптастырады сөзсіз. Міне

осы арада бізде зерттеу әдісіне машықтан-ған тарихшы кадрлардың көмегі қажет. Бірақ олар қазірге саусақпен санарлық күй кешуде.

Халықтың жоғарыдағыдай біртуар дарындары мен ғұламаларының, ақын-жазушыларының, билері мен шешендерінің аңыздық-фольклорлық бай мұраларынан тарихи оқиғаларды топшылап, саралау – Қазақстан тарихынан ұлттық білім беру мен тәрбие ісін бүгінгі өмір талаптарына сәйкес шешуге жол ашады. Қазір бұрындары беймәлім болып келген Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и-Рашидиінің» қазақша нұсқасының өзі көпшіліктің қолына тиді. Оның барша оқырман үшін тәрбиелік мәні сонда, ол бүкіл орта ғасырдағы бар еңбектерді ғылыми тұжырымдап, қорытқан тамаша туынды. Оның осы еңбегінде Тұрпан, Тұран, Иран мен Үнді елдері жөнінде жан-жақты мәліметтер мен құнды дерек көздері кездеседі. Сондай-ақ онда дала мен тауларды мекендеген тағдырлас талай халықтардың тыныс-тіршілігі көрініс табады. Ендеше, біз мұндай еңбектерді оқып-үйренудің жолдарын көрсетсек, ұлт санасын оятумен бірге исі мұсылман ата-уының ынтымағын жарастыра түсер едік. Бірақ ондай жолдарды үйрету де зерттеу әдісін білетін білікті тарихшы кадрлардың үлесіндегі мәселе болып тұр.

Тәуелсіздік алғалы отандық тарихнаманың зобалаң жылдарында «Жаным – арымның садаға-сы» деп, тағдыр талқысына түскен: Ә.Бөкейхановтан Е.Бекмахановқа дейінгі қазақ тарихының көрнекті тұлғаларының еңбектерінің жарық көруі бүкіл халықты қуантты. Енді, сол арыста-рымыздың асыл бейнелері мен әділ ой-тұжырымдарын шыншылдықпен жан-жақты ашып бер-сек, жас ұрпақты отаншылдық пен мәрттікке, имандылық пен ар-ұждан тазалығына тәрбие-лейміз. Өкінішке орай, қазіргі таңда тарихи зерттеу әдістерінің қолданыс аясының кемшілдігі-нен олардың ғылыми тұлғасын сомдаудан әрі аса алмай жүрміз. Халқымыздың тарихында саясат саласы мен әлеуметтік істерді, мәдениет мәселесін бірдей алып жүрген еңбектері жағынан ерекше әділ бағасын алып, қалдырған олардың өсиет-өнегелерін стандартқа сай келе-тін бағдарламалық негізде оқытуымыз керек еді, бірақ ондай оқытуға әлі де болса, кешенді түр-де жете алмай келе жатсақ, бұл кемістігіміз тағы да зерттеу әдісі мен әдістемесін жан-жақ-ты білетін кадр тапшылығынан туындайды.

Бүгінгі Қазақстанның жаңа жағдайдағы тарихты оқытуда білім мазмұнының ұлттық болуына айрықша назар аударумен бірге, алдыңғы орынға азамат жинаған құндылықтарды, өркениеттер тарихын, мәдениет жетістіктерін оқытып үйрету тенденциялары да көтерілді. Осы орайдағы өркениеттің бас белгісі болып табылатын мемлекеттік пен оның идеологиясы жөніндегі пікірта-лас тарихшылар арасында әлі тұрақталған жоқ.

А.Байтұрсынов айтқандай, өркениеттік мәдениет үш жолмен өрбиді: бірі – жаулап алу арқы-лы, екінші – отарлау арқылы (колонизация), үшіншісі – мәдени байланыс, дипломатия, сауда-сат-тық, қарым-қатынас арқылы. Қазақ елінің тарихында осы үш жол да болғаны белгілі. Осы жол-дардан жүріп өткен қазақ халқы әлемдік өркениетке қандай үлес қосты десек, оның көшпелі бола тұра, жауынгер халық ретіндегі үлкен этнотерриториялық бірлестікті қалыптастырғанын бірінші ауызға алуға болады. Егер бүгінгі таңдағы тарих факультеттерінде 3000 жылдық Дала өркениеті-нің ядросы болған халқымыздың әскери тарихы жөнінде арнайы курстар оқытылып жатса, мұның өзі тәуелсіз Қазақстандағы тарихи білімнің ілгері басу тенденцияларымен санасудың бір көрінісін білдіреді. Өйткені қазақ халқының жауынгерлік дәстүрін жан-жақты біле бастаған оқу-шы, тарихи білім бұлағына қаныға отырып, әуелгі өркениеттің шығыстан бастау алған тұстарын білуге ұмтылатын болады.

Отан тарихының құрамды бөлігі – мәдениет тарихы. Мәдениетті кең мағынасында алып қарас-тырсақ, оны этностың өмір сүруінің түйіні деп қарау керек. Ал ұлттық мәдениетінен айырылған халықтың экономикасын, өркениеті мен саясатын шыңдаймын, ұлтаралық татулықты орнықтыра-мын деудің өзі судың бетіне сурет салумен бірдей. Шын мәніндегі мәдениеттің өркениет символы екенін де естен шығармау абзал. Егер қазақ халқы адамзаттық мәдениетке қандай үлес қосты десек, онда ойланбастан, әрі зор мақтанышпен музыкалық өнерімізді айтқан болар едік. Тіпті қазақ музы-касын бір кісідей сезінген ұлты бөлек Затаевичтің өзі Асан қайғы күйін тыңдаған сәтте көңілі шал-қып, жаны жадырап, көтеріңкі сезім күйіне бөленетін болған. Ендеше, оқушыға дәріс бергенде, кез келген ұлттық мәдениетке алдымен ұлттық музыканың да талғам-танымымен сезініп қарай алғанда ғана, оның тарихи білімдік мәнінің қырлары мен сырлары жарқырай ашылатынын түсіндірген жөн. Олай

болмаған жағдайда, бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда ұлттық татулық тұрмақ, мемлекеттің аты берілген ұлттың өзіндік ерекшелігінен айырылып қалуымыз ғажап емес.

Өкініштісі, бүгінгі күні ұлттық өмір ағымында бастан кешетін мың түрлі ахуалдың Еуро-центрлік көріністері музыкалық мәдениетімізге де салқынын тигізді. Тарих ғылымындағы Еуро-центрлік ұстаным бірнеше жылдар бойы мектептегі дүние жүзі тарихы курсына көп зиянын тигізіп келгенін біле тұра, бүгінгі таңдағы дәстүрлі музыкалық мәдениетіміз еуро-орыстық музика-каны орындауға бейімделуге тосқауыл қоймаса, оқушыға ұлттық мәдениет тарихын дәріптеудің ешбір мағынасы болмайды.

Тарих ғылымындағы Еуроцентрлік ұстаным бойынша оқытылатын дүние жүзі тарихы курсында ежелгі, орта ғасырлардағы көшпелілер өркениеті, оның дүниежүзілік өркениетке қосқан үлесі, сондай-ақ, Ресей империясының Орта Азия мен Қазақстанды отарлауы, оған қарсы болған ұлт-азаттық қозғалыстар туралы мәліметтер мүлде айтылмай келді. Онда, әсіресе орыс өркениетінің ықпалы басым болғандықтан сол пәнді оқыту арқылы жастарды боданшылдық пен мүсәпір-шілдікке көндіктіріп, бойларын орыстарша бар болса батып жеуге, көп болса шашып жеуге үйреттік. Шүкіршілік, қазіргі таңда тарих саласындағы академиялық ұжымның қажырлы еңбегінің арқасында және әл-Фараби атындағы ҚазМУ тарихшыларының сүбелі үлесінің арқасында Отан тарихы жаңа деректемелік негізде жасалып келеді. Айталық, Қазақстан тарихына профес-сор Т.Омарбеков енгізген Ф.И. Галащекиннің Кіші Қазан идеясы қазірде патриоттық сезімдегі қазақтардың бәрінің санасында орнықты. Сол сияқты Қазақстанның Ресейге қосылу тарихын алсақ, отандық тарихнамада Ресейге «өз еркімен қосылу» емес, оның құрамына амалсыз ену кон-цепциясы жан-жақты дәлелденуде. Сондай-ақ, Қазақ мемлекеттігінің көп томдық тарихы мен бір-тұтас ұлт-азаттық тарихы т.б. мәнді мәселелер жазылып жатыр. Сөз жоқ, болашақта басы ашылмаған зәрулі проблемалар төңірегіндегі зерттеулер қолымызға тисе, оқыту мен тәрбиелеудегі жіберілген бүгінгі кемшіліктер түзетіліп, жастарымыздың ұлттық намысын оятуға жол ашылады. Әрине, күн тәртібінде өзінің зерттеушілерін күтіп тұрған мәселелер жоқ емес. Айталық, қазақ халқының ХХІ ғ. дейінгі мәдениет деңгейі, өркениеттік динамизм, даму, өрбу тарихы, кейбір кез-дейсоқ адамдарды Отан тарихынан аластатып, тарихта болған тұлғалармен алмастыру, шежіре тануды дербес пәнге айналдыру арқылы шежіре проблемасын мемлекеттің аты берілген қазақ халқын барша әлемге танытуға пайдалану т.б. сияқты мәселелер болашақтың ісі.

Сонымен, Отанды сүюдің түп негізі ұлттық намыс екенін сезінсек, ұлт намысына қаны қыза-тын жаңа буын тәрбиелеу – өмірдің талабы. Осы арада Ахмет Байтұрсыновтың «Баланы ұлша тәрбиелесең, ұл болмақшы, құлша тәрбиелесең, құл болмақшы» деген сөзінің байыбына барар болсақ, бәрі де қазіргі жаңа буын тарихшыларының зерттеу әдісіндегі біліктілігіне келіп тіреледі.

Өзінің ана тілі мен төл мәдениетін, ұлттық асылдар мен қазыналарын сақтап қалу мен дамыту-да ең алдымен оқыту мен тәрбие беру ісіне үміт артамыз. Бұл, ең әуелі мектеп арқылы жүзеге асады дегенімізбен, бәрібір ондағы негізгі тұлға мұғалімдер кадрі арқылы жүзеге асырылады.

Егер тарихшы мамандығы жағына келсек, Республика Президентінің қазіргі кезеңде жаңа тарихи сана қалыптастыру ісіне көңіл бөлуінен бастаған жөн. «Бүгінгі таңда, дейді ол, – біз әлем-дік даму динамикасын ескермесек, өзгелердің даму қарқынына қарап отырмасақ, тарих шеруінің соңында, шаң қауып қалуымыз әбден мүмкін». [4] Оның осы бір үні, жоғарыда айтылғандай тиіс-ті халықаралық ұйымдардың ХХІ ғасырдағы орта білім мазмұнының макромоделі «Мәдениет-Білім-Тарих» болсын деген ұсынысымен де үндеседі. Бұл жерде бүкіл республика тарихшыларын шоқтығы биік және уақыт көтермейтін мәселе күтіп тұр. Біздің айтарымыз, қазіргі күні көпшілік-тің көмегімен өткеніміздің санадан да, қағаздан да өшіріле бастаған тұстарын қалпына келтіру бар да оны жеткіншек ұрпаққа жеткізу бар. Яғни бүгінгі таңда жазу дағдысын білетін тарихшы-лардың негізгі дені тарихтың «ақтандақтарын» зерттеуге құлшына кірісіп кетті де олардың жаз-ғандарын оқушыға жеткізу – қолдарында тарихты оқытудың әдістемелік жүйелі оқулықтары жоқ тарихшылардың үлесіне тиіп отыр.

Алғаш рет Тәуелсіз елден шығарылып жатқан құжаттар ішінде 2002 жылы жарық көрген Қазақстан Республикасы орта білім мемлекеттік стандартында ұлттық және аймақтық ерекшелік-терге мән беріп отыру мәселесі кеңінен көрініс тапқан. Ал мұндай әлеуеттік

үрдістерге, бұрынғы-дай, ресейлік немесе кеңестік саяси рең беру үлгісі стандарттан тазартылған. Осы маңызды құжаттың мазмұнында мәдени аумақтық бірегейлікке қатысты Елбасының пікірімен санасу бай-қалады. Н.Ә. Назарбаев елді тарихтан тағылым алуға шақырып, былай дегені бар: «Орталық Азияны ұлттық-аумақтық белгілеріне қарай бөліп, жалған автономиялар құру, туысқан халықтар-дың тілі мен мәдениетіндегі айырмашылықтарды бадырайта көрсетіп, әдейі тереңдете түсу шара-лары сол аймаққа әскери-саяси бақылау жасау мақсатымен жүргізілді». [5, 258]

Кеңес дәуірінде В.В. Вельяминов-Зернов сияқты тарихшылардың қателігін айту аса қауіпті болатын. Тарихта «Бекмаханов ісі» деп аталған саяси қуғын бұған дәлел бола алады. Осыған бай-ланысты тәуелсіздік алғанға дейінгі Ресей және кеңес тарихшыларының ұшқары пікірлері «Қазақ КСР тарихының» негізін қаласа, бүгінде ондағы қисынсыз, дәлелсіз жазылған ой-пікірлерді сана-мыздан аластатып, қазақи тарихнама қалпына келтірілу үрдістері жүріп жатыр. М.Тынышбаев, А.Асфендияров, Қ.Кемеңгеров, Т.Шонанов, М.Шоқай, М.Жұмабаев, Х.Досмұхамедов, Ә.Марғұлан, Е.Бекмаханов т.б. сынды қазақ зерттеушілері жинаған материалдар назардан тыс қалмай, көбіне-көп басшылыққа алынуда. Бұған ортағасырлар зерттеулерін жаңа замандағы тарихшылар тарапынан зерделенуін ескерсек, бүгінгі жекелеген тарихшылардың қазіргі кездегі әлемдік тарихи білімнің ілгері басу тенденцияларымен санасуын байқаймыз. Мысалы, орта ғасырлардағы Мұхамед Салихтің «Шайбанинамасы», Өтеміс Қажының «Шыңғыснамасы», Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баяны», Әбдірзақ Самарқандидің, Мұхаммед Хайдар Дулатидің және қазіргі кездегі қазақ тарихына қатысы бар авторлардың (Ж.Қасымбаев, М.Қозыбаев, М.Қойгелдиев, К.Нұрпейісов, Б.Көмеков, К.Байпаков, Т.Омарбеков, К.Есмағамбетов, Қ.Атабаев, Б.Аяған тегі, Т.Тұрлығұлов, Ж.Артықбаев Нәбижан Мұхаметқанұлы, Зардыхан Қинаят, М.Сәнік, Нығмет Мыңжанұлы) жинаған материалдары назардан тыс қалмай, қажет тұсында бас-шылыққа алыну үстінде. Дегенмен, Жошы ұлысының (Алтын Орда) тұсында жазылған барлық әдебиеттер қазақ тіліне аударылса, әрі осы ұлыстың Түркиямен, Византиямен, Иранмен, Венеция және Генуямен, Литвамен, Польшамен, басқа да мемлекеттермен жасасқан құжаттарын іздестіріп тауып, зерттеу нысанасына айналдыру ісі күн тәртібінде тұр. Сондай-ақ түркілердің мемлекеттік бастауын ЕжелгіҮйсін Елінен бастау жөніндегі бүгінгі тарихшылардың пікір алалығын реттей алсақ, тек сонда ғана төл тарихымыздың бет-бағдары барған сайын айқындалып, тәуелсіздік алған қазақ елі өзінің мемлекеттігінің тарихын анық білуге жол ашылады. Ал бұның өзі жас мемлекеттің нығаюына қызмет етері даусыз.

1. *Қазақстан Республикасының Конституциясы.* – Алматы: Қазақстан, 1995.

2. *Назарбаев Н. Тарих толқынында. Ұлттық келбетті ұлықтайық.* – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

3. *Оразақ Смағұл. Қазақ ұлты туралы бірер сөз // Актуальные проблемы исторической науки Казахстана.* – Алматы: Қазақстан, 2009. – 59 б.

4. *Назарбаев Н.Ә. Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы // Қазақ тарихы.* – 1998, №3. – 9 б.

5. *Назарбаев Н. Тарих толқынында // Орталық Азияның тәуелсіз мемлекеттері және тарих тағылымдары.* – Алматы: Атамұра, 1999. – 296 б.

Резюме

В данной статье рассматриваются тенденции развития исторического образования в Казахстане на основе применения трудов Президента Республики Казахстан.

Summary

In given article tendencies of development of historical formation in Kazakhstan on the basis of application of works of the President of Republic Kazakhstan are considered.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КӨШІ-ҚОН ПРОЦЕСІ: ЗАҢСЫЗ МИГРАЦИЯ ЖӘНЕ ИММИГРАЦИЯ МӘСЕЛЕСІ

М.К. Тулекова – *Әлем тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ*

Қазіргі кезде әлемде 150 миллион адам өзінің туған жерінен сыртқары жерде тұрады және олар мигранттар деп аталады. БҰҰ Департаментінің мәліметі бойынша мигранттардың саны мен өсу ди-намикасы төмендегідей: 1965 жылы 75 миллионнан 1985 жылы 105 миллионға дейін өссе, ал 1990 жылы 120 миллионға жетті. Сонымен қатар әлемдегі халықтардың 0,3%-і көшіп-қонып жүреді.

1990 жылы КСРО-да шетелдік адамдар саны тұрғындардың 0,1%-і болса, сол кезде дамыған Еуропалық елдерде 5%-тен 10% болды, АҚШ – 8%, Канадада – 15%, Австралияда – 23% және Біріккен Араб Республикасында – 90%. Қазақстанда кеңес кезінде көші-қон процесі тек қана кеңес территориясында жүрді. Бұрынғы КСРО территориясында адамдардың еркін қоныс ауда-руына еркіндік берілмеді.

Халықаралық Миграциялық Ұйым (МОМ) 1951 жылы құрылды, ол Еуропадағы миграцияны реттеп отырушы ұйым ретінде құрылған. Басынан-ақ МОМ миграцияға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттердің үкіметіне көмектерін беріп отырды. МОМ БҰҰ-ның агенті ретінде емес, ол БҰҰ-нан тыс үкіметаралық ұйым ретінде қызмет жасады. Қазіргі кезде МОМ өзінің қыз-меті арқылы халықаралық аренада белгілі және көптеген мемлекеттерде өзінің бөлімдері арқылы қызметін жүзеге асырады.

1997 жылы қарашада МОМ-ның офісі Қазақстанда да ашылды. Оның біздің еліміздегі жұмы-сы немен шектеледі, қандай жетістіктерге жетті, қандай көмек беруде деген сұрақтарды талдап көрейік.

Қазақстандағы заңсыз миграция

Қазақстан өзінің территориялық орналасуы жағынан Қытай мен Үндістан жеріне баратын Ресей мен Еуропалық жол торабында орналасқан және Қазақстанмен көршілес орналасқан мем-лекеттер тарапынан миграциялық қысымдылыққа ұшырап отырды: Қытай (1,25 млрд. тұрғын), Үндістан (1 млрд. астам), Пакистан (150 миллион), Иран, Туркия және басқа да орталық-азиялық мемлекеттер. Оның негізгі себебі ол елдердегі тұрғындар саны тез өсті және әлеуметтік жағдай-лары Қазақстанға қарағанда төмен болды (Ауғанстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан).

Қазақстан, әлемдегі территориясы жағынан тоғызыншы орында тұрды, ал оның тұрғындары-ның саны 15 миллионнан аз болды.

Қазақстан өзінің оңтүстіктегі 5000 км созылған территориясында Қырғыз Республикасы, Өзбекстан мен Түрікменстан жағына бақылау тек 1999 жылы ғана орнатты. Оның Ресеймен 7000 км созылған шекарасы толығымен бақыланбады және ол қазіргі кезге дейін де бақылаусыз. [1]

Қазақстандағы заңсыз миграция сондықтан да Қазақстан үкіметі мен баспасөз беттеріндегі негізгі саяси мәселелердің бірі болып отыр. Заңсыз көші-қон еліміздің қауіпсіздігіне нұқсан кел-тіреді және орталық-азия мемлекеттерінің басшыларымен өзекті мәселе ретінде көші-қон мәселе-сі қарастырылды.

Қырғызстан Республикасымен достық қатынастарға қарамастан екі ел арасындағы миграциялық мәселе шеиелінсте болды. Ол елден Қазақстан территориясына заңсыз мигранттардың келуі көбей-ді. Төлқұжаттардың қорғалуының нашар болуымен Қырғызстан Республикасы мен Тәжікстаннан келетін мигранттардың жалған төлқұжатпен шекарадан өтуі көбейіп кетті.

Қазақстанға иммигранттардың келуі

Иммиграциялық процестер Қазақстан тұрғындарының қалыптасуына әсер етті, әсіресе XX ғасырдың бірінші жартысында.

1968 жылдан бастап Қазақстанға эмиграция күшейе отырып ол өзінің ең жоғары шегіне 1994 жылы жетті, сол кезде елімізден сыртқа жарты миллионға жуық адам кетті. КСРО ыдырағаннан кейінгі 10 жыл бойы тұрғындардың табиғи жолмен өсуіне еліміздегі миграциялық теріс сальдо әсер етті. Осы жағдай Қазақстандағы тұрғындардың санының 7,7% кемуіне алып келді. 1989-1998 жылдар аралығында бес экономикалық ауданының ішінде төрт экономикалық аудандардағы халықтың саны азайды (Батыс ауданда 8%, Орталықта – 13 %, Солтүстікте – 16% және Шығыста – 19%). Тек ғана оңтүстік Қазақстанда тұрғындар саны өсті (2%-ке), бірақ ол негізінен табиғи жолмен өсті.

Қазақстаннан эмиграция негізінен ТМД елдерінен Ресей жеріне қарай бағытталды, ал ТМД елдерінен тыс жерге – Германияға бағытталды.

1989 жылғы Халық санағынан кейін нақты ресми деректерге байланысты елден сыртқа қоныс аударғандар 3,5 млн. адамға жетті, кері сальдо 2,1 млн. адамға тең болды. Осылайша бейбіт кезде адамдардың сыртқа қоныс аударуы ең жоғары шегіне жетеді.

1991 жылдан бастап иммигранттардың саны 35-40 мың адам болды.

1999 жылы Қазақстанда халық санағы болды. Оның сұрақтарының бірі миграцияға байланыс-ты болды. Онда «туғаннан бастап осы облыста, ауданда, ауылда, селода тұрып жатырсыз ба? Қоныс аударған жоқсыз ба?» деген. Осы сұрақтар арқылы Қазақстан тәуелсіздігін алған кезден бастап елдегі көші-қон процесінің бағыты мен ішкі және сыртқы көші-қонды анықтауға мүмкін-дік туды.

Халық санағының қорытындысы республиканың тұрғындарының 23% өздерінің тұрақты жер-лерінде туғанынан бері тұрып келе жатпағандығы анықталды. Ол көрсеткіш қалалықтар арасын-да 2 есе жоғары болды. Экономикалық аудандар арасында да өзгерістер болды. Орта республика-лық көрсеткіштер арасындағы төмен көрсеткіш берген – Шығыс және Оңтүстік Қазақстан ауданы болды, олардың тұрғындарының 13-14% сол жерде тұмағандардан тұрады. Ал осы көрсеткіш Орталық және Солтүстік аудандарда 36 және 26% болды. [2] Ол Орталық Қазақстандағы индус-триалдық даму мен Солтүстік жердегі тың жерлерді игеру негізінен иммигранттар есебінен жүзе-ге асқандығын көрсетеді.

1989-1998 жылдар аралығында республикаға сырттан 300 мың мигранттар орналасты, олар-дың көбі ТМД елдерінен келгендер (82%). Иммигранттардың 1/3 Оңтүстік Қазақстан жеріне келеді. Солтүстік Қазақстан 20% болды. Иммигранттардың ең аз орналасуы Шығыс Қазақстанға келді. Алматы мен Астанаға 7% пен 3% тең болды. [3]

Төрт экономикалық ауданда иммигранттардың көбі Моңғолиядан келгендер. Солтүстік Қазақстан жеріне шеттен келгендердің 43% астаналық облыстар мен 35% Павлодар жеріне орна-ласқан көпшілігі Моңғолиядан келгендер. Шығыс пен Оңтүстік Қазақстан жеріне көпшілігі Иран жерінен келді.

1-Кесте. Шет елдерден Қазақстан жеріне келіп тұрақтанғандар % [4]

Экономикалық аудандар	Барлығы	Соның ішінде келген елдері:					
		Моңғолия	Қытай	Германия	Иран	Түркия	Басқа елдер
Шығыс	100	39,0	0,3	1,6	31,2	3,1	24,8
Оңтүстік	100	56,9	6,0	2,0	16,0	8,7	10,4
Шығыс	100	88,5	3,5	4,5	-	1,0	2,5
Солтүстік	100	96,0	0,5	1,6	-	0,4	1,5
Орталық	100	97,0	-	0,8	-	0,6	1,6
Қазақстан Республикасы	100	79,0	3,4	2,4	5,4	3,2	6,6

Қытайдан иммигранттардың саны аз – 3,4%, олармен шекарамыздың шектесіп жатқанына қарамастан (1460 км) және онда ең көп қазақ диаспорасы 1,3 миллион тұрып жатыр. Оның себебі Қытай жеріндегі көші-қонға байланысты іс құжаттарды рәсімдеу өте қиын және ұзақ процесс. Қытайда қазақтардың ең көп орналасқан жері Синьцзянь-Ұйғұр автономиялық ауданында тұрып жатыр (СУАР) Қазақстанмен шығыста шектесіп жатқан жерде. Бірақ та ол жердегі ұйғұрлардың бас көтерулерінің жиілеуі және орталық адандардан СУАР-ға көптеген қытайлықтардың қоныс аударуына байланысты этникалық қазақтардың туған еліне қайтуына қытайлықтар қатал бақылау орнатып отыр.

ТМД мен Балтық жағалауы елдерінен келетін миграциялық процес ерекше қарауды талап ете-ді. Таяу орналасқан елдер арасынан мигранттар саны Ресейден көп (41%), Өзбекстаннан (27%), Түрікменстаннан (12%). Мигранттар саны Беларусь, Грузия елінен аз, ал Балтық жағалауынан жоқтың қасы. Иммигранттардың көпшілігі Оңтүстік Қазақстан жеріне орналасқан (80 мыңнан астам), ал Солтүстік пен Шығыста бірдей (50 мыңға жақын) және ең азы Шығыс және Орталық Қазақстанда (15 және 17 мың адам). ТМД елдерінен келген

мигранттардың көп орналасатын жер-лері Алматы облысы, Солтүстікте-Қостанай, Шығыста-Маңғыстау. [5]

2-Кесте. Қазақстанға ТМД және Балтық елдерінен иммигранттардың құрамы % [6]

Экономикалық аудандар	Барлығы	Соның ішінде келген:						
		Ресей	Өзбекстан	Түрікмен-стан	Қырғыз-стан	Украина	Әзербайжан	бас-қа
Шығыс	100	28,0	16,0	47,0	1,0	2,0	3,4	2,6
Оңтүстік	100	16,0	58,0	6,0	9,0	1,3	1,3	8,4
Шығыс	100	77,3	5,1	0,7	4,7	4,0	1,8	6,4
Солтүстік	100	73,0	3,4	5,7	4,8	6,6	2,7	3,8
Орталық	100	56,1	13,9	0,8	6,4	8,2	4,3	10,3
ҚР	100	43,0	29,0	15,0	5,0	3,7	2,4	1,9

ТМД елдерінен көшіп келгендердің орналасуы негізінен ол аудандардың географиялық жағдайына қарайтындығы белгілі. Оған Ресейден Солтүстік және Шығыс Қазақстан жерлеріне келген иммигранттардан көруге болады (70% астам) және Ресейден алыс орналасқан Оңтүстік Қазақстан жеріне Ресейден келушілер саны аз. Ал Оңтүстік Қазақстан жеріне көрші орналасқан Өзбекстан (58%), Қырғызстаннан (9%) және Түрікменстаннан (6%) (2 кестеден көре аласыздар). Осындай ерекшеліктер басқа да аудандарға, облыстарға да тән: Батыс Қазақстанның Ресеймен шекаралас орналасқан 3 облысында мигранттардың саны Ресеймен сан жағынан басым. Олардың этникалық құрамы түрік тілдес халықтар мен славяндар. Алыс шет елдерден туған жерлеріне қоныс аударып жатқандар қазақтар, олардың құрамы иммигранттардың 90%-н құрайды. Қазақтарды елімізге репатриациялау үкімет саясатына байланысты жүзеге асырылады, иммигранттардың квотасын Президент жылда анықтап отырады. Заң репатрианттарды еліміздің территориясына теңдей орналастыру саясатын ұстайды, аймақтың этнодемографиялық ерекшелігі мен аймақтың даму дәрежесіне байланысты және еңбек рыногына да байланысты. Ең жоғары квота Маңғыстау, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Алматы, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарына берілген. Кейінгі кезде жалпы берілетін квотаның азайғандығы байқалады: 1993 жылмен салыстырғанда ол жиырма есе-ге кеміді – 1993 жылғы 10 мың жанұядан, 2001 жылы 600 жанұяға қысқарды. Елімізге келген репатрианттардың әлеуметтік жағынан қамтамасыз етілмеуінен олардың біразы бұрынғы тұрған жерлеріне қайта кетіп қалды, немесе республиканың басқа аймағына көшті, соның ішінде солтүс-тіктен оңтүстік аймаққа, географиялық қолайлы жерлерге. Германиядан немістердің қайтадан кері қайтуы да орын алуда. Олар көбінесе Алматы қаласына, Алматы және Шығыс Қазақстан облысына орналасуда.

ТМД елдерінен келген иммигранттар, олар негізінен қазақтар мен орыстар Шығыс, Солтүстік және Орталық Қазақстан территорияларына, яғни Ресеймен шекаралас аймаққа келіп қоныстануда. Орыстардың тек ғана Ресейден ғана емес көрші жатқан Өзбекстан, Қырғызстан жерлерінен келуде. Иммигранттардың саны және тұрғындар жағынан Батыс пен Оңтүстік Қазақстан бірдей.

3-Кесте. Иммигранттардың ұлттық құрамы және Қазақстан Республикасының экономикалық аудандарының тұрғындары, % [7]

экономикалық аудан	иммигранттар				тұрғындар			
	қазақ	орыс	басқа	барлығы	қазақ	орыс	басқа	барлығы
Батыс	74	13	13	100	74	18	8	100
Оңтүстік	68	13	19	100	63	19	18	100
Шығыс	26	60	14	100	48	45	7	100
Солтүстік	39	36	25	100	34	42	24	100

Орталық	47	33	20	100	38	44	18	100
---------	----	----	----	-----	----	----	----	-----

Иммигранттар негізінен экономикалық дамыған аудандарға орналасады, соның ішінде ең көп орналасатын жерлері Алматы қаласы (23%).

Соның ішінде мигранттардың үштен бірі Алматы қаласына орналасады. Алматы қаласында сыртқы және ішкі мигранттар саны да басым. Халықаралық мигранттардың ішінде тұратын жер-лерді таңдаушылардың 88% Алматы қаласын таңдайды, оған келген иммигранттардың төрттен бірі Қытайдан келіпті, Моңғолиядан (15%), Үндістан (13%) және Германиядан (11%), Ал Астана-ға келгендер Моңғолия (64%), Қытай (15%) және үшінші орында – Түркия (11%). Астанаға негізінен Қытайдан келген иммигранттар көп барады.

Астананың Ресей мемлекетіне таяу жерде орналасуы онда РФ келгендердің сан жағынан басым-дылығын көрсетеді (58%), ал Алматыда ол көрсеткіш 47%. Ал керісінше Астанаға Өзбекстаннан келгендер аз (11%), ал Алматыда көп (23%). [8]

Республика ішіндегі миграциялық процестер ішінде көрші жатқан экономикалық аудандар арасында басым. Мысалы Батыс Қазақстанда ішкі миграцияның 60% осы ауданға жататын жер-лер үлесіне тиеді, 30% – Оңтүстік Қазақстан және тек 10% Солтүстік пен Орталық Қазақстан облыстарының үлесіне тиеді. Шығыс Қазақстанмен миграциялық байланыс тіпті жоқ.

Ауылдық жерлердегі тұрғындардың қалаға қоныс аударуы тоқталмай отыр. Олардың негізгі орын ауыстыратын жерлері аудан орталықтары, облыс орталықтары.

Тұрғындардың миграциясы мен еңбек ресурсы көп жақты әлеуметтік-экономикалық көрініс, ол еңбек ресурсының қалыптасуы мен дамуына белгілі әсер етеді, сонымен қатар ол еңбек потен-циалының аймақта және жалпы республикалық масштабта қалыптасуына негіз болады. Мигра-циялық процеске негізінен түсетіндер негізінен еңбекке жарамды жастағылар болып табылады, өздерінің жұмыс күштерін қажет ететін аймаққа барып еңбек етеді.

Жалпы миграция бір территориядан екінші территорияға адамдардың араласуын алып келеді, сонымен қатар шет елдерге де қоныс аудара отырып өздерін қажет еткен жерлерге еңбек күшін сатады.

Миграцияның ерекше түрінің бірі **еңбек миграциясы**. Еңбек миграциясы тар мағынаны білді-реді, ол миграцияның құрамдас бір бөлігі болып табылады. Еңбек миграциясына түсушілер өздерінің тұрақты жерлерін түбегейлі өзгертуді қажет етпейді. Сондықтан да еңбек миграциясы тұрақты немесе уақытша мерзімді қамтиды, белгілі бір жыл мерзімінде болады, еңбек мигрантта-рының белгілі жыл мерзімінде уақытша жұмыс жасау үшін басқа жерге баруын көрсетеді (ауыл-шаруашылық, құрылыс және вахталық жұмыстар жасау үшін), маятниктердің жұмысы бір терри-ториядан екінші жерге жұмыс бабымен қоныс аударушылар жатады.

Миграцияның ерекше түріне жататын **заңсыз миграция**, ол бір жерден екінші жерге орын ауыстыру заңын бұзумен байланысты жүзеге асырылады (қолдан жасалынған жалған құжатпен өту немесе шекараны заңсыз өту) немесе елден шығу тәртібін мерзіміне сай орындамаушылар, берілген мерзімде ел территориясынан кетпеу немесе заңсыз жұмыс жасау.

Заңсыз миграция қай елдің болмасын әлеуметтік-экономикалық дамуындағы күрделі мәселе-нің бірі болып табылады, ресми жұмыс жасауға рұқсат етілмесе де олар өздері келген мемлекетте жұмыс берушілермен заңсыз қатынастарын жасайды, ал олар еңбек келісімдеріне отырмайды. Ол еліміздің экономикалық дамуына кері әсер етеді, ол салық төлеуден жасыруға алып келеді, зей-неткерлік ақы төлемейді, ал ол ақырында келіп мемлекеттік және жергілікті бюджеттің қалыпта-суына, зейнетақы төлеу мен басқа да міндетті төлемдер төлеуге кері әсер етеді.

Екінші жағынан, заңсыз еңбек мигранттары, «тиімді жұмыспен қамтамасыз етілгендер» өздерінің еңбектерін қорғай алмайды, тіпті олар өздерінің еңбектерін қанауға да жол бере алады, себебі олар заңмен қорғалмаған.

4-Кесте. Қазақстан тұрғындарының халықаралық миграциясы (2002-2005 жж.) [9]

Жас			
-----	--	--	--

мөлше- рі топта- ры	иммигранттар				эмигранттар				Миграциялық сальдо			
	2002	2003	2004	2005	2002	2003	2004	2005	2002	2003	2004	2005
Бар- лығы	58211	65584	68319	74807	120223	73890	65530	52139	-6202	-8306	2789	22668
0-4	2879	3398	3984	5004	4883	3125	2816	2339	-2004	273	1168	2665
5-9	3522	4079	4273	5306	5811	3529	3053	2358	-2289	550	1220	2948
10-14	3562	4129	4650	5719	7570	4231	3410	2507	-4008	-102	1240	3212
15-19	5569	6554	7311	7907	13053	8517	7571	5835	-7484	-1963	-260	2072
20-24	8344	10049	10175	10506	13720	9194	9031	7292	-5376	855	1144	3214
25-29	7887	8652	8527	8812	12297	8039	7614	6173	-4410	613	913	2639
30-34	6152	6924	6817	7347	9562	6082	5507	4373	-3410	842	1310	2974
35-39	5162	5423	5707	6019	8465	4757	3928	3062	-3303	666	1779	2957
40-44	4346	4704	4976	5247	9227	5238	3958	2932	-4881	-534	1018	2315
45-49	3145	3388	3520	3938	7964	4984	3934	3112	-4819	-1596	-414	826
50-54	2349	2321	2460	2698	7861	4514	3726	3090	-5512	-2193	-1266	-392
55-59	1319	1485	1664	2018	3748	2416	2627	2483	-2429	-931	-963	-465
60-64	1414	1568	1349	1266	5795	2787	2179	1404	-4381	-1219	-830	-138
65-69	923	1189	1209	1314	4058	2679	2746	2244	-3135	-1490	-1537	-930
70-74	760	787	680	673	3192	1724	1471	1274	-2432	-937	-791	-601
75-79	527	550	593	579	1949	1375	1263	1048	-1422	-825	-670	-469
80-84	216	262	256	286	654	462	455	428	-438	-200	-199	-142
85+	135	122	168	168	414	237	241	185	-279	-115	-73	-17

Қорыта келгенде, миграция күрделі әлеуметтік-экономикалық көрініс бола отырып ол белгілі бір әдіс арқылы зерттеліп оқыла алынады. Оның ең негізгі белгісі миграциялық сальдо және ол тұрғындардың бір орыннан екінші орынға орын ауыстыруын көрсете отырып олардың қайта кері кетуін де көрсете алады. Қазіргі кезде еліміздің саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуы елімізден сырқа қоныс аудару үрдісінің төмендеуімен қатар жүріп отыр. Еліміздің тәуелсіздік жыл-дарындағы қол жеткізген табыстарының бірі, жасампаздық пен бейбітшіліктің жемісінің бірі – елдегі миграциялық процестің жоғарыдан реттелуі мен тұрғындардың бір орында тұрақтануы және көші-қон процесінің өз-өзінен реттелуі болып отыр. Келешекте де еліміздегі этнодемогра-фиялық дамуға тікелей әсер ететін миграциялық процесті реттеуде көптеген мәселерді шешу қажет болып отыр. Сондықтан да тұрғындардың әлеуметтік қорғалуын шешу негізгі мәселе.

1. Потуданская. В.Ф., Шайкин Д.Н. *Естественное движение населения и трудовых ресурсов Северного Казахстана: анализ моделирования и прогнозирования* – М., 2008. – 168 с.

2. Садовская Е.Ю. *Миграция в Казахстане на рубеже XXI века: основные тенденции и перспективы*. – Алма-Ата, 2001. – 260 с.

3. *Миграция и урбанизация в СНГ и Балтики в 90-е годы*. – М., 1999. – 358 с.

4. *Россия-Казахстан: фронтъерская миграция. Сб. Научных трудов (под общ. Ред. Зайончиновской Ж. и Сдыкова М.Н.* – РСО. 2002. – 236 с.

5. Гольдин Г.Г. *Международная миграция: зарубежный опыт и Россия*. – М., 1998. 20 с.

6. *Миграция населения Республики Казахстан. Итоги переписи населения 1999 года в РК.*

7. *Миграция населения Республики Казахстан. Итоги переписи населения 1999 года в РК.*

8. Рустемов Н.Т. *Стратегия развитие социальной сферы Казахстана*. – Алматы, 2002. – 116 с.

9. *Демографический ежегодник Казахстана 2005: Стат сб., Под ред..Абдиева К.* – Алматы, 2005. – 448 с.

Резюме

В статье рассматриваются миграционные процессы в Казахстане. Типы миграции и основные факторы миграционных явлений. А также состав мигрантов, численность, социальное положение и их проблемы.

Summary

The article deals with the migration processes in Kazakhstan. Types of migration and factors of migratory phenomena. The composition of migrant population, the social situation and their problems.

ВОЙНА В ЖИЗНИ КЫПЧАКОВ. ПРОТИВОСТОЯНИЕ С ДРУГИМИ КОЧЕВНИКАМИ

Я.В. Пилипчук – *к.и.н. (Киев, Украина)*

Одним из наиболее сложных вопросов истории Дешт-и-Кыпчак является тактика и стратегия кыпчаков в противостоянии с другими кочевниками. Хронисты не особо интересовались этим аспектом. Но он является чрезвычайно важным поскольку противниками кыпчаков были монго-лоязычные племена, монголы, огузы и печенеги. Среди ученых этот аспект попробовали про-анализировать В.Бережинский, М.Горелик, Ю.Худяков, А.Кушкумбаев [Бережинский 2005; Горелик 2002; Худяков 1997; Кушкумбаев 2009].

Реконструировать тактику и стратегию ведения войн невозможно не приступая к описанию вооружения. Для кыпчаков был характерен традиционный кочевнический комплекс вооружения. Легкая конница была вооружена луками монгольского типа, а подавляющее количество наконечников было предназначено для поражения такой же легкой конницы. Бронбойных наконечников было немного, поскольку кочевники центральноазиатских просторов сталкивались не с значительными массами тяжелой конницы оседлых держав, а воевали против таких же кочевников, как и они сами. Для ближнего боя использовались слабозагнутые сабли и копье. Шея кочевника защищалась кольчужной бармицей, а лицо маской или полумаской. Для защиты тела, главным образом, использовалась кольчуга, хотя встречались ламеллярные и пластинчатые доспехи [Худяков 1997, 106-120]. Вооружение монголов принципиально не отличалось от кыпчакского комплекса вооружения. Главным отличием была четкая организационная структура монгольско-го войска. Войско комплектовалось не на родоплеменной основе, а по десятичной системе. Наиболее полный материал по истории противостояния кыпчаков с другими кочевниками давали хронисты, которые описывали монгольские завоевания.

Важной в степной войне была маневренность и потому кочевники в начале боя использовали традиционный для кочевников принцип ведения боя, который Сигизмунд Герберштейн называли *tanp* [Горелик 2002, 18-24]. Он подходил для атаки противника, который остановился для того что-бы разбить лагерь. Также эффективным был этот прием и в столкновении с кочевниками, только перемещение конных лучников было на порядок динамичнее [Кушкумбаев 2009, 72]. Кочевые противники стремились окружить друг друга, не оставляя ему пространства для маневра [Кушкумбаев 2009, 81-82]. Основной задачей битвы было окружение и уничтожение основных сил врага. Во время наступления кочевники рассредоточивали свои войска на несколько больших групп. Противодействовать этому можно было совершая нападение в форме характерной для облавной охоты. Наступающие охватывали врага в полумесяц или круг окружения [Кушкумбаев 2009, 81-84].

Дешт-и-Кыпчак был идеальным театром для ведения таких войн. Широкая и открытая местность давала простор для маневров. Главным требованием для таких действий были большие массы конных лучников, которые были и у кыпчаков, и у монголов. Войско рассредотачивалось на сотни километров. При столкновении с монголами кыпчаки были вынуждены отступать большими массами, чтобы не попасть в окружение. Иногда концентрация большого количества людей на ограниченной территории приводила к трагедиям. Так монголы окружили кыпчаков в Крыму. Только после того, как силы кыпчаков значительно поредели от голода, монголы атаковали их [Кушкумбаев 2009, 91]. Если же кыпчаки не замыкались на ограниченной территории, то окружить их было очень тяжело [Кушкумбаев 2009, 92-94].

Обычно бой между кочевниками начинался перестрелкой и лишь потом они переходили к ближнему бою и рубке. Калкская битва, является примером того, как должна была выглядеть подобная битва. Легкие конники обстреливали друг друга. Потом в бой

Сонымен алғашқы заң курсын ұйымдастыру – прокуратура және сот органдарын білікті мамандармен қамтамасыз етудегі маңызды қадам болды. Сырттан сұрап, қол жайғаннан гөрі, өз күшімізбен мамандар даярлаудың дұрыстығы дәлелденді. Екіншіден, бұл қазақ тілінде сот-тергеу ісін жүргізетін мамандарды қалыптастырудың тиімді жолы болды. Үшіншіден, екі-үш жылдық жинақтаған тәжірибе мамандар даярлаудың жаңа сапалық деңгейіне көшу керектігіне көз жеткізді. Мәселен, 1926 жылғы Әділет халық комиссариаты соңғы бір жылда атқарған жұмысының есебінде мамандар даярлау мәселесіне жан-жақты тоқтала келіп, алдағы 5 жыл ішінде 600-дей мамандарды прокуратура, сот саласына дайындау қажеттігін хабарлайды. «Ол үшін ендігі кезек-те бірнеше оқу жылымен қамтамасыз ете алатын арнайы заң институтын құруымыз керек» деген мәселені көтерді.

Бүгін болашаққа жаңа бағдар алғанда өткенімізге үңіліп, кеңес үкіметінің алғашқы кезінде республикамыздағы заң мамандарына деген сұраныстың қаншалықты өскендігін, оларды дайын-даудың тым қиындықпен жүргенін ұмытпалық дегіміз келеді.

1. Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағаты (ҚРОММ), 1380-қор, 2 – тізбе, 33 – іс, 6-арт. парақ.
2. Дәуір дауысы (Время испытаний). – Алматы: Өлке, 1997. – 22 б.
3. Алдекеев Х. На стаже законности – Алма-Ата, 1972 – С. 31.
4. ҚРОММ., 1380 – қ., 2 – т., 52 – іс, 14-15 – п.п.
5. Бұл да сонда, 1541 – қ., 1 – т., 273 – іс, 4 – п.
6. Кабдошев Б. Бесславный конец славного сына // Фемида. – 1999. №9. – 35-42 с.
7. ҚРОМА., 1380 – қ., 1 – т., 5 – іс, 614 – п.
8. Бұл да сонда, 2 – т., 6 – іс, 77 – п.
9. Кабдошев Б. Алғашқы заң мамандары // Фемида. – 1996. №3. – С. 35-42.
10. Советская степь. – 1926. – 5 октябрь.
11. ҚРОМА., 1380 – қ., 2 – т., 93 – іс, 3 – п.

Резюме

В статье рассматривается история подготовки юридических кадров в 1920-1930 годы в Казахстане.

Summary

The article deals with the history of law specialists in Kazakhstan in 1920s and 1930s.

КЕҢЕСТІК КҮШТЕУ САЯСАТЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЛАДАҒЫ КӨРІНІСТЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Л.К. Жаманбаева – *С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университетінің аға оқытушысы*

Қазақстан тарихының өзекті де жан ауыртарлық беттерінің біріне қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық мәселесі жатады. Қазақ тарихында орын алған небір қилы зұлматтар ұлтымыздың өсіп-өнуіне көп залалын тигізгені бүгінде белгілі. Еліміздің тарихындағы соңғы 300 жыл түрлі демографиялық метамарфозалардың, яғни күрт және кілт өзгерістердің кезеңі ретінде сипатталып жүргендігі де шындық. [1, 13 б.]

Осындай апатты да зұлматты кезеңдердің бірі кеңестік кезең еді. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан этнодемографиялық жағдайы, алғашқыда отарлау саясаты әсерінен, кейін ком-мунистік идеология ықпалынан көп өзгеріске ұшырады. Билік басына келген коммунистік партия ұстанған әміршілдік-әкімшілдік қағида қоғамның барлық саласын толық қамтып қана қоймай, қазақ халқының демографиялық жағдайына апатты әсер етті. Қазақстанның кеңестік кезең тари-хының басты оқиғаларына негіз болған аграрлық реформалар; байлардың мүлкін тәркілеп өздерін жер аудару; саяси репрессиялар; күштеп отырықшыландыру; ұжымдастыру кезіндегі асыра сілтеушіліктің салдарынан болған қатты ашаршылық; жергілікті халықтың шекаралас басқа рес-публикаға көшіп кетуі сияқты басқа да саяси шаралар қазақтардың әлеуметтік-демографиялық жағдайына кері әсер еткен факторлар. Кеңес үкіметі мен коммунистік партияның аталмыш саяси шараларының аймақта күштеу саясаты арқылы жүзеге асқандығын жоғарыдағы мәселелер тарих-намасынан байқадық. Осыдан шыға келе, халқымыздың санының азаюына әсер еткен кеңестік күштеу саясатының мәнін мәселенің зерттелу деңгейін анықтау арқылы талдаудың маңызы зор.

Кеңестік кезең тарихнамасында, демография төңірегінде қомақты зерттеу еңбектері жарық көрмеді десе де болады. Бірен-саран жазылған зерттеулер мәселені таптық тұрғыдан бағалап, тек қана сандық мәліметтер ғана берді. Негізінен алғанда мәселеге қатысты жариялымдар қатарында әр жылдардағы өткізіліп тұрған халық санақтарының мәліметтерін атап өтуге болады. 80-ші жыл-дардан бастап, Қазақстан халқының демографиялық дамуына деген көзқарас өзгеріп, зерттеуші-лер еңбектерінде демографияға саяси факторлардың әсері талдана бастады.

Тәуелсіздік жылдары аталмыш мәселе төңірегінде бірқатар еңбектер мен зерттеулер жарық көрген. Дегенмен, халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайына қатысты кеңестік күштеу саясатының тарихын арнайы зерттеген еңбек жоқ. Аталмыш бағытта жазылған еңбектер қатары-на, XX ғасыр басындағы тарихи оқиғаларға байланысты жарық көрген

еңбектер және жекелеген аймақтарды әлеуметтік-демографиялық мәселелерді ашып көрсетуге тырысқан диссертациялық зерттеу жұмыстары жатады.

1990-шы жылдардан бастап болсақ, М.Қозыбаев, Қ.Алдажұманов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков секілді бірқатар тарихшы ғалымдардың кеңестік кезеңдегі күштеу саясатының мәнін ашып көрсететін еңбектері жарық көре бастады. Аталмыш авторлар зерттеулері тікелей демографиялық мәселелерді қарастырмағанмен, сол кезеңдегі қалыптасқан жағдайдан шыға отырып, халықтың азаюы мен апатқа ұшырауы салдарын ашып көрсете алды.

Мәселені өзіндік жаңа қырынан қарауда ғалым, академик М.Қозыбаев зерттеулерінің қосар үлесі зор. Танымал зерттеуші-ғалым еңбектерінде ХХ ғасырдың алғашқы онжылдықтарында тарих бетінен орын алған әртүрлі қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өзгерістер жаңа қырынан талданып, тарихи зерттеудің ғылыми әдістері мен теориялық-методологиялық негізі қаланған. Ғалымның «Тарихи сананы қалыптастырсақ» деген мақаласында, «ХХ ғасырда демо-графиялық күйреулер нәтижесінде он қазақтың үшеуі елін тастап, босып кетті. Шоқындыру, орыстандыру саясаты, қара шекпенді мұжықтарды көшіру, тұтас халықтарды қазақ жеріне айдау нәтижесінде қазақ өз елінде азшылыққа айналды. Оның тілі, діні, ділі, тарихы ұрпаққа керек болудан қалды», [2] – деп аталмыш саясаттың апатты жақтарын ашып көрсеткен.

Т.Омарбеков сталиндік режимнің күштеп ұжымдастыру жылдарында орын алған алапат аштықтан туындаған демографиялық апатты анықтауға мүдделі болмағандығын, мұндай зерттеу «ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру» деген атпен жүргізіліп шаруа халыққа орасан зор қасірет әкелген, кінәсіз жандарды жаппай жазалауға ұласып кеткен қызыл империя саясатын әшкерелеуге алып баратындығымен түсіндірген. Зерттеуші, аталмыш еңбегінде демо-графиялық мәселелердің ашаршылық жылдары кеміп кеткен адамның қаншасы аштықтың және одан туындаған жұқпалы аурулардың құрбандықтары деген тұстарын, босқындар, қазақтар қожа-лықтарының күштеп ұжымдастыру қарсаңындағы саны туралы, басқа ұлттардың келіп қоныста-нуы мен олардың сандық көрсеткіші сияқты жақтарын әртүрлі деректерді салыстыра, дәлелдей отырып талдаған. Мысалы, 1926, 1937, 1939 жылдардағы Бүкілодақтық сынақтар материалдарын және т.б. мұрағат деректерін өзара салыстыра отырып, жалпы алғанда Қазақстаннан шығып кеткен босқындар саны 500 мыңнан асып түсетінін анықтаған. 1933 жылы көктемде 500 мыңнан астам босқынның 300 мыңға жуығы Қазақстанның өзінің ішіндегі босқындар болғанын Л.Мирзоян-ның И.Сталинмен В.Молотовқа жазған хатының мәліметтерін мұрағаттағы басқа да құжаттармен салыстыра отырып дәлелдеп нақты көрсеткен. [3, 308 б.]

М.Х. Асылбеков пен Ә.Б. Ғалиевтың Қазақстанның 1917-1980 жылдар аралығындағы әлеуметтік-демографиялық ахуалын, жалпы сипаттап, осы кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық, саяси процестермен байланыстыра отырып жан-жақты қарастырған.

Мақаш Тәтімұның 1993 жылы жарық көрген «Қазақ әлемі» [1, 160 б.] атты кітабында демо-графиялық мәселелер көбіне кеңестік кезеңдегі саяси оқиғалардың күштеулік сипатын баса айту арқылы талданған. Негізінен алғанда, М.Тәтімұның бұл кітабы халқымыздың Қазақ хандығы құрылғаннан бастап, кітап жазылғанға дейінгі аралықтағы демографиялық дамуының жай-жап-сары жан-жақты зерделендігімен құнды. Соның ішінде, голощекиндік геноцид, сталиндік репрессия жылдарындағы озбыр шындық ашық көрсетілген.

М.Тәтімұның, тек 1926-1959 жылдары ғана қазақтардың саны 58,7 пайыздан 29,8 пайызға құлдыраса, орыстардың саны 20,5 пайыздан 42,7 пайызға бірақ көтерілгендігі туралы мәліметтері [1, 11 б.], орталықтың күштеу саясатының бет-бейнесін айқындай түсетіні анық. Сонымен қатар, демограф зерттеулерінде, 1937-1938 жылғы репрессия құрбандарына байланысты 1938 жылдың 25 ақпанынан 13 наурызына дейінгі аралықта 631 адамның атылғандығы туралы мәліметті [1, 128-144 бб.], мұрағаттан алынған атылғандар тізмін қосымша көрсете отырып берген.

Ал, А.Н. Алексеенконың еңбегінде әлеуметтік-демографиялық жағдайдың күрт нашарлауының себептерін талдауда кеңестік билік саясатын емес, табиғат қуаңшылықтарын көбірек кінә-лап, халық санының кемуі туралы біржақты пікір айтады. Еңбек тәуелсіздік тұсында жазылған-мен, автордың әлі де болса, шынайы тұжырымдар жасауға бет бұрмағанын көреміз.

Д.М. Сдыковтың өз зерттеуінде 30 жылдар Кеңестік Қазақстанның тұрғындары тарихының ең бір күрделі кезеңі ретінде бағаланып, оның трагедиялық мәні тек қана адамдар шығынында емес, Сталин бастаған ел басшыларының тарих соты мен келешек ұрпақтан тығып қойғысы келген қылмысты саясатының мәнінде екенін автор ашық көрсеткен. Ұзақ жылдар бойы аталмыш мәселе төңірегіндегі шындық қарапайым халықтан жасырылып келгендегі ақиқат. 20-30 жылдары Қазақстанда қазақтардың басым бөлігі тоталитарлық жүйе құрбанына айналып, азшылықты құраған болатын. Міне осы мәселелер М.Сдыков еңбегінде орынды ашық көрсетілген. Автор мәліметтерінің біріне сүйенсек, 1926 жылдың деректері бойынша, бүкіл Қазақстан тұрғындарының 20,3 пайызы мекендеген Батыс Қазақстанда жаппай қырылу нәтижесінде этнодемографиялық жағдайдың күрт өзгергенін көрсетеді. Соның ішінде, 400 мыңға жуық адамның қырылуы тұрғындардың 20 пайызға азаюына алып келгендігін көреміз. [4, 195 б.] Автор көрсеткен халықтың кему динамикасы туралы мәліметтері кеңестік күштеу саясатының жемісі екендігі зерттеуде жан-жақты талданып, бағасын алған.

Демографиялық мәселелер тәуелсіздік жылдарында бірқатар диссертациялық жұмыстарға арқау болды. Әртүрлі деңгейдегі зерттеу жұмыстарында демографиялық әлеуметтік мәселелер аймақ шеңберінде қарастырылған. Аталмыш мәселе төңірегіндегі алғашқы диссертациялық жұмыс 1996 жылы жарық көрді. А.М. Мамырханова зерттеулері [5] 1897 және 1926 жылдардағы санақ аралығындағы қазақ тұрғындарының демографиялық ахуалына арналған. Ізденуші қазақ халқының саны мен орналасу проблемасын деректер арқылы зерттеуге талпыныс жасаған. Екі санақтың сандық мәліметтерін келтіре отырып, жергілікті тұрғындардың арасындағы халық ағар-ту, денсаулық сақтау проблемасын көрсетуге, жұмысшы мамандардың қалыптасуын көрсетуге талпыныс жасаған.

С.Айымбетов 1926-1939 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер мәселесін зерттей отырып, кеңестік билік әкелген жаңа идеялар мен зор өзгерістер тоталитарлық жүйе қыспағымен, зорлық-зомбылық арқылы арқылы жүзеге асырылғандығынан атап көрсетеді. Зерттеуші 20-30 жылдар тарихын тарихи демография тұрғысынан, яғни 1926, 1937, 1939 жылдардағы халық санақтарының қорытындыла-рының негізінде зерттеп, талдау сол кезеңдегі елдің әлеуметтік-экономикалық, мәдени жағдайын дұрыс айқындауға көмектесетіндігін ашып көрсеткен. Ізденуші пікірі бойынша, санақ қорытындылары бойынша, тек халық саны туралы мәліметтерді салыстырғанның өзінен, елдегі саясаттың халықтың өсу динамикасына тигізген әсерін көруге болады және жалпы санақ қорытындыларын-да берілген мәліметтер өз кезеңіндегі елдегі жүргізілген саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени өзгерістердің, саясаттың көрсеткіші іспеттес. [6, 4 б.]

Сонымен қатар, зерттеуші, 1926-1939 жылдардағы республика халқының санын және ұлттық, жастық, жыныстық құрамын, білім деңгейі мен территориялық орналасудағы өзгерістерді, оның себептерін ашу, әсіресе, 1931-1933 жылдардағы жаппай аштықтың қазақтарды демографиялық апатқа ұшыратқандығын көрсетіп, одан құрбан болғандардың санын нақтылауға тырысқан. Зор-лап жаппай ұжымдастыру саясатының нәтижесінде жекеменшік шаруалардың, колхоз мүшелері-не айналуын, олардың саны мен құрамындағы әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктерді белгі-леуге талпыныс жасаған. Атап көрсетер болсақ, автор, 1931 жылы ауыл-село тұрғындары 4263,6 адам болып, 1930 жылмен салыстырғанда 1 млн. 710 мың адамға азайғандығы туралы, құжаттарға негізделген мәлімет береді және оның бірнеше себебін атап көрсетеді. «Біріншіден – деп жаз-ды С.Айымбетов – сол жылдары республикада әр түрлі құрылыс орындарының кең өріс алуына байланысты, ауыл тұрғындарының арасынан сол құрылыстарға кету байқалады, екіншіден, ұжымдастыру кезінде көпшілігі бұрын егін екпеген халыққа астық салығы салынды. Мал өсіру-дің орнына қуаңшылық жерлерде егін егуге мәжбүр болған халық, шықпаған астықтың орнына қолындағы малын сатып, түскен қаржысына астық сатып алып өкіметке өткізген еді. Нәтижесін-де аштық басталды. Үшіншіден, зұлмат жылдарында жан сауғалап өзге республикаларға, шет елдерге қоныс аударған қазақ қожалықтары көп болды». [6, 58 б.]

Халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайына қатысты кеңестік күштеу саясатының көрінісін, автордың жоғарыда көрсеткен себептерінен анық көруге болады. Сондықтан да, С.Айымбетов зерттеулері мәселенің зерттелу деңгейін ашуда құнды еңбек болып табылады.

Қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық ахуалына кеңестік саясаттың күштеулік мәнін ашуға көмектесетін зерттеулер қатарын толықтыратын М.Малышеваның еңбегінде 20-30 жыл-дардағы демографиялық тұрғыдан этностың 40 пайызынан айрылуы, күмәнсіз қазақ халқының трагедиясы екендігінен шыға отырып, автор, қазақтардың аштықтан құтылу үшін Қазақстаннан тысқары қашуы өмір үшін болған арпалыс екендігін көрсетілген. Сібір өлкелік атқару комитеті-мен басқарылған аймақта 40 мыңға жуық қазақ болғандығын, аштықтың бас кезінде, ол санның «қашқын көшпенділер» есебінен тағы бірнеше есеге өскендігін, аштық біткеннен кейін халықтың біразі елдеріне оралғаннан кейін де қалған қазақ диаспорасының саны 60 мыңға жеткендігін [7, 10 б.] ғылыми тұрғыдан дәлелдей отыра ашып көрсеткен.

Сонымен қатар, М.Малышева, Кеңес өкіметінің ұлт мәселесі төңірегіндегі бағдарламалық және директивалық нұсқауларының ішкі мазмұнын талдай отырып, әміршіл-әкімшіл жүйенің қазақ халқының әлеуметтік-демографиялық ахуалына тигізген зардаптарын, күштеулік мәнін терең талдаған.

Халықтың әлеуметтік-демографиялық жағдайына қатысты кеңестік күштеу саясатының зерт-телуі мәселесін қорытындылай келе, әлеуметтік-демографиялық ахуалға қатысты мәселелер тәуелсіздік бәрқатар еңбектерде жан-жақты талданғаны анықталғанмен, осы мәселе аясындағы күштеу саясатының зерттелуі алғаш рет проблема ретінде көтеріліп отырғандығын баса көрсете-міз. Сондықтан да, болашақта сталиндік-голощекиндік күштеу саясатының қазақ халқының демографиялық дамуына тигізген кері әсерлері жеке мәселе ретінде диссертациялық зерттеулерге арқау боларына сенеміз.

1. Тәтімов М. Қазақ әлемі. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 13 б.

2. Тарихи сананы қалыптастырсақ // мына кітапта: Қозыбаев М. Киелі тәуелсіздік. – Алматы: Баспалар үйі, 2003. – 448 б.

3. Күштеп ұжымдастыру жылдарындағы Қазақстандағы демографиялық апаттың зардаптары // Т.Омарбеков 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. – 303-314 бб.

4. Сдыков М.Н. История населения Западного Казасхстана. – Алматы, 2004. – 408 с.

5. Мамырханова А.М. Казахское население между переписями 1897-1926 гг. Автореф. Дисс. канд. ист. наук. – Алматы, 1996. – 24 с.

6. Айымбетов С. 1926-1939 жылдар аралығындағы Қазақстан халқының этнодемографиялық және әлеуметтік құрылымындағы өзгерістер. тар. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 1998. – 191 б.

7. Малышева М.П. Казахи в Сибири в период демографических кризисов (1919-1934 гг.). автореф. док. ист. наук. – Алматы, 2002. – 50 с.

Резюме

В данной статье рассматриваются проблемы изучения силовой политики в социально-демографической сфере советского периода. Автор на основе историографического анализа показывает основные направления изучения данной проблемы. Отмечает важности изучения негативных влияний советской силовой политики на демографическое развитие казахского народа.

Summary

Problems of studying a strong-arm policy in socially-demographic sphere of the Soviet period are considered in this article. On the basis of the historiographic analysis the author shows the basic directions of studying the issue. Also the author makes special attention of importance of studying the negative influences of the Soviet strong-arm policy on demographic development of the Kazakh people.

НОРМЫ ПРАВА И ОБЫЧАИ КАЗАХСКОЙ СТЕПИ

М.М. Айтказина – к.и.н., доцент кафедры «СГД» КазАТК им. М.Тынышпаева

Правовая система Казахстана входит в романо-германскую правовую семью, образуя в ней вместе с правовыми системами России и других республик СНГ самостоятельную "евразийскую" группу.

Вплоть до 1920-х гг. на территории современного Казахстана господствовала система обычно-го права. Она существовала преимущественно в устной форме, что было естественно при почти сплошной неграмотности населения. Обычное право отличалось архаичностью и противоречиво-стью, его нормы соответствовали потребностям патриархального общества кочевников-скотоводов. Особенностью изучения истории казахского права русскими исследователями стал его при-кладной характер: казахские правовые нормы фиксировались и собирались с целью их дальней-шей кодификации в иную правовую систему.

Первые попытки русской власти реорганизовать суды биев в степных областях относятся к началу XIX века. По территориально-административной реформе – «Устав о сибирских кирги-зах» от 1822 года из компетенции бийских судов выводились «уголовные преступления», к кото-рым, кроме преступлений против власти, были отнесены убийства, грабежи. Телесные наказания были отменены, бии имели право приговаривать осужденных только к штрафам.

В 1830-1850-х годах был принят ряд новых законодательных актов. В частности, кочевники формально получили право по их желанию обращаться не к биям, а в имперский суд. Вскоре эти попытки регулирования народного суда были признаны безуспешными и неудачными, поскольку лишь дискредитировали судебную власть в глазах населения, которое избегало русского суда и стремилось решать дела по обычным правилам.

В 1832 г. вышла работа А.И. Левшина, которая представляла собой составленное по архивным материалам и личным наблюдениям описание устного свода обычного права казахов «Жеты-Жаргы». Наиболее значительная кодификация обычаев была предпринята при Тауке-хане: соз-данное им «Жеты-Жаргы» не было писаным правом, а представляло собрание устных пословиц и изречений, которые обязаны были знать каждый носитель власти – хан, султаны, судьи, старши-ны и аксакалы казахских родов.

Считается, что при создании своих законов Тауке-хане собрал трех биев Старшего, Среднего и Младшего жузов и провел классификацию кодификации права в современном понимании, т.е. рассмотрел существовавшие казахские обычаи, старые статьи адаптировал к новым социальным условиям.

Пополнялись и видоизменялись в процессе судебной деятельности ханов, султанов и особенно биев, решения наиболее авторитетных из которых становились обязательными прецедентами. Одной из форм правотворческой деятельности биев были положения нескольких биев (ереже) о том, какими именно нормами обычного права они будут руководствоваться при рассмотрении определенных судебных дел. Такие ереже становились источниками права. Посредством судеб-ных прецедентов и ереже казахские бии внесли в обычное право (под влиянием мусульманского духовенства) некоторые нормы шариата, жестоко каравшие за отступления от требований ислама, например «...богохульника, избличенного семью свидетелями, должно убивать камнями» или «...еже ли кто примет христианскую веру, у того родственники отнимают весь его скарб».

Организации суда, штраф за правонарушения и преступления. Открыто были выделены преи-мущества неимущих слоев в казахском обществе: это выделение особого статуса султанов, ход-жей: «Кто убьет султана или ходжу, тот платит родственникам убитого «кун» за 7 человек. Оби-да султана или ходжи словами наказывается долгом в 9 скотин, а за побои – 27 скотин».

Право частной собственности на землю по представлениям казахов вплоть до и после присое-динения Казахстана к России отсутствовало. Пастбища по обычному праву казахов считались общей собственностью. Фактически вся земля была собственностью хана. За нее они получали феодальную ренту в виде всевозможных податей. Зимовки уже в XVIII веке находились в част-ном владении феодалов.

В обычном праве юридического оформления нормы купли-продажи в кочевой семье не имели под собой законности; дарения, наследования земли происходили как процесс веками закрепленный предками передачи от старшего к младшему. Практически скотоводов, кочующих на огромных пространствах, интересовало лишь два вида юридического отношения к земле: право распоряжения кочевьями-пастбищами и право захвата пастбищ и водопоев. Все эти права принадлежали казахским феодалам. На остальные средства производства, в том числе на скот и на средства потребления, в казахской степи с незапамятных времен существовала частная собственность. Однако она по обычному праву была существенно ограничена патриархальными формами. Так, не только сын у отца, но даже племянник у дяди имел право брать трижды без разрешения любую вещь из его имущества и делать ее своей собственностью. По законам Тауке-хана знаком частной собственности на скот была семейная тамга.

Наиболее распространенными видами договоров у казахов были мена, заем, ссуда скотом.

Мена была договором, посредством которого кочевники приобретали у среднеазиатских и русских купцов орудия труда, которые окупалось или обменивались на скот и на продукты скотоводства. Мена производилась непосредственно на меновых базарах и дворах.

Предметом займа был скот – срок не более года. Должник обязан был возвратить долг с приплодом. Для обеспечения обязательства кредитор мог при заключении договора требовать от должника представления поручителя. Поручителем обычно выступал достаточно состоятельный скотовод. Он мог брать на себя два вида обязательств – отвечать за должника в случае его несостоятельности и предоставить кредитору должника к обусловленному сроку для исполнения обязательства.

Семейное право в кочевом обществе представляло собой семейную ячейку аула, состоявшего из нескольких родственных семей и зависимых скотоводов и обедневших сородичей.

Семья не являлась хозяйственно-обособленной ячейкой, она была связана с родственными семьями. Обычное право, определяя круг родственников, исходило из принципа экзогамии до седьмого колена родства. Семьи, входившие в круг экзогамного родства, сохраняли хозяйственное и общественное единство. Имущественные и иные споры внутри этой семьи не были подсудны бийскому суду.

Главой семьи считался отец; жены, дочери и даже матери были ограничены в правах. Муж и отец распоряжался всем имуществом семьи, но не в ущерб интересам семьи и рода. Так, отец имел право наказывать сына, но не мог лишать его права на выдел, обязан был выдать дочь замуж с приданым, выплатить кун за преступление сына. При жизни мужа наравне с ним могла распоряжаться имуществом и жена, но не в ущерб детям и родичам мужа. Вдова распоряжалась имуществом до достижения сыновьями совершеннолетия и при условии проживания среди родичей мужа.

Правовые отношения в кочевом обществе (суд биев). В казахском обычном праве дело не могло возбуждаться по факту преступления, процесс начинался только по инициативе потерпевшего. Суд по казахскому обычному праву был гласным, состязательным, все дела, как уголовные, так и гражданские имели исковый характер.

Биы выбирались по взаимному соглашению сторон, причем бию мог быть дан отвод, но только до начала процесса. Рассмотрение дела начиналось с обряда бросания перед судьей плетей истцом и ответчиком. Это символизировало согласие обеих сторон с составом суда и согласие с будущим решением.

Прежде чем начать процесс, бий предлагал сторонам примирение и в случае отказа начинал слушанье. Обычно это происходило при большом стечении народа, причем не только заинтересованных людей, но и всех желающих.

Дело излагалось в устной форме истцом или его представителем, ответчик также мог изложить свою версию сам или через представителей. В их роли выступали чаще всего лица, знакомые с нормами обычного права. Бий мог вызвать свидетелей, явка которых обеспечивалась заинтересованной стороной.

Казахское обычное право предусматривало различный подход к свидетелям в зависимости от их социального статуса. Не принимались свидетельства женщин, ближайших родственников истца и ответчика, несовершеннолетних и лиц, признанных сумасшедшими. Свидетельства рядовых

общинников имели доказательную силу только после того, как честность свидетелей подтверждалась присягой. Свидетельства же султана, бия и других влиятельных лиц, принимались без присяги.

Справедливость судебного процесса была зависима от авторитета бия и вынесенных им решений, максимально удовлетворяющих обе стороны.

Данный орган оставался закрытым для русской администрации в плане судебных решений и с позиции формального учета деятельности народного суда. В целом при такой ситуации русская администрация не могла эффективно контролировать порядок и уровень преступности среди местного населения.

В середине 1850-х годов к окончанию царствования Николая I практическое использование кодексов казахского адата оставалось нереальным делом.

Изменение центральной власти не могло быть составляющей необходимостью имперской политики на окраинах России. Такой поворот во взглядах правительства частично был связан с реакцией на серию волнений на окраинах, включая восстание Шамиля и выступления кочевого населения в казахской степи в 1830-1840 гг.

Дальнейший сбор и письменная фиксация норм «Адата» проводились в научно-познавательных целях. В этом были заинтересованы, в частности, уездная и областная администрации Степного и Туркестанского края. Администрация и уездные судьи по роду своей деятельности должны были контролировать систему народного суда и управления у кочевого населения; при этом они постоянно сталкивались с необходимостью рассматривать многочисленные жалобы местных жителей. В 1870-1890 годы русская власть обязала биев записывать решения в особые книги, чиновники и ученые стали собирать и публиковать ереже.

Таким образом, казахские обычные нормы не только были зафиксированы, но и адаптированы к новым условиям, то есть подверглись некоторым изменениям уже за счет вмешательства представителей власти. Причем эти изменения и дополнения были настолько существенны, что позволяют говорить о появлении новых правовых норм и актов. Это наглядно проявилось в содержании норм «Семи уложений», донесенных до нас первым письменным правовым источником.

1. Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких гор и степей.
2. Рулан Н. Юридическая антропология. – М.: Норма, 2000.
3. Бекмаханова Н.Е. Формирование многонационального населения Казахстана и Северной Киргизии. – М., 1980.

Түйін

Қазақстанның көшпелі халқының әдеттегі салты тек тіркеліп қана қоймай сонымен бірге жаңа жағдайларға бейімделген, яғни билік өкілдерінің араласуымен өзгерістерге ұшыраған. Бұл өзгерістер мен толық-тырулар аса маңызды болғаны соншалықты, роман-германдық құқықтық отбасының кіріс актілеріне және жаңа құқықтық нормалардың пайда болғанын көрсетеді.

Summary

Usual norms of nomad people of Kazakhstan were not only fixed but they were adapted to new conditions, i.e. they have been already undergone to some changes taking into account the interferences of power representatives. Thus, these changes and additions were essential, which allow to speak about the appearance of new right norms and acts entering the roman and German right family.

ОРТАЛЫҚ АЗИЯЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТЕРДЕ ШЕКАРААРАЛЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРДІҢ ШЕШІЛУІ

У.М. Джолдыбаева – т.ғ.к., Абай атындағы ҚазҰПУ-нің академик
Т.С. Садықов атындағы Қазақстан тарихы кафедрасының доценті

Қоршаған ортаны қорғау адамның табиғатпен қарым-қатынас жасау барысында табиғи қорды ұтымды пайдалану мен молықтыруды, табиғи ортаны мүмкіндігінше сауықтырып, оның сапасын жақсартуды көздейді. Алайда адамзат қызметінің шектен тыс әсер ету жағдайында жер биосфера-сы

мен оның жекелеген құрамдас бөлшектері, яғни әр деңгейдегі экожүйелердің дұрыс қызмет ету және қайта жаңғыру мүмкіндіктері шектеледі. Барлық табиғи апаттардың орын алуы көбінде бізге беймәлім күрделі табиғи процестердің нәтижелері ғана емес, олар адамдардың қоршаған ортаға техногендік ықпал жасауымен ұштасып отырады. Экологиялық қауіп төндіріп отырған негізгі проблемалар ауа, су және топырақтың химиялық және радиоактивті ластануы, биологиялық және табиғи әралуандылықтың жойылуы, жерлердің шөлейттенуі мен тозуы, табиғи қордың сарқылуы, жерасты суларының көтерілуі, жаһандық жылыну мен озон қабатының жұқаруы, климаттың өзгеруі болып табылады. Бұл мәселелер дүние жүзі ғалымдарының талқысына салынып, оларды толық шешудің жолдары мен әдіс-амалдары іздестірілуде. Сонымен қатар шекараралық және жаһандық сипатқа ие бұл проблемаларды жеке мемлекеттер дербес түрде шеше алмайтын-дықтан, бүкіл халықаралық қоғамдастық бірлесе отырып күш жұмсауда.

Орталық Азиядағы шекарааралық экологиялық проблемалардың маңыздылары – атмосфера-лық ауаның және су көздерінің ластануы. Атмосфералық ауа ластануының антропогендік көзде-ріне өнеркәсіптік кәсіпорындар, көлік, жылу энергетикасы, тұрғын үйлерді жылыту жүйелері, ауыл шаруашылығы т.б. жатады. Өндірістік кәсіпорындардың қызметі нәтижесінде қоршаған ортаға зиянды әсер тигізетіндерге: шикізаттар, әр түрлі материалдар, құрал-жабдықтар, отын, электр энергиясы, су, қалдықтар, өнімдер, атмосфераға тарайтын шығарындылар (газ, бу, ауа тозаңы), энергетикалық шығарындылар, шу, инфрадыбыс, ультрадыбыс, электромагнитті өріс, жарық, ультракүлгін, лазерлі сәулелер, иондалған шығарындылар және т. б. жатады. Ауаны лас-тайтын заттардың химиялық құрамы отын-энергетика ресурстарының түріне, өндірісте қолданы-латын шикізаттарға, оларды өңдейтін технологияларға байланысты болып табылады. Соған бай-ланысты өндірістік орталықтар мен қала аймақтарындағы ауа ластануының шекарааралық сипа-ты Орталық Азия өңірінің басымдыққа ие экологиялық проблемасына айналды. Ластағыш зат-тардың негізгі көздері металлургия, химия, құрылыс және гидроэнергетика кәсіпорындары болып отыр. 1999 жылы ластағыш заттардың өндіріс және көлік көздерінен шығатын мөлшері 7,5 млн. тонна құраған. Оның ең жоғары мөлшері Қазақстанда 43,7% – болса, Өзбекстанда – 28,7%, Түркменстанда – 22,9%, Қырғызстанда – 3%, Тәжікстанда – 1,6% болғаны анықталған. [1]

«ТМД елдері аумақтарында 1994 жылы күкірт пен азот қоспаларының шекарааралық тараты-луы» есебінде [2] келтірілген мәліметтерді талдау көрсеткендей, Қазақстанның аумағына келіп түсетін ластағыш заттардың (өз еліміздегі көздерден кейінгі) ең көп мөлшері Ресей, Украина, Өзбекстан және Еуропа мемлекеттерінен таратылады екен. Қазақстанға тараған шекарааралық ластағыш заттардың құрамы төмендегідей болды: күкірт – 54% (446087 тонна), қышқылды азот – 81% (197810 тонна), (қалпына келтірілген) азот – 49% (10857 тонна). Қазақстанда таралатын күкірт қоспалары бойынша еліміздің өз ластағыштарынан кейінгі ең қомақты үлес Ресейге (28%), Өзбекстанға (10%), Украинаға (8%), Қырғызстанға (1%) келеді. Бұл орайда Орталық Азия елдері-нің көпшілігі үшін ірі де тиімсіз өндірістер күрделі проблема болыр отырғандығын айта кеткен жөн. Ластағыш заттар ең көп мөлшерде шығатын өнеркәсіп көздері адамдардың денсаулығы мен қоршаған ортаға аса зор қауіп төндіруде. Өңірдегі зауыттар мен ауылшаруашылық жүйелер өнді-ріс ресурстарының көлемі жоғары, ал тиімділік деңгейі төмен технологиялар мен техникаға негіз-делген, ал бұл ластану деңгейінің жоғарылауын туындатып отыр. Өнімділікті арттырып, ірі көлемді өнеркәсіпті дамытуға бағытталған саясат, сонымен қатар секторлық әралуандылықты шектеу кіші және орта өнеркәсіптің дамуын тоқыратып отыр, сондықтан өңір елдерінің алдында өтпелі кезеңнің бірегей проблемалары туындауда. Атап айтқанда, өңір елдерінде аймақтағы тау-кен өндіруші және металл өңдеуші кәсіпорындардан шыққан ақаба сулардағы ауыр металдар, сонымен қатар азот пен цианидтер сияқты органикалық ластағыш заттардың улы деңгейдегі көлемі өсуде.

Аймақта қалдықтарды басқару саласында бірқатар проблемалар орын алуда. Атап айтқанда, елдерде қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындары жоқ; қалдықтарды жою орындары көбінесе санитарлық талаптарға сай келмейді; өнеркәсіптік улы қалдықтарды жоюға арнайы орындар бөлінбеген; қалдықтарды жоюды нақты тіркеу жүргізілмейді; қалдығы аз технологиялар сирек қолданылады; радиоактивті және металлургиялық қалдықтарды көму орындарына байланысты қауіпті жоюға бағытталған іс-шаралар жоққа тән.

Бұрынғы КСРО-ның он бес республикасының әрқайсысында қандай да бір ядролық қызмет немесе ядролық қарудың құрамдас бөліктері болды. Сондықтан Орталық Азия мемлекеттерінде қазірге дейін ядролық өнеркәсіпке, соның ішінде ядролық қалдықтарға байланысты проблемалар-дың түйіні толық шешілмеуде. «Адам өз өмірін қалай бұрғысы келсе, солай құруға мүмкіндік беретін күштің көзі болып табылатын атом энергиясын өз қолына алатын уақыт жақындады... Адам осы күшті пайдаланып, оны өзін-өзі жоюға емес, жақсылыққа ғана бағыттай ала ма? Ол ерте ме, кеш пе, ғылым өзіне беретін осы күшті пайдалануды үйренді ме? Ғалымдар өздерінің ғылыми жұмыстарының, ғылыми прогрестің ықтимал нәтиже-салдарларына көз жұмбауы тиіс. Олар өздерін барлық жаңалықтары үшін жауапты сезінуі керек. Олар өз жұмыстарын бүкіл адам-затты барынша дұрыс ұйымдастырумен байланыстыруы тиіс». [3]

Атмосфераның ластануымен салыстырғанда, су жүйелерінің ластануы үлкен қауіп төндіреді, себебі ауадан гөрі сулы ортада өздігінен тазалану, яғни регенерация процесі өте баяу жүреді, су қоймаларын ластайтын көздердің қатары да көбейе түседі. Оның мысалы ретінде аймақтағы су қорының ең ірі көздерін – Арал мен Каспий теңіздерінің жағдайын келтіруге болады.

Арал теңізінің экологиялық апаты – экожүйелердің барынша тозып отырғандығының айғағы. **Шөл дала ортасында орналасқан бұл теңіз төңіректегі аймақтардың табиғи-климаттық және экологиялық жағдайына оң әсерін тигізіп, оңтүстік тараптан келетін құрғақ желден қорғап, ылғалдықты реттеуші қызметін атқарып келген.** Бұрынғы деңгейі +583 метр, су айдынының көлемі 66 мың км², ал судың табиғи мөлшері 1064 мың м³ құраған [142, с. 30] **теңіз-дің биологиялық өнімділігі деңгейі аса жоғары болған.** Шаруашылықты ұтымсыз жүргізу сал-дарынан Арал теңізі алабында аймақтық деңгейде басымдыққа ие болып табылатын бір-бірімен тығыз байланысты экологиялық проблемалар туындады. Суды көп талап ететін дақылдар мен өсімдіктерді қорғау құралдарын, минералдық тыңайтқыштарды пайдалана отырып суармалы егіншілікті кеңінен дамыту бұл өңірдің бүкіл экологиялық ортасында терең әрі қайтымсыз про-цестердің прогрессивті түрде дамуына әкеліп соқты. Өткен ғасырдың 80-ші жылдардың аяғында-ақ теңіздегі тіршілік толығымен жойылып, су сапасының күрт төмендеуі, кең көлемді шөлейтте-ну, топырақтың тұздануы мен сортаңдануы, әралуандылықтың қысқартылуы және климатқа кері әсердің күшеюі сияқты бірқатар негативті факторлар пайда болған.

Арал өңірі жағдайының нашарлауы өткен ғасырдың 60-шы жылдарынан бастау алған. Кеңес Одағының тұсында Орта Азия республикаларындағы кәсіпорындардың өндірістік ақаба сулары мен мақта және күріш өсіруге арналған минералды тыңайтқыштардың қалдықтары осы теңізге құятын Сырдария мен Әмудария өзендеріне төгіліп отырғаны белгілі. Ол төгінділердің құрамын-дағы ауыр металл қалдықтары және әр түрлі пестицидтер теңіздің суы тартылып, құрғаған жер-лерде тозаңмен араласып, адамдардың тыныс мүшелеріне зиян келтірді. Сонымен қатар Сырдария мен Әмудария суларын қосымша каналдар арқылы ауылшаруашылық қажеттіліктерге жөнсіз әрі тоқтаусыз пайдалану салдарынан теңіз деңгейі төмендей түсті. “Возрождение” атты аралдың қорғаныс мақсатында пайдалану үшін құрғатылуы да кері әсерін тигізді. Қазіргі кезде Арал теңізі мүлде құрғауға айналып, екіге бөлінді: Үлкен Арал теңізі Өзбекстан Республикасы аумағына, ал кейбір дүниежүзілік құжаттарда Солтүстік Арал деп аталатын Кіші Арал теңізі Қазақстанның аумағына қарасты аймақтарда тұр.

Теңіздегі өсімдіктер мен жануарлар әлемі жойыла бастады. Балық және су шаруашылығы тоқырап, соңғы жылдары оны қайта жандандыру қолға алынғанымен, Арал өңірінде тұратын жүздеген мың адамдардың әлеуметтік жағда-йы нашарлап, олардың көші-қоны жиіледі. Теңіз түбінен көтерілген улы тұздың мөлшері жылына 13-20 млн. тоннаға жетті. Қазіргі кезде эколо-гиялық ауыр жағдай салдарынан Арал теңізі жағалаудан 100 км астам шегініп кеткендіктен, көле-мі 2 млн. га артық Аққұм атты кеңістік пайда болды. Жыл сайын 75 млн. тоннаға жуық тұз өзге аумақтарға таратылуда, тұзды шаңдардың әсері Орталық Азия республикалары аумақтарына дейін жетіп, олардың халық шаруашылығы-на да көп зиян тигізуде. Топырақтың тұздануы Өзбекстанда 60%-ға, Қазақстанда 60-70%-ға артып, ауыл шаруашылығына зардап келтіріп отыр. [4] Арал теңізінің тұздары соңғы жылдары Түркияның шай плантациясына елеулі зиян келтіруде. Америка ғалымдары Арал тұздарының Солтүстік мұзды мұхитқа жеткені туралы мәліметтер беруде. Оның зардабы Сібірдің ну орманына, Үндістан мен Пәкстанның тағы басқа елдердің табиғатына зиянды әсерін тигізетіні туралы

ғылыми болжамдар айтылуда. Сонымен, қазіргі кезде Арал теңізінің экологиялық проблемасы бүкілдүниежүзілік деңгейге шықты.

Соңғы жылдардағы су тапшылығының, өзен суларының ауыл шаруашылығы қажеттіліктеріне мөлшерден тыс жұмсалуды себебінен Арал теңізіне құйылатын су көлемі бұрынғы 60 км³-ден 6-15 км³-ге, ал су мөлшері төмен болған жылдары 2-3 км³-ге дейін кемуде. Мысалы, Өмудария өзенінің суын Орталық Азия республикаларымен қатар Ауғанстан да пайдаланады. Сондықтан аймақ-тағы мемлекеттер арасында жасалған бірқатар келісімдер негізінде бұл өзеннің суын пайдалану-дың нақты мөлшерлері белгіленген [5]:

- БАРЛЫҒЫ – 61,5 км³, яғни 100%;
- Өзбекстан – 29,6 км³, яғни 48,2%;
- Тәжікстан – 9,5 км³, яғни 15,4%;
- Қырғызстан – 0,4 км³, яғни 0,6%;
- Түркменстан – 22,0 км³, яғни 35,8%.

Бұл орайда Түркменстан және Өзбекстан Республикасының 1996 жылы «Су шаруашылығы мәселелері бойынша ынтымақтастық құру туралы» екіжақты келісімге қол қоюы – мемлекеттер-дің Өмудария өзені суын пайдалануға тең қатысу құқығын иеленуінің дәлелі болып табылады. [5]

Өкінішке қарай, бүгінде Орталық Азия аймағындағы су энергетикасы мәселелері мемлекеттердің сыртқы саясатында бір-біріне қысым жасайтын құралға айналууда. Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының басты су арнасы болып табылатын Сырдария өзенінің негізгі ағыс көлемі Қырғыз Республикасы, Өзбекстан және Тәжікстан Республикалары аумағында орналасқан алабының жоғарғы жағында қалыптасады. Өзен суы үш ірі су қоймаларында реттеліп отырады. Сырдария маңын мекендейтін халықтың негізгі қызмет саласы ауыл шаруашылығы болып табылады. Оңтүстік аймақтар ұзақ жылдар бойы Токтағұл су қоймасы суымен қамтылып келді. Орталық Азия елдері тәуелсіздік алғанға дейін Сырдария өзенінде орналасқан барлық су шаруашылығы объектілері өзара тығыз байланысты су жүйесі ретінде қарастырылып, сол жүйе-нің реттеуші қызметін атқарған Токтағұл су қоймасы оның тұрақтылығын аса тиімді түрде сақтап отырған. Ал соңғы жылдары бұл су қоймасы Қырғыз Республикасының меншігіне өтуіне байла-нысты оның жұмыс тәртібі Орталық Азия елдерінің қалыптасқан су шаруашылығы кешенінің жұмысына сай келмей отыр. Оның ішкі пайдалануға әрі экспортқа арнап арзан электр энергия-сын өндіруге бағытталған өзіндік тәртібі орнатылып, қысқы кезеңде су қоймасынан суды көп мөлшерде шығару тәжірибесі қалыптасты. Әсіресе қыс мезгілінде Арал теңізіне едәуір су мөлше-рін шығару судың үлкен аумақтарға жайылуына әкеліп соқтырады. Нәтижесінде Сырдарияның төменгі ағысындағы су өткізу көлемі айтарлықтай азайып, 1994 жылы жылына 10 км³ мөлшерді құраса, 2000 жылы жылына 5,4 км³ дейін төмендеді. Қазіргі кезде Сырдария өзенінің төменгі ағысындағы су жетіспеушілігі жылына 1,2-3,5 м³ дейін жетеді. Арна процестерінің орын алған морфодинамикалық өзгерістері өзен каналдары мен арналарының лайлануына және соның салда-рынан Сырдария атырабы мен Арал өңірі экожүйесінің нашарлауына әкеліп соқтырды.

Қазіргі кезде бүкіл Арал өңірі экологиялық апат аймағына айналып отыр. Өзендердегі судың көктемгі тасуы толығымен жойылған, қамыс-қоға өсімдіктерінің аумағы күрт қысқарды, топы-рақтың құрғауы мен ылғалдануы төмендеп, тозу процестері жалғасуда, құрғақшылық кезеңі артып, құмды шөлейттер аумағы ұлғаюда, сол себепті климат та теңіз климатынан континентал-ды сипатқа ауысуда. Суармалы жерлердегі ауаның ылғалдығы 15-18%-ға дейін төмендеп, Арал өңірінің оңтүстік бөлігіндегі жайылымдық жерлердің 20-25%-ы жарамсыздыққа ұшырады. Соны-мен, экожүйенің тозуынан туындаған шаңды-тұзды дауылдар, ылғалдың жетіспеушілігі, фауна мен флора эралуандылығының жойылуы, ауыз су сапасының төмендігі сияқты кері салдарлар тұрғындардың денсаулығының нашарлап, түрлі ауру-сырқауларға ұшырауына, тіпті өлім жағдай-ларына, жердің құнарлылығы мен өнімділігінің азаюына, кедейшілік деңгейінің жоғарылап, жұмыссыздық деңгейінің артуы салдарынан көші-қонның жиілеуіне әкеліп соғуда.

Каспий алабына экологиялық және экономикалық қызығушылықтың дезинтеграциялануы бұл бірегей экожүйеге елеулі қауіп төндіріп отырғандықтан, қазіргі кезеңде халықаралық конвенция-лар мен келісімдер негізінде аймақтағы басымды экологиялық мәселелерді шешуге бағытталған іс-шаралар атқарылуда. Соңғы жылдары ТАСИС, БҰҰ өкілдіктері, Жаһандық экологиялық қор (ЖЭҚ), Дүниежүзілік банк сияқты халықаралық ұйымдар қолдауымен БҰҰ аясында Каспийдің экологиялық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған бағдарлама (КЭБ) жүзеге асырылып отыр. Оның мақсаты –

Каспий теңізінің табиғи ортасын басқару және аймақтың орнықты дамуын қамтамасыз ету. Бағдарлама шеңберінде Каспий өңіріндегі әр елде екіден бұл мәселені әр қырынан зерттейтін он аймақтық экологиялық орталық құрылды. Каспий аймағы мемлекеттерінің 2002 жылы өткізілген Ашхабад саммитінде жоғарыда аталған бес мемлекет басшылары теңіздің мәр-тебесі, әр мемлекетке қарасты аумақтар, мұнай өндіру аумақтарының шекаралары, кеме қатына-сы, балық аулау принциптері және ең бастысы – теңіздің экологиялық жағдайын сауықтыру жөніндегі ынтымақтастық құру мәселелерін қарастырды. Соңғы жылдары қалыптасқан күрделі геосаяси жағдайға байланысты осы мәселелердің барлығы аса жоғары маңызға ие болып отыр.

Табиғи сулардың жылу-энергетика өндірістерінен шығатын ақаба сумен ластануы нәтижесінде су объектілеріндегі температура режимі өзгеріп, санитарлық талаптарға сәйкессіздік орын ала-ды. Өзен, көл, теңіз және мұхиттардың кейбір жерлеріндегі ластану деңгейінің көтерілгені сон-шалықты, олардың өз-өзінен тазалану қабілеті жеткіліксіз болып отыр. Ауылшаруашылық ағын сулар Орталық Азия өңіріндегі су ластануының негізгі көзіне айналуда. Кәріз суларда пестицид-тер, азот және фосфатты құрамдас бөліктердің мөлшері өте жоғары, бұл жағдай экологиялық әлсіз аймақтарға және тұрғындарды ауыз сумен қамтамасыз ету жүйесіне елеулі қауіп төндіруде. Суармалы жерлерден кәріз жинақтау орындарына келіп түсетін кәріз сулар құрамында егіндік-терде қолданылған азоттың 25%-ы, фосфаттардың 5%-ы және пестицидтердің 4%-ы бар екені анықталды. Бұл заттардың ағын судағы мөлшері заңда белгіленген ең үлкен мөлшерден 5-10 есе артық болып отыр. Қазіргі кезде кейбір елдерде тұщы судың тапшылығы анық сезіле бастады, сондықтан тұщы суды таза ұстау, оны ластамау, орынды пайдалану, үнемдеп жұмсау мәселелері бүкіл халықтық өзекті мәселеге айналып отыр. Су қорының қалыптасу аймағындағы қазіргі және болашақ гидрологиялық өзгерістерді есепке алмағанда, Арал, Каспий теңіздері және Іле-Балқаш алабы су секторындағы ірі жобаларды іске асыру нәтижесінде жоғарыда аталып өткен проблема-лар күшейе түсті. Мысалы, су қорының қалыптасу орындарындағы, яғни таулардағы, сонымен қатар суды белсенді түрде пайдалану аймақтарындағы жер үсті және жер асты суларының өзара байланысына жеткілікті назар аударылмаған. Басқа мәселелер судың мемлекеттер арасында бөлі-нуі мен судағы ластағыш заттардың шекарааралық ауысуына байланысты болып отыр. [6]

Бір де бір қоғамның жеткілікті су қорынсыз орнықты дамуға қол жеткізе алмайтыны анық. Өнімділікті арттырып, ірі көлемді өнеркәсіпті дамытуға бағытталған саясат, сондай-ақ секторлық әртүрлілікті шектеу кіші және орта өнеркәсіптің дамуын тоқыратып отыр, сондықтан бұл аймақ елдерінің алдында өтпелі кезеңнің бірегей проблемалары туындауда. Оларды қалдығы аз және табиғи қорды сақтау мүмкіндігін беретін өндірістік технологияларды қолданумен қатар шекара-лас жатқан мемлекеттер арасында шекарааралық өзен ағыстарын реттеу, су жіберу ғимараттары-ның құрылысын жүргізу, су пайдалану мөлшерлерін белгілеу мәселелерін екіжақты және көп-жақты келісімдер жасасу арқылы ғана тиімді түрде шешуге болады. Сондықтан Жер бетіндегі халықтың 80%-ға жуығы әлі күнге дейін таза ауыз суға қолы жетпей отырған жағдайда өміршең шешімдерді қабылдау үшін, Орталық Азия елдері тығыз байланыс жағдайында жұмыс істеуі тиіс.

Қорытындылай келе, Орталық Азия аймағындағы қоршаған ортаның ластануы шекарааралық сипатқа ие болғандықтан, оның мемлекеттердің қазіргі экологиялық жағдайына тигізетін әсері орасан зор деген тұжырымға келуге болады.

1. *Старые проблемы требуют новых решений // Эко-Правда – Казахстан. – 2002. – 15 ноября.*

2. *«ТМД елдері аумақтарында 2007 ж. күкірт пен азот қоспаларының шекарааралық таратылуы» есебі // <http://www.nature.kz>.*

3. *Нурпеисова Г.А. Водные ресурсы Центральной Азии // Мелиорация и водное хозяйство. – 2002. – №1. – С. 16-19.*

4. *Духовный В.А., Умаров П.Д. Водосбережение – главный фактор стабилизации развития региона бассейна Аральского моря // МиВХ. – 1999. – №4. – С. 28-33.*

5. *Ниязов С. Внешняя политика нейтрального Туркменистана. – Ашхабад, 2006. – 176 с.*

6. *Национальный план действий Президента Туркменистана Сапармурата Туркменбаши по охране окружающей среды (НПДООС). – Ашхабад, 2002. – 235 с.*

Резюме

В данной статье рассматриваются вопросы решения государствами Центральной Азии трансграничных экологических проблем.

Summary

In given article questions of the decision are considered by the states of the Central Asia. Environmental problems.

НЕКОТОРЫЕ СТРАНИЦЫ ИСТОРИИ ИСЛАМА В ПАВЛОДАРСКОМ ПРИИРТЫШЬЕ В 20-30 ГГ. XX ВЕКА

Г.К. Дюсебаева – к.и.н., ст. преп. Кафедры история
Казахстана им. академика Т.С. Садыкова, КазНПУ им. Абая

Одним из краеугольных камней идеологии Советской власти в ходе социалистического строительства, как известно, был атеизм. Известный марксистский лозунг «Религия – опиум для народа» в годы культурной революции был активно взят на вооружение. Повсеместно закрывались церкви и мечети, подвергались гонениям служители культа. Борьба с религией приняла формы организованной кампании, на которую была поднята общественность под руководством партии большевиков. Создавались специальные общественные организации, субсидируемые государством, задача которых заключалась в том, чтобы в короткие исторические сроки сделать страну Советов атеистическим сообществом.

В Павлодарском Прииртышье накал антирелигиозной работы в 20-30-х гг. прошлого столетия был достаточно сильным. Мусульманское население региона такую атаку власти встретило холодно. Потребности населения в духовных знаниях, в отправлении религиозных обрядов была высокой. Граждане писали письма с просьбой вернуть здания школ, которые ранее были приходскими мектебами, чтобы обучать там своих детей исламу.

Об этом 17 ноября 1920 г. сообщает Президиуму Коллегии Семипалатинского ГубОНО подотдел нацменьшинств Павлодарского исполкома. Отмечается, что авторы обращений и писем при этом опираются на решение Комиссариата по Национальным делам от 21 августа 1920 г., где говорилось, что некоторые здания школ, построенные на средства прихожан, могут быть возвращены мусульманской общине. Понимая, что в случае возврата зданий негде будет обучать детей по программе советских светских школ, власти решили пойти на компромисс. В Павлодаре было принято решение о разрешении преподавания «магометанского вероучения» по одному часу в единотрудовых школах после уроков. [1]

Учитывая настроения населения, Наркомат Просвещения КАССР своим циркулярным письмом от 25 февраля 1925 г. был вынужден разрешить домашнее религиозное образование детям, не достигшим 18 лет, при условии, что дети из разных семей в одном доме не будут собираться, т.к. это рассматривалось, как частная религиозная школа. [2]

В конце 1926 г. в Казахстане усиливается атеистическая работа. 14 декабря 1926 г. Секретариат Казкрайкома ВКП (б) разослал на места секретное Постановление «Об активизации антирелигиозной пропаганды». Рекомендовалась на страницах газет и журналов – «Жаңа мектеп», «Қызыл Қазақстан», «Лениншыл жас», «Әйел тендігі», «развернуть материалистическую критику анимистических и языческих верований наряду с материалистическим объяснением соответствующих явлений в хозяйственно-бытовой и общественной жизни аула». [3]

7 июня 1927 г. Бюро Казкрайкома ВКП (б) приняло секретное Постановление «О мерах борьбы с мусульманским религиозным движением».

С тревогой отмечая растущее мусульманское религиозное движение среди казахского населения, документ указывал на следующее:

1. Ислам в Казахстане в отличие от соседних с ним советских республик более молодое явление.

2. Татарская торговая буржуазия использует в своей среде ислам в качестве орудием национализма и пантюркизма.

3. Среди узбеков ислам преобладает с ритуальной стороны, он вошел в быт, как орудие культурного влияния торгового и ремесленного города на средневековый кишлак еще в докапиталистическом прошлом.

4. Среди казахов ислам – извне воспринятая форма и содержание религиозного созерцания и религиозного самообмана полупатриархального крестьянства.

Так представляли себе власти состояние ислама и влияние его на разные этносы советского Востока.

Указывая на особенности мусульманства среди казахов, внимание акцентируется на следующих моментах:

1. Религиозное сознание и религиозная пропаганда развивается на основе суфизма и шаманизма (полуязыческое и полубуддистское верования).

2. Там, где слабы местные судебные органы, исторически изжившие себя нормы обычного права заменяются шариатом.

3. Духовенство связано родственными узами с казахскими феодалами и выступает заодно с ними. Поэтому религиозное движение сохраняет кастовый характер.

Казахстанские ученые высоко оценивают научные результаты путешествий западных и рус-ских путешественников в Центральной Азии и в Казахстане. В то же время, мы прекрасно осведомлены о том, какую роль им предназначала царская Россия в завоевании края. Принимая во внимание политическую подоплеку путешествий, мы с уважением относимся к их сведениям об обычаях, быте и нравах народов, они и по сей день составляют ценнейшую основу этнологии, истории, истории цивилизации. Со страниц исследований не сходят и имена китайских путешественников, дипломатов древности и средних веков. Несколько поколений казахстанских ученых бережно относятся и тщательно анализируют любые факты и рассуждения, имеющиеся в их дневниках и записках, которые в свое время прошли строгую цензуру всевозможных китайских исторических комиссий, чиновных ученых и ученых чиновников. К примеру, рукописи Марко Поло, Рубрика были проявлением свободного творчества, а все путешествия из России санкционировались и финансировались Российской академией наук, Генштабом Военного министерства, Русским императорским географическим обществом. А выходили они в свет под редакцией известных ученых.

Особое место в науке Казахстана занимает творческое наследие Чокана Валиханова, огромный вклад казахского просветителя, исследователя в историю, филологию, культуру казахов, а также других народов Центральной Азии и Синьцзяна для нас является неоспоримым фактом. В знак уважения к ученым заслугам Ч.Валиханова первому в истории казахов академическому Институту истории дали его имя, а перед зданием Академии наук возведен ему памятник. Также высоко ценится вклад Ч.Валиханова в изучение истории Джунгарии и Восточного Туркестана, на территории которых в 1884 г. была образована провинция Синьцзян (ныне СУАР КНР). В этом свете представляет интерес отношение к личности и творчеству Чокана китайских ученых.

В цинскую эпоху историки не знали о нем, интерес к трудам иностранных ученых стал проявляться в Китае лишь в конце гоминьдановского правления в период Миньго (1911-1949).

В источниках империи Цин встречаются сведения о некоторых русских путешественниках, в том числе об уроженце Казахстана и друге Валиханова – Г.Потанине. Это и понятно, он совершал путешествия в Монголию, провинцию Ганьсу и другие западные районы с разрешения китайских властей. Ч.Валиханов совершил путешествие в Кашгарию тайно, а его непродолжительному до этого визиту в Кульджу в 1856 г., очевидно, также не придали значения.

Впервые к творчеству Ч.Валиханова обратились историки нового Китая. К сожалению, это произошло в годы так называемой «культурной революции», в годы резкого ухудшения

советско-китайских отношений. Это было время, когда политические факторы весьма остро и крайне неблагоприятно отражались на исторической науке и культуре Китая. Это явление возникло всего лишь через десять с небольшим лет после образования КНР. Историография коммунистического Китая только становилась на ноги, а крупные гоминьдановские историки бежали на Тайвань или были не у дел. Историки КНР 60-70-х годов XX века, хотя и декларировали свой отход от феодальной и националистической историографии, но фактически они не смогли преодолеть давления 21 династийной истории. Эти уникальные «истории» надо рассматривать как ценнейшее духовное наследие не только Китая, но и всей мировой культуры. И все же нельзя забывать о том, что они относятся к периоду сложения и расцвета феодальной историографии и являются его продуктом. В годы «культурной революции» к еще не изжившему себя наследию феодальной историографии и феодальной идеологии добавилась марксистская идеология с ужа-сающей терминологией «культурной революции». При этом, по проблемам истории народов Центральной Азии, их государственности и политических связей с Китаем в прошлом, националистическая (гоминьдановская) и «маоистская» историография проявляли удивительное единодушие. В такой политической ситуации не могло быть и речи об объективной оценке вклада Чокана Валиханова в историческую науку, в изучение истории Синьцзяна. С научной стороны его поездка курировалась Русским Императорским Географическим обществом, а с военно-разведывательной – Генеральным штабом Военного министерства и Азиатским департаментом МИД Российской империи. Научные интересы в то время были подчинены политическим целям Российской империи. В 80-е годы XX века в журнале «Шицзе лиши» (Всемирная история) появилась специальная статья, посвященная Ч.Валиханову под названием: «Первый царский шпион в Южном Синьцзяне». [2] Что же тут удивительного, если советских китаеведов в те печальные годы называли порой «шпионами в области культуры»? В научных публикациях, посвященных иностранным путешественникам в Центральной Азии и их исследованиям по истории Шелкового пути, были обычными выражения: «иностранные дьяволы», «заморские черти в китайском Синьцзяне», «грабители китайских культурных сокровищ», «заморские бандиты» и т.п. Между тем, Чокана можно сравнить с ханьским путешественником Чжан Цянем и задать вопрос: «кем же, как не разведчиком Ханьской империи является Чжан Цянь, дважды (в 139 и 116 годах до н.э.) совершивший путешествие в Западный край? В своем отчете он привел стратегически важные данные о том, сколько войска может выставить каждое из посещенных им владений, подсчитал расстояния между ними и китайской столицей, охарактеризовал их отношения между собой и с сильным врагом своей империи – Сюнну. Мировая наука, и наша в том числе, высоко оценивают роль Чжан Цяня как одного из основателей Великого шелкового пути, как человека, установившего первые культурные, политические связи, экономические и военные связи Ханьской империи с государствами Центральной Азии. Ни один наш ученый не позволил себе назвать Чжан Цяня и других китайских путешественников «шпионом в Центральной Азии». Естественно, что ученые пишут свои работы исходя из интересов своего народа и своей страны, как они это понимают. Но никогда заранее не известно, в какое время и в какую сторону будут повернуты их выводы. К примеру, древние китайцы изобрели порох, чтобы производить взрывы для изгнания злых духов и другой нечистой силы. А в последующем его стали применять для убийства людей. Так и труды путешественников, предпринятые с политической и военной целью, через годы и века вдруг начинают сверкать неожиданными красками и приносить пользу науке. Путешественники, разведчики и исследователи второй половины XIX века, как правило, кропотливо изучали итоги всех предыдущих известных путешествий в Западный Китай, совершенных китайцами.

Уже по названию указанной статьи видно, что китайские ученые пренебрегли научным значением итогов тайного путешествия Ч.Валиханова в Кашгарию (Алтышар-Шестиградье, Йеттишар -Семиградье).

Оценка первой в китайской историографии статьи, специально посвященной личности и деятельности Чокана Валиханова полностью совпадает с оценкой изданных в том же году двух томов «Краткой истории Синьцзяна в четырех томах» (Синьцзян цзяньши), подготовленных Институтом народов Синьцзяна (ныне Институт истории) Академии общественных наук СУАР КНР. В книгах подведены итоги изучения Синьцзяна в КНР и за

рубежом. Первые два тома под редакцией Чэн Хуа, освещающие события древности и средних веков, были посвящены 30-летию образования КНР. Третий том был издан гораздо позже, но уже под редакцией Чэн Хуйшэна. Четвертый том, который должен был охватывать события со дня образования КНР, т.е. с 1949 года, так и не увидел свет. В настоящее время Академия общественных наук КНР готовит много-томную историю Синьцзяна. Посмотрим, как в этом труде будет выглядеть казахский талантливый исследователь Чокан Валиханов и как будет оценен его вклад в историографию Синьцзяна.

Во 2-ом томе «Синьцзян цзяньши» имеется глава: «Разведывательная деятельность царской России с целью поглощения наших территорий» [9, с. 14-19]. В отрывке о Ч.Валиханове авторы опирались на материалы книги, изданной в 1953 г. под редакцией академика АН КазССР А.Х. Маргулана. [1] Все, что в этой книге отмечено в положительном ключе, китайские ученые преподносят в отрицательном. Не приведено ни новых фактов, ни оригинальных идей. Тогда китайские ученые еще не приступили к работе над архивными материалами, а лишь осваивали с новых марксистско-маоистских позиций свое огромное историческое наследие. Валиханова китайские ученые поставили в один ряд с европейскими учеными, вывезшими из Западного Китая бесценные культурные сокровища: редкие рукописи, настенные фрески, скульптуры, монеты и т.п. Справедливости ради следует отметить, что благодаря вывозу за рубеж, эти сокровища сохранены для науки. Сегодня все, в том числе и китайские ученые признают, что европейские ученые первыми начали серьезное изучение культурного наследия народов Синьцзяна. И первым среди первых был Чокан Валиханов, чингизид, не нуждающийся в переводчике ни для устных расспросов, ни для чтения чагатайского письма. В указанном томе китайские историки дают картину освоения Россией Сибири, строительства крепостей на Иртыше. Описывая экспансию России на Восток, они, по существу, шли вслед за советскими учеными, не приводя ни одного факта из собственных архивных материалов. Они акцентировали внимание на захватнических планах и колониальной политике царского правительства. Между тем, они вполне сопоставимы с политикой Цинской империи в Синьцзяне. Ниже вкратце передаем стиль и дух, в котором написаны страницы о Чокане Валиханове. Здесь говорится, что «научные экспедиции» были все-го лишь вывеской и орудием агрессии в руках царей от Александра I до Николая II. Геологи, военные инженеры, топографы, астрономы орудовали на территории, принадлежащей якобы Китаю от Иртыша до Чу и Таласа, от Иссык-Куля до Балхаша. Одновременно, пишут они, все свои завоевания Россия стремилась законодательно закрепить в навязываемых Китаю неравноправных договорах. Россия в 1851 г. добилась открытия для прямой торговли в городах Тарбагатай и Кульджа, а в 1852 г. – основания российских консульств в указанных городах, а затем в Кашгаре. В русле этой деятельности по предложению «главного вдохновителя захвата китайских западных территорий» П. Семенова, а также Директора Азиатского департамента МИД западно-сибирский генерал-губернатор Гасфорт командировал в китайский Южный Синьцзян правнука хана Аблая – Чокана Валиханова. Хотя он выехал в составе торгового каравана в одежде узбекского купца, перед ним были поставлены политические задачи, а не торговые. Ч.Валиханов изучал политическую, военную, экономическую, торговую и культурную ситуацию в шести городах: Аксу, Уши, Кашгаре, Янгишаре, Яркенде, Хотане. Авторы «Краткой истории Синьцзяна» ставят в вину Валиханову: вывоз большого количества ценных артефактов, рукописей («Повествования» о Сутук Богра-хане, Тоглук-Тимуре, уйгурских ходжах, Абу-Муслиме мулле и др. Кроме того, он собрал древние монеты, образцы минералов, каллиграфии, одежды, украшений, керамических, фарфоровых и других ценных изделий искусства. По-видимому, здесь, если не считать минералов, просто перечислены товары, обычно закупаемые в Кашгарии среднеазиатскими купцами. Через полгода в апреле 1859 г. Ч.Валиханов возвратился в Верный, в Петербурге он удостоился аудиенции императора. Его труды усиленно изучались политиками, дипломатами, администраторами, военными, учеными, – справедливо отметили китайские ученые [9, с. 18].

Глаза китайских историков были зашорены прикладным значением тайного путешествия Чокана в Кашгарию. В то же время, они высоко оценили итоги его путешествия для будущего Синьцзяна и Казахстана.

В книгах содержатся нападки на деятельность первых русских консулов: в Тарбагатае (Чугучаке) – А.А. Татарина и в Кульдже И.И. Захарова. Это были, хорошие знакомые Ч.Валиханова, высокообразованные люди своего времени, их донесения о гражданском, эконо-мическом, военном и культурном состоянии Синьцзяна и всего Китая поражают своей точно-стью, глубиной оценок и дальновидностью выводов. Можно лишь желать, чтобы консулы наших стран хотя бы в малой степени соответствовали уровню российских консулов царского времени.

Оценку путешествия Ч.Валиханова следует рассматривать в русле изучения в Китае путеше-ствий и исследований зарубежных путешественников. В современной китайской историографии оно прошло следующие этапы: 1/ игнорирование работ большинства иностранных ученых. Впер-вые китайцы достойно оценили работы иностранцев по истории монголов и Монгольской импе-рии, в 30-х гг. XX века они пошли на создание новой истории династии Юань; 2/ поверхностный общий взгляд с точки зрения политических интересов в период «культурной революции»; 3/ переход к научному изучению трудов путешественников, организация их переводов при помощи создания международных проектов и привлечения зарубежных грантов. Китайские ученые сегод-ня решительно отказались от хлесткой пропагандистской терминологии времен «культурной революции» и политических кампаний. И все же, не следует забывать, что изучение истории Синьцзяна подчинено у них стратагеме «объединения и сохранения целостности территории китайского государства, укрепления единства многочисленных народов Китая». Поэтому науч-ная объективность китайской официальной историографии имеет свои пределы.

Китайские ученые начали серьезно изучать труды путешественников лишь в конце 80-х годов XX века, в особенности после образования в 1992 г. «Центра исследований истории и географии пограничных районов Китая» (中国边疆史地研究中心) Академии общественных наук КНР в Пекине. Здесь скрупулезно изучаются жизнь и произведения западных, индийских, русских и японских путешественников в Синьцзяне, издаются переводы их книг, проводятся посвященные им науч-ные конференции. Наиболее полно изучены труды шведа Свена Гедина, финна Густава Маннергейма, японских путешественников. В сокращенном виде и с комментариями изданы переводы их основных трудов, некоторые из них переводились раньше для служебного пользова-ния. Среди них мы не найдем трудов Ч.Валиханова.

После указанных выше достаточно поверхностных замечаний о Чокане, в последующем китайские историки стали относиться к этому имени с большой осторожностью. Также как, впрочем, и к знаменитым европейским и японским путешественникам-разведчикам.

В Китае в 80-90-е годы шла большая работа по переводу трудов иностранных (индийских, английских, шведских, немецких, русских, японских) путешественников в Синьцзяне XIX – пер-вой половины XX веков. В Сборниках статей, посвященных этой теме, китайские исследователи более гибко и научно объективно подошли к характеристике и оценке усилий зарубежных уче-ных, направленных на то, чтобы познать прошлое и своими глазами увидеть настоящее положе-ние Синьцзяна. Они отказались от однозначно отрицательной характеристики «зарубежной нечистой силы», дали высокую оценку предпринятым ими усилиям по сохранению и изучению памятников культуры народов Синьцзяна, Тибета и Монголии. [10; 11] Из русских путешествен-ников на первое место китайские ученые ставят Пржевальского. По их мнению, в результате четырех своих путешествий он добыл наиболее научно значимые и ценные сведения. [11, с.151-152] В целом, объективно оценивается и путешествие П.П. Семенова по Тянь-Шаню.

Должно констатировать, что в фундаментальных работах ученых КНР до сих пор редко обра-щаются к трудам Ч. Валиханова. Нечего говорить об учебных пособиях по истории Синьцзяна, подготовленных как историками этой провинции, так и других крупных научных центров Китая. Китайские историки не достаточно глубоко изучили вклад Чокана в изучение Синьцзяна, не выделили ему достойное место в исторической науке Казахстана. Поэтому многие умалчивали о нем. Но перелом наступил, и он связан с общим преодолением влияния «культурной революции» на историческую науку. Этот перелом чувствуется уже по материалам конференции, проведен-ной в сентябре 1996 года, где был зачитан доклад Ли Чуньхуа «Взгляды на перевод и публика-цию иностранных тайных исследователей Западного края». [5, с. 148-157]

Таким образом, мы должны принять во внимание объективное состояние китайской историографии сегодня. Во-первых, в Китае только в последнее десятилетие XX века стали обращаться к архивным материалам своей страны, а также других стран. Это связано с подготовкой новой редакции «Истории династии Цин» («Цин ши»), которая пополнит список династийных историй, а также упомянутой выше многотомной «Истории Синьцзяна». В официальных трудах по истории Синьцзяна [8; 9] вы не увидите ни одной ссылки на архивные материалы. Во-вторых, общее отношение китайских историков к зарубежным путешественникам, ведшим исследования в Китайском Туркестане в XIX – начале XX веков продолжает оставаться противоречивым. Одно время они вообще не хотели признавать тех, кто похитил или открыто увез многие культурные ценности. Им понравилось, что Петер Хоупкирк назвал английских, немецких, шведских, русских, японских и других путешественников «дьяволами» на Шелковом пути. [13] Думается, здесь мы имеем дело со своеобразным английским юмором, ведь китайцы XIX века называли иностранцев «ян гуй-цзы» – «заморские черти», автор использовал эти слова в заголовке своей книги иронически и для ее броскости. Книга Хоупкирка была довольно быстро переведена на китайский язык и издана в Ланьчжоу. Наступила пора однозначных обвинений в адрес иностранцев по вывозу культурных ценностей народов Синьцзяна, которые в то время были на грани исчезновения и ничего не значили для Пекина. Ч.Валиханов, конечно, не мог вывезти что-то значительное. Но его обвиняют в деятельности, якобы способствовавшей к еще большей потере, потере «исконных территорий Китая» в Казахстане и Средней Азии. Мы с этим не можем согласиться, так как казахские земли, вошедшие в состав Российской империи, а затем – СССР остались за казахским государством. Следовательно, сегодня мы можем оценить деятельность нашего соотечественника и с этой стороны. Если же китайские ученые будут продолжать игнорировать научные достижения Чокана в изучении истории народов Синьцзяна и его состояния в период маньчжурского владычества, то тем самым продемонстрируют свою необъективность. Надобно также знать, что он первым обратил внимание на грамоты цинских императоров к казахским правителям. [12] Кроме того, в Китае стали довольно болезненно воспринимать словосочетание «Восточный Туркестан», вероятно, в связи с тем, что оно входило в название двух кратковременно просуществовавших в первой половине XX века Республик в Синьцзяне. Между тем, для всех нас это словосочетание имеет географический смысл, как место расселения тюркских племен в восточной части Центральной Азии.

Общее отношение к проблеме оценки иностранных исследователей региона выразила профессор Ланьчжоуского университета (пров. Ганьсу) Ма Маньли, которая отметила их первенство и их большой вклад в дело изучения истории и этнологии Синьцзяна XIX века [6, с. 34]. Она считает, что территория исторического Западного края является территорией Средней Азии и Синьцзяна, которая как была, так и остается своеобразным мостом между Европой и Азией, территорией международного диалога цивилизаций. Что изучение зарубежных исследований необходимо, прежде всего, для самого Китая, для развития кругозора самих ханьцев в важный период успешного проведения реформ и политики открытости.

Тем не менее, полностью игнорировать имя Чокана все же было не возможно, кое-что из его трудов переводилось на китайский язык для служебного пользования и для библиографических списков. На них, хотя и редко, ссылаются при изучении проблем русской торговли в Синьцзяне [9, с. 350], истории казахов [4, с. 63], жизнью и деятельностью уйгурских ходжей [14, с. 062-063]. В перспективе можно было бы создать совместные проекты с китайскими учеными по историографии и по истории отдельных периодов

Синьцзяна и Казахстана. Создать общие библиографические списки трудов о путешествиях зарубежных и китайских путешественников в районы Синьцзяна и Казахстана в XVIII-XIX вв. Многие знаменитые и малоизвестные европейские путешественники XIX века стремились посетить одновременно Русский и Китайский Туркестан в связи с близостью этих регионов и их общей историей. Все мы признаем, что сегодня нельзя пренебрегать научным обменом и международным сотрудничеством в области науки и образования.

1. Валиханов Ч.Ч. *Избранные произведения. Под ред. академика АН КазССР Маргулана А.Х. – Алма-Ата: Каз. гос. изд. «Художественная литература», 1958. – 643 с.*
2. 邓绍欽。潜入我国新疆的第一个沙俄间谍/世界历史1980年4期Дэн Шаоцин. Цяньжу во го наньцяндэ ди игэ ша э цзяньде (Первый царский шпион в нашей Кашгарии) // ж. «Шицзе лиши» (Всемирная история), 1980, №4.
3. Исхаков Г.М. *Этнографическое изучение уйгуров Восточного Туркестана русскими путешественниками второй половины XIX века. – Алма-Ата: Издательство «Наука» КазССР, 1976. – 131 с.*
4. 厉声。哈萨克民族历史发展中的几个问题//西域考察与研究续编(Путешествия и исследования Западного края. Продолжение). Отв. ред. Су Бай. – Урумчи: Синьцзян жэньминь чубаньшэ. 1996. – с. 61-82.
5. 李春华。略论外国探险考察者有关西域著作翻译与出版西域考察与研究续编(Путешествия и исследования Западного края. Продолжение). Отв. ред. Су Бай. – Урумчи: Синьцзян жэньминь чубаньшэ. 1996. – с.148-157.
6. 马曼丽。平外国家考察家对西域的考察 Ма Маньли. Оценка зарубежных исследований и путешествий Западного края //西域考察与研究(Путешествия и исследования Западного края). Отв. ред. Ма Дачжэн, Ван Жун, Ян Лянь. – Урумчи: Синьцзян чубаньшэ,. 1994. – С. 25-34.
7. *新疆各族历史文化词典(Словарь по истории и культуре народов Синьцзяна). Отв. ред. Юй Тайшань, Чэнь Гаохуа, Се Фан. Бэйцзин: Чжунхуа шуцзюй, 1996. – 600 с.+ С картами-схемами.*
8. *新疆简史。第一册(Краткая история Синьцзяна), Т.1. Отв. ред. Чэнь Хуа. Урумчи: Синьцзян жэньминь чубаньшэ, 1980. – 350 с.*
9. *新疆简史。第二册(Краткая история Синьцзяна), Т.2. Отв. ред. Чэнь Хуа Урумчи: Синьцзян жэньминь чубаньшэ, 1980. – 408 с.*
10. *西域考察与研究(Путешествия и исследования Западного края). Отв. ред. Ма Дачжэн, Ван Жун, Ян Лянь. – Урумчи: Синьцзян чубаньшэ,. 1994. – 551 с.*
11. *西域考察与研究续编(Путешествия и исследования Западного края. Продолжение). Отв. ред. Су Бай. – Урумчи: Синьцзян жэньминь чубаньшэ. 1996. – 350 с.*
12. Хафизова К.Ш. *Чокан Валиханов о китайских грамотах // Чокан Валиханов и современность. – Алма-Ата: «Наука», 1988. – С. 179-185.*
13. *Hopkirk, Peter: Foreign Devils on the Silk Road: The Search for the Lost Cities and Treasures of Chinese Central Asia. Massachutes Univercity Press, 1984. – P. 252.*
14. 纪大椿。香九草莽密踪的玄影。北京 2010。Цзи Дачунь. Сянфей-фантастическая тень наложницы Цяньлуна Жун-цзи. – Пекин, 2010.

Түйін

Мақала қазақ халқының ұлы перзенті, қазақтардың, Орталық Азия мен Синьцзян халықтарының тари-хы, филологиясы, мәдениетін зерттеуші Ш.Ш. Уәлихановтың қызметіне арналған.

Автор қытай ғалымдарының Ш.Ш. Уәлихановтың жеке тұлғасы мен шығармашылық қызметіне байланысты зерттеу еңбектеріне талдау жасайды. Автордың пікірінше, болашақта тарихнама мен Синьцзян және Қазақстан халықтары тарихының жекелеген кезеңдері бойынша қытай ғалымдарымен бірлескен жобалар жасауға болады.

Summary

The article is devoted to Shokan Ualikhanov, a great son of Kazakh nation, researcher of Kazakh and Xinjiang history, philology and culture.

The author is looking at the Chinese scholars' attitude towards Shokan Ualikhanov. According to the author, in the long run it is possible to conduct mutual projects with Chinese scholars on historiography and history of Xinjiang and Kazakhstan at certain periods of time.

Х.М. ӘДІЛГЕРЕЕВ ТАРИХШЫ-ҒАЛЫМ ЖӘНЕ ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ

Ғ.Қ. Кенжебаев – тарих факультетінің деканы, тар.ғыл.д., Абай атындағы ҚазҰПУ,
Н.Б. Манкеев – Абай атындағы ҚазҰПУ 1-курс магистранты

Өркендеудің бірден-бір жолы білім деп білген аға ұрпақтың арқасында негізі қаланған Абай атындағы ҚазПИ-дың іргелі құрылымдарының бірі Тарих факультеті. Ұжым алғаш құрылған кез-ден бастап күні бүгінге дейін басынан қилы кезеңдерді өткізе отырып, қоғам өмірінің барлық салалары үшін тарихшы мамандар даярлауда үлкен істерді атқарып келеді. Факультет қабырға-сынан отандық тарих ғылымында өзіндік орны бар көптеген азаматтар

түлеп ұшса, көрнекті тарихшы ретінде елімізге кеңінен танылған, жоғары мектеп ісін ұйымдастыруға зор үлес қоса білген тарихи тұлғалар да жетерлік. Кез келген өркениетті елде өзінің қоғамдық қызметімен тарихта терең із қалдырған жеке тұлғалардың шығармаларын дәріптеп, есімдерін жаңғырту бүгінгі ұрпақтың аға буын алдында атқарылар игі істердің бірі болып саналмақ. Осындай жас ұрпақ үлгі тұтар, ісі мен сөзі, кісілігі мен кішілігі жарасқан тарихшы-ғалымдардың бірі әрі біреге-йі Халел Мұхамеджанұлы Әділгереев болатын.

1928 жылы қазақ жоғары білімінің қара шаңырағы (бүгінгі Абай атындағы ҚазҰПУ) алғаш құрылғаннан бері жүргізіліп келе жатқан тарихи білім беру ісі 1934 жылы 1 қыркүйекте тұңғыш ашылған «тарих-география» факультетінде өз жалғасын тапты. [1] Жаңа құрылған тарихи білім ордасына 1934 жылы 22 қыркүйекте тұңғыш декан болып тағайындалған қоғам қайраткері, про-фессор Санжар Асфендияровтан кейін, **1934 жылы 17 қазанда факультет басқару тізгінін қо-лына алысымен тарихи білім беру ісіне ұйытқы бола жүріп, тарих факультетін аяғынан тік тұрғызған көрнекті тұлға – Халел Мұхамеджанұлы Әділгереев болатын.** [2] Х.М. Әділгереев 1934-1939 жылдары тарих факультетінде декан болумен қатар, 1937 жылы 1 желтоқсанда құрылған «КСРО тарихы» кафедрасына алғаш меңгеруші болып тағайындалып (бұйрық №1-278, 01.12.1937), тарих факультетімен қоса «КСРО тарихы» кафедрасын да қатар басқарды. [3] Біле білсек, Х.М. Әділгереев қазақ тарихы бойынша «XVIII-XIX ғасырларда қазақ қоғамында төлеңгіттердің пайда болуы және әлеуметтік рөлі» тақырыбында кандидаттық диссертация жазып, оны 1939 жылы 27 қазанда Мәскеудің Н.Г. Чернышевский атындағы Тарих, философия және әдебиет институты-ның Ғылыми Кеңесінде сәтті қорғаған **қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының кандида-ты** (диплом МИТ №00634 Мәскеу, 27.04.1940). [4] Оның ұстаздық қызметі барысында Абай атын-дағы Қазақ педагогика институтында өмірінің соңына дейін тарихи білім беру ісінде лекторлық шеберлікпен танылып, ғылыми кадрлар даярлау жолында академик Ақай Нүсіпбеков, тарих ғылы-мының докторы, профессорлар Тәжен Елеуов, Ғазиз Әбішев және Нығметолла Киикбаев тәрізді болашақ қазақ тарихының білгірлерін жетелеп, ғылым кеңістігіне шығара білудегі еңбегі зор. Демек, қазақтың тарих ғылымы мен тарихи білім ордасы Х.М. Әділгереевке «қарыздар» десек, артық айтпаған болар едік.

Сондай-ақ, Х.М. Әділгереевтің республика өміріндегі қиын да қарбалас кезең басталған 1941-1942 жылдары Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагогика және мұғалімдік институтында директор болғаны және сол кездегі халық ағарту саласының қиын міндеттерін асқан жауапкерші-лікпен орындап, Қазақстанда педагогикалық білім беру мен мұғалім кадрлар даярлау ісіне зор еңбек сіңіргені бүгінде ешбір айтылмастан көлеңкелі күйде қалып келеді. Соғыс басталысымен институтта бар болғаны бір жыл директор болса да қыруар жұмыс атқарып, артынша өз еркімен сұранып майданға аттанған асыл азаматтың қажырлы еңбегін өз замандастары мен бүгінгі ұрпақ бағалай білдік пе? Жасыратыны жоқ, Х.М. Әділгереевтің институтта директор болғаны қайсыбір тараптан әлі де болса күмәнмен қаралып келеді. Олай болса, ардақты тұлғаның директорлық қыз-метіне қатысты күмәнді сұрақтардың шешімін тауып, нақты дәлелдермен ақиқатын айту мақса-тында мұрағат деректерін сөйлетер болсақ, **қазақтан шыққан тұңғыш тарих ғылымының кандидаты, доцент Халел Мұхамеджанұлы Әділгереев Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогтік институтына директор болып 1941 жылы 14 ақпанда тағайындалған (бұйрық №1-45) екен.** Х.М. Әділгереев директорлық қызметті ең алдымен институттың оқу-өндірістік құжаттары мен материалдық-техникалық базасын іс-құжат жүзінде қабылдап алудан бастады. Сондағы мәліметтерге қарағанда, институттағы 5 факультет бойынша барлығы 408 студент білім алып, институт жанындағы педагогикалық факультеттің мектеп бөліміндегі кешкі тобында 21 студент, неміс тілі бойынша 2 жылдық мұғалімдер курсына 29 студент оқыған екен. Сондай-ақ, институт аспирантурасындағы барлық 24 аспиранттың ішінде 14 қазақ ұлтының өкілі ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысса, институт ұстаздарының жалпы саны 90 адамды құрағаны байқа-лады. Дәл сол уақытта республика жоғары оқу орындарын бір жүйеге келтіру мақсатында қар-қынды шаралар жүргізіліп жатқан болатын. Осыған байланысты, 1941 жылы 7 наурызда Алматы Мемлекеттік педагогтік институты мен оның жанындағы Мұғалімдер институты өзара бірігіп, Абай атындағы «Алматы Мемлекеттік педагогика және мұғалімдік институт» деген атаумен қай-та құрылды. Ендігі жерде, екі институттың өзара бірігуіне сәйкес факультеттер мен кафедралар

жүйесі кеңейіп, оқытушылар құрамы Мұғалімдер институтынан келген ұстаздармен толықты. [5]

Х.М. Әділгереев директорлық қызметке кіріскен алғашқы қадамда атқарылған игі істің бірі 1928-1931 жылдардағы институт тарихына қатысты іс-құжаттардың алғаш рет жинақ-талып Қазақ КСР Орталық Мемлекеттік мұрағатына өткізілуі еді. Дәлірек айтсақ, директор Х.М. Әділгереев 1941 жылы 27 наурызда осы мәселеге байланысты арнайы бұйрық (№1-82) шығарды. Бұйрық негізінде институттың барлық іс жүргізушілеріне әрбір құжаттың жазылуына аса мұқият қарап, құжаттарды қолжазба күйінде емес, арнайы жазу машинкасымен басып тіркеу міндеті жүктелген. Сондай-ақ, институт іс басқарушысы А.Я. Шестаковқа 1928-1931 жылдардағы институт тарихына қатысты құжаттарды түгелдей жинақтап, Орталық Мемлекеттік мұрағатқа өткізу ісіне мұрағат қызметкерлері мен іс жүргізушілерді жаппай жұмылдыру ісін жауапкерші-лікпен ұйымдастыру тапсырылды. Институт мұрағатының қызметкері Г.Сафароваға 1 мамырдан бастап 1932-1940 жылдардағы институт қызметіне қатысты мұрағат құжаттарын түгелдей өңдеу-ден өткізіп, талапқа сай жинақтау міндеті жүктелген болатын. Ал, мұрағат құжаттарын сақтауға қолайлы бөлмені қарастырып, техникалық жабдықтау міндетін өзінің әкімшілік-шаруашылық іс жөніндегі көмекшісі С.Н. Вербицкийге тапсырған екен. Нәтижесінде, факультет декандары мен барлық бөлім жетекшілері соңғы жылдардағы іс-құжаттарды даярлап институт мұрағатына өткізу жұмысына белсене кірісті. Осылайша, мұрағат ісін жетілдіру және болашақ ұрпақ еншісіне қалар тарихи құжаттарды түгелдей жинақтап мұрағат қойнауына өткізу бағытында атқарылған істерден асыл азаматтың бойындағы ғылыми ізденіске деген шынайы құрмет пен нағыз ғалымға лайық абзал қасиеттің жоғары деңгейде болғанын байқаймыз.

1941 жылы республика халық ағарту саласында үлкен өзгеріс болып, латын әліпбиінен орыс графикасы негізінде бүгінгі таңда қолданылып келе жатқан кириллица әліпбиіне көшу басталды. Осыған байланысты шыққан Қазақ КСР Оқу Халық комиссариатының жаңа әліпбиге көшу туралы қаулысын іске асыру мақсатында 1941 жылы 19 наурызда директор Халел Әділгереевтің №1-74 бұйрығы негізінде институтта ауқымды шаралар жүргізіле бастады. Атап айтсақ, 24 наурыздан бастап оқу үрдісіне 20 сағат көлемінде *«Жаңа қазақ әліпбиі»* атты жаңа курс енгізіліп, дүйсенбі, сәрсенбі және жұма күндері барлық институт ұстаздары, шаруашылық қызметкерлері мен студенттер арасындағы қазақ ұлтының өкілдеріне кириллицаны үйрету бас-талды. Десек те, кеңестік саясат негізінде жүргізілген мұндай әрекеттер институтта орыс тілін оқытудың мәртебесін жоғары көтеріп, кейіннен барлық мамандықтар бойынша өзара бөлінген қазақ және орыс факультеттерінің құрылып жеке-дара жұмыс жүргізуіне тікелей ықпал етті.

1941 жылы 7 сәуірде Қазақ КСР Оқу Халық комиссары Төлеген Тәжібаев *«Жоғары оқу орын-дарына студенттер қабылдаудың дайындық жұмыстары туралы»* №20 қаулы қабылдады. Қау-лы бойынша, республика халық ағарту саласын білікті мұғалім кадрлармен қамтамасыз етіп, педагогикалық білім беру ісін жетілдіруде еліміздегі педагогикалық жоғары оқу орындарының рөлін арттыру және бұл іске барлық білім басқармалары, институт және орта мектеп директорла-ры мен халық ағарту ісінің үздік ұстаздарын жұмылдыру мақсаты көзделді. Осыған байланысты, Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагогика және мұғалімдік институтының республика орта мектептерімен өзара байланысы күшейтіліп, мектеп бітіруші түлектерді мұғалімдік маман-дыққа оқуға тарту шаралары қарқынды түрде жүргізіле бастады. Осы орайда, ағарту саласына еңбек сіңірген озат ұстаздардың өмір жолы мен шығармашылық қызметі жөнінде республикалық баспасөз беттері мен радиодан арнайы сұхбаттар берілген екен. Сондай-ақ, республика орта мек-тептерін бітіруші түлектерді институттың оқуға қабылдау ережелері мен емтихан талаптарынан кең мағлұмат беретін анықтама-консультациялық жұмыстарды жүргізу мақсатында профессор-оқытушылар құрамынан тиісті кезекшілік ұйымдастырылды.

Алайда, кеңес-герман соғысының басталуы институт өміріне күтпеген өзгеріс енгізді. Соғыс басталысымен бірқатар институт ұстаздары мен аспиранттар, шаруашылық қызметкерлері май-данға аттанған болатын. 1941 жылы 3 шілдеде КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің *«Әскери ауге шабуылы қорғанысына жалпыға бірдей міндетті дайындық туралы»* қаулысының мәтіні *«Казахстанская правда»* газетінің бетінде жарық көрді. **Аталмыш қаулыда көзделген міндет-терді шұғыл түрде жүзеге асыру мақсатында 1941**

жылы 4 шілдеде институт директоры Халел Әділгереев өзінің №1-174 бұйрығы негізінде институтта 3 айлық әскери дайындық курсы мен әскери-патриоттық кабинеттерді ұйымдастырған. Кабинетте әскери әуе шабуылы қорғанысына қатысты жүретін сабақтардың жұмыс бағдарламасы мен оқу-әдістемелік құралдар жинақталып, әрбір топ жетекшілері әскери дайындық курсына жоғары деңгейде өткізуге барынша күш салды. Ал, мұндай сабақтардың өтілу барысын директор Х.М. Әділгереевтің өзі мұқият қадағалап, барлық институт қызметкерлері мен студенттердің сабаққа түгелдей қатысуын жіті назарда ұстағаны байқалады.

Сондай-ақ, басқа түскен қиындыққа қарамастан директор Х.М. Әділгереев институт басқаруда шебер ұйымдастыру қабілет таныта отырып, институтты білікті мамандардан құралған беделді орталыққа айналдыруға және мұғалім кадрлар даярлау ісін жақсартып, білім сапасын жетілдіруге барынша күш салды. **Соғыс басталысымен Қазақстанға қоныс аударылған КСРО Ғылым Академиясы көрнекті ғалымдарының институт жұмысына тартылуы Халел Әділгереевтің директорлық қызметіндегі ерекше бөліп айтатын жағдай.** Айталық, 1941 жылғы шілде мен желтоқсан аралығында КСРО Ғылым Академиясының академиктері Н.Н. Баранский, В.Г. Фесенко, профессорлар Г.А. Кокиев, К.П. Персидский, А.А. Глаголев, Р.А. Фридман, П.М. Рубинштейн, И.А. Палунск, Б.А. Воронцов-Веляминов, Н.Ф. Бельчиков, А.С. Бутягинді қосқанда барлығы 11 адам директор Х.М. Әділгереевтің қолы қойылған бұйрық негізінде Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагогика және мұғалімдік институтына жұмысқа қабылданған екен.

Х.М. Әділгереев өзінің директорлық қызметі барысында институт жанындағы аспирантурада ғылыми-педагог кадрлар даярлау ісіне ерекше көңіл бөліп, кандидаттық диссертациялардың сапасы мен кандидаттық эмтихан тапсыру кезінде қойылатын талаптардың жоғары деңгейде болуына баса назар аударған. Осы тұрғыда, **Халел Әділгереевтің аспиранттарға неғұрлым білікті ғылыми жетекшілер тағайындалып, олардың өз ісіне асқан жауапкершілікпен қарауына, сондай-ақ, одақ көлеміндегі ғылыми-зерттеу мекемелері мен жоғары оқу орындарында іс-тәжірибе алмасуларына барынша қолдау көрсеткені байқалады.** Бұған, аспирантурада ғылыми жетекші-лік жүргізген белгілі жазушы Сәбит Мұқановтың 1941 жылы 2 мамыр мен 10 маусым аралығында Мәскеу және Ленинград қалаларындағы ғылыми орталықтардан тәжірибе жинақтауға және химия кафедрасының доценті Әбікен Бектұровтың 4 мамыр мен 20 мамыр аралығында Риддер зауытында ғылыми-зерттеу жүргізу үшін арнайы іссапарға жіберілгені толық дәлел. Бұл кезде аспирантурада Мәлік Ғабдуллин, Әлішер Тоқмағанбетов, Темірхан Бәкіров (қазақ әдебиеті), Бекежан Сүлейменов, Ахметхан Ахметжанов (КСРО тарихы), Нұрмаш Шоқаев, Нығметолла Киікбаев (жалпы тарих), Наурызбай Саттаров, Сергей Шкуридин (орыс тілі), Николай Чистопольский (орыс әдебиеті) есім-ді аспиранттар ғылыми-зерттеу ісімен айналысып жүрген еді.

Х.М. Әділгереев институттың оқу және ғылыми-зерттеу ісінде жемісті еңбектерімен көрінген ұстаздар мен аспиранттардың және оқу озаты болған студенттер еңбегін әділ бағалап, оларды лайықты құрметке ұсына білген басшы. Мұны, 1941 жылдың 1 мамыр мерекесі қарсаңында оның ұсынуымен барлығы 37 адам есімінің институт «Құрмет тақтасына» жазылуынан және 76 адам-ның директордың алғыс хатымен марапатталып, «институт екпіндісі» атануынан-ақ байқауымыз-ға болады. **Х.М. Әділгереев директор кезіндегі институт құрылымында болған үлкен өзге-рістің бірі жаңадан «Дене шынықтыру» факультетінің құрылуы еді.** Дәлірек айтсақ, Қазақ КСР Оқу Халық комиссариатының 1941 жылы 27 қазандағы «Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагогика және мұғалімдік институты жанынан дене шынықтыру факультетін ұйымдастыру туралы» №826-шы қаулысының негізінде 1941 жылы 1 қарашада институт тарихында алғаш рет «Дене шынықтыру» факультеті ашылды. Ал, Х.М. Әділгереев болса факультет жұмысына таны-мал спорт шеберлері мен білікті мамандарды тарта білді. Мәселен, олардың қатарында КСРО Еңбек сіңірген спорт шебері М.В. Тышко, Мәскеу дене шынықтыру институты түлектерінен гим-настик Г.А. Мещерский, спорт тарихын оқытушы А.А. Тер-Ованесян, шаңғы спортынан жаттықтырушылар А.Ф. Горин, В.Г. Жужиков, Бүкілодақтық жекпе-жек сайысы бойынша 1-санатты жаттықтырушы Д.М. Четвериков тағы басқалар бар еді. Сондай-ақ, институт қабырғасында жаңа ашылған дене шынықтыру факультетінде

директор Х.М. Әділгереев алғаш рет қазақша күрес бәсекесін ұйымдастыруда кәсіби шеберлік таныта білді. Өйткені оның өзі де қазақша күрестің майталманы болатын. Осылайша, 1941 жылы институт жанынан «дене шынықтыру» факультетінің ашылуы республикадағы дене шынықтыру институтын құруға тіке-лей ықпал етті. Нәтижесінде, 1945 жылы 15 қаңтарда аталмыш факультет негізінде Қазақстанда тұңғыш рет «Дене шынықтыру институты» ашылып, еліміздің спортшы мамандарын даярлау ісі өз алдына жеке жолға қойылған болатын.

Егер сұрапыл соғыс болмағанда Х.М. Әділгереев директорлық қызметті жемісті табыстармен одан әрі жалғастыра берер ме еді. Бірақ, кеңес-герман соғысының қасіретті жылдары өзге заман-дастары тәрізді оның да өмір арнасын уақытша өзгерткен дауылды кезең болды. **Соғыс басталып, ел басына күн туған заманда институт басшысы болып отыруға қарағанда отан алдында азаматтық борышын өтеуді жөн санаған директор Халел Әділгереев 1942 жылы 29 қаңтарда өз еркімен сұранып майданға аттанады.** Бұл әрекеттен асыл азамат бойындағы адамгершілік қасиет пен шынайы патриоттық сезімнің жоғары деңгейде болғаны тағы бір қыры-нан көрініп тұр.

Майдан шебінде жүргенде оның қажымас қайраты ерен ерлікке ұласып «Қызыл Жұлдыз» (13.II.1944), «II дәрежелі Отан соғысы» (12.X.1944), «Қызыл Ту» (08.IV.1945) ордендері және «Сталинградты қорғағаны үшін» (22.XII.1942), «Германияны жеңгені үшін» (09.V.1945), «Ерен еңбегі үшін» (06.VI.1945), «Праганы азат еткені үшін» (09.VI.1945), «Берлинді алғаны үшін» (09.VI.1945) медальдарымен марапатталып, 1946 жылы көктемде «майор» әскери шеніндегі соғыс ардагері болып елге оралды. Келісімен, 1946-1951 жылдары қайтадан Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагогика және мұғалімдік институтында «КСРО тарихы» кафедрасының меңгерушісі, доцент болып жұмыс істей жүріп, 1949 жылы 10 ақпанда Қазақ КСР «Халық ағарту ісінің үздігі» атанған болатын.

Алайда, **50-жылдары саяси қуғын-сүргіннің қайта жанданған кезінде Халел Әділгереев өз ұстанымынан таймай, Ермұқан Бекмаханов сынды қазақтың біртуар азаматы қатарын-да саяси қуғынға ұшырап, 1951 жылы жазықсыз Шымкент қаласына жер аударылды.** Де-генмен, басқа түскен ауыртпалықтарға мойымастан ол 1951-1954 жылдары Шымкент мұғалімдер институтында доцент, Марксизм-ленинизм кешкі институтының тарих кафедрасы меңгерушілігін атқарды. Ал 1954 жылы, кезінде өз шәкірті болған Кеңес Одағының Батыры, Абай атындағы Алматы Мемлекеттік педагогика және мұғалімдік институтының директоры Мәлік Ғабдуллиннің араласуымен «КСРО тарихы» кафедрасының доценті болып қабылданып, қайтадан Алматыға ауысады. 1956 жылы 22 қыркүйекте институт директоры Мәлік Ғабдуллиннің бұйрығымен тарих-филология факультетіне декан болып екінші рет тағайындалып, 1963 жылдың 5 мамырына дейін тарих факультетін басқарды. Оған 1966 жылы 17 қазанда институт Ғылыми Кеңесі шешімімен «профессор» ғылыми атағы берілді. Өзінің ғылыми-педагогтік қызметінде профессор Х.М. Әділгереев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен 4 рет марапатталған екен (12.I.1949, 21.VI.1961, 09.X.1967, 03.IX.1968). Өмірінің соңғы жылдарында ол С.М. Киров атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді Қазақ Мемлекеттік университеті басшылығының өтініші бойынша студенттерге КСРО тарихынан қосымша дәріс оқыды.

Абай атындағы Қазақ педагогика институтында өмірінің соңына дейін ұстаздық қызмет атқарып, өзінің саналы ғұмырында үлгілі өнегесімен **«Ұстаз тұғырында» танылған тұлға – Халел Мұхамеджанұлы Әділгереев** 1974 жылы 17 қазанда 67 жасында дүниеден озды.

Сонымен, Х.М. Әділгереев сияқты тұлғалардың есімдерін ұмытпай, ұрпаққа қалдырған мол мұралары мен игі істерін ғылым мен қоғам игілігіне пайдаланып, оның еңбектерін ой елегінен өткізіп отыру жастардың тарихи танымын арттырып, патриоттық тәрбие берудегі маңызы зор жарқын қадам болып табылады. Бүгінгі жастар аға ұрпақтың ғылыми мұрасы мен іс-тәжірибесін зерттеп білу арқылы өсіп келе жатыр. Ал, Халел Мұхамеджанұлы сияқты қазақ халқының бола-шағы үшін тер төккен тарихшы-ғалымның өмір жолы мен халық алдындағы адал қызметі ХХІ ғасыр жастары үшін де үлгі болары сөзсіз.

1. ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік мұрағаты) 1142-қор, 1-тізбе, 20-іс, 25-п.
2. Сонда, 1142-қор, 1-тізбе, 19-іс, 33, 52-п.
3. ҚазҰПУ мұрағаты. 1-Л, 1-тізбе, 15-іс, 220-п.
4. ҚазҰПУ мұрағаты. Х.М. Әділгереевтің жеке ісі. 1 ОК, 1-тізбе, 54-іс, 59-60 п.
5. ҚР ОММ 1142-қор, 1-тізбе, 78-іс, 235-п.

Резюме

Статья посвящена научно-педагогической деятельности видного ученого-историка Х.М. Адильгереева. Глубоко исследовано его организаторское мастерство в подготовке специалистов в области истории. Также описаны тяжелые годы жизни во время войны и политической ссылки. В статье подчеркивается, что его наследие имеет большое значение в патриотическом воспитании молодых ученых и способствует более глубокому изучению истории.

Summary

The article is devoted to scientific and educational activities of a prominent scientist and historian H.M. Adilgerееva. Deeply investigated organizer's skills in the training of specialists in the field of history. It also describes the difficult years of his life during the war, and political references. The article emphasizes that his legacy is of great importance in the patriotic education of young scientists and promote a better understanding of history.

ШОҚАН УӘЛИХАНОВ – САЯСИ ҚАЙРАТКЕР

Ә.Е. Шалтықов – саяси ғылымдар докторы, профессор

Шоқан – үш жүздің басын қосқан даңқты Абылайдың шөбересі, Ұлы даланың төл перзенті. Оның бойындағы асыл қасиеттер түркі халықтарының үзілмей келген салт-дәстүрінің, рухани болмысының, өскен ортасының жемісі. Болашақ ғалым дала уіліне, ана уіліне, түркілердің елдігі мен ерлігіне әлдиленіп өсті. Бабаларымыздың өсиетнамасын, елін, жерін, тілін сақтауға алтын арқау, аялы өзек болған фольклорды қадір тұтты.

Шоқанның балалық шағы сахарада, өзінің өткендегі ерлік істері жайлы ғажайып аңыздарды есіне сақтап отырған халықтың арасында өтті. Ол әуелде Құсмұрындағы әкесі ашқан қазақ мекте-бінде оқыды. Шағатай тіліндегі орта ғасыр ескерткіштерімен танысып, шығыс тілдері мен олардың әдеби мұраларына, араб, түркі жазуларына көңіл бөлді. «Едігеі, «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Ер Көкше», «Ер Қосай», «Ер Шора» жырларының бірнеше нұсқаларын жадында сақтады. Ел есіндегі Жиренше шешен, Асанқайғы, Қорқыт, Әз Жәнібек, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты атақ-ты адамдардың гибраттарынан өнеге алды.

Шоқанның ақылы ерте толысты. Өскен ортасының тылсым тіршілігіне, арғы-бергі тарихнамасына ден қойды. Үстем ұлттардың саны аз халықтарға жасаған қиянаттарына, арандату әрекеттеріне қанықты.

Шоқан өмір сүрген тұс патша өкіметі қазақ жерін түрлі бекіністер арқылы құрсаулаған, елдің ақыл-ойын, ерік-жігерін тежеп, адамдарды иманнан, салт-дәстүрден, рухани байланыстан жұрдай етуге бағыт ұстаған қатыгез кезең болатын. Самодержавие өз жерінде «бұратана» атанған бейбақтарға арналған екі жүзді қасқай саясатын жүзеге асыру үшін қаржыны да, сұмдығы мен сұрқиялығын да аяған жоқ. Сүттей ұйыған ағайын арасына от тастады. Бір кіндіктен тараған Абылай тұқымы өзара жауласты. Кенесары хан орыс басқыншыларына ашық қарсы тұрса, Уәлиханның жесірі Айғаным ханша патша саясатын жебеушілер төңірегінен көрінді. Отаршылар қарсыласта-рын жер жастандырып, қанға бөктірді де, қолдаушылығына сый-сипат көрсетіп, шен-шекпен жапты, қолайлы мекен-жай салғыздырып берді. Хан Кенені туған мекенінен бездіріп, Ұлы далада қансыраған аш арыстандай сенделтті. «Жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтыру» сая-саты Кенесарының басын көршілес, бауырлас қырғыздарға алғыздырып, алпауыттарға сыйға тартқызырты.

Корпусқа оқуға алғаш қабылданарда – ақ қоғамдағы алалықты, әділетсіздікті сезген Шоқан өзінің ротаға алынбай эскадрон бөліміне қабылдауының сырын ұқты. Рота бөлімінде кілең ірі алпауыттардың және жоғары лауазымды орыс офицерлерінің балалары оқыды. Олар эскадронда-ғы бұлардың дәрежесі төмен қазақтардың, шағын ұлт өкілдерінің балаларына одырая, менменсі қарайды, аспандап, тәкаппәр сөйлеседі. Білім жағынан мұндағы шәкірттердің ең үздігі болған қыр баласының бұған зығырдыны қайнайды. Соңғы курста теңсіздіктің шынайы сиқы барынша айқындала түсті. Болашақ ғалымға ақырғы курстың лекциясын тыңдауға рұқсат етілмеді. Әскери құпияны, жаңа тарихты, мемлекеттік жағдайларды, саясатты «бұратаналар» білуге тиіс емес және қайдағы бір «азиаттың» қаршадай баласы өзіне қойылған кез-келген сауалға мүдірмей жауап қайтарып, өткір жанарын емтихан алушыға сынай қадаса, немесе ойда жоқта «Жоқ!.. Мен қырғыз емеспін, қазақпын» деп қалса, бұдан өткен еркінсу бола ма?

Ресей басқыншылары мыңдаған жылдық тарихы бар іргелі қазақ елін бодан етті, еркін билеп-төстеу үшін оның рухани тұтастығын ірітуді, өткеніне балта шауып, тілін, әдет-ғұрпын, дінін, салт-дәстүрін, билігін жоюды мақсат етті. Азып-тозған, жадынан айырылған халықты айтқанға көндіріп, айдауға жүргізу оңай деп білді. Патша үкіметі зымыян саясатын іске асыруда обырлар мен генералдарды, миссионерлер мен діндарларды, тыңшылар мен иезуиттерді барынша епті пайдаланды, Бұл «өлкеге патшаның жіберген адамдары, губернаторлары жұртты нағыз жендет-терше, бәрінен де көп азаптады», қан-сөлін теспей сорды. Наразылық білдірген жергілікті ұлт өкілдерін аяусыз жазалап отырды. Зобалаңға алдымен көзі ашық, кккірегі ояу зиялыоыр ұшыра-ды. Бұдан Шоқан Уәлиханов та сырт қалған жоқ.

Ол корпустағы оқуды бітірген соң бірден орыс офицерілері мен алпауыттардың ортасына тап болған еді. Бұл топтың басында генерал Гасфорт пен қазақ өлкесінің әскери губернаторы, гене-рал Фридрихстың қолтығына паналаған олардың хатшылары, кеңесшілері, т.б. болды. Кейіннен олар патшаның отаршылдық аппараты тудырған зұлымдық атаулыға қарсы шыққаны үшін Шоқанға жауыздық, қаскөйлік жасады. Ғылыми басылымдарына кедергі келтіріп, Қашғар сапа-рының нәтижелерін жоққа шығаруға тырысты, жала жапты.

Арам ниетті ортаның сыры Шоқанға ертеден мәлім еді. Ол 1856 жылы-ақ Достоевскийге жазған хатында «Омбының өсек-аяңы мен алауыздығы әбден жирендіріп болды... Осы жерден кет-кім келеді» деген. Ал Майковке жолдаған хатында «Сібірге бұратана халықтарға тек ит қосып талатпайды демесеңіз, одан басқаның бәрін істейді... өте жайсыз... Ештеңе өнбесе де қарсыласа берген жөн» деп жазған. (1) Шоқан «Жауыздар мен обырлардың... сатылған патшалық отаршы-лар мен капитал құйыршықтарының үкіметі» жүргізіп отырған саясатты сынауын тоқтатпады, жалынды көсемсөзді пәрменді қару етті. Пікірсайыста оған ежелгі қазақ билерінің тапқырлығы, даңқты шешендер Сократ, Демосфен, Цицерон, Робеспьер, Марат, Рессо туралы оқып білгендері септігін тигізді. Шоқан Н.М. Ядринцевтің айтуынша, ауызшаға да, жазбашаға да өте шебер, шешен болған. Оның көптеген шетел тілін білуі Дәуірлеу заманының аса көрнекті қайраткерлері-нің шығармаларын оқуына, одан рухани нәр алуына мүмкіндік туғызған.

Қанша дарынды болғанымен жалғыз жанның көппен алысуы қиын екенін, шындық қанша сәу-лелі болғанымен, егер оны уақыт қолдамаса, онда сенімсіздікті, адасушылықты жеңу оңай емес екенін ойшыл ашына айтқан. Иә, оны уақыт қолдамады. Өйткені, бұл мезгіл, Олжас Сүлейменов-тың сөзімен айтқанда, Пушкиндер мен Лермонтовтарды өлтіріп, Бенкендорфтарды масайратқан мезгіл... Бұл мезгіл ең жақсы адамдардың лап етіп жанып, күйіп кетіп жатқан мезгіл болатын.

Осынау қиын-қыстау кездің өзінде 300-дей еңбек жазған біртуар ғалым шығыстану, түркітану әлемін кеңейте түсті.

Шоқан өзі өмір сүрген дәуірді «Қазір ескі мен жаңаның арасында бірден байқала қоймайтын, бірақ өте қатал күрес жүріп жатыр. Бірі мұсылмандық шығысқа, екіншісі орысқа еліктейді» деп жазды. (2) Патша өкіметі жүргізіп отырған түрлі экономикалық, саяси реформалар тек билеп- төстеушілер үшін ғана пайдалы екенін жақсы түсінген ойшыл оның көздеген арам мақсатына қарсы шықты. Билер сотын сайлап қоюға наразылық білдірді, ресми сайлаудың «рулық тартыс-пен ғана шектеліп, бай қазақтардың даңққұмар, мансапқорлығын қанағаттандыруға, лай судан балықты жақсы қармайтын орыс алпауыттарының дәулетін арттыруға қызмет етіп отырғанына» күйінді. «Сот реформасы туралы ғылыми хатында» қоғамның артық жағдайдағы таптарының пікірлеріне халықтың шын мұң-мұқтаждарына мүлдем қайшы келетін пікірлер деп қана қарау керек, өйткені жоғары мәдениетті қоғамдардағы атақты, бай адамдардың мүдделерінің өздері де көбінесе бұқараның, көпшіліктің мүдделеріне өшпенді, қарсы болып отыр, орыс басшыларының әрбір әрекетінен қазақтар басына қырсық, еркіне тежеу салынатынын біледі, жер-жердегі заседа-тельдердің әрекеті орыс басшылары осындай деген ой туғызады, деді, «бүкіл ұлттың мүддесі қатал әділдікке жүгінгенде жеке қауымның пайдасынан жоғары болу керек», «түптеп келгенде, біздің халқымыз орыс қоғамының ойлайтынындай тағы, дөрекі емес» деп халқын азулылардың тырнағынан арашалады. (3)

Таким образом, через этнические явления выражается сущность этноса, которая не совпадает с ними ни порознь, ни в совокупности. Поэтому в процессе познания этнической системы важно выявить сущность, содержание и структуру этноса. Однако полностью познать этнос как целостную систему невозможно, так как этническая система находится в состоянии развития, движения, изменения в пространстве и во времени, следовательно, этническую систему можно рассматривать лишь как совокупность бесконечного множества относительно автономных этносов, каждый из которых обладает самостоятельностью в своем развитии. Результаты изучения подобных разнотипов могут быть представлены как пространственно замкнутая или открытая модель этноса.

Каждая отдельная этническая общность занимает определенное пространство и историческое время, взаимообусловленность этих факторов сохраняет целостность этноса. Если исходить из непрерывности исторического времени, то развитие человечества в целом также непрерывно, прокладывает себе дорогу через развитие отдельных этнических общностей. Но историческое время развития отдельного этноса может прерываться, так как обладает определенным территориальным пространством и конкретным историческим временем.

Прерывность и непрерывность исторического времени – это характеристика строения, а также процесса развития этноса. Прерывность исторического времени этноса обозначает территориально-временную локализованность этноса как целостной системы, имеющей определенные элементы и структуру. Каждый из элементов этноса существует самостоятельно в пространстве и во времени в рамках отдельного этноса как целостности.

Благодаря единству этнических элементов, таких как территория, язык, этническое самосознание, культура и т.д., возможно существование и развитие этноса как целостной системы. В процессе развития в отдельном этносе территориальное пространство и историческое время взаимосвязаны, и в рамках прерывности исторического времени образуют единое пространственно-временное этническое многообразие. Территориальная протяженность и историческая длительность времени изменяются в движущейся этнической системе. Происходит самодвижение этноса, самопроизвольное внутреннее изменение этнической системы, которая определяется и взаимообусловлена изменениями исторического времени. Философия исходит из того, что самодвижение присуще не только этносу, но и всем элементам, частям, компонентам, составляющих его системность. Источником самодвижения этнической системы являются внутренние причины, связанные с противоречиями внешних и внутренних факторов. Это, прежде всего противоречия, свойственные всем элементам, компонентам этнической системы. Ее изменения в пространстве и во времени приводят к саморазвитию этноса как целостной системы.

Этническая система – это множество элементов с отношениями и связями между ними, образующих определенную целостность отдельного этноса, среди них выделяются системообразующие, отношения и связи, которые обеспечивают эту целостность. Функционирование этнической системы опирается на определенную упорядоченность элементов этноса, их отношений и связей. Поэтому изменения и саморазвитие этноса, как самоорганизующаяся и движущаяся этническая система, зависят от сохранности или эволюции этой упорядоченности.

Познать этнос как целостную самоорганизующую систему – это значит рассмотреть его как сложную динамическую систему, которая при изменениях внешних и внутренних условий сохраняет целостность этноса в пространстве и во времени. Саморазвитие, самодвижение этноса отражается в этническом самосознании.

Каждая этническая общность представляет целостность, которая возникла из двух начал – непрерывности и прерывности истории отдельного этноса. Целостность этноса проявляется во всеобщей взаимосвязи. Каждый отдельный этнос зависит от экономических, идеологических, политических и культурных связей. Совокупность этих социальных связей определяет отдельный этнос, его своеобразие.

Каждая отдельная этническая общность, как неоднократно отмечали, занимает определенное пространство и историческое время. Время есть то поле, на котором и благодаря которому происходит смена состояний человеческого общества, раскрывается содержание его истории.

Исследование этноса предопределяется тем, что во многом недостаточно разработаны методологические проблемы изучения этносов. С бурным ростом этнического самосознания, стремлением к знанию своей истории, культуры, традиций, обычаев у человека возникает огромная потребность в познании богатств духовной культуры своего народа. Все это стимулирует исследование генезиса и становления этноса с позиций философско-социологического и исторического анализа, научного осмысления идеи этнической целостности.

Духовная сторона бытия этносов, как целостной системы, связана с мировоззрением, психологией, социокультурной сферой, которая наиболее ярко проявляется в самосознании этноса. Этническое самосознание отражает не только осознание этнической идентичности и отношения к своему этносу, но и концентрирует самобытные интересы, связанные с сохранением этноса.

Взросшее этническое самосознание стимулирует обращение к исторической и культурной памяти людей, выразившееся в стремлении к сохранению неповторимости этнической культуры, ценностей, истории и языка.

Один этнос отличается от другого культурой и поведением, психическим складом характера, формирующимися во взаимодействии его с местообитанием и ландшафтом. Это и есть своеобразное проявление основного закона мироздания – единства и различия материи и духа. Географический ландшафт материален, а психический склад и поведение этноса во многом духовны. [1, с. 7]

Эволюционно-исторического направления рассматривают этносы как социальные, а не биологические сообщества, глубоко связанные с социально-историческим контекстом. Это реально существующие группы с присущими им чертами – языком, культурой, идентичностью, отличающими их от других групп. Это направление было единственным до начала 1990-х годов в трудах акад. Ю.В. Бромлея. Согласно концепции Ю.В. Бромлея, этносы характеризуются определёнными этническими свойствами, такими, как язык, культура, этническое самосознание, закреплённое в самоназвании. Бромлей определяет этнос как явления по своей природе, то есть по генезису и сущности, социальные. Социальность его определяется тем, что он есть продукт объективного процесса разделения труда, становления и развития экономических и политических общественных структур.

Существует еще одна концепция понимания этноса. Н.Н. Чебоксаров, С.А. Арутюнов, А.А. Сусколов развивали представление об этносе как типе общности, основанной на информационных связях. Главный недостаток их исследований состоит в том, что, рассматривая отдельные компоненты этноса, авторы часто упускают из виду его целостность. В настоящее время необходимо использовать системный подход в исследовании этноса, применять философию как методологическую и мировоззренческую науку.

Более правильный подход отражен в исследованиях Н.Д. Байтеновой, в которых этнос рассматривается как сложная динамическая система. Во-первых, это совокупность географических, биологических, психологических, социальных явлений, их сложное переплетение; во-вторых, она динамическая, т.е. постепенно развивающаяся, проходящая через все стадии развития, подъёмы, и спады система, в-третьих, будучи специфической системой, она представляет собой целостность, основанную на специфических связях. [2, с. 39]

Таким образом, вывод, в том, что каждый этнос является целостной системой. В этом проявляется отличие одного этноса от других этнических общностей. Каждый тип

этнической общности имеет собственную структурную организацию жизнедеятельности, поэтому выступает целостным образованием в виде отдельной системы.

Теория этноса еще раньше разрабатывалась, главным образом, европейскими, а в XX веке и американскими мыслителями. И они свои исследования проводили на материале европейской и американской истории. Поэтому последняя не может быть использована в полном объеме для анализа процесса становления социально-этнических общностей. В связи с этими обстоятельствами задача нашей работы является разработать теорию этноса на основе научных исследований

Так как многие государства Восточной Европы и России исторически были полиэтничными образованиями, стоящими на разных уровнях развития, то развивалась идея о взаимосвязи способа производства с конкретной формой этноса. В государствах Западной Европы и Америки была распространена идея этничности. Современные этносы – это полиэтничные образования, объединенные этническим самосознанием.

Таким образом, этносы имеют сложную структуру, элементы, компоненты, анализ которых представит этнос как саморазвивающую систему.

1. Югай Г.А. *Общность народов Евразии – арьев и суперэтносов – как национальная идея: Россия и Корея.* – М.: Беловодье, 2003. – 288 с.

2. Байтенова Н.Д. *Межэтническая интеграция: проблемы, реальность, перспективы.* – Алматы: Қазақ университеті, 1998. – 217 с.

Резюме

Этнос өзінің тұтастығын сақтайтын субстанция ретінде көпдеңгейлі жүйе және бірыңғай ақпараттық алаң болып саналады. Көпдеңгейлі этнос болып ол элеуметтік, генетикалық, рухани деңгейлерге бөлінеді. Этнос бірыңғай ақпараттық алаң болып бір тарихи уақыт пен территориялық тұтастық арқылы сипатталады. Осылар этностық тұтас жүйе ретіндегі құрылымдық таладауы болып табылады.

Summary

Ethnicity as a substance that preserves the integrity, is a multilevel system and a single information field. As a multilevel, ethnic group is divided into the following levels: social, genetic, spiritual. Ethnicity as a single information field, is characterized by a single historical time and territorial integrity, it is the structural analysis of the ethnic group as a whole system.

ҚАЗАҚТАР МЕН ӨЗБЕКТЕРДІҢ ҚАЙТЫС БОЛҒАН АДАМДЫ ЖЕРЛЕУ, ӨЛІКТІҢ АРТЫН КҮТУ ҒҰРЫПТАРЫ (САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ)

К.М. Төлеубаева – *тар.ғыл.д., Абай атындағы ҚазҰПУ*

Адамды жерлеуге байланысты әдет-ғұрыптардың ішінде мұсылман дінінің көптеген салт-саналарымен қатар, исламнан бұрынғы діни сенімдердің сарқыншақтары өте көп. Өлім мәселесі қашан да «жан» деген тіршіліктің күшінің жойылуымен байланысты.

Өлген адамды қазақ түнде күзететін. Әдетте өлік жатқан бөлмеден шамды өшірмейтін, үлкен адамдар бәсең дауыспен әңгіме айтып, шариғат айтып таңды атыратын. Туған баланы күзетумен, өлген өлікті күзетудің арасында бір терең байланыс бар сияқты.

Өлген күні өліктің қонақ асын береді. Шындығында бұл сөздің ертедегі мағынасы «өлікке берілетін қонақ асы». Өйткені өлікке байланысты бүкіл ғұрыптардың түп тамыры сол өлген адамды тамақтандыру. Ертеде сол киіз үйге тамақ даярлау (белгілі себептермен) қажет болса, онда киіз үйді белгілі бір қашықтыққа дейін алыстатып қояды, себебі онда жан алғыш періште әзірейіл өліктің жанын алғандықтан, киіз үйдің іші қанға толып, тамақтар арам болады. [1]

П.П. Снесарев Хорезм өзбектерін зерттеп, өлік шыққан үйден тамақ ішпеу және ол үйде от жақпау дәстүрін зороастрийстік тұжырымдамамен байланысты дейді. [2] Қазақтардағы осыған сәйкес ғұрыптың екі түрлі себебі бар болса керек: әлде бұл зороастризмнің әсері. Әлде кейін ғана зороастриялық ілім мен ғұрыпқа кірген, қазақтар мен Орталық Азия аймағында таралмаған неғұрлым ежелгі дәстүрлер мен діни наным-сенімдер болса керек.

Қазақтың көптеген өңірлерінде өлген адамға «бауырымдап» келу әдеті бар. Кісінің жасына қарамай, бәріне де «бауырымдайтын». Бұның сыры неде? «Бауыр» деген сөздің көнеде «туыс», «туған» дегенді білдіретінін көрсетеді. Кейде бір үлкен кісілер балаларына емренгенде «ет жүре-гім, бауыр етім», деп жатпай ма? [3]

Адамды қояр алдында мұсылман ғұрпы бойынша жуып тазалайды. Сумен тазалау, тазалану ғұрпы дүниежүзі халықтарына тән екенін біз бәріміз де жақсы білеміз. Жуып болған соң жаназа-сын шығарады. [4]

Қазақтың әр жерлерінде адамды мүрдеге дейін апаратын ағаш табыт, «иман киіз» деген арна-йы киіздер болған. [5]

Қазақ моланың сыртқы көрінісі сол бейітте кім жатқанын көрсететін етіп салатын. Бұл ғұрып әсіресе батыс қазақтарында кең тараған. Мысалы, әйелдің құлпытасына айна, тарақ, сырға, бақан, піспек салса, ерлердікіне айбалта, найза т.б. салатын.

Ерте заманнан бері қазақ немесе Орталық Азия халықтарының арасында адамның дүние салу-ына байланысты сақталып келген әдет-ғұрыптың бірі – ол арыздасу. Арыздасу сөзінің бірнеше мәні баршылық. Біріншіден, арыздасу дүниеден озар адамның хәлі мүшкілдеп, әл үстінде жатқан кезде ағайын-туғандары онымен бақұлдасуы, қоштасуы, соңғы арыз-тілегін, арман-өсиетін тың-дауы. Сонымен қатар, дүниеден кетіп бара жатқан адам туысқандарымен, ел-жұртымен, өмірлік серігімен, өнерімен қоштасып, соңғы арыз-тілегін өлең жолдарымен артта қалып бара жатқандар-ға сәлем ретінде жолдаған. Екіншіден, арыздасу өлімге басын тігіп, қатерлі жауға аттанғанда ата-анасымен, қосақ жарымен, іні-қарындасымен арыздасып қоштасуы. Үшіншіден, оралу, оралмасы белгісіз алыс сапарға бара жатқан адамға қатысты арыздасу. Төртіншіден, туған жердің бір уыс топырағын түйіп алып, аттанушының артында қалғандарға айтатын сөзі. [6] Түркімендер «ант мезгілі» деп атайды.

Арыздасумен қатар, естірту, көңіл айту дәстүрі қатар жүрген.

Қазақтар мен Орталық Азия халықтарының, түркі тілдес халықтарының (Сібір, Алтай, Кавказ, Еділ бойы) ертедегі салты бойынша өлген адамды отбасы мүшелеріне, жақын туыстарына естірту адам айтатын сөзін, естіркелі отырған уақиғаны тұспалдап, жұмбақтап, ишаратпен, өлеңмен, кей-де әртүрлі салыстырулармен хабарлаған. Кейде ауыр қазаны күймен де естірту дәстүрі болған.

Дүниеден кетіп бара жатқанда қолданылатын ертедегі салт-дәстүрдің бір түрі – *имансу* болып саналған. Ерте заманнан бері мұсылман халықтарының әдет-ғұрыпқа айналдырған шаралардың белгісі ретінде қолданған. Имансу дәстүрін өткен дәуірлерде қазақтар мен Орталық Азия халық-тары жиі қолданған, ол осы күнге дейін сақталған. Шын мәнінде имансу күтушілер әл үстінде жатқан жанға «жұрт аяғын ауырлайды» деп бөтен кісіні кіргізбей оңаша ұстап отырған кезде көбінесе науқас адамның басын көтеріп, көңілі өсіп, тілге келіп, тіптен ас-су ішіп, жүріп-тұратын да кезі болады. Өмір шамы сөнер адамның бұлайша соңғы қуатын танытатын шолақ шағы – «*бой жасау*» немесе «*бой жазу*» делінеді. Осы кезде соңғы рет «*атау кере*» болмаса жай «*кере*» деп ата-латын арнайы тамақ дайындалып беріледі. Осыған орай тіліміздегі «Атаукеренді ішкір!», «Керең-ді же (іш)» секілді қарғыс мәнді сөз орамдары қалыптасқан.

Қаралы үйде қырық күнге дейін шырақ жағылады. Ертеде «қырық күнге дейін өлген адамның тәні бұзылмайды» – деп білген ата-бабаларымыз «жатқан жері жарық болсын!» деген мақсатпен де қырық күн бойы күн сайын шырақ жаққан. Сонымен бірге, марқұмның денесі жатқан жаққа қарама-қарсы сол жақ түгел тазартылып, киіз үйдің керегесі жалаңаштанады. Бұл – үйдің іші таза емес, өйткені денесі суығанша адамдарға көрінбей жаналғыш әзірейіл келіп, өлген кісіні бауызда-ған кезде қан басып кетеді деген ұғымнан туған сенім.

Дәстүр бойынша ерте заманда қазақтарда кісі өлген үйдің түндігі түріліп, үй ішінен найза шаншылып, ұшына қара ту немесе орамал байлаған. Найза басындағы шүберектің түсі өлген адамның жасына қарай әртүрлі болады. Егер өлген адам жас жігіт болса – қызыл, орта жастағы адамға – қара, ал қарт болса – ақ шүберек байлаған. Қаралы үйде қандай адамның өлгенін осы белгі арқылы жүргінші-жолаушыға білдірген. Төрелерге тігілетін қара өзгеше болады. Өлген кісі қызыл тулы төре тұқымнан болса – қызыл ту, ақ тулы төреге – ақ, көк тулы төреге – көк ту тігіле-ді. Тудың түрлері жас, кәріге бірдей болған. Алайда, мәйіт үшін тіккен ту қандай болса да «қара» деп танылған.

Арыздасу, естірту, көңіл айту, имансу дәстүрлерімен қатар, XIX ғ. соңы мен XX ғасырдың бас кезінде адамның өліміне байланысты жоқтау да дәстүр ретінде сақталған. Жоқтау ерте кездегі қазақтар мен Орталық Азия халықтарының жан ашыр жақыны немесе халыққа қадірлі адам өлгенде қайғылы сарынмен айтылатын жыр – зарлы өлең. Жоқтау дүниежүзі халықтарының – неміс, француз, болгар, чех, грек т.б. өмірінде бар. Бұл түркі тілдес – қазақ, қырғыз, қарақалпақ, тәжік, өзбек,

түркімен, башқұрт, татар халықтарының өмірінен де көнеден бері өшпей келе жатқан дәстүр. Мұсылман дәстүрі бойынша, өлген адамның артында қалған өз әйелі, қызы, қарында-сы, келіні және басқа да жақын туыстарының әйелдері оның жылы толып, асы берілгенше қара жамылып, жоқтау айтатын. Жоқтаудың мазмұны өлген адамның бақ-дәулетіне, атақ-абыройына байланысты болған. Қазақ және Орталық Азия халықтарында жоқтау айтушылар адамның тірі кезіндегі жақсы қасиеттерін мадақтап «орны толмас» қазаның қасиетін қаралы әуенмен, өрнекті жырмен білдірген. Атағы белгілі ру басылары өлсе, әйгілі ақындар сол адамға арнап жоқтау өле-ңін шығарған. Кейбір әйелдер жоқтау жырын жаттап алудың үстіне өз ойынан қиыстырып та айта берген.

Жаназа – діни ғұрып. Өліктің жаназасына халық көп жиналады. Жаназа – қайтыс болған адам-ды соңғы сапарға шығарып салу рәсімі. Жаназада өлген адамға дәуір айналдырып, садақа беріп, құран шығарылады. Жиналған көпшіліктен «бұл кісі жақсы адам ба?» – деп сұрайды. Сол сияқты «марқұмнан ешкімнің алашағы, берешегі жоқ па?» – деп тағы да сұрайды. Алашағы бар адам сұрауға да, алуға да, кешіруге де хақысы бар. Шарифат заңында осылай қаралған. Жаназа адамға жасалатын соңғы құрметтердің бірі деп саналған.

Өлік намазымен қатар, өліктің кебін жағдайы да, яғни өліктің киімі дайындалады. Жөнін біле-тін кісі кебін пішеді, еркектің кебіні үш қабат болады: 1) Лифаф – қаусырарлықтай енді, бас-аяқ-тан буарлықтай артық; 2) Узар – бойымен бірдей; 3) Камис – Акхирет көйлегі: екі қабатталып барып, ортадағы тұйық жерден бас сиарлықтай жыртылып, басы шығарылғанда ұзындығы тізе-ден төмендеу болады.

Әйелдер үшін бұлардан басқа «Хұмар» делінген бүркеншік пен шашы жабылып, «Хырқа» делінген кеуде жапқышпен екі ұшы қолтыққа келтіріп омырауы жабылады, бүркеншіктің екі ұшы хырқаның астына келтіріледі. Кебін мақтадан тоқылған ақ түсті жаңа немесе жуылған таза болуға тиісті. Кебін үшін арнаулы бір нәрсе жоқ. Ақзу, сәлде бөз бола береді. Табылмағанда жал-ғыз қабат кебінмен де қоюға болады.

Ерте кезде қалыптасқан дәстүр бойынша тұлдау ер азаматтарға қатысты ғана орындалған. Тұлдау – өлген адамның жас ерекшелігіне қарай әртүрлі жолдармен іске асырылған. Мәселен, жасы жетіп өлген ақсақалдардың мінген аты тұлданған, орта жастағы азаматтардың қару-жарағы, ер-тұрманы, киім-кешегі, баспанасы түгел тұлданған.

Топырақ салу – бұл ғұрып. Қайтыс болған адамды жерлеу кезінде топырақ салу мән-мағынасы зор ғұрыптық әрекет. Егер жақын адамдары қайтыс болғанда топырақ сала алмаса, ол үлкен арманда деп өкінетін болған.

Қазақтар мен Орталық Азия халықтарының ертеден келе жатқан ең үлкен жабдығы – ас беру. Бұл дәстүр дүниеден өткен ең белгілі адамдардың жылы толғанда оған жасалатын ақырғы зор құрмет және ұлы жиын, бас қосу. Ас беру рулы ел болып ата-баба аруағын құрметтеудің, соған мінажат етудің белгісі, оның құрметіне құрбандықтар шалынады, ұлттық ойындар бәйгесі өткізіледі. Ас берудің барлық ғұрыптары адамның жанын салтанатты түрде «әруақтар әлеміне» шыға-рып салуға арналған. Аста сойылған ат пен таратылған киімдер о дүниеде марқұмға керек болады делініп, астың барлық ғұрыптарының мазмұны осыған бағытталған. Қазақтардың жылдық ас беру дәстүрінде орындалатын көріністер саналуан. Соның ішінде сирек болса да орындалатын ғұрып «түйе шешу» ғұрыптық көрінісі. Бұл ритуал еске алу ғұрыпындағы көне дәстүр. Оның негіз-гі объектісі ретінде екі түйені қазыққа қатар байлап қояды. Бұған тек әйелдер ғана қатысады. Түйені байлап қойған қазықтағы жіпті әйел жартылай жалаңаш, қолы артына байланған күйде тісімен шешуге тиіс болған. Шешкен жағдайда түйе оған басы бүтін берілетін болған.

Адам жерленгеннен кейін «қарасы» болады. Содан кейін «үші», «жетісі», «қырқы», «жүзі» және бір жылдан кейін «жылы» болады. Енді, осы өлген адамды еске алу циклінің құрамдас бөліктері болып табылатын «үші», «жетісі», «қырқы», «жүзі», «жылы» рәсімдерінің өтілуі жөнін-де дәстүрлерге тоқталық. [7]

Үші. Қайтыс болған адамның жаны үш күннен соң шаңырағынан ұшып кетеді деген ежелгі таным-түсінік бойынша ұшқан жанның құрметіне үштігін беру дәстүрі қалыптасқан. Қайтыс бол-ған адамның үшін өткізуде дәстүр бойынша қарасы күні келе алмаған туыстары мен жақындары келеді. Жерлеу күні мен үші ғұрыптары ауылды жерлердегі қазақтардың көпшілігінде сәйкес келеді. Бұған басты себептің бірі – марқұмды қайтыс болған соң 2-3 күн өткеннен кейін жерлей-ді. Жерлеу күні мен үші ғұрыптарының өткізілу тәртібі сақталады. Зират басынан оралған адам-дар санына қарай дастарханға кезекпен шақырылады. Дастарханда марқұмға арналған бауырсақ, шелпек, жүзім, тәтті

тағамдар қойылады. Ретіне қарай етке қамыр салып жасалынатын қазақ хал-қының дәсүрлі тағамы не күріш қосылған тағамы беріледі. Еске алу тағамы бата оқылып, тілек тілеумен аяқталады. [8]

Жемісі. Қайтыс болған адамды еске түсірудің алғашқы жөн-жоралғысының бірі – «жетісі». Өлген адамның жаны, яғни аруағы жетінші күні өз шаңырағына бірінші рет оралады деген сенім-мен жетісін беріп өткен. Ол үшін марқұмның туған-туыстары халыққа тамақ таратып, «өлікке» сауабы тисін деп құран оқытады, молда «жетісіне» дейін сол үйде болуы керек. Мәйіттің «жеті-сін» өткізу кезінде оның меншікті заттарын, таза киімдерін жақын туыстарына, тумаларына «көзі», «иісі» болсын деп үлестіріледі.

Үшін еске алу күндеріне қарағанда жетісі күні халық аз болып, негізінен туысқандары қатыса-ды. Жетісіне арнап қой сойылып, үй іші дайындаған тағамдар жасалады, жеті шелпек пісіріледі.

Қырқы. Ата-бабаларымыз көрдегі мәйіт қырқы күнге дейін қалпын сақтап, қырқы бірінші күні бұзыла бастайды деп есептеген. Осыған орай марқұмның қырқын береді. «Қырқын» өткізу 40 күнде адамның ет пен сүйегі ажырайды деген түсініктен туған. Марқұмның жанұясы 40 күнге дейін үйде болуға тиіс болған. Қайтыс болған адамның қабірінің басына ескерткіш ретінде «құл-пытас» қоюдың өз алдына белгіленген уақыты болмаса да, 40 күнге, яғни «қырқына» қарсы мәйітке ескерткіш қойылады.

Жетісіне қарағанда қырқына ерекше мән беріледі. Дастарханға қойылатын ритуалды тағамдар жасалады. Міндетті түрде қой сойылады.

Жүзі. Өлген адамның аруағы (жаны) 99 күн өткен соң өз отауының шаңырағына қарлығаш болып ұшып келеді-мыс деген нанымға орай жүзі аталып өтеді. Этнографиялық әдебиеттерге қарағанда марқұмның жүзін беру Батыс Қазақстанға тән болған. Бұл фактілерге қарай отырып, Оңтүстік Қазақстан облысының материалдарына жүгінсек, бұл дәстүр Сыр бойының төменгі ағы-сы маңын және Арал өңірін мекендеген, яғни осы облыстың солтүстік-батыс аймағындағы Кіші жүз қазақтарынан келсе керек.

Марқұмның жүзін беруде салттық тағамдар: шелпек, бауырсақ, тәттілер қойылып, дәстүрлі тағам (ет) немесе палау сияқтылар дайындалады. Дәстүр бойынша жүзінде еске алу тағамына бата оқылып, тілек тілеумен аяқталады. [9]

Жылы. Ежелгі наным-түсінік бойынша, бір жылдан кейін, яғни қырқы күннен соң бұзыла бастаған мәйіт әбден ағып біткен кезеңде, өлген адамның *екінші о дүниедегі* «шын өмірі басталады» деп білген. Бағзы замандардан бері осының құрметіне ата-бабаларымыз өлген адамның жылын өткізіп, ас берген, өлген адамның туыстары «хатым құран» шығарған. Мұның бәрі өлген ата-бабаларды құрметтеудің, олардың аруағына деген наным-сенімнің айғағы. Мұнысы – марқұм қайтыс болғаннан кейін 52 күнде буындары, ет пен сүйек арасы ажырайды. Мұндай ажырау кезінде өлік өте ауыр жағдайда болады. Сондықтан, оны жеңілдету үшін марқұмның туысқандары 7 аяттан тұратын құран оқытқан, жүзіне дейін басын қарайтып, «төртқұлақ» салады, көк тасын қояды. Марқұмның «52» күндігін өткізу – бұл ерте кезде жалпы қазақ халқына тән болмаған. Алайда ол Қазақстанның Оңтүстігінде Сырдың орта ағысы бойында орналасқан қазақтар мен субэтникалық топ – қожаларда кездеседі. Бұл дәстүр Батыс Қазақстан облысының кейбір жерле-ріне де тараған.

Дәстүр бойынша марқұмның жылы (асы) еске алу ғұрыптарының аяқтаушы циклі. Қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінде үлкен мән берілген ғұрып. Ас көбіне егде адамдарға беріледі. Егер қайтыс болған кісінің мініс аты болса, оны тұлдаған. Ал мініс аты болмаған жағдайда жыл-дығына арнайы ат арнаған. Оны асына арналған ат деп атаған. Бұл атты марқұмның асы күні сойған. Қайтқан адам орта жаста немесе жас болса онда аттың орнына тай сойған. Қорытып айтқан-да, ас берудің барлық ғұрпында адамның жанын салтанатты түрде «аруақтар әлеміне» шығарып салу іс-әрекеттері жасалған. Аста сойылған ат пен таратылған киімдері о дүниеде марқұмға жете-ді деп түсінген. [10]

XIX ғ. соңы мен XX ғ. бас кезінде өзбектердің өлікті жерлеу салты олардың тұтынған дінімен байланысты болған. Алайда, өзбектердің діні бағзы діни ғұрыптар және ислам дінінің рәсімдері-мен аралас келген. Өзбектердің діни наным-сенімдері, ырымдары мен діни ғұрыптарының мән-мағынасы, тарихы қазақтардың діни сенімдерімен, жөн-жоралғыларымен ұқсас келеді. Әрине, бұлардың кейбір ұлттық ерекшеліктері, айырмашылықтары бар. Олар әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық құрылыс, отбасы жағдайларына және әрбір аймақтардағы жергілікті халықтардың оты-рықшылығына байланысты болған.

Хорезмде кездесетін «*рухи равон*» деген тәжік термині «рух» ұғымын береді. (Равон – «раф-тан» жүру, қозғалу мағынасын береді) рух ұйықтап жатқан кезде денеден бөлініп шыға алады, өлген соң рух өз үйіне, туыстарына келіп тұрады. [11] Ең бірінші рухқа (марқұм адамға) тұратын жер керек деп

түсінген. Хорезм бейіттері құрылыс формасының өзгешелігімен таң қалдырады. Хорезмде қайтыс болған адамға, яғни рухқа баспана жасау дәстүрі бойынша барша атақты мазар-лардың жанына, яғни *аруақ үйін* (атамның үйі) жасаған. Марқұм адам материалдық жан болған-дықтан арнайы үйі болу керек деген ұғым мен оның жанына қатысты ұғым байланысқандықтан екеуінің арасын шектеу қиынға түседі.

Өзбектер өлікті құрметтеп, жерлеу дәстүріне ерекше мән берген. Өліктің артын атқару рәсім-дерін катал сақтаған. Олар өлген адамның жаны о *дуниеде* өмір сүреді, ал оның рухы жерде қала-ды және тірі қалған тумаларына басшылық етеді деп сенген. [12] Мұсылман мерекесі қарсаңын-дағы кештерде *руза хайити* (ораза айт), *қурбан хайити* (құрбан айт), сол сияқты жұма күндері *жума окшоми* және *душанба окшами* күндері өлген ата-аналардың рухына *бугурсок* (бауырсақ), *куймок* (құймақ) пісірген, иіс шығарған, құран оқыған, өйткені жұма күндері өлген ата-аналары мен туған-туыстары майдың иісін сезіп, құран дәметіп отырады екен. Сондықтан, отбасы иелері өлген адамды еске алып, шелпек пісіріп, құран оқытып, өлген адамдардың аруақтарына бағыш-тайтын дәстүр болған. [13]

Өзбектердің көне салт-дәстүрі бойынша, еркек өлсе, онда оның жесірі және анасы аза тұтып, көк көйлек пен көк дамбал киген, басын ақ жаулықпен чорси жапқан.

Өзбектердің ғұрпында кісі өлген күні және өлгеннен кейін үш күн сол сияқты мұсылмандар-дың мерекелі күндерінде мәйіт шыққан үйде, бейіт басында мәйітті еске түсіріп *садир тепиши*, дауыс шығарып, жоқтау айтып, жылайтын дәстүр болған. Жоқтауды әйелдер ғана, яғни мәйіттің анасы, жұбайы, тұрмыс құрған апалары, қыздары, әпкесі, келіндері айтатын болған. Өзбектердің әдет-ғұрпында қалыптасқан дәстүр бойынша, дауыс шығарып жоқтау кезінде әйелдер мен қыздар қымбат, түрлі-түсті киімдерін киген. Ал мәйіттің жесірі мен анасы көк түс киім киген. [14]

Өзбектердің түсінігінде баласы өлсе анасына көп жылауға болмайды, бала ерте барып әкешесін күтіп алуға дайындалады деген түсінік болған. Мәйітті жоқтап дауыс көтеріп жылаған әйелдер шашын тарқатып, білезік, сырға, жүзік, моншақ, алқа сияқты әшекейлерін алып тастай-тын. Дәстүр бойынша жоқтауды жасы үлкен, тәжірибесі мол әйел айтатын болған. Өзбектердің бұл әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі аза тұтқан адамдардың қайғы-қасіретіне көпшіліктің бірге мұңы мен уайымына ортақ болатындығын білдіретін халық ғұрпына байланысты қалыптасқан. [15]

Ақырғы сапарға аттанар адамның қоғамдық жағдайына, дәулетіне қарай, онымен қоштасқанда көп халық қатысқан. Мәйітті жерге түсіргенге дейін оны арнайы бөлмеге қойып, жасы үлкен ақсақалдар күзеткен. Өзбектің ертедегі салты бойынша өлген адамды ең жақын тума-туыстарына естірту үшін беделді құрметке бөленген ақсақалдар уақиғаны ишаретпен хабарлаған. [16] Мұны өзбек халқында *эшиттируз* (ескерту) деп атаған. Алыс мекендегі тумаларға арнайы адамдар *айтувчи* жіберген. Жерлеуге келген әрбір ересек адам мәйіттің тумаларына *бандагилик* (көңіл айту) айтады. Егер жас жігіт қайтыс болса, оның жесірі аза күндері *тун* (шапан) және *телпак* – бас киім киген. Егер шабандоз өлсе аула ортасына оның тірі кезінде мінген аты, ер-тұрманы, т.б. бұйымдарын қойған. Егер науқас адам түске дейін қайтыс болса, оны сол күні жерлеген, егер түстен кейін өлсе, оны келесі күні жерлеген. [17]

Қазақтың дәстүрі сияқты өзбектерде де өлген адамның жаназасын шығармастан бұрын мәйітті жуу дәстүрі сақталған. Мәйітті жуу молданың нұсқауы бойынша өткізілген. Жартылай көшпелі өзбектер мәйітті өздері жуған немесе оның сүйегіне тумалары үш адам болып түсуі шарт. Ферғанаға қарасты Сарқандта мәйіттің денесін оның ең жақын тумасы жууға тиіс болған. Мәсе-лен, әйелдің денесін оның апасы жуатын болған. Апасы болмаған жағдайда әкесі жағынан апасы-ның қызы, ол болмаған жағдайда анасы жағынан ағасының қызы жууға тиіс болған. Ал бұлар болмаған жағдайда көршілерінен жәрдем сұраған. Әйелдің денесін жуу үшін жасы қырықтан асқан әйелдер қатысқан. Еркектің денесін әке жағынан тумалары жуған. [18] Ал отырықшы өзбектерде мәйітті арнайы адам жуған. Мәселен, Кашкадария облысының Қасан ауданына қарас-ты Майжанақ қыстағында мәйітті жуушыны гасол, Қасан қыстағында мурдашуй, Сурхандария облысында пошшо деп атаған. Мәйітті жуып болған соң оның денесін ақ матамен кебіндеп орап тағы үш жерден (бас, тізе, өкше) байлап, үстіне шапан, таза мата жауып жаназасын шығаратын болған. Бұдан кейін мәйітті арнайы ағаштан жасалынған тобут (табытқа) салып, марқұмның денесін зиратқа жеткізген. [19]

Өлікті үйден шығарар алдында ер адамдарға бір кесек мата сорандоз, әйелдерге қызыл түсті матадан йыртыш (жыртыс) үлестірген. Бұлардан басқа ер адамдарға 3-5 теңге ақша, кишмиш (мейіз) бір-бір кесек (әсіресе, қарттарға) үлестірген. Бұл ақша мен тағамдарды жиналғандар өлген адам жасы үлкен қария болса табаррук (бақытты) деп аталған, ал өлген адам жас жігіт болса, ақша немесе тағамдарды алу ұят санаған. Дәстүр бойынша әйелдерге ақша үлестірілмеген. [20]

Табытты үйден шығаратын кезде жақын тумалардың бірі табыттың бетіне майда тиындар шашқан. Үйден табытты алып шыққаннан кейін аулада таза жерге қойып, жаназа шығарған. Мәйітті бейіт басына жақын-алыс тумалар, көршілер алып барған. Үйде қалған жасы үлкендер мен алыс қыстақтан келгендерге қонақасы шурва, палау берілген.

Қайтыс болған адамды көп сақтамаған. Науқас қайтыс болған бойда таңертең үш-төрт кісі қабір қазу үшін зиратқа жөнеледі. Қабір қазушылардың ішінде ата-бабалардың жатқан жерін жақсы білетін жақын тумаларынан бір адам болуы тиіс.

Ер адамдарға қазылған қабірдің тереңдігі оның беліне дейін болған. Қабір шұңқырының батыс жағынан лахат жасап жерлеген. Мәйітті лахатқа анасының ағасы – нағашысы, ұлы, ағалары салатын. Ал ондай жақын тумалары жоқ болса, басқа тумалары көмектескен. Егер қайтыс болған әйел басқа қыстақтан болса, онда оны сол қыстаққа апарып, ата-бабаларының қасына қорымға жерлеген. Ал, өлген әйелдің балалары болса, онда оны күйеуінің қасына жерлеген. Мұндай дәс-түр өзбектердің барлық қыстақтарында және Ферғана жерінде де қатал сақталған. [21] Дәл осын-дай ғұрып тәжіктерде де бар.

Мәйітті жерлегенде басын терістікке, бетін құбылаға қаратып, оралған кебінді шешіп алып, жайлап жатқызады. Жерлеуге келгендер лахат аузы жабылмай тұрып әрқайсысы бір уыс топырақ алып, оны тумаларының біреуінің шапанының етегіне салған, ал ол бұл топырақты мәйіттің бас жағына төккен. Содан кейін лахатты таспен қалап, қабір шұңқырын көмеді. Өзбектердің салты бойынша лахатты бекітіп қалайтын тастар үй қабырғасының тастары немесе мәйіттің өз жерінің топырағы болуы шарт.

Өзбектердің дәстүрі бойынша өлген адамға хатым құран шығарылып, жылы беріліп, асы өткізілгеннен кейін де марқұм болған адам ұмытылмайды. Өркез оған, басқа аруақтармен қатар құран бағыштап отырған.

Өзбектердің жерлеу тәсілінде екі дәстүр болды: жер беті сағанасы – сағона және үңгір мола – гур. XX ғасырдың басынан бастап гур көп таралды. XX ғ. басында тұрғын үйлердің ішінде жерлеу Бұхараға тән болды. Осыған байланысты салттың сипаттары қазіргі этнографиялық материалдарда көрсетілген. Әрі бұрынғы Согданың шығысына қарай жылжыған сайын зороастралық сенім жойы-ла бастайды. Бұл идеологиялық түсінікте де көрсетілген зороастралық культқа кірмеу бұл аудан-дарды таулы Тәжікстанмен жақындастырады. Әрі бұл ортазиялық ирониді айналасындағы жазық аудандарының тұрғындарынан ажыратады. Бұхара оазисіндегі тәжіктердің басқа Орталық Азия аудандарында тұратын халықтардан айырмашылығы оның дәстүрлік мәдениетінің ерекшелігін жатқызуға болады, оның қалыптасуына ирантілдес және түркітілдес халықтар әсер еткен.

Қазақ халқы мен Орталық Азия халықтарының өлген адамды жерлеу салтында бірқатар айырмашылықтар байқалады. Оның негізгі айырмашылықтары ретінде, жүйелі түрде мына белгілерді атауға болады:

– Өлген адамды жуындыруға қатысты жасалатын ғұрыптар. Егер қазақтарда өлген адамды жуындыру сауабы мол іс саналса, өзбектерде, тәжіктерде, түркімендерде өлген адамды жерлеу ғұрыптарында зороастризм ықпалы, белгілері басым кездесті.

– Өлген адамға ас беру қазақтарда ұлы жиын түрінде, түрлі жарыс-сайыстар ұйымдастыры-лып, той есебінде өткізілсе, Орталық Азия халықтарында мұндай дәстүр болмады. Өлген адам-ның жылын беруде қой сойылып, туған-туыс, көршілеріне ас беріліп, бата оқумен тарайтын.

Жалпы алғанда, әр халықтың отбасылық салт-дәстүрлерінде өмірдің негізгі үш кезеңін қамти-тын адамның: дүниеге келуі, неке құруы және көз жұмуына байланысты әдет-ғұрыптардың, жосын-жоралғылар мен ырым-нанымдардың жасалуы бір ғана отбасы емес рулас тайпаластар-дың араласуымен жүзеге асты. Сөйтіп, қоғамдық-әлеуметтік маңызға ие болды. Жоғарыда атал-ған салт-дәстүрлердің ошағы – отбасы саналды. Жұмыс барысында өзбектердің осы аймақта тұратын өзге де халықтарда, әсіресе, қазақтардан өмірдің түрлі жақтары секілді отбасылық салт-дәстүрлері жөнінен көп ұқсастықтары бар екені көрінеді. Орталық Азия халықтарында отбасына байланысты салт-дәстүрлер өзінің алғашқы мазмұнын әлі күнге дейін сақтап қалған. Отбасында кездесетін дәстүрлердің екі халыққа да ортақ әдет-ғұрыптардың кездесуі – екі халықтың этноге-нетикалық түп-тамырының бір екендігінің айғағы.

Жалпы алғанда негізінен ислам қағидаттарымен іске асатын адамды жерлеу, артын күту ғұрыптары Орталық Азия халықтары және қазақтар үшін бірыңғай болып келеді. Ондағы этника-лық ерекшеліктер басқа отбасылық ғұрыптар тобына қарағанда кемшіндеу болып келеді.

1. Гродеков Н.И. Киргизы и каракиргизы Сырдарьинской области. – Ташкент, 1889. – Т.1. – 398 с.
2. Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верования и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969. – 355 с.
3. Снесарев Г.П. Традиции мужских союзов в их позднейшем варианте у народов Средней Азии // Поле-вые исследования Хорезмской экспедиции в 1957 г. – М., 1960. – С. 176.
4. Снесарев Г.П. Реликты домусульманских верования и обрядов у узбеков Хорезма. – М.: Наука, 1969. – 355 с.
5. Диваев А. Древнекиргизские похоронные обычаи. ИОАИЭ. – 1897. – Т.14, вып. 1. – С. 184.
6. Әбілқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Атамұра, 1993. – 158 б.
7. Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты. – Алматы: Арыс, 2005. – 175-200 б.
8. Қыдыралин Ү. Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы ерекшеліктер // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. – Алматы, 2005. – 1 т. – 168 б.
9. Ерназаров Ж. Семейная обрядность казахов: символ и ритуал. – Алматы, 2003. – 199 с.
10. Толеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX – нач. XX в.). – Алма-Ата: Гылым, 1991. – 213 с.
11. Токарев С.А. Ранние формы религии и их развитие. – М., 1964. – С. 186.
12. Тайжанов К., Исмаилов Х. Особенности доисламских верований у узбеков-карамуртов. Древние обряды верования и культуры народов Средней Азии. – М., 1986. – с. 110-125.
13. Народы Средней Азии и Казахстана. – М., 1963. – Т.II. – С. 324-325.
14. Народы Средней Азии и Казахстана. – М., 1963. – Т.II. – С. 324-325.
15. Буриев А. Большая семья у узбеков на рубеже XIX-XX вв. Этнографические материалы юж. обла-сти Узбекистана: канд. ист. наук. – Ташкент, 1985. – 203 с.
16. Наливкин В., Наливкина М. Очерки быта женщины оседлого туземного населения Ферганы. – Казань, 1886. – 244 с.
17. Древние обряды верования и культы народов Средней Азии. – М.: Наука, 1986. – 205 с.
18. Кармышева Б.Х. Архаическая символика в погребально-поминальной обрядности узбеков Ферганы / В кн.: Древние обряды верования и культ народов Средней Азии. – М., 1986. – С. 142-143.
19. Троицкая А.Л. Старинные обычаи, обряды и поверья таджиков верхнего Зеравшана. Занятия и быт народов Средней Азии. – Л., 1971, – С. 239.
20. Буриев А. Большая семья у узбеков на рубеже XIX-XX вв. Этнографические материалы юж. обла-сти Узбекистана: канд. ист. наук. – Ташкент, 1985. – 203 с.
21. Тайжанов К., Исмаилов Х. Особенности доисламских верований у узбеков-карамуртов. Древние обряды верования и культуры народов Средней Азии. – М., 1986. – с. 110-125.

Резюме

В статье в сравнительном аспекте рассматриваются некоторые этнографические особенности в свадеб-ных традициях казахского народа и народов Средней Азии.

Дается описание традиций, обычаев, примет верований связанных с бракосочетанием, женитьбой, замужством, выплатой калыма. Отдельное внимание уделяется содержанию терминалогии рассматриваемых традиций.

Summary

Article in comparative perspective examines some ethnographic characteristics in wedding traditions of the Kazakh people and the peoples of Central Asia.

Describes the traditions, customs, beliefs related to weddings, your marriage, zamužstvom, payment of money. Individual attention to terminalogii the traditions.

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДӘСТҮРЛІ МЕРЕКЕЛЕРІ МЕН ОЙЫНДАРЫ: ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯСЫ

А.Б. Калыш – д.и.н., профессор, зав. кафедрой археологии, этнологии и музееведения факультета истории, археологии и этнологии КазНУ имени аль-Фараби

Мерекелер мен ойындар ұлтымыздың тарихында үлкен маңызды иеленген. Олардың пайда болуы ерте дәуірден басталады, әрі өзінің дамуы жолында қоғамдық қатынастары мен шаруашылық қызметіне сәйкес формасын өзгертіп отырған. Ойындар мен көңіл көтеруінің шығуы жөнін-дегі теория еңбек үрдістері, сонымен қатар адамдардың практикалық қызметінің жемісі екендігі белгілі. [1, с. 48-106]

Ұлттық ойын-сауықта спорт, әскери нақыш, культтік көріністер, магиялық қозғалыстар, «шынайы өмір, кейде қолданыстағы, кейде жойылып кеткен және тек қандай да бір сарқыншағы сақталып қалған (ойын-қозғалыс немесе ойын-ән)» құбылыс өзіндік көрінісін табады [2, с. 137]. Мұндай жағдайда еңбектің жан-жақтылығын, зерттелетін этностың рухани болмысы мен тұрмы-сын қамтиды, олардың көпшілігі көшпелі ортада пайда болып, «өзіндік мазмұнымен, саласымен, өткізілу уақыты және орнымен, көшпелі-мал өсірушілердің материалдық мәдениеті және олар-дың дүниетанымының ерекшеліктері барлық құрылымдардан көрінді». [3, с. 109] Уақыт өте келе қоғамның материалдық өзгеруімен ойынның қалыбы мен мазмұны да өзгерді.

Мерекелер мен ойын-сауықтар әрқашанда тәрбиелік, әскери-спорттық, ғұрыптық, эстетикалық-көзқарастық, жан-жақтылық және т.б. қоғамдық қызметтер атқарады. [4, с. 99] Мысалға, ойын арқылы жас адамда алдану және машықтану қалыптасады, дене шынығады және ойлау қабілеті артады, «ойында қазіргі өмір өзінен нені талап ететінді үйренеді. Қыздардың да алдында осы мақсат тұрады». [5, с. 87]

Неғұрлым маңызды және жан-жақты қызмет атқарған әскери-спорттық ойындар, әскери тұр-мыспен (соғыстар, жүгіру, қақтығысу) және қоғамдағы шаруашылық әрекетпен байланысты болды. Мұндай ойындарға сайыс, аударыспақ, жамбы ату, алтын қабақ, білектесу, күрес және т.б. жатты.

Мерекелер мен ойын-сауықтың бір бөлігі ғұрыптық және салт-дәстүрлік қызмет атқарды. Оларға жерлеу және еске алу (ас беру), сонымен қатар неке салттары жүйесі кірді. Олардың көп-шілігі дами отырып және қайта оралу арқылы өзінің алғашқы мазмұнын жоғалтты. Бұның мыса-лына аламан бәйге, көкпарды жатқызуға болады.

Маңызды құндылықтар (жеңіс, алға ұмтылушылық, батылдықты дәлелдеу) ойынның әлеуметтік қызметімен астасып жатты.

- Мерекелер, той және ас.

Халықтық мерекелер (мейрам, той, ас) және ойындар атаулы оқиғаларға арналды және қоғамдық маңызға ие болды. Н.Зеланд: «Ас және той – үйлену және басқа да жанұялық оқиғалар, қан-шама исламдық мейрамдар болса да негізгі себебі болады», – деп атап көрсетті [6, с. 29]. Э.С. Вульфсонның мәліметі бойынша, «ең үлкен қырғыздық (қазақтық – Қ.А.Б.) ас – барлығына мейрам. Мейрам – ат үстіндегі тартыспен еске алынады», бірақ жиі жеке түрде емес, айналып кел-генде және қоғамдық мейрамдарға айналады. Қырғыздарда ас осындай мәнге ие болады. [7, с. 50]

Рудың құрметті ақсақалына арнап, өткізілетін асқа атақ дәрежесіне қарамай, көп жұрт жинал-ған, кей кезде 15000 кісіге дейін жететін болған. Онда жыр айтылып, әндер шырқалған. Қызықты думан: «жаксы тойға жүздеген шақырым жүріп бару түкке тұрмаған. Барлық жағдай қонаққа тойғызып тамақ беруге және көңілінен шығуға арналған». [8, с. 91] Ұйымдастырушылардың тұр-мыстық жағдайына байланысты той 3 күннен 7 күнге дейін созылған. Сондықтан күнделікті қан-дай да бір ойын, жарыс және соңғы күні барлығы тамашалайтын, яғни астың ең тиесілі және маз-мұнын құрайтын ат жарысы өтеді. [7, с. 51-53; 9, с. 50-59]

Отбасылық-рулық мейрамдардың арасында маңыздылығы жоғары болған үйлену тойын өткізу, көбінесе, қоғамдық сипатқа ие болды. Оған таныс және таныс емес адамдар да қатысқан. Той бар-лығына тамақ берумен басталады. Мұнда халық әндерін және белгілі ақындар айтысын тыңдауға, ойындар мен әзіл-сықақтарға қатысып, көрінуге болады. Үйлену тойында тек қана әзіл-қалжыңға байланысты көптеген ойындар бағдарламаға енеді, ең көңіл көтеретіні бәйге. Оған ұйымдастыру-шылар тарапынан өте бағалы сыйлықтар тағайындалды. [10, с. 344; 11, с. 20-35; 12, с. 136]

Үлкен мән берілетін оқиғаның бірі – ұл баланың дүниеге келуі. Бұл отбасылық қуаныш болға-нымен, көбіне, өз шегінен шығып мейрамға ұласқан. Бұған перзенттің дүниеге келуіне

арналған шілдеhana, баланың тыныш ұйықтауын қамтамасыз ететін бесік той, сәбидің туылғанына қырық күн болғанда атап өтілетін қырқынан шығару, мұсылмандық салтқа байланысты ер балаларды үш жастан тоғыз жасқа дейінгі аралықта сүндетке отырғызатын сүндет той жатады. Аталған мейрам-дардың негізгі бөліктеріне «тамақ, сусын, ат сайыстары» [13, с. 30] және басқа да ойын-сауықтар кіреді.

Орта Азия мен Қазақстан халықтарының ең айтулы мейрамдарының бірі – Наурыз (Жаңа жыл) мерекесі, 22 наурыз күн мен түннің теңелетін, көктем туатын кезең болып саналады. Наурыздың тойлануы мен ғұрыптары табиғатқа табынудан, зороастриттік Жаңа жылдан шыққан. Патша үкіметі оны ғасырлар бойы халықтың жадынан өшіріп тастай алмады. [14] Жаңа жылды көктемде тойлау басқа Азия халықтарына да тән. [15, с. 104]

Қалыптасқан сенім бойынша бұл күні халық қыстың ауыртпалығынан құтылып, малдың аман-есен сақталғанына қуаныш білдіреді. Наурызға әрбір отбасы алдын ала жеті тағамнан тұратын ғұрыптық дәм (наурыздық) дайындады. [16] Ол үшін қазақ халқының дәстүрлі тамақтану жүйесін пайдаланды. Бұл тағамды тоя жеу арқылы қазақтар жыл бойы тоқ жүруге үміттенді. Наурызды тойлау үш күнге созылды және барлық ауылдастар бір-бірін құттықтап, бақыт пен сәттілік тіледі. Наурыз қыз бен жігіттің айтысынан басталады, мұнда қыс пен көктемнің символдық күресі көрініс тапты және кәрісі мен жасы, баласы мен әйелі барлығы белсене қатысатын халықтық ойын-дармен, тартыстармен аяқталды. [17; 18, с. 13-16]

Көктемнің келуімен тағы бір көпшілік мейрам – ол халықтың көшпелі тұрмысында аса мәнді, рудың немесе тұтастай ауылдың қыстаудан ерте көктемде жайлауға көшетін «қымыз мұрындық». Сондай-ақ күздің соңында қыстауына қайтып оралған кезде мереке ретінде аталып өтілді. Бұл мерекені жастардың қолпаштауымен әулет сенім білдірген ең әдемі бойжеткен басқарды. Оның соңынан басқа адамдар жүктері мен шаңырақтарын малға артып ерді. Жаңа қоныста бір ойынды екіншісіне ауыстыра отырып, түн ортасына дейін сауық-сайран құрды. [9, с. 42.; 12, с. 71-72; 19-20]

Әлемдегі барлық ислам елдер сияқты, жылына екі діни мейрам – оразаны ұстау немесе аяқтал-уы (ораза айт) және 70 күннен кейін құрбандық шалу (құрбан айт) міндетті түрде тойланды. [21, с. 77-84; 22, с. 98; 23, с. 139; 24, с. 111-114] Дінбасылары бұл дәстүрді барлық жағынан қолдауға тырысты. Мысалы, ірі байлар қолындағы ақшасын немесе малын «қайыр», «садақа» ретінде мешітке, әулие адамдарға және сондай орындарға апарып берді. Құрбан айт күндері құрбандыққа ең тәуір малын сойды. Қазақтарда, басқа ұлттармен салыстырғанда, оның діни мазмұнынан гөрі дәстүрлік жағы басым келді. Бұл мейрамдар салтанатпен болмаса да, басқа да мерекелер секілді әртүрлі ойындар мен ойын-сауықтармен аталып өтілді. [25, с. 58-59; 26, с. 47-48]

Барлық мейрамдар мен тойлар ойын-сауық пен жарыстар кіріккен, кәдімгі құқықтық және этникалық жағдайға реттелген, халықтың салт-дәстүріне негізделген түрде өткізілді. Сондықтан барлық қатысушылар әрбір мейрамға арналған бағдарламада кімнің шығатынын біліп отырған. Әдетте, жеребе тастап болғаннан кейін ойынға кіріскен. «Ойындар өзіне жиі назар аудартуға бағыттайды, кейде керісінше, тек дұрыс анықтауды (ойын арқылы) қарсыластары алдында кім салтанатқа лайықты, бақытты екендігін шешеді». [2, с. 138] Жарыс барысында даулы жағдайлар қалыптасып, шулы мәселелер туып отырған. Бәрінің себебі – патриархалды-рулық дәстүрлер кей-де шектен шығып, «халықтық мейрамдар рулық бақталастық пен жаулықтың рухын өршітіп, тай-па аралық және ру аралық алауыздықтарға, тіпті, қарулы қақтығыстарға да әкелетін». [3, с. 109]

Ру басылары сайыстарда өз адамын жеңімпаз етуге тырысты, бұл бір жағынан өзінің қалың көпшілік арасында күші мен басымдылығын көрсету болса, екінші жағынан, кейде тұтастай жыл-қы табыны берілетін құнды сыйлықтар арқылы байлығын көбейту тырысқан. «Жүгіру, күрес немесе басқа да бір сайыста берілетін жүлде ешқашанда жеңімпаздың өзіне тимеген, сол рудың ақсақалына берілген». [27, с. 53-60] Әдетте, ат бәйгесіне негізінен ауқатты адамдардың шабан-доздары қатынасқан, жүлдені солар жеңіп алған.

Жылқыны қастерлеу және ат ойындарын жақсы көру дәстүрі бүгінгі күнге дейін сақталып қалды. Дәстүрлі қазақ қоғамында жылқыға шаруашылық-экономикалық маңызынан өзге символ-дық аса мән берілді. Онсыз жер, мүлік, құқықтық, отбасылық, заңдық және басқа да реніштерді және ауыртпашылықты жеңу мүмкін емес болған, бұл қазақтардың заңы Тәуке ханның «Жеті жарғысында» айқын көрініс тапқан. [28, с. 476-496; 29, 38-41 б.]

- Дәстүрлі ат-спорттық және күш сынасу ойындары.

Қазақтардың көшпелі өмір салтында ат жарысы және жылқыға қатысты барлық мүмкін ойын-дар кең тараған, бұл адамдардың күштілігін, ептілігін, өжеттілігін дамытқан. Бұл сала бойынша белгілі маман, дәстүрлі отандық жылқы өсіруді зерттеген ғалым А.У. Тоқтабай қазақтарда революцияға дейін мұндай ойындардың 40-қа жуық түрі болған, оның бізге оншақтысы ғана жеткен дейді. [30, 31 б.] Солардың бірнешеуін қарастырайық.

Аламан бәйге – ұзақ және өте ұзақ қашықтыққа жарыс (25, 50, 100 км), ертеден сіңіскен және аса белгілі сайыс түрі болып табылады. Бұл атаумен өзбектерге және қырғыздарға да белгілі. Ол көшпелі тұрмыспен, аттарды ұзақ қашықтықтарға дайындау қажеттігімен, ең негізгісі соғыспен немесе табынды айдап алып кететін барымтамен, сонымен қатар жылқының тұқымын асылдан-дыруға байланысты орныққан. «Аламан» термині М.Т. Тәнекеевтің түсінігінше шабуыл, атты әскери жасағының қарақшылығы [31, с. 143], бұл терминмен шабуылшыларды да атаған. [32, с. 134] Аламан бәйге ірі ұлттық мейрамдарда атақты тұлғаларды еске алуда (ас) бағдарламаның бірінші және негізгі түрі болып табылады. Жарыс даланың тегіс, ойлы-қырлы, кедергілі жерлерде аттардың саны мен жасына шектеу қойылмастан өткізілді. [9, с. 56] Алдауға және аттардың ауы-сып мінілуіне жол бермес үшін ұйымдастырушылар арнайы жасақтар қойып, жарыстың әділ өту-ін қадағалады.

Бұнда шабандоздың кәсіби шеберлігі, яғни, аттың күшін дұрыс пайдалану, басқара білу, әр қашықтықтың жылдамдығын реттеп отыру үлкен маңыз атқарды. Аламан бәйге кезінде мынадай жағдайлар да болды, «кейбір аттар ұзақ қашықтыққа шаба алмай жарты жолда қалды, ал кейбіреуінің аяқтары сынып, жарыс алаңында өз шабандозымен құлап жатты». [33, с. 25]

Бәйгеге шабатын аттарды таңдағанда: тұқымына, дене тұрқына, биік және мықты кеуде сияқты белгілеріне баса назар аударылды. Мысалы, аламан бәйге үшін жүрдек және жұмсақ қозға-лысты, ұзақ жолдарды шаршамай шабатын жылқылар таңдалса, кәдімгі бәйгеге – биік әрі, тұр-патты, шапқан сайын делбесі қызатын жүйріктері таңдалды. [34, с. 61-62]

Қазақтар жүйріктерін көз тиюден қорғап, «бәйгеге түсетін аттарды олар ешкімге көрсетпеді, оларды өте құпия ұстады, жалы мен құйрығын күзеп, әр жеріне бояу жағып, жаман көздерден сақтау үшін тұмар байлап қойған». [35, с. 60] Шабандоздыққа жеңіл салмақты 8-14 жас арасын-дағы балалар таңдалды. Олар ақ немесе басқаша түсті киім киді және бастарына әртүрлі түстегі орамал тақты. Кейде орыс ғұрпының әсерімен аттың қосалқы есімдері, иесінің аты, шабандоздың аты жазылып, реттік нөмір берілді. [36, с. 2] Шабандозды анықтау үшін мәреге жақындағанда рудың ұранын айтып, айқайлап, белгілі орындарды: бас бәйгені, орта бәйгені, аяқ бәйгені өзара бөлісті (бірінші, ортаңғы, соңғы). [37, с. 419-420]

Жұлделер шабандоздардың санына және ұйымдастырушылардың қаржылық мүмкіндігіне байланысты әртүрлі болды, кейде 5-тен 15 атқа дейін, сондай-ақ қымбат маталар, киіз үй, мал түрінде, тіпті, ақшалай берілді. Бәйгенің жеңімпазына кейде ең үлкен жүлде 100 жылқы, 30 түйе, 30 сиыр, 500 қой және 100 сомдық бағалы тауар аталған. [9, с. 55] Қалған жұлделер аздау болған.

Шемаху с Ираном соединяли две караванные дороги. Первая шла по правую сторону от Шемахи и доходила до города Джавад, расположенного при соединении рек Куры и Араза и оттуда до Муганской степи до Ардебилля. От побережья Каспия до Ардебилля, являвшегося портом для Тебриза, шли большие караванные дороги Ардебиль-Тебриз, а также Ардебиль-Казвин-Кашан. Другая дорога лежала вдоль ущелья реки Пирсагат, мимо Аджикабула, через Сальяны, Астарту и далее вдоль побережья Каспия в Иран.

Караванные дороги – Нишабад-Шабран-Алтыгагач-Шемаха, их рукав – Нишабад-Куба-Афурджа-Конаг-кенд-Алтыгагач-Хильмилли-Шемаха и от Нишабада вниз на юг вдоль побережья Каспия также соединялись международными путями, проходящими через Иран.

Немалую роль играл караванный путь, проходящий через Сальяны. Он спускался по суше на юг к Астарте или же прямо от Сальян водным путем через рукава Куры-Балакюр и Гямидуран, спускался к заливу Гызыл-Агач, откуда протянулся морем в Иран и внутренние области Азии.

Апшеронский полуостров с главными торговыми въездами – Шемахинским, Сальянским воротами в Баку также обслуживался местными караванными дорогами, с запада, юга, севера, которые соединялись с мировыми торговыми путями.

Материалы российских чиновников свидетельствуют, что шелководство, переросшее в одну из самых прибыльных отраслей народного хозяйства в средние века, продолжает широко распространяться и в первой половине XIX века. Такие области Азербайджана, как Ширван с центром в Шемахе, Карабах с центром в Барде, Шеки, Гянджа, экспортировали за границу в большом количестве шелковое сырье и шелковые изделия.

По материалам русских чиновников первой половины XIX века известно о красоте гянджинского шелка и преимуществе его над шелками из других стран. В первой половине XIX века азербайджанский шелк был прославлен в Западной Европе. Завозимое купцами из Азербайджана для дальнейшей переработки в европейские мануфактуры шелковое сырье покупалось по высоким ценам, как самая высококачественная продукция.

Русские чиновники сообщают, что во внешней торговле России в первой половине XIX века производимые шелковые изделия из Азербайджана занимали основное место. В их материалах сообщается, что побывавшие здесь путешественники отмечали богатство и разнообразие азербайджанского шелкового производства и шелкового сырья. Каждая область Азербайджана в отдельности отличалась особенностями своей продукции. Шемаха (Ширван) прославилась своими нежными и красивыми рисунками, келагаи, шарфами; Карабах – в особенности своими шелковыми коврами с красивыми рисунками; Гянджа – шелковыми платками и чадрой; Шеки – разноцветными шелковыми тканями, наволочками и другими изделиями с вышивкой. Наряду с нарастающей потребностью в шелковом сырье Азербайджана, в России повысился интерес и получили высокую оценку такие шелковые ткани, как атлас, хинка, парча.

Однако переход шелководства как одной из самых тонких отраслей ткацкого ремесла, получившего распространение в Азербайджане с древности, на промышленную основу прошел сложный исторический путь. Материалы русских чиновников сообщают о том, что в первой половине XIX века царское правительство, в особенности русская буржуазия, серьезно заинтересовалось использованием сырьевых ресурсов. С этой целью сюда было направлено множество царских чиновников для изучения возможностей расширения использования сырьевых ресурсов, необходимых для российской промышленности. Они отдавали предпочтение расширению производства шелкового сырья в Азербайджане как центра шелководства на Кавказе и усилению его экспорта за границу.

Поэтому желание удержать Азербайджан, находящийся в это время в составе царской России, на уровне источника сырьевых ресурсов тормозило развитие промышленного производства шелка. Несмотря на это, искали пути для удовлетворения потребностей России в шелковом сырье и создавались условия для развития шелковой промышленности. Первая капиталистическая мануфактура на Кавказе была основана в азербайджанской промышленности.

Поэтому не случайно реальные предпосылки и выгодные условия для прихода на сцену ману-фактуры шелководства создавались на Кавказе, в Азербайджане. В 1846 году в газете «Кавказ» №24 писалось: «На Кавказе первая шелковая фабрика на промышленной основе, находящаяся в ведении государства, была основана в ведении государства, была основана в 1827 г., в Нухе». Шеки превратилась в основной промышленный центр по производству шелка.

В 1829 году вблизи Шеки был создан центр шелководства «Чарабад». На известной как «Кавказская мануфактура Чарабад» фабрике по разматыванию коконов, находившейся в ведении российского государства, использовался наемный труд. Для обучения местных мастеров Работе на новом оборудовании были привезены 12 фабричных работников из Италии вместе с семьями. Как сообщалось в то время, шелковое сырье полученное «европейским методом» на фабрике по разматыванию коконов, получило высокую оценку специалистов из Санкт-Петербурга.

В ноябре 1837 года по указу царя фабрика была передана специально созданному за год до того акционерному «Обществу по распространению шелковой промышленности и торговли в Закавказье».

В 30-50 гг. XIX века 85% произведенного на Южном Кавказе шелка давал Азербайджан. Азербайджанское шелковое сырье вывозилось в основном на ярмарки Москвы и Нижнего Новгорода.

С развитием Азербайджанской шелковой промышленности росла ее слава. На проведенной в 1852 г. в Москве Всемирной Выставке продукции сельского хозяйства и промышленности было выставлено много шелка, шелковых изделий различных сортов, коконов из Азербайджана.

В 1861 г. в Чарабаде по договоренности, заключенной между акционерным «Обществом по распространению шелковой промышленности и торговли в Закавказье» и московскими капиталистами братьями Алексеем и Василием Воронинскими, была запущена крупнейшая в мире по тем временам, фабрика по разматыванию коконов. Это предприятие по масштабу производства шелкового сырья занимало первое место в мире, а по качеству не уступало шелку из Марселя.

Летом 1862 г. на проведенной в Лондоне Всемирной Выставке братья Василий и Андрей Воронины были награждены бронзовой медалью за производство высококачественного шелково-го сырья и коконов. Директор центра шелководства «Чарабад» видный шелковод Зеддист был награжден золотой медалью.

Во второй половине XIX века растущая слава азербайджанского шелководства усилила приток сюда купцов из западных стран, в особенности из Франции, Италии.

Интересно, что в списке сотен западных покупателей коконов шелкопряда за 1861 г. в Шеки упоминается французский писатель А.Дюма. В документах отмечена закупка и отправка во Францию 300 пудов коконов.

В 1865 г. число западных поверенных, посетивших Азербайджан для закупки коконов, достигло 200 человек.

Азербайджанский шелк был награжден большой серебряной медалью на Всемирной выставке, проведенной в 1879 г. в американском городе Филадельфии.

Как отмечал журналист газеты «Кавказ», принимавший участие на выставке, «все американцы, увидевшие азербайджанский шелк, были очарованы и предполагали, что страна, выпускающая такую продукцию, безусловно прекрасна». Именно в это время, посетившие Азербайджан различного рода деловые люди писали и восторгались о давно известном им сорте шемахинского «Таламанского шелка».

Обращаясь к материалам русских чиновников, мы находим, что уже в первой половине XIX века ежегодно около 40 тыс. пудов коконов шелкопряда экспортировалось в Милан, Марсель, Лион и другие города Европы.

Азербайджанский шелк за высокое качество получил высокую оценку на мировом рынке. Превосходный азербайджанский шелк с успехом экспортировался в Москву, Лодзь, Варшаву, Милан, Марсель, Лион и другие города.

Материалы российской кавказской администрации свидетельствуют о превращении Азербайджана в центр восточно-европейской торговли в первой половине XIX века и

подчеркивают, что этому в немалой степени способствовали азербайджанские торговые города, как Баку, Куба, Дербент, Сальяны, Гянджа, Шеки, Ленкорань, Ордубад, Иреван. Через эти города велась торговля с южнокавказскими, западно-европейскими, русскими и другими восточными городами. Российские кавказские чиновники в своих материалах сообщают об этих городах как экономических центрах России торговли в восточно-европейских торговых операциях. Закупка азербайджанского шелка-сырца европейцами за наличные велась также через Астрахань посредством откупщиков. Шекинским, бакинским, кубинским и другим откупщикам было дано твердое указание продавать шелк-сырец только на серебряные монеты. Как видно из источников посредством азербайджанского шелка Россия поддерживала тесные торговые контакты с европейскими и восточными странами.

Активная международная торговля на территории Азербайджана в первой половине XIX века способствовала превращению его в важный мировой торгово-экономический центр России. Богатый природными ресурсами и высококачественными ремесленными изделиями, Азербайджан во первой половине XIX века в торгово-экономических операциях выступал как Российский единый экономический регион, с которым иностранные государства спешили строить экономические отношения.

Материалы Российской кавказской администрации также свидетельствуют о конкуренции в каспийском регионе Англии, Франции и России. Основываясь на эти источники можно сказать, что до конца XVIII столетия Россия свою политику в Азербайджане проводила с оглядкой на Англию, Францию, Иран и Турцию. В начале XIX века она возвратилась к осуществлению своей кавказской проблемы военными действиями с Турцией и Ираном. О том насколько планомерно царское правительство подготавливало завоевание Азербайджана, свидетельствуют рескрипты императоров и их поэтапные переговоры с правителями азербайджанских ханств-государств. В рескриптах Екатерины II от 8 мая 1792 года и апреля 1793 года, данные генералу Гудовичу, выражена угроза в отношении тех ханов, которые не пожелают вступить в подданство России. В 1799 по 1801 годы под покровительство России были приняты уже 3 азербайджанских ханства – Бакинское, Кубинское, Талышское. Претворение в жизнь планов внешней политики России в Азербайджане началось с оформления особых документов, имеющих юридическую силу договора между отдельными государствами. Это были «Жалованные грамоты» о покровительстве, еще не означавшие вхождения ханств в состав России, но свидетельствующие о том, что Россия претендовала на территории ханств. Об этом говорит рескрипт Александра I от 12 сентября 1801 года, где он повелевает приумножить число приверженцев России. Следующим этапом осуществления этих замыслов были переговоры в городе Георгиевске в сентябре-декабре 1802 года между представителями России и азербайджанскими, дагестанскими правителями. На этих переговорах она получила право третейской судьбы или арбитра. Этим был сделан еще один шаг на пути завоевания Азербайджана Россией. Она получила право вмешиваться в некоторые внутренние дела и вопросы, находившихся под ее покровительством ханов. Принятие под покровительство было робким шагом России на пути дипломатического осуществления своих захватнических планов, так как в конце XVIII века она имела отношения с независимыми еще ханскими государствами, которыми не могла распоряжаться по своему усмотрению. Последним этапом в реализации захватнических планов царского правительства был период подписания трактатов с 1803 по 1806 годы между Верховным Главнокомандующим Грузии, как официальным представителем России и соответствующими ханами. 12 апреля 1803 года в подданство России вступили Джаро-Белоканские джамааты и соседнее Илисуйское султанства. 14 мая 1805 года трактат о вхождении в состав России подписал карабахский Ибрагим-хан, 21 мая 1805 года – шекинский Селим-хан, 25 декабря 1805 года – шемахинский Мустафа-хан и эти Россия на пути дипломатического решения своих захватнических планов добилась окончательного решения. Окрыленная успехами, российская военная дипломатия решила завершить его в дальнейшем завоеванием: в 1804 году было завоевано Гянджинское ханство, в 1806 году – Бакинское и Кубинское ханство, в 1809 году – Талышское ханство. Это положило начало двум русско-иранским войнам в первой половины XIX века, завершившихся разделом исторической территории Азербайджана. Гюлистанский мирный договор 1813 года стал истоком, а Туркменчайский трактат 1828 года стал итогом междуна-

родного признания раздела исторического Азербайджана на две части между Ираном и Россией. С начала XIX века Российское государство стало единственным обладателем шелковой торговли на мировом рынке.

Выход Азербайджана к мировым рынкам через все транспортные пути приобрел важное значение с приобретением независимости в начале 90-х прошлого века. Без сомнения, шелководство выйдет из создавшегося положения и не только восстановит былую славу азербайджанского шелка, но и поднимет его на новые высоты.

1. Абдуллаев Г.Б. *Азербайджан в XVIII веке и взаимоотношения его с Россией*. – Баку, 1965.
2. Абдурахманов А. *Азербайджан во взаимоотношениях с Россией, Турцией, Ираном в 20-е годы XVIII века*. – Баку, 1964.
3. *Архив внешней политики России. Фонд Сношения России с Персией. Опись 77/ 1, 1757, д. 1, л.35 об; 1758, д. 2, л. 17 об.* – 18.
4. Деконский А.Г. *Экономический быт государственных крестьян в Западной части Шаруро-Даралагазского уезда*. // *Материалы для изучения экономического государственных крестьян Закавказского края. Т. I*, – Тифлис, 1885.
5. Деконский А.Г. *Экономический быт государственных крестьян Шушинского и Джебраильского уездов Елизаветпольской губернии*. // *Материалы для изучения экономического быта государственных крестьян Закавказского края. т. IV*, – Тифлис, 1896.
6. *Договоры России с Востоком, политические и торговые*. – СПб, 1869.
7. *Джаро-Белоканы до XIX в.* // №3, – Кавказ, 1846.
8. Евецкий О. *Статистическое описание Закавказского края в исходе XVII в и сравнении иного с нынешним. В 2-х частях*. – СПб., 1835.
9. Зелинский С.П. *Экономический быт государственных крестьян Зангезурского уезда Елизаветпольской губернии* // *Материалы для экономического быта государственных крестьян Закавказского края. т. IV*, – Тифлис, 1886.
10. Зелинский С.П. *Три магала: Нахчыванский, Ордубадский и Даралагезский. Географическое – статистическое и сельскохозяйственные описание* // *Сборник сведения о Кавказе. т. VII*. – Тифлис, 1880.
11. Зелинский С.П. *Экономический быт государственных крестьян Зангезурского уезда Елизаветпольской губернии* // *Материалы для экономического быта государственных крестьян Закавказского края. ч. 4*. – Тифлис, 1886.
12. *Зубов П. Картина Закавказского края. ч. 1*. – СПб, 1834.
13. *История Азербайджана в VII-ми томах. III том*. – Баку, 1999.
14. Мамедова Э.К. *Азербайджан и Каспийская Европейско-Азиатская торговля во второй половине XVIII века. Сборник «Великий шелковый путь и Азербайджан»*. – Баку, 1998, – с. 54-64.
15. Мамедов С.А. *Азербайджан по источникам в XV– первой половине XVIII века*. – Баку, 1993.
16. Юхт А.И. *Торговля России с Закавказьем и Персией во второй четверти XVIII в.* – М., 1961.
17. Юхт А.И. *Торговые компании России в середине XVIII века*. – М., 1984.

Түйін

Жібек өндіру Азербайжанның халық шаруашылығының ежелгі бір саласы болды. Ұлы Жібек Жолы – Еуразия елдерін Батыс Еуропа және Қытаймен жалғастырған сауда керуен жолы жүйесі болды. Мақалада автор орыс шенеуніктерінің Азербайжан жібегінің XIX ғасырдың бірінші жартысындағы халықаралық сау-дадағы орны туралы жазады.

Summary

In the article on the basis of materials about Russian officials of Caucasus government is researched the history of home-produced silkworm breeding as one of the profitable and primary branches of national economy in Azerbaijan in the first half of the XIX century. On the basis of Source material comes in sight the competition of England, France and Russia for the possession of silk culture in the Caspian region. On the basis of rich source arsenal is given the description of diversity of Azerbaijan*s silk culture and silk goods which make use of demand in the world trade.

**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ПЕДАГОГИКА ИНСТИТУТЫ: ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГ
КАДРЛАР ӘЛЕУЕТІНІҢ САНДЫҚ-САПАЛЫҚ ҚҰРАМЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ
КӘСІБИ БЕЛСЕНДІЛІГІНІҢ АРТУЫ (1960-1990 ЖЖ.)**

**Н.Б. Манкеев – тарихшы-педагог, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің
Магистратура және PhD докторантура институты**

Алдыңғы буын ағалардың орнын басатын жаңа буын жас ұрпақты өз дәуірінің лайықты азаматы етіп тәрбиелеу ісі адам баласының қашаннан-ақ көнермейтін өзекті міндеттері саналып келгені мәлім. Ал, мұндай аса жауапты да ардақты жұмыстың білім ошақтары мен ұстаздар қауымына жүктелері де сөзсіз. Сондықтан, мұндай жауапты міндеттердің мән-жайын жеткіншек ұрпаққа жеткізіп, ұғындыра білудің жөні бір басқа. Осы тұрғыдан алғанда зерттеліп отырған кезеңде Қазақстанда педагогикалық білім беру ісін жетілдіріп, халық ағарту саласына ғылыми-педагог мамандар даярлаудағы Абай атындағы Қазақ педагогика институты (ҚазПИ) және ондағы про-фессор-оқытушылар ұжымы қосқан үлес зор. Өйткені, республикадағы педагогикалық жоғары оқу орындарының көшбасшысы болып саналатын Абай атындағы ҚазПИ-дің профессор-оқыту-шылары студенттерді тек теориялық біліммен ғана қаруландырып қоймай, сонымен қоса бола-шақ педагогтардың ғылыми-әдістемелік мамандықтарын, қоғамдық-саяси және мәдени көзқарас-тарын жетілдіруге де баса назар аударды. Олар республиканың халыққа білім беру саласында болып жатқан өзгерістерді ескере отырып, институттың оқу-тәрбие үрдісін жетілдіруде етене байланыс жасады. Сөйтіп, студенттерге педагогикалық білім беріп, олардың ақыл-ой қабілетін дамыту мен ғылыми көзқарасын қалыптастыру бағытында оқытудың ең тиімді тәсілдерін бірлесе отырып іздестірген болатын. Осы ретте, институтта 50-жыл қатарынан ұстаздық қызмет атқар-ған, ф/м.ғ.к., профессор Бегалы Жаңбырбаев былай деген екен: «ҚазПИ-дің соңғы елу жылы көз алдымда өтті. Үлкен әңгімелерге арқау болар қызықты оқиғалардың, бас қосулардың куәсі бол-дым. Ол кезде, білім сапасы жөнінен республика көлемінде ҚазПИ-ге бірде-бір оқу орны теңесе алмайтын. Бұл әсіре айтқандық емес. Біздің түлектеріміз жоғары сұраныста болып келгені бұған дәлел. Себебі, мұнда халқымыздың көрнекті ғалымдары мен айтулы перзенттері еңбек етті. Олар-дың қатарында Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Мәлік Ғабдуллин, Орынбек Жәутіков, Мендібай Сәтбаев, Асқар Закарин, Қажым Жұмалиев, Раиса Лемберг, Қартбай Бержанов секілді тұлғалар-дың әрбір лекция сабағы үлкен тағылым еді».

[1]

Республикада педагогикалық білім беруді ұйымдастыру мен жүзеге асырудың басты мәселе-лерін шешуде институттың қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан, көргені мен түйгені мол тәжі-рибелі басшылар мен ұстаздар қауымының алатын орны ерекше. Осы тұрғыда, университеттің 80 жылдан астам тарихында 15 ректор (директор) жоғары білім ордасының көшбасшысы болып табылмақ. [2] Соның ішінде, біз қарастырып отырған кезеңде барлығы 5 ректор Абай атындағы ҚазПИ-ді басқарғанын байқаймыз. Олардың институт басқарған жылдары мен аты-жөні туралы мәліметтерді мына төмендегі кестеден анық көруімізге болады:

1960-1990 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогика институтын басқарған ректорлар

Аты-жөні	Ғылыми дәрежесі, атағы	Басқарған жылдары
Ғабдуллин Мәлік Ғабдоллаұлы	Кеңес Одағының Батыры, КСРО ПҒА академигі, ф.ғ.д., профессор	1953-1963
Толыбеков Серғали Есбембетұлы	Қазақ КСР ҒА корреспондент мүшесі, э.ғ.д., профессор	1963-1974
Жұмабеков Жүнісбек Жұмабекұлы	Қазақ КСР-нің еңбек сіңірген ғылым қайраткері, т.ғ.д., профессор,	1974-1980
Қасымов Құлжабай Әбдіхалықұлы	Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор	1980-1987
Садықов Тоқмұхамед Сәлменұлы	ҚР ҰҒА академигі, ҚазҰПУ Құрметті ректоры, т.ғ.д., профессор	1987-2008

Өз тарихын 1928 жылы 1 қазанда «Қазақ Мемлекеттік университеті» деген атаумен бастаған еліміздегі тұңғыш жоғары оқу орнын шебер ұйымдастырып, аяғынан тұрғызуда үлкен еңбек сіңірген көрнекті мемлекет қайраткері, профессор Санжар Асфендияров болса, 1959 жылдан бас-тап жалпыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім беруге көшу басталғанда институт тізгіні Кеңес Одағының Батыры, филология ғылымдарының докторы, профессор Мәлік Ғабдуллиннің қолында болатын. Бұл кезде, Абай атындағы ҚазПИ М.Ғабдуллин басшылығымен республикадағы жал-пыға бірдей міндетті сегіз жылдық білім берудің дайындық жұмыстарын жүргізумен қатар, Қазақстанда педагогикалық білім берудің жаңа кезеңінде орта мектептерге мұғалімдер даярлап, ғылыми еңбектер шығаратын ең басты және негізгі оқу орнына айналды. М.Ғабдуллиннің тұсын-да институт құрылымында айтулы өзгерістер орын алды. Мәселен, 1959 жылдан институт «Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік педагогтік институты» (ҚазМПИ) деген атауын (1956 жылдан АлМПИ болатын – М.Н.Б.) қайта қалпына келтірді. М.Ғабдуллин өзінің басқару ісінде педагогикалық білім берудің сапасына ерекше көңіл бөліп, институт материалдық базасының жағдайын үнемі қадағалап отырды. Сонымен қатар, әрдайым студенттермен кездесу ұйымдасты-рып, олардың көкейінде жүрген сұрақтардың шешімін табуына барынша қолдау көрсеткен. [3]

Жыл сайын осы оқу орнынан жоғары педагогикалық білім нәрімен сусындаған түлектер саны арта түспесе кеміген жоқ. Айталық, ҚазПИ бітірген түлектер арасында 60-жылдары республика-ның мемлекеттік және партия қызметтерінде жүрген көрнекті қоғам қайраткерлерінен Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары Балжан Бөлтірікова, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының хатшысы Бижамал Рамазанова, Қазақ КСР Оқу министрі Кенжәлі Айманов, Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы Әди Шәріпов, Қазақстан ЛКСМ Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Марапаттау бөлі-мінің меңгерушісі Б.Қосынов, атақты ғалымдар Қ.Жұмалиев, А.Нүсіпбеков, М.Ғабдуллин, О.Жәутіков, С.Толыбеков, М.Балақаев, Ә.Сембаев, М.Қаратаев, Ғ.Мұсабаев, Е.Исмаилов, Ғ.Шоланов, Л.Қылышев, С.Қирабаев, А.Ысқақов, Н.Жанділдин, Б.Бірімжанов, А.Хасенова, М.Авазбакиева, Т.Қордабаев, жазушылар Н.Ғабдуллин, Б.Сахариєв, Қ.Жармағанбетов, Х.Есенжанов, Қ.Ыдрысов, Қ.Бекхожин, С.Сеитов, композитор Б.Байқадамов тәрізді түлектерді ерекше атап көрсетуге болады. Сондай-ақ, институт бітірушілердің бірқатары ғылыми дәрежесі бар ғылыми-педагогикалық кадрлар болса, енді біреулері республика жоғары оқу орындарының ректорлығына тағайындалды. Мәселен, С.Баймурзин (Қарағанды), Б.Ермекбаев (Шымкент), Қ.Жаманбаев (Целиноград), С.Көжебаев (Гурьев), М.Әбжанов (Жамбыл), П.Щетинин (Ақтөбе) еліміздің педагогикалық институттарында, К.Сеитов Жамбыл технологиялық институтында рек-торлық қызмет атқарыпты. Қазақ әйелдерінен шыққан доценттер Т.Ә. Көшкінбаева, Н.О. Оралбаева, Ш.Қ. Сәтбаева, Р.Ж. Ержанова, Ф.М. Мұсабекова, Г.Ластаева, М.Дүйсебаева, Р.Құтхожина, З.Әкішева жоғары оқу орындарында қызмет істеген екен. [4] Міне, қарастырып отырған кезеңде Қазақстан мектептерінің қай-қайсынан болмасын республикадағы тұңғыш жоға-ры оқу орнының өрендерін кездестіруге болатын еді. Сөйтiп, институт профессор-оқытушылары тек мектептер үшін мұғалім кадрлар даярлауда ғана емес, Қазақстан мәдениетін өркендетуге де елеулі үлес қосты.

1968 жылы институттың 31 кафедрасында 12 профессор мен ғылым докторы, 154 доцент пен ғылым кандидаты жұмыс істеді. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, профессор Орынбек Жәутіков, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, ғылымға еңбегі сіңген қайрат-кер, профессор Митрофан Сильченко, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі, профессор Нина Смирнова, Қазақ КСР Ғылым академиясының корреспондент мүшесі профессор Базарбай Оразбаев, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, профессор Раиса Лемберг, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер Марк Маркович, доценттер Тәліп Мұсақұлов, Халел Әділгереев, Андрей Чижов, Иван Копылов, Үмітбай Балқашев, Николай Суворов, Төкеш Әбдісадықов, Жауынбай Амантаев, Имаш Мадин, Сәдуақас Бақшылов, Алексей Кузнецов, Ахметхан Ахметжанов, Александра Коваленко, Цезарь Фридман, Тұрсын Көшкінбаева, Райхан Ержанова, Бексұлу Шымырбаева және басқа көптеген оқытушылар институттың көркеюіне көп еңбек сіңірген ұстаздар болатын. Мұндай еңбек ескерусіз қалмай, 1968 жылы 31 қазанда Абай атындағы ҚазПИ-дің 40 жылдық мерейтойы қарсаңында республика мектептері үшін мұғалімдер мен ғылыми-педагогикалық

мамандарды даярлауда сіңірген жемісті еңбегі үшін институт қызметкерлерінің ішінде 16 адам Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Құрмет грамотасымен», 18 адам Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «Грамотасымен» марапатталды .[5] Осы арада, олардың қатарында кімдер болғаны жөнінде нақ-ты мәліметтерді жүйелі түрде төмендегі кестеден көруімізге болады:

1968 жылы 31 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша республика орта мектептеріне мұғалімдер даярлауға сіңірген жемісті еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «ҚҰРМЕТ ГРАМОТАСЫМЕН» марапатталған Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогтік институтының қызметкерлері

№	аты-жөні	лауазымы, атқарған қызметі
1	Амантаев Жауынбай Амантайұлы	КОКП тарихы кафедрасының меңгерушісі
2	Әбусадықов Төкеш Әбусадықұлы	Теориялық физика кафедрасының меңгерушісі
3	Әділгереев Халел Мұхамеджанұлы	КСРО тарихы кафедрасының доценті
4	Ержанова Райхан Жұмағазықызы	Педагогика кафедрасының меңгерушісі
5	Қирабаев Серік Смайылұлы	Филология факультетінің деканы
6	Лемберг Раиса Григорьевна	Педагогика кафедрасының профессоры
7	Мадин Имаш Барғанұлы	Оқу ісінің проректоры
8	Маркович Марк Моисеевич	Физика кафедрасының доценті
9	Оразбаев Базарбай Мәмбетұлы	Жоғары алгебра кафедрасының меңгерушісі
10	Озерова Варвара Семеновна	Гардеробщица
11	Сәтбаев Меңдібай Құрманұлы	Элементарлық математика кафедрасының меңгерушісі
12	Смирнова Нина Сергеевна	Орыс және шетел әдебиеті кафедрасының меңгерушісі
13	Суворова Ольга Александровна	Химия кафедрасының профессоры
14	Толыбеков Серғали Есбембетұлы	Институт ректоры
15	Төлегенов Бақыт Төлегенұлы	Жоғары математика кафедрасының меңгерушісі
16	Фридман Цезарь Львович	Ғылыми іс жөніндегі проректор

1968 жылы 31 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша республика орта мектептеріне мұғалімдер даярлауға сіңірген жемісті еңбегі үшін Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің «ГРАМОТАСЫМЕН» марапатталған Абай атындағы Қазақ Мем-лекеттік педагогтік институтының қызметкерлері

№	аты-жөні	лауазымы, атқарған қызметі
1	Әлімжанов Дәулет Әлімжанұлы	Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі
2	Бақшылов Сәдуақас Құрманғалиұлы	Жалпы тарих кафедрасының меңгерушісі
3	Дрозд Александр Иванович	Дене тәрбиесі кафедрасының аға оқытушысы
4	Жаңбырбаев Бегалы Сәдуақасұлы	Математика факультетінің деканы
5	Занько София Сергеевна	Зоология кафедрасының препараторы
6	Киікбаев Нығметолла Құсепұлы	Тарих факультетінің деканы
7	Коваленко Александра Николаевна	Жалпы тарих кафедрасының аға оқытушысы
8	Көшкінбаева Тұрсын Әбдірахманқызы	Тарих факультеті деканының орынбасары
9	Краева Анна Гавриловна	Институт мұрағатының меңгерушісі
10	Кузнецов Алексей Иванович	КСРО тарихы кафедрасының меңгерушісі
11	Қалиев Ғабдолла Қалиұлы	Қазақ тілі кафедрасының доценті
12	Ларина Ольга Ивановна	Орыс тілі кафедрасының меңгерушісі
13	Левин Алексей Никитич	Элементарлық математика кафедрасының доценті
14	Мұсақұлов Тәліп Мұсақұлұлы	Ботаника кафедрасының меңгерушісі

15	Пузырева Анна Андреевна	Физикалық география кафедрасының меңгерушісі
16	Сафарова Халима Хасанқызы	Кадр бөлімінің бастығы
17	Суворов Николай Иванович	Генетика және дарвинизм кафедрасы меңгерушісі
18	Ысқақов Ербол Ысқақұлы	Саяси экономика кафедрасының аға оқытушысы

1970 жылы 14 сәуірде В.И. Лениннің туғанына 100 жыл толу мерейтойына орай Абай атындағы ҚазПИ ұжымына Құрмет Грамотасы тапсырылса, институт ректоры, профессор Серғали Толыбеков бірқатар оқытушыларды «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапаттаған болатын. Олардың қатарында институт оқу ісінің проректоры И.Б. Мадин, сырттай бөлім проректоры Т.Қ. Құлахметов, факультет декандары, доценттер И.М. Төленбеков (жаратылыстану-география), Г.А. Тілеубергенова (физика), А.Ә. Әбілқаев (филология), Ш.Ф. Омашев (көркем-сурет), профес-сор С.С. Қирабаев, доценттер Т.М. Мұсақұлов, Д.Ф. Злобин, Т.Ә. Әбдісадықов, Ж.А. Амантаев, Н.И. Суворов, А.Н. Левин, аға оқытушы Е.В. Заплавнова болған еді. Салтанатты жиынға қатысқан Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрі Б.Білалов арнайы сөз сөйлеп, институт ұжымын мерейлі мерекемен құттықтады. Сондай-ақ, еңбектегі табыстары үшін доценттер Д.Әлімжанов пен А.Пузырева Қазақ КСР Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің Құрмет Грамотасымен марапатталса, Жергілікті комитет төрағасы А.С. Рябинин Құрмет кітабына есімдері жазылған институттың 190 қызметкеріне арнайы куәлік тапсырыпты. [6]

Ендігі кезекте, 1960-1970 жылдары факультет және кафедралар құрылымы мен ғылыми-педагогикалық кадрлар құрамында болған бірқатар өзгерістерді мұрағат деректері негізінде өзара салыстыра келе, ондағы сандық-сапалық көрсеткіштердің айырмашылығы жүйелі түрде берілген төмендегі кестеге назар аударайық: [7]

1960-1970 жылдардағы ҚазПИ-дің ғылыми-педагог кадрлары туралы мәліметтер

№	Жылдар	Факультет саны	Кафедра саны		Профессор-оқытушылар саны				
			фак-тік	ж/инст.	ғ.д., проф.	ғ.к., доц.	аға оқыт.	оқыт. ассист.	жалпы саны
1	1961	4	22	6	7	112	130	112	361
2	1962	3	17	7	7	102	87	48	244
3	1963	3	17	7	10	108	102	41	261
4	1964	3	17	8	11	105	99	54	269
5	1965	3	18	8	10	105	104	51	270
6	1966	3	18	8	11	109	114	49	283
7	1967	3	18	8	12	118	108	52	290
8	1968	5	19	9	13	140	112	64	329
9	1969	6	23	8	12	147	116	69	344
10	1970	6	23	8	13	151	148	70	382

1972 жылы республикада жалпыға бірдей орта білім беруге көшудің қорытынды кезеңі бас-талды. Бұл туралы КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1972 жылы 20 маусымда «Жастардың жаппай орта білім алуына көшуді аяқтау және жалпы білім беретін мек-тепті одан әрі дамыту» туралы қаулысында «Орта мектептердің жүйесі өсті, мұғалім кадрлардың саны көбейіп оқу-тәрбие процесі жетілдіру үстінде. Қоғам дамуының және еңбекшілердің саяси санасы мен мәдениетін арттырудың алғышарттарының бірі ретінде елімізде жаппай орта білімге көшуді аяқтау үшін барлық жағдайлар жасалып жатыр. Осының бәрі – халыққа білім беру сала-сындағы ірі жетістік» деп атап көрсетілді. Сондай-ақ, барлық мектеп курстары бойынша жаңа оқу жоспарлары мен бағдарламаларын енгізуді 1975 жылға аяқтау міндеті жолға қойылып, соның негізінде ғылым мен өндіріс жетістіктерінің қазіргі дәрежесін бейнелейтін тиянақты оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар кешенін әзірлеп, басып шығаруда ҚазПИ профессор-оқытушыларының жетекші рөлі арта түсті. [8] Бұл кезде институтта ардагер қарт ұстаздардан Х.М. Әділгереев, М.М. Маркович, Ү.М. Балқашев, С.Қ. Бақшылов, Т.М. Мұсақұлов, М.Қ. Сәтбаев, А.И. Кузнецов, С.Е.

Толыбеков, О.Ә. Жәутіков, Т.Ә. Әбдісадықов, Н.И. Суворов, В.Е. Бреусов, А.Н. Коваленко, А.Ахметжанов, Д.Дінәсілов, Д.Ә. Әлімжанов, Н.Қ. Киікбаев, Г.Г. Гайнутдинов, Ж.А. Амантаев т.б. еңбек етті.

1972 жылы 13 сәуірде т.ғ.к., доцент Жауынбай Амантаев «КОКП тарихы» кафедрасының меңгерушісі қызметінен босап, институт ректорының №287 бұйрығымен тарих факультетінің деканы болып екінші рет тағайындалып, бұл қызметті 1975 жылдың 25 сәуіріне дейін атқарды. [9] Ж.А. Амантаев декан болған кездегі факультетте болған үлкен өзгерістің бірі 1972 жылы 1 мау-сымда «Қазақ КСР тарихы және тарихты оқыту әдістемесі» кафедрасының құрылуы еді. Кафедра өз алдына жеке шаңырақ көтерген кезден бастап 1982 жылға дейін кафедраның алғашқы меңгерушісі, тарих ғылымының кандидаты, доцент Тұрсын Әбдірахманқызы Көшкінбаева кафедраның интеллектуалдық әлеуетін дамыту ісіне салмақты үлес қосты. Қазақ әйелдерінің арасында алғаш-қылардың бірі болып тарих ғылымы бойынша ғылыми атақ алған Т.Ә. Көшкінбаева, И.В. Сталин атындағы стипендия алып оқып, ҚазПИ-дің тарих факультетін 1947 жылы үздік белгімен бітірген еді. Ол бірден, өзі оқыған жерінде оқытушылық қызметте қалдырылып, зейнеткерлікке шыққан-ша Қазақстан тарихы пәнінің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қоса алды. [10]

1974 жылы институтқа тарих ғылымдарының докторы, профессор Жүнісбек Жұмабековтың ректор болып тағайындалуына байланысты институтта жұмыс сапасының көлемі ұлғайып, түбегейлі өзгерістер қолға алынды. Бұл кезде институттың мектептермен байланысы күшейтіліп, ұстаздар қауымы оқу-тәрбиелік, ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсене араласып, студенттердің мектептегі практикалық жұмыстары жанданды. Институт ұжымы мектептерге арналған оқу-әдіс-темелік құралдарды көптеп шығарып, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау, кәсіби бағдар беру сияқты жұмыстарды қарқынды түрде жүргізіп отырды. Ендігі жерде институт ректорының тарихшы болуына байланысты тарих факультетіне ректорат тарапынан үнемі назар аударылып, қолдау көрсетілді. Мәселен, институт ректоры Ж.Жұмабековтың тарих факультетінен сағат алып, студенттерге дәріс оқуының өзінен-ақ тарихи білімге аударылған назардың қаншалықты деңгейде болғанын аңғару қиын емес.

1974 жылы 17 қазанда сонау 1934 жылдан факультет деканы болып тағайындалып, факультет-тің қалыптасуы мен дамуына зор үлес қосқан, зерделі зерттеуші ретінде көпшілікке танылып, Ақай Нүсіпбеков, Тәжен Елеуов, Ғазиз Әбішев, Нығметолла Киікбаев т.б. тәрізді қоғам қайраткерлерін тәрбиелеп, ғылым кеңістігіне шығарған айтулы тұлға, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Халел Мұхамеджанұлы Әділгереев 67 жасында дүниеден озды. Ардақты ұстаздың 1934 жылы 17 қазанда алғаш тарихи білім ордасының есігін ашып, арада қилы тағдырға толы 40 жыл өткеннен кейін дәл осы 17 қазан күні өмір мектебінің есігін жабуы, сонымен қатар 1966 жылы 17 қазанда «профессор» атағын алуы тарих толқынындағы өзара ұқсас сәттер болса керек. Институт тарихында зор үлесі бар Х.М. Әділгереев, С.Қ. Бақшылов, А.Ахметжанов сынды азаматтар 70-жылдардағы тарих факультетінің шоқтығы биік тұлғалары еді.

1978 жылы институт өзінің 50 жылдық мерейтойын айтарлықтай табыстармен қарсы алды. Осы жылы 12 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығы бойынша педагогикалық мамандарды даярлау мен тәрбиелеудегі қол жеткізген табыстар мен жетістіктер үшін Қазақтың Абай атындағы педагогика институты «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталды. Институт ұжымы мерейтой айдарына да өз үлестерін қоса білді. Мәселен, доцент Т.Ә. Көшкінбаева «Қазақстан әйелдері» журналының №7 санына ҚазПИ-дің 50 жылдығына арналған «Пройденный путь» атты мақала жарияласа, доцент А.Ахметжанов, К.А. Аманжолова, А.Уәлиев институт тари-хына байланысты «Қазақ радиосында» тыңдарман қауыммен сұхбат жүргізді. Сонымен қатар осы оқу жылында Республика бойынша өткізілген студенттердің ғылыми конференциясында тарих факультетінің студенті Г.В. Кан үздік көрініп I дәрежелі дипломды жеңіп алды. [11]

Институтта жоғары білімді тілші мамандар мен әдебиетшілерді даярлау ісі филология факультетінде жүргізілді. Оны бітірушілер арасынан сол факультеттің өзінде сабақ берген, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Қажым Жұмалиев, Мұхамеджан Қаратаев, КСРО Педагогика-лық ғылымдар академиясының академигі Мәлік Ғабдуллиннің еңбегін ерекше айтуға болады. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі М.С. Сильченко мен

осы академияның корреспон-дент-мүшесі Н.С. Смирнова бұл факультетте көп жылдар бойына лекция оқып, көрнекті фоль-клорист-ғалым және бірқатар ғылыми еңбектердің авторы ретінде кеңінен таныла білді. Сондай-ақ, филология факультетін бітіргендер арасында қазақ қыздарынан көптеген ғалымдар өсіп шық-ты. Олардың қатарына Ш.Қ. Сәтбаева, Н.О. Оралбаева, Ф.М. Мұсабекова, А.Хасенова, Р.Сыздықова сынды тағы басқа қазақ қыздарын жатқызамыз. Сондай-ақ, аға ұрпақтың жақсы дәстүрін жалғастырып, әрі қарай дамытушы КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүше-сі, қазақ әдебиеті кафедрасының меңгерушісі С.С. Қирабаев пен филология ғылымының докторы, профессорлар Н.Т. Ғабдуллин мен Х.Ә. Әдібаев, ғылым кандидаты, доценттер О.Н. Ларина, М.А. Глазман, К.А. Бейсембаева, Ш.А. Бәйтікова институтта филолог мамандар даярлауға ерек-ше үлес қосты. [12]

Институтта 1971 жылы барлығы 377 оқытушы болып, оның ішінде 13 ғылым докторы, про-фессорлар, 158 ғылым кандидаты, доценттер, 137 аға оқытушы және 69 оқытушы, ассистент бол-са, бұл көрсеткіш 1978 жылы барлығы 400, ал, 1980 жылы 421 адамды құрады. Әрине, мұндай көрсеткіштен институттағы профессор-оқытушылар құрамының жыл сайын артып отырғаны бір-ден байқалады. Оны мына бір кестеден анық көреміз:

1970-1980 жылдардағы ҚазПИ-дің ғылыми-педагог кадрлары туралы мәліметтер

№	Жылдар	Факультет саны	Кафедра саны		Профессор-оқытушылар саны				
			фак-тік	ж/инст.	ғ.д., проф.	ғ.к., доц.	аға оқыт.	оқыт. ассист.	жалпы саны
1	1971	6	23	8	13	158	137	69	377
2	1972	6	24	8	13	167	128	70	378
3	1973	6	25	9	13	168	131	71	383
4	1974	6	25	9	14	152	137	74	377
5	1975	6	27	8	14	148	141	77	380
6	1976	6	27	9	15	152	136	73	376
7	1977	7	31	8	17	195	102	79	393
8	1978	7	31	8	16	206	111	67	400
9	1979	7	32	8	16	202	105	67	390
10	1980	7	32	8	19	160	149	93	421

1980-1987 жылдары институтта физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Құлжабай Қасымов ректорлық қызмет атқарды. 1980 жылдары Абай атындағы ҚазПИ жалпы білім беретін жоғары оқу орындары арасында қайта құрудың жаңа бастамалары мен нақты қадамдарын жасады. Білім берудегі қиын міндеттер мен жастарды тәрбиелеудегі күрделі мәселе-лер ұстаздар тарапынан өз шешімін тауып отырды. Жоғары білім беру мәселелері зерттеліп, болашақ мұғалімдерді тиімді даярлаудың жолы мен олардың кәсіби міндеттерін анықтау ісі тал-қыланды. Осындай мәселелерге байланысты институтта жыл сайын оқу-әдістемелік конферен-циялар өткізіліп, педагогикалық мамандарды заман талабына сай етіп даярлаудың жолдары қарастырылды. Осы мақсатта 80-ші жылдары студенттерге дәріс жүргізу және оқытушылар мен аспиранттарға ғылыми-әдістемелік көмек көрсету үшін орталықтағы жоғары оқу орындарынан білікті ғалымдар мен жетекші мамандар шақырылды. [13]

Бұл кезде институт тарихшыларының ішінде Қазақстан тарихының белді маманы профессор Жанұзақ Қасымбаевтың еңбек жолындағы шығармашылық жетістіктерді ерекше бөліп айтуымыз керек. Профессор Ж.Қасымбаев 1982 жылы «Қазақ КСР тарихы және тарихты оқыту әдістемесі» кафедрасына меңгерушілікке тағайындалғаннан кейін бұл қызметті 22 жыл қатарынан атқарып, ел тарихының гүлденуі мен өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосты. Ғылым жолын студент кезден бастаған ғалым ұзақ жылғы ізденістері мен зерттеулерінің нәтижесінде соңына көлемді ғылыми мұра қалдырып, таяу және алыс шет елдерде Қазақстанның тарих ғылымын таныту ісінде көп еңбек сіңірді. Ғалымның зерттеу ауқымы барынша кең, әрі сан салалы. Оның мұрағат қорлары-нан сұрыптап алған тың

деректер негізінде жүргізген 600-ден астам ғылыми зерттеулері Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін қамтиды. [14] Сонымен қатар, Ж.Қасымбаев аз уақыт ішінде өзі-нің еңбекқорлығы, ғылымға деген талпынысы мен ізденушілігінің арқасында тарихшылар арасында кеңінен танылып, өзін білікті ұйымдастырушы, ұлағатты ұстаз ретінде көрсете білді. Оның бүгінгі замандастары Өтебәлиев Жігер, Құдайбергенов Әділхан, Орашев Сұлтан, Жұмағұлов Болат, Тимченко Сергей, Шарипова Анель, Төлекова Мереке, Сүтеева Ханзада, Берлібаев Бақдәулет, Кан Григорий тәрізді профессор-оқытушылар жастарға тарихи білім беруге сүбелі үлес қосуда. Ж.Қасымбаев ғылыми-зерттеу жұмысына бейімді жас ғалымдарды тәрбиелеу мен ғылыми дәреже, атақ алуларына қамқорлықпен қарап, қолынан келген көмегін аямаған. Оның жетекшілігімен даярланған тарих ғылымдарының 3 докторы мен 34 кандидаты бүгінде ғылым жолында іргелі зерттеулер жүргізіп, әлі де «Қасымбаев мектебін» жалғастырып келе жатыр. Олардың қатарында доценттер Ермұқанов Еркін, Қоңыратбаев Ордалы, Далаева Теңлік, Меңілбаев Ғани, Сейфулмәлікова Сәбира, Байдильдина Сәуле, Қалиева Елеухан т.б. сияқты бір шоғыр ғалымдарды бөліп айтуымызға болады. Осы орайда, өзінің ұстазына деген шынайы ықыласын Ж.Қасымбаевтың шәкірті, т.ғ.к., доцент Еркін Ермұқанов былай деп жеткізеді: «Қазақстанның жоғарғы мектебінде дәріс оқудың Жанұзақ ағайдай хас шебері кемде-кем десем артық айтқандық емес. Ағайдың лекциясына өмірінде бір-ақ рет қатысқан адамның лектордың өзін ұстауы, өзіндік әдістемесі, аудиторияға жеткізу мәнері жөнінде таңдай қақпағаны некен-саяқ. Қай-қай дәрісін болмасын бей-жәй, немкетті тыңдау мүмкін емес. Небір құнды деректерді астарлы әзілмен жеткі-зе білетін лектордың лекциясынан әсерленіп шықпайтын студент жоқ шығар...» [15]

КСРО Ағарту министрлігінің 1982 жылғы 22 қазандағы №2 нұсқауының негізінде барлық кафедралардың жұмыс жоспары мен оқу бағдарламасына өзгертулер енгізілді. Осыған байланысты, 80-жылдары институтта оқу үрдісі мен оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыруда барлық кафедралардың алдына қойылған негізгі міндет – болашақ педагог мамандарды даярлаудың сапа-сын арттыру мәселесі. Осы мақсатта оқытушы-профессорлар құрамының оқу пәндерін жүргізіп, студенттердің өзіндік және саяси-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудағы, арнайы курстар мен семинарлар, дипломдық және курстық жұмыстарға қатысты мәселелерді талқылау күн тәртібіндегі басты міндетке айналды. Бұл кезде институтта С.Қ. Қирабаев, Х.М. Маданов, Х.А. Әдібаев, М.М. Мағауин, М.Х. Асылбеков, Т.Ә. Найзағарин, Б.Г. Аяған, Н.К. Келімбетов, А.В. Козлов, Р.М. Қоянбаев, С.К. Кенжебаев, А.Г. Ғатаулин, М.Қ. Қалиев, В.Я. Басин, Ө.Ә. Өмірзақов, Х.Ә. Әбдірахманов, Б.Т. Берлібаев, Б.Н. Оразәлиев, Қ.Қ. Шалғынбаева, М.Г. Құлқашева т.б. ұстаздар жұмыс істеген болатын. Осылайша, 1981-1991 жылдары Абай атындағы ҚазПИ-дің ғылыми-педагогикалық кадрлар құрамындағы сандық-сапалық айырмашылықтар төмендегідей көрсеткішті құрады: [16]

1980-1990 жылдардағы ҚазПИ-дің ғылыми-педагог кадрлары туралы мәліметтер

№	Жылдар	Факультет саны	Кафедра саны		Профессор-оқытушылар саны				
			фак-тік	ж/инст.	ғ.д., проф.	ғ.к., доц.	аға оқыт.	оқыт. ассист.	жалпы саны
1	1981	7	30	10	21	160	148	91	420
2	1982	7	31	10	22	162	145	97	426
3	1983	6	32	10	25	206	97	106	434
4	1984	6	31	11	34	207	108	90	439
5	1985	7	35	11	35	221	96	104	453
6	1986	7	37	11	30	261	87	106	484
7	1987	7	37	11	26	257	103	94	480
8	1988	7	36	11	31	278	138	107	554
9	1989	7	36	11	29	279	121	127	556
10	1990	7	39	10	31	237	238	163	669
11	1991	8	43	11	33	294	276	134	737

Өзіміз көріп отырғандай, 1991 жылы институт профессор-оқытушыларының саны 60-жылдар-мен салыстырғанда екі есеге өскен болатын. Мәселен, 1961 жылы институтта барлығы 361 оқытушы, 1971 жылы 377 оқытушы, 1981 жылы 420 оқытушы болса, еліміз тәуелсіздік алған 1991 жылы мұның саны 737 адамға өсіп, соның ішінде 33 ғылым докторы, профессор, 294 ғылым кан-дидаты, доцент, 276 аға оқытушы және 134 оқытушы, ассистент жұмыс істеген екен. [17]

Сонымен, зерттеліп отырған кезеңде Қазақстан мәдениеті мен ғылыми-педагогикалық ойдың қайнар көзіне айналған Абай атындағы ҚазПИ-дің профессор-оқытушылары жоғары білімді педагогикалық кадрлар даярлаумен бірге жастарға қоғамдық тәрбие беруге және халық ағарту саласының маңызды міндеттерін табысты шешуге белсене араласа отырып, республиканың қоғамдық-саяси және мәдени өміріне зор үлес қоса білді. Өзінің даму сатысында жоғары білімді педагог мамандар дайындауда институт қызметі республика міндеттеріне жауап беруге қабілетті болса, шешуші табыстарға қол жеткізуге болатынын ұстаздар ұжымы талмай еңбектене отырып, жана бір қырынан дәлелдеп берді. Қазақстанда педагогикалық білім берудің қырсырын тереңдей зерттеп, оның бағыт-бағдарын белгілеумен айналысудың негізін салған Абай атындағы Қазақ педагогика институты өзінің құрылған күнінен бастап күні бүгінге дейін халық ағарту саласына қажетті ғылыми-педагог мамандар даярлауда теңдессіз қызмет атқарып келді және алдағы уақыт-тарда да өзінің құнды дәстүрлерін сақтай отырып Қазақстанда педагогикалық білім беру ісін одан әрі жалғастыра бермек.

1. Жаңбырбаев Б.Ж. Оқуға құштарлық күшті еді. – Зерде, 1998, №9, – 7 б.
2. Манкеев Н.Б. Абай атындағы ҚазҰПУ атаулары және ректорлары (1928-2008 жж.). – Білім көк-жиегі, 2008, №12 (73), – 6-7 бб.
3. Тарихтың тағылым айдыны. – Абай атындағы ҚазҰПУ тарих факультетінің 75 жылдығына шыққан кітап. – Алматы, 2009, – 32-42 бб.
4. Мадин И.Б. Қазақтың Абай атындағы педагогтік институты – республикамыздағы тұңғыш білім ордасы. – Қазақстан мектебі, 1968, №11, – 26 б.
5. Указ Президиума Верховного Совета Казахской ССР. «О награждении Грамотами Верховного Совета Казахской ССР сотрудников Казахского Государственного педагогического института имени Абая». – Алма-Ата: Дом правительства, 31 октября 1968 г.
6. Абдрахманов Т.А. Высокая награда вручена. – Педагог, 16 апреля 1970, №7-8 (283-284), – 2 с.
7. ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағаты) 1142-қор, 1-тізбе, 1062-іс, 123-б. // Годовые отчеты по кадрам института за 1960-1974 годы.
8. ҚР ПМ (Қазақстан Республикасы Президентінің мұрағаты) 17-қор, 59-тізбе, 412-с/б, 14-23-бб. // КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің «Жастардың жаппай орта білім алуына көшуді аяқтау және жалпы білім беретін мектепті одан әрі дамыту туралы» Қаулысы, 20 маусым 1972 ж.
9. ҚазҰПУ мұрағаты 1-л О/К-тізбе, 65, 76-бб. // Жауынбай Амантайұлы Амантаевтың жеке іс-құжаттары.
10. ҚазҰПУ мұрағаты 1-л О/К-тізбе, 63-б. // Тұрсынхан Әбдірахманқызы Көшкінбаеваның жеке іс-құжаттары.
11. Тарихтың тағылым айдыны. – Абай атындағы ҚазҰПУ тарих факультетінің 75 жылдығына шыққан кітап. – Алматы, 2009, – 79-82 бб.
12. Көшкінбаева Т.Ә. Ұстаздар ұясы (Абай атындағы ҚазПИ-ге 50 жыл) – Қазақстан әйелдері, 1978, №7, – 10-11 бб.
13. Тарихтың тағылым айдыны. – Абай атындағы ҚазҰПУ тарих факультетінің 75 жылдығына шыққан кітап. – Алматы, 2009, – 40 б.
14. ҚазҰПУ мұрағаты 1-л О/К-тізбе, 397-іс, 129-130-бб. // Жанұзақ Қасымбайұлы Қасымбаевтың жеке іс-құжаттары.
15. Ермұқанов Е.Н. Ұстаз тағылымы (Жанұзақ Қасымбайұлын еске алу). – Тарихтың тағылым айдыны, – Алматы: Атамұра, 2009, – 265 б.
16. ҚР ҰМ (Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты) 24-қор, 1-тізбе, 31-іс, 92-95-бб. // Приказы по основной деятельности (№166-200), 1 апреля 1992 г. – 30 апреля 1992 г.
17. ҚР ҰМ 24-қор, 1-тізбе, 42-іс, 92-93-бб. // Приказы по основной деятельности (№451-468), 1 декабря 1992 г. – 21 декабря 1992 г.

Резюме

Данная статья рассматривает на основе раннее не известных документов из архивных источников количественно-качественный состав научно-педагогических кадров Казахского педагогического института им Абая в 1960-1990 гг. и актуальные проблемы связанных по повышению квалификаций кадров данного ВУЗа.

Summary

In this article considered about early unknown materials from archive reserves, scientific – pedagogical specialists of Kazakh Pedagogical Institute named by Abay and their qualitative – quantitative structure, and about their promotion professional activities of topical problems in 1960-1990.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН: ТАБЫСТАРЫ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

З.Байжұманова – *теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы, Абай атындағы ҚазҰПУ-нің тарих факультеті*

Қазақ халқының санмыңдаған жылдар көздеген асыл мұраты – Тәуелсіздікке қол жеткізгеніне, азат ел болғанына 20 жыл!

Тәуелсіздік – қазақтың басына қонған бақыт!

1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданған Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Респуб-ликасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң қабылдады. Бұл Заң Евразия құрлығының нақ ортасындағы ежелден ұлы дала атанған ұлан-ғайыр өлкеде «Қазақстан» атты жаңа мемлекеттің келгенін паш етті. Ел тәуелсіздігін таныған әр мемлекеттен келіп түскен қуа-нышты хабарлар дүниенің төрт бұрышына тарап жатты. Қазақ тарихының жаңа дәуірі басталды.

Бұл біздің Отанымыз – егеменді, тәуелсіз Қазақ мемлекеті еді. Қазақ халқы ғасырлар бойы мойнына тағылған құлдық бұғаудан босады. Ұлттық рухы қайта жаңғырды. Ешкімге жалтақта-майтын, өз мүмкіндігін көрсете алатын дербес мемлекетке айналды. Тарихымыздың терең қатпа-рына көз салсақ, бізге Тәуелсіздік оңай келмегенін, ата-бабаларымыз тәуелсіздік жолында талай «Тар жол, тайғақ кешуді» бастан кешіргенін білеміз. Қазақ елі өз тәуелсіздігі жолында ғасырлар бойы жат жерлік басқыншылармен ерлікпен шайқасып келді. Білектің күші, найзаның ұшымен күресіп, талай зұлматты күндерді бастан өткерді. Қазақтар өз бостандығы мен тәуелсіздігі жолында патша отаршылдары мен кеңестік жүйенің озбырлығына қарсы ұлт-азаттық көтеріліс-терге де шыққан еді. Еліміздің болашағы үшін күрескен қазақ зиялылары атылып, қуғын сүргінге ұшырағаны да белгілі. Осының ең соңғысы тоталитарлық жүйеге қарсы күрескен қазақ жастары-ның 1986 жылғы «Желтоқсан қозғалысына» да 25 жыл толып отыр.

Желтоқсан қозғалысы тәуелсіздіктің бастауы болды.

Ел басына осындай қиын-қыстау күн туғанда ерлері намыс отын жағып, туған топырағын қасық қаны қалғанша қорғағанына өткен тарих куә, кешегі сұрапыл заман куә. Сондықтан тәуел-сіздік жолында құрбан болғандардың есімі халық жүрегінде мәңгі сақталады, тарих бетінде алтын әріппен жазылады.

Адам адам болып жаралғаннан бері ұлан-асыр даму көшінің өн бойында жер үшін, ел үшін сан-қилы дүрбелеңдер көп болған. Осындай дүрбелеңдерден, үлкен аумақты қамтыған соғыстар-дан соң, әлем картасына түзетулер түсетін. Ал жиырмамыншы ғасырдың соңында әлем келбеті ешқандай дүрбелеңсіз-ақ өзгеріп сала берді. Оған жер жаһанның алтыдан бір бөлігіне иелік етіп, қаһарымен алыс-жақын елдердің бәрін ықтырып келген алып империяның ың-шыңсыз ыдырай бастауы себеп болды. Ыдыраған империяның орнына он бес тәуелсіз мемлекет пайда болды.

Солардың бірі – Орталық Еуразия алабындағы ғажайып әрі қайталанбас тарихы бар Қазақстан Республикасы еді.

Қазақстан – қазақ халқының ата-баба мекені, ежелгі қонысы. Бұл жерде ата-бабамыз туды, тұрды, өмір сүрді, оның топырағында ата-бабамыздың кіндігі кесілген, кең жазира жері болды.

Қазақстан – Тәуелсіз Республика болып қалыптасты. Ол Президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет болды. Мемлекеттің биліктің бірден-бір көзі – халық. [1]

Тәуелсіз мемлекеттің тұңғыш Президенті болып Н.Ә. Назарбаев сайланды. Тәуелсіздіктің алғашқы күндері-ақ мемлекеттік нышандарды қабылдады. Мемлекеттік тіл – қазақ тілі болды, ал ресми қарым-қатынас тілі орыс тілі еді.

Бүкілхалықтық талқылаудан кейін 1992 жылғы маусымда Жоғарғы Кеңестің сесиясында жаңа мемлекеттің Туы мен Елтаңбасын бекітті. Сол жылғы желтоқсанда республика Гимнінің жаңа мәтіні қабылданды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы Жарлығына толықтырулар мен өзгертулер енгізілген Конституциялық Заңына Елбасы қол қойды. Сол бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнінің жаңа мәтіні мен музыкалық өңдеуі бекітілді (Әні: Ш.Қалдаяқов, сөзі: Ж.Нәжімеденов мен Н.Назарбаев).

Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы қазақ тарихы көшіндегі кездейсоқ, тек бір кезең-ге ғана тән өткінші тұлғалар емес, көтерген қоғамдық жүгі мен жеке азаматтық үлгісі тұғысынан ұлт жадында мәңгі сақталатын қайталанбас құбылыстар. Өйткені олар өз ғұмырларын арнап, орнықтыруға күш салған құндылықтар, яғни халықтың өз ішіндегі әлеуметтік тендігі, сондай-ақ өзге жұрттан тәуелсіздігі ешуақытта маңызын жоғалтқан емес.

Әрине Исатай Тайманұлы тұлғасын оның артында тұрған қалың жұртынан, сол елдің санғасыр-лық мәдениетінен бөліп алып қарау мәселенің табиғатына қиянат жасаумен тең болар еді. Міне осы тұрғыдан алғанда Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы 19-ғасырдың алғашқы жартысын-дағы қазақ азаттық қозғалысының көш бастаушылары ғана емес, сонымен бірге ұлттық мәдениет пен элитаның осы мезгілдегі дәреже, деңгейін анықтап берген тарихи тұлғалар болып табылады.

Осы арада мынадай бір жағдайға көңіл аудармасқа лажым жоқ. Көтерілістің басына Исатай-мен бірге Махамбет сияқты ірі тұлғаның келуі, әрине, кездейсоқ құбылыс емес. Ол сол тарихи мезгілдегі қазақ қоғамының рухани әлемінің тереңінде жүріп жатқан ғаламат сілкіністердің көрі-нісі еді. Осы ретте біз сол XIX ғасырдың 30-40 жылдары, яғни бар болғаны 20 жылға жетер-жет-пес мерзімде Жоламан Тіленшіұлы, Жанқожа Нұрмағамбетұлы және Кенесары Қасымұлы сияқты алып саяси тұлғалар бастаған көтерілістің қазақ даласын өз құшағына алғандығын, ал осы саяси қозғалыстардың мұрат-мақсаты Мұрат Мөңкеұлы, Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы, Нысанбай, Досқожа, Күдері, Шернияз сияқты ойшыл ақыл-жыраулардың шығармашылығына арқау болғандығын еске алсақ, онда қазақ елінің тек мал соңында күнін өткізген қараңғы тобыр ғана емес, сондай-ақ өмірдің тауқыметін көре жүріп өзінің ертеңі жөнінде ойлана білген, ақын Қадыр Мырзаәлі айтқандай, ой орманында жүрген ұлт болғандығын байқаймыз.

Егер біз тек Ресей империясы құрамында болған мезгілді ғана алсақ, онда старшын Исатай бастаған саяси топтың ұлттық элита тарихындағы шамамен үшінші буын болғандығын, сондай-ақ бұл саяси топ қызметіне тән оның мынадай ерекшеліктерін бөліп айтуға тиіспіз.

1-ден Исатай қозғалысын 19-ғасырдың алғашқы жартысында бүкіл қазақ елі көлемін қамтыған ондаған Ресейлік экспансияға қарсы қозғалыстар контекстінде ғана тура түсініп, бағалау мүмкін. Ол сөзсіз өзінің шығу негізі тұрғысынан Ресейлік экспансияның нәтижесі, соған берілген жауап.

Сонымен бірге Исатай мен Махамбет көтерілісін сол тарихи мезгілдегі өзге қарсылықтардан бөліп тұрған басты бір ерекшелігі бар. Ол көтерілістің ашық та айқын «қара

казан, сары бала-ның» қамын жеген бұқаралық сипат алуында еді. Бұдан бұрын қазақ жерінде бірде-бір қуатты қоғамдық қозғалыс мұндай айқын әлеуметтік, анығырақ айтқанда таптық сипат алған емес.

Бұл ретте біз қазақ қоғамынан 19-ғасырдың алғашқы жартысында-ақ әлеуметтік әділетсіздікке қарсылық көрсетіп, хан мен оның сюзерен-қамқоршысы империялық биліктен ақырып теңдік сұраған Исатай сияқты ұлы тұлғаның шыққанын мақтаныш тұтқанымыз әбден орынды да негізді. Кез-келген ұлы тұлға, ақынның шығармашылығы мен қызметі өз ұлтының сол тарихи мезгілдегі ең озық ұстанымдары мен рухани ұмтылыстарын айғақтайды. Венгерлер үшін ол Ш.Петефи, поляктар үшін – А.Мицкевич, орыстар үшін – А.Пушкин. Міне осы қатарда «Еділдің бойы ен тоғай, ел қондырсам деп едім, жағалай жатқан сол елге, мал толтырсам деп едім» деп армандаған Махамбеттің биік тұлғасы тұр.

Исатай Тайманұлы бастаған қозғалыс бұл ретте қазақ қоғамының осы тарихи мезгілде өз ішін-де биік рухани құндылықтарды қадір тұтып, қастерлей білгендігінің, ал осы құндылықтар жүйе-сінде ен биік тұрғаны да сол «қара қазан, сары бала қамы» екендігін, сондай-ақ бұл мәселеде де Исатай Тайманұлы қозғалысы қазақ жұртын әлемдік өркениет көшіндегі алдыңғы ұлттардың қатарына көтеріп тұрғандығын батыл да сенімді айта аламыз.

2. Жаңалық емес, бұл тақырыпқа қалам тартқан журналист ағайындар арасында Жәңгір мен Исатай, Баймағамбет сұлтан мен Махамбет арасын «табыстыру», «жарастыру» әрекеті байқала-ды. Осыған орай мынаны айтуға тиіспін: Исатай мен Жәңгір хан арасындағы егес қазақ қоғамын-да, оның ішінде кіші жүз ауқымында бұрыннан келе жатқан, яғни Есім хан мен Сырым батыр, Жантөре хан мен Қаратай сұлтан арасындағы өзара теке-тірестің табиғи жалғасы.

Тарих ғылымында ол хандық биліктің дағдарысы аталып жүр. Бұл анықтай түсуге мұқтаж тұжырым. Хандық биліктің дағдарысы екендігі рас. Ал ол дағдарыстың ұшы Ресейлік биліктің қолында еді. Исатай мен Жәңгір хан арасындағы қарсылық бұл кеңірек және дәлірек айтқанда қазақ саяси басқарушы тобы арасындағы жарылыстың көрінісі. Оның бір жағында империялық билікті қолдап, соған қызмет жасауға көшкендер, екінші жағында отарлық үстемдік пен зорлыққа ашықтан-ашық қарсы көтерілген, оны қабылдай алмағандар тұрды.

Ал осы патшалық билік жағына шыққандарды реформаторлар есебінде көрсету әрекеті қанша-лықты негізді? Конференцияда проф. Әзімбай Ғали тарапынан Исатай мен Махамбет Жәңгір хан жүргізген реформаға қарсылық көрсетті, яғни олар консервативтік ұстанымда болды. Ал егер қазақ қоғамы Жәңгір хан ұсынған жолмен кеткенде бүгін біз шамамен Чехия сияқты еуропалық мемлекеттің деңгейінде болатын едік деген тұжырымды білдірді. Жалпы мұндай пікір бұдан бұрын да айтылған. Мәселен М.Құлкенов пен Р.Отарбаевтың Жәңгір ханның өмірі мен қызметіне арналған кітапта. (44-45 б.б.)

Осы ұстанымға байланысты мынадай жағдайды еске салу парыз. Біріншіден, Исатай Тайманұлы мен Жәңгір ханның өзара арпалысында ханның жеңгені күмән тудырмаса керек. Қазақ жеріне ен-телеп еніп келе жатқан «еуропалық» билік біржола орнады. Бұл Жәңгір хан партиясының жеңісі емей не? Олай болса Қазақстан осы билік жағдайында Чехия жеткен дәрежеге неге жетпеді? Екіншіден, Жәңгір ханның ағартушылық қызметі тарих ғылымында жоққа шығарылмайды. Ал бірақ оның саяси және экономикалық қызметін асыра бағалап, бұқара халық мүддесіне жасаған қиянатына көз жұму қаншалықты негізді бола қояр екен? Үшіншіден, Исатай мен Махамбетті еуропалық ұстанымдағы Жәңгір ханның реформаторлық қызметін түсіне алмаушылар ретінде көр-сету бұл кезінде большевиктердің Алаш қайраткерлерін табиғи ұлт мүддесін қорғаушылар ретін-де емес, ретроградтар ретінде айыптауын еске салады. Төртіншіден, Жәңгір Сұлтан хан атағын иемденгенімен шын мәнінде оның билік құзыры бұл атағына сәйкес келмейтін. Кезінде Жәңгір-дің әкесі Бөкей орыс патшасынан өзі басқаратын ордаға хандық статусын сұрағанда патшадан «Мемлекет ішінде мемлекет болуы мүмкін емес!» деген жауап алған. Сондықтан да Жәңгір ханның құзырын асыра бағалап, оны реформатор ретінде көрсету тарихи шындыққа жанаса қоймайды.

Осы ретте мынадай бір мәселеге көңіл аударайын. Ол Исатай-Махамбет тұлғаларының бүгінгі бізге де қуатты ықпалы жөнінде. Басқа мезгілді былай қойғанда, тек осы 19 ғасырдың алғашқы жартысында ғана қазақ қоғамында Кеңесары хан, Қаратай сұлтан, Арынғазы сұлтан, Жоламан Тіленшіұлы, Есет Көтібарұлы, Жанқожа Нұрмұхаметұлы және басқа да көптеген

тарихи тұлғалар галереясын байқауға болады. Мұнша тұлғаларға бай құбылыс ненің көрінісі? Ол бұл мезгілде қоғамда жеке адамның ішкі тұлғалық қасиеттерінің ашылуына қажет алғышарттардың белгілі дәрежеде болғандығының көрінісі. 19 ғасырдың алғашқы жартысында қазақ қоғамы психологиялық-адамгершілік тұрғыдан отарлық үстемдіктің диірменіне әлі де болса түсе қоймаған мезгіл еді.

Дегенмен, осы кезде-ақ ұлттық саяси элита империялық озбырлықтың құқайын көріп үлгерді. Исатай батыр майдан даласында қақа ұшты, биліктің көзіне түсуге тырысқан топ Махамбет ақын-ның басын алып тынды, Кене хан да осы жолды құшты. Бұл тізімді жалғастыра беруге болады. Империялық билік тарапынан ұлттық таңдаулы топқа жасалған шабуыл мұнымен аяқталған жоқ. XX ғасырдағы Алаш зиялыларына, оның артын ала енді кеңестік элитаға жасалған қасастық соның айғағы еді. Мұның бәрі ұлттық саяси топтың табиғатына кері әсерін тигізбей қоймады. Ол жөнінде белгілі қайраткер С.Қожанов: «Қазақ қызметкерлері ылғи да үстінен дамоклов қылышы (мечь) төніп тұрған жағдайда өмір сүруге мәжбүр болды» деп жазды.

Дегенмен, біз бүгін Исатай Тайманұлының биік рухы алдында басымызды ие отырып, өткенге салауат айтып, Исатай батыр армандаған заманның енді келгенін, қаншалықты ауыр кезеңдерді басынан кешіргенімен, қазақ елі өзінің негізгі, басты құндылықтарын сақтай білгендігін сеніммен айта аламыз. Исатай мен Махамбеттің іздегенін іздеп, олардың ісін ұлықтап жатсақ – дұрыс жол-да тұрғандығымыздың көрінісі емес пе!

МАХАМБЕТ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ

Г.Қосымова – *фил. ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың
Магистратура және PhD Докторантура институтының профессоры*

«Махамбет өмірдегі қасіреттің синониміне, өнердегі қасиеттің символына айналған аса аяулы әрі ардақты ат» деген Зейнолла Қабдоловтың сөзінде терең астарлы мағына жатыр. Ол мағына, біріншіден, Махамбет пен Исатай өмір сүрген дәуірдің қасіреті болса, екінші жағынан, Махамбет пен Исатай қастерлеген азаттық идеясының сөз өнері арқылы қасиеттей дәріптеліп, бүгінгі күннің шындығына айналғанында. Бұлай дейтініміз Махамбет өлеңдерінің өн бойында өріліп жүрген бір ғана идея, ол – еркіндік, азаттық идеясы. «Ойласандар, жігіттер, мынау жалған дүние кімдерден кейін қалмаған» деп толғанған Махамбет бәрі өткінші, тек тіршілігін мен ісіндегі азаттық қана адамдардың өмірінің мәні дегенді білдіреді. «Өлім хақтың пәрмені, Атақты ермен бірге өлсе, Жігіттің болмас арманы» деген жолдардағы ой да осыған жетелейді. Туған халқының азаттығы оны шындық жолындағы өлімнен қорықпауға, Исатай бастаған көтерілісте бірге болуға жетеледі.

Махамбет «Арғымақ сені сақтадым» деген толғауында да ел және ер мүддесін қатар алға тартады. «Арғымақ сені сақтадым, Құлағың сенің серік деп, Азамат сені сақтадым, Бір күніме керек деп». Иә, арғымақ ел шетіне жау келгенде тыпыршып, тізгінін үзеді, азамат ер басына күн туған-да, қасынан табылады. Махамбет өлеңдерінің негізгі тақырыбы – ерлік, бірлік. Елді жаудан қорғар ерді аңсау, ажалдан тайсалмай жауға қарсы тұру. Мұның бәрі – жауынгер ақынның өлеңде-ріндегі үзілмеген тақырып. «Айғайласып жауға ти, Тәңірім білер, жігіттер, Ажалымыз қайдан ды» «Беркініп садақ асынбай, Біртіндеп жауды қашырмай... Қасарысқан жауына Қанды көбік жұтқызбай, Халыққа тентек атанбай, Үйде жатқан жігітке Төбеден тегін атақ болар ма?!»

Немесе «Туған ұлдан не пайда?» өлеңінде: Ақ жұмыртқа сары уыз, Әлпештеп қолда өсірген. Туған ұлдан не пайда, Қолына найза алмаса, Атаның жолын қумаса... «Азамат ердің баласы Аз ұйықтар да, көп жортар Дұшпанға кеткен кегі мен Барымтаға түскен малы бар не болмаса «Ата-дан туған аруақты ер Жауды көрсе жапырар Үдей соққан дауылдай». Осы ойларды Махамбетке айтқызған шындық қайсы еді? Махамбет пен Исатай өмір сүрген кезеңде саяси-элеуметтік жағдай шиеленісіп, қазақтың құнарлы жерлерін патшалық Россия тартып алып, Мөңке би ұлы Мұрат ақынның «Жайықты тартып алғаны жағаға қолды салғаны, Еділді тартып алғаны етекке қолды салғаны, Ойылды тартып алғаны ойындағысы болғаны» дегендей, күй кешіп жатқан уақыт еді. Мұны Махамбеттің мына өлең жолдары да осыны растайды: «Махамбеттің Байғамбет сұлтанға айтқан сөздері» деген өлеңінде: «Еділ үшін егестік, Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырыл-дық, Тептер үшін тебістік» немесе «Еділді көріп еңсеген, Жайықты көріп жемсеген Таудағы тар-лан шұбар біз едік. Исатайдың барында Қара қазан, сары бала Қамы үшін қылыш сермедік», – дейді. «Еділ мен Жайық жер еді ау, Мекен еткен шаруаға Жағасы қорған жай еді ау! Жай қоныс-тан айырылып, Мен бір қаңғырып жүрген қарашың».

Махамбет өлеңдеріндегі екінші шындық: Жәңгір ханның еліне сатқындығы, көтеріліске қатысқандарды қойдай көгендеп ұстап беруі және халықтың Нұралы балаларының тепкісінде езі-луі еді. Еділ мен Жайық арасын жайлаған шаруа халыққа қоныстан қысым көрсетілуі және елді алым-салықпен титықтатуы еді. Ханның қайын атасы Қарауылқожа Бабажанұлының самсаған сары қолмен ханға шағым айтып, халық мұңын шаққан Исатайдың ауылын қамап алуы еді. Төре мен төлеңгіттің қорлығы мен қиянатына шағым айтқандардың ханнан әділдік таппауы көтеріліс-тің тұтануына себеп болды. Қарауылқожаның сегіз жүз қолы Исатайдың екі жүздей сарбаздарына шайқасқа түскенде, «Ханнан қырық туғанша қарадан бір ақ тусайшы, Халықтың кегін қусайшы» деп Махамбет топқа дем берді. «Көшер еді-ау біздің ел Сонау Еділден бергі жатқан жер дейін. Қонар еді-ау біздің ел Аркада қоныс шөл дейін. Нұралыдан қалған көп тентек Бүлдірмегей еді елімді Лашын құс, бүркіт шайқаған көлдейін» деген жолдар патшаға сүйенген хан туыстарының әділетсіздікке жол бергендігін айғақтайды. Исатай 2000 сарбазбен хан Ордасын қамайды. Бекер қан төккісі келмей, Жәңгір ханмен ымыраға келемін деген ниетте болған Исатай хан сөзіне алда-нып, уақытын текке өткізіп алады. Осы шындықты «Әй, Махамбет жолдасым» деген өлеңінде: «Қорлықта жүрген халқыма Бостандық алып берем деп, Қырық бір жасқа келгенде, Ауыр әскер қол ертіп, Жасқұсқа барып кіргенде, Арыстандай ақырған айбатыма шыдамай, Хан баласы жыла-ды ай, Жанымды қи деп сұрады ай! Ақкөңіл, аңқау жүрекпен Беремін деп мен тұрдым. Көк бедеуді бауырлап, Шабамын деп сен тұрдың. Исатай басшы білсін деп, Ауыр әскер қол тұрды» деген ақын атынан айтылған Исатай сөзінен байқаймыз. Жәңгір ханға айтқан сөздеріндегі Махамбет зілі осы себептерді айқындай түседі. «Міне алмаған алаға ай, Шыға алмаған далаға ай. Мұсылманның баласын Атаңа нәлет Жәңгір хан Көзінен тізіп жіберді-ау Орынбор деген қалаға ай» деген жолдар Жәңгір ханның көтеріліске қатысқан сарбаздарды ұстап бергендігін айғақтай түседі. «Алдияр, тақсыр ханымыз! Исатай батыр кеткелі Кеміді біздің сәніміз. Тілімді алсаң, тақ-сыр ай, Шайтанның мойнын жұлдырып, Ордаңа қайтып алыңыз. Арыстан еді-ау Исатай, Нетесің, тақсыр, табалап!» деген жолдарда Махамбеттің ханды тура жолға салмақ болған пиғылын аңға-рамыз. Бірақ үміт ақталмады, Махамбет пен Исатай хан Жәңгір мен олардың туыс төре билерінің алдында «ордабұзар, тентек» болып қала берді. Исатай мен Махамбеттің арманы ел билеушілері-не жетпеді.

«Хан емессің қасқырсың, Қас албасты басқырсың, Хан емессің ылаңсың, Қара шұбар жылан-сың. Хан емессің аянсың, Айыр құйрық шаянсың!» деген зілді сөздер ақын аузынан оңайлықпен шықпасы белгілі. Мұны елеменгенітің зерттеушілердің деректерінде Жәңгір хан екі оттың орта-сында қалған еді деп ақтамақ та болды. Жәңгір ханды ақтамақ болған адамдардың уәжі мынау: «Бөкей хандығы құрылуына байланысты туған даламыздың бір кезде жоңғарлар таптап, қалмақ-тар жайлаған Еділ мен Жайық арасын өзімізге қайтарып алдық. Иесіз жатқан құм қойнауына Орда қаласы орнады, яғни көшпелі жұрт қоныстана бастады. Ел орныққан соң Ордадан шығысқа қарай қызыл шағал құмның бойы көк жасыл орманға айналған. Жапан түзге ел орнығып, қатар-қатар қарағай үйлер салынған. Тұңғыш рет қазақ даласында қазақша орысша оқытатын Жәңгір хан мектебі ашылған. Бұл арада бұрын болмаған кітапхана, клуб, мұражай орнаған. Бұл жерде Санкт-Петербургтегідей қару жарак палатасы ашылған. Сауда саттық орнығып, жәрмеңке базар жұмыс істеген». Иә, мұның бәрі – ханға лайық тірлік. Хан болғанда да оқыған, еуропаша білім алған білімдар ханның ісі. Бұрынғы қазақ хандарынан оны өзгешелейтін игі ісі, оқыған жанға лайық тірлік. Бірақ Махамбеттің жырлауында: «Нарын! Қойын мыңға толтырған, Түйесін жүзге толтырған, Жатып қалған тайлағы Жардай атан болған жер. Аш-арығы тойған жер. Жылаған бала қойған жер («Нарын» өлеңінен)». Бұл – бір. Екіншіден, Махамбет үшін бұл – уақыт талабымен істелуге тиіс нәрсе. Ақын үшін әрі жат, әрі кешірімсіз хан қылығы мынада: ханға билік берген болып, қазақ халқын бодандық бұғауында қысып ұстаған патшаның зымияндық саясатына еріп кетуі; ел басшысы хан сұлтандардың өз еліне қарсы тұруы, халқы үшін тақтан кетіп, биліктен бас тартпауы, шен шекпен үшін (тұңғыш генерал шенін алған қазақ) отаршылдыққа жол беруі еді. Жәңгірдің орнында Исатай не Махамбет болса, халық мүддесі үшін тағын да, жанын да берген болар еді.

Махамбет өлеңдеріндегі үшінші шындық – ағайындарының сатқындығы, Исатайдан айрылғаннан кейін тап болған жалғыздық күйі. «Ай астында бір көл бар, Ат шаптырса жеткісіз... Мұң-дас ерлер болмаса, Менің айтқан сөздерім Құлқына жаман жеткісіз» дегенді ақын өздерін түсіне алмаған надандарға қаратып айтты. Ызаға булыққан ақын «Арқаның қызыл изені» деген өлеңінде: «Кәрісі кімнің жоқ болса, Жасы болар дуана. Бір сынаған жаманды екіншілей сынама. Тіріде сыйласпаған ағайын, Құм құйылсын көзіңе, Өлгенде бекер жылама», – деп ел ішінде орын алып отырған алауыздық, жүгенсіздік, сатқындық қылықтарды жер-жебіріне жеткізіп сынады. Көте-рілістің

басшысы, қанды көйлек жолдасы, мақсаттас серігі Исатайдан айрылғаннан кейін: «Қапы-да қалған қасқамын, Қақ жүректен найза түйретпей! Найзаны күнге қуратпай, Қарсыласқан дұш-паннның Қабырғасын бір-біріндеп күйретпей, Жалғыз қалдым Адасып қалған үйректей!», – деп аһ ұрады ақын. Бәрінен бұрын ақынның жанына біткен нәрсе: соңынан ерген жастардың үмітінің ақталмағандығы. Оны мына өлеңінен аңғарамыз: «Қатын қалса бай табар, Қарындас қалса, жай табар. Артымда қалған ақсақал Алқалы кеңес құрған күн Ақылменен ой табар. Кейін қалған жас бала, Күдер үзіп біздерден, Көңілі қашан жай табар».

Ақын жүрегі жаралы. Қаумалаған көп туыстың ішінен жанашыр дос таппады. Басына қиын қыстау күн түскенде жанына медет бола алмады. Сонда ақын: «Мұсылманшылық кімде жоқ, Тіл-де бар да, дінде жоқ. Көшпелі дәулет кімде жоқ, Бірде бар да, бірде жоқ. Азамат ерлер кімде жоқ, Ерегіскен күні қолда жоқ. Заманым менің тар болды Тура билік биде жоқ. Бәрін айт та, бірін айт Қаумалаған қарындас Қазақта бар да, мен де жоқ». Ақын өлеңінен екіжүзділік жайлаған қоғам-ның шындығы көрінеді: тілінде иманы болса да, ділінде жоқ молдасымақтар көбейді; азаматпын деп жүргендер ерегіске түскенде жаныңнан табылмайды; әділдік пен туралық ел билегендерден кетті; басыңа іс түскенде ағайын туыс айналып қашты.

«Махамбет өмір сүрген уақыт пен өнерін өрбіткен Кеңістік туралы ойласақ, біздің жадымызда патшалы Ресейдің тепкісінде дөңбекшіген басыбайлы отары ұланғайыр Ұлы даламыз оралады. Нарында орыс патшалығының отарлау саясатынан туған қарғылы хандық Бөкей Ордасы орнама-са, Ордаға сол тұстағы Уақытқа тәуелді Жәңгір хан бұрынғы І Павел патшаның Бөкей сұлтанға жасаған «кеңшілігінен» қайыр көріп, кейінгі император І Николайға адалдық антын беріп, сол Кеңістікке лайық өмір әкелмесе, сол өмірдегі отаршыл озбырлық пен өзімшіл найсап обырлыққа қарсы ұлт-азаттық күресінің қаһарманы Исатай Тайманов пайда болмас еді, туған елінің еркіндігі жолында тудай желбіреген Махамбет Өтемісовтің жалынды жырлары да дүниеге келмес еді» деген Зейнолла Қабдолов сөзімен ойымды аяқтағым келеді. Махамбет жырларын қайталап оқып, шындыққа көз жеткізген сайын, «ол заман келмесе кетсін, Махамбет тағдыры қайталанбасын» деп тілейсің! Ел мен жердің тәуелсіздігі баянды болғай деп тебіренесің! Ақын ойларының пар-қын қалың көпшілік, әсіресе жастар пайымдай білсе екен деп үміттенесің!

МАХАМБЕТ МҰРАСЫНДАҒЫ ИСАТАЙ БАТЫР ТҮЛҒАСЫ

З.Ажибекова – *Абай атындағы ҚазақҰПУ Филология мамандықтар кафедрасы, Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының І курс магистранты*

Махамбет поэзиясы – жорық жырлары, өмір туралы философиялық толғаныстарының өзінде ханнан халық кегін алу идеясы жатады. Ал сексенге тарта өлең-толғаныстарының бәрінің ішкі мінезіне үңілсек, бәрі де күрес жыры. Алқалы отырыс, майдан туралы көтеріліс басшыларының пікірталасы үстінде туған деп болжамдауға болады. Және бәрі де суырып салынып айтылған деу-ге негіз бар. Ақын жаза білген, сауатты адам болыпты деген дерек бар ғой, соған қарамастан, ақын өлеңдері жазылып тұмаған. Бұл жырлар, сонымен бірге, көтеріліс сарбаздарының басқосу-ларында талай қайталанып айтылып жүргенге ұқсайды. Ел есінде қалуға олардың шағын болған-дығы да мүмкіндік берген. Жырлардағы алмас қылыштай жарқылдаған сөздер адам сезімін дір еткізіп, шырт ұйқыдан ояғанда еске түсердей өткір, қайрат-жігерге толы, жасығанды қайраған-дай, тіні босағанды қайта ескендей сөздер.

Ақын жырларында екі образ үнемі тыңдарман мен оқырман көз алдында тұрады: ол – Исатай образы және ақынның өз бейнесі. Ақын бұл адамдардың көтерілістің негізгі діңгектері екендігін қаперге алып, көтерілісшілерге күш беріп отырған және Исатай атты көсемдеріңіз қандай болса, сіздер де сол батырдай болыңыздар, әйтпейінше, алға қойған еш мақсатқа жете алмаймыз дегенді айтпақшы. Өзінің қайратымен де жігерлендіреді.

Махамбеттің Исатай батырға арнаған жырларының көпшілігі батыр қаза тапқаннан кейін шығарылған. Тірі кезінде батырды көп дәріптемеген. Өлгеннен кейін оның рухы мен бейнесін халық санасынан өшірмей, қайта мәңгі есте тұтып жүру үшін, оның ерліктері мен адамгершілігі-не, елі үшін еңіреп туған ер екендігіне мәңгі өшпес ескерткіш орнатқандай.

Батыр тұлғасын беруде болсын, жалпы, басқа да ерлік пен елдікті жырлауда болсын, ақынның ғажайып стильдік ерекшелігі – сөздерінің уытты жарқыл берер көркем қолданысты

діңгегі – метафора мен параллелизм. Әсіресе осы екі көркемдік тәсілін қолданғандағы шеберлігі шырқау биікке көтеріледі.

Халық қамқорлығын көздеген ерлердің жалпы қасиеттерін айтатын өлеңдері сарбаздардың жігер-қайратын еселендіре түсуге қызмет етеді.

Мысалы:

«Ереуіл атқа ер салмай,
Егеулі найза қолға алмай,
Еңку-еңку жер шалмай...
Темір қазық жастанбай,
Қу толағай бастанбай
Ерлердің ісі бітер ме?»

Немесе:

Толарсақтай саз кешіп,
Тоқтамай тартып шығарға
Қас үлектен туған қатепті
Қара нар керек біздің бұл іске

Тағы да:

Құландар ішпес бұршақ қак
Кімдерге шәрбат болмаған?
Садағына сары шіркей ұялап,
Жау іздеген ерлердің
Қайда басы қалмаған?»

Мұндай жырлар халық үшін өлімге басын байлаған барлық ерлерге қарата айтылған. [1; 28 б]

Махамбет Исатайды әрі көтеріліс көсемі, ері батыр, қайыспас берік, әрі ақылды, халық тілегін жеке басының мақсатынан жоғары санайтын, сол мақсатына жету жолында қайрат көрсететін, басалардан жөні бөлек, шоқтығы биік жан етіп көрсетеді. «Тарланым» деген өлеңінде:

Таудан мұнартып ұшқан тарланым,
Саған ұсынсам қолым жетер ме?!
Арызым айтсам өтер ме?
Арыстаным, көп болды-ау,
Саған да менің арманым!
Кермиығым, кербезім,
Керіскендей шандозым!
Құландай ащы дауыстым,
Құлжадай айбар мүйіздім!
Қырмызыдай ажырлым!
Хиуадай базарлым!
Теңіздей терең ақылдым!

Төбіренбес ауыр мінездім! – деп, батырдың портретін және адам-ық болмысын әдемі ашып суреттейді.

Исатайдың сыртқы портретіне мінезі мен ақылы сай, басқалардан анағұрлым ілгері адам еті-ліп суреттелумен қатар, осы үзіндінің өзінде ақынның Исатайға деген сүйіспендікпен, жүрегін жарып шыққан жылылықтың лебі де бетке үргендей сезіледі.

Оның портретін, мінез-құлқын ашып көрсету үшін ақын қазақтың бай тілінен ең шұрайлы эпиграмма, теңеу, метафора, алуан көркем сөз образдарын қолданады. Сонымен қатар, батыр образын жасауда Махамбетке ауыз әдебиеті, әсіресе батырлар жырының азды-көпті әсері болғандығы аңға-рылады. Мысалы: ер түсінігіндегі айнымай жауға шауып, алынбас қамал бұзған адамдарға қолда-нылатын тұрақты эпитет. Осыдан келіп: «Ер Тарғын», «Ер Сайын», «Ер Көкше», «Ер Қосай» т.б. Сондай-ақ, Махамбетте де Исатайдың алдында тұрақты эпитет «ер» көп жерлерде қолданылады. Кейде батырлар жырында жиі ұшырайтын әсіреулер де Махамбетте аз кездеспейді.

Арыстан еді-ау – Исатай,
Бұл фәнидің жүзінде,

Арыстан одан кім өткен.- немесе:
Қоғалы көлдер суалып,
Тізеге жетер жетпес күн болған т.б.

Әйтсе де, Махамбеттің образ жасаудағы әдісін де, образының идеялық мәнін де, оқушыларына ететін әсері мен тәрбиелік мәнін де, бұрынғы жырдағы батыр образдарымен бір сатыға қоюға бол-майды. Махамбет образдарының олармен жақындығы болумен бірге, өзіне тән ерекшеліктері де бар.

Махамбетше Исатай батыр халықтың қорғаушысы болғанда жалпы халық қорғаушысы емес, соның ішінде еңбекші халықтың қорғаушысы.

Айқайласа белдік байланған,
Астана жұртын айналған.
Атына тұрман болсам деп,
Жұртына құрбан болсам деп,
Адырнасын ала өгіздей мөңіреткен,
Атқан оғы Еділ, Жайық, тең еткен.
Атқанын қардай боратқан
Көк шыбығын қанды ауыздан жалатқан...

Бұл жердегі «жұртына» деген сөзге хан, сұлтан, би-феодалдардың ортағы жоқ. Ақын синекдо-ха арқылы жалқы ұғымның орнына жалпы ұғымды қолданады. Айтайын дегені езілген жұрт, еңбекші халық. Геройын ақын өз аузынан сөйлеткенде:

Қорлықта жүрген халқыма,
Бостандық, алып берем деп, – дейді.

Махамбет Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзінде Исатайға да, өзіне де осы тәрізді мінездеме береді.

Таудағы тарлан шұбар біз едік,
Исатайдың барында.
Қара қазан сары бала,
Қамы үшін қылыш сермедік, – деп, өздерінің халық үшін күрескен-дерін ашық айтады.

Ханның кірген ақ орда,
Бұзуын ойлап кеңестік.
Исатайдың тарихи рөлі де, кейінгі ұрпақтар үшін оның істерінің әлеуметтік мәні де – хан, сұлтан, би-феодалдардың тамырына балта шауып, «қара қазақ, баласын хан ұлына теңгеру» болды. Демек, Махамбеттің Исатайға берген бағасы да оның істеген ісіне сәйкес.

Тайманның ұлы Исатай
Ағайынның басы еді,
Алтын ердің қасы еді,
Исатайды өлтіріп,

Қырсық та шалған біздің ел, деп, оның өлімі халықты қайғыртқан өлім болды деген қорытын-ды шығарады, Махамбет Исатайды батыр образы етіп көрсетпек болғанда, оны екі жағынан алып көрсетеді. Бірінші, ел ұғымындағы батырлық оның іс-қимылдары, соғыстың қиын-қыстау кезде-рінде қандай дәрежеге көтеріле алды, басқа ерлерден Исатай ерліктерінің көзге түсерлік ерекше-ліктері не еді деген сұраққа жауап береді.

Ақын Исатайдың ерлігін суреттеу үшін өзінің «Соғыс» деген өлеңінде оны атақаға шаптыра-ды. Бұл соғыстың өте бір қиын кезі болады. Көп адам оққа ұшып, әскердің алды бөгеліп, айнала бораған оқ дем алғызбай талайдың табанын тайдырарлық минут туады. Ақын мұны:

Қабырғасын қакыратқан,
Тебінгісін тесе атқан,
Тізгінінен кесе атқан
Оқ біздің қайсар батырдың
Жүрегін сүйтіп оятқан, – деп суреттейді.

Махамбет поэзиясында қасиетті тұлға, жарқын да, өшпес бейне – Исатай бейнесі осылай ерек-ше айбатты көрінеді.

**ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДҰЛЫ ИСАТАЙ ТАЙМАНҰЛЫ БАСТАҒАН
АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ЗЕРТТЕУШІСІ**

Г.Б. Қозиева – *Филология мамандықтар кафедрасы, Қазақ тілі мен әдебиеті
мамандығының I курс магистранты, Абай атындағы ҚазҰПУ*

Досмұхамедұлы Халел – аумалы төкпелі заманда мұң мен зардың, айтыс пен тартыстың, өмір мен өлімнің бел ортасында жүрсе де азаматтық тұлғасына дақ түсірмеген қазақ зиялыларының бірі, мамандығы дәрігер бола тұрса да, қоғам өмірінің сан салалы мәселелеріне араласқан көп қырлы дарын: саяси және қоғам қайраткері, тарихшы, табиғаттанушы, тілтанушы, әдебиетші, ауыз әдебиетінің сирек үлгілерін жинап, насихаттаушы, шебер аудармашы.

Жеке адамға табыну дәуіріндегі алғашқы қуғын-сүргін зұлматына алдымен халқымыздың маңдай алды аяулы азаматтары ұшырағаны белгілі. Солардың бірі болып, КазПи-де проректор болып жүрген Халел Досмұхамедұлы тұтқындалып, Воронежге жер аударылды. Сонда жүргенде қайта тұтқындалып, әуелі Мәскеу, содан соң Алматы түрмесінде отырады.

Бар жоғы 55-56 жыл ғұмыр кешкен Х.Досмұхамедов өмірін төрт кезеңге бөліп қарастыруға болады:

1. тұлғалану жылдары (1916 жылға дейін); 2. күрес жылдары (1916-1920 жж.); 3. ғылыми-шығармашылық және қоғамдық-педагогикалық қызметпен айналысқан жылдары (1921-1928 жж.);

4. қуғын-сүргінге ұшыраған азапты жылдары (1929-1939 жж.).

Халқыма қызмет етуден артық бақыт жоқ деп, бар мағыналы өмірін осы жолға арнаған аяулы азамат осылайша зұлымдықтың құрбаны болды. Оның ісі тек 1958 жылы 28 ақпанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының Қылмыстық істер коллегиясында қайта қаралып ақталды.

Әр заман, әр уақыттың өзіндік көтерер жүгі, мұра-мирастарға берер басқаша баға, тұжырымы бар. Ұлттық ояну кезінде жоқты іздестіріп, барды бағалап, рухани мұрағат-жәдігерлерімізді жинастырған тұлғалардың бірі – Халел Досмұхамедұлы. Оның «Исатай-Махамбет» атты еңбегін-де халық намысының алаулай тұтанған отты жылдары, Кіші жүз өлкесі ғана емес, бүкіл қазақ тарихында елеулі із қалдырған ұлттық бас көтеруге қатысты мол дерек алғаш рет топтастырылған. Профессор Халел Досмұхамедұлы көлемді алғысөз жазып, Ташкентте 1925 жылы бастырып шағарған бұл еңбектің күні бүгінге дейін мәнін, ғылыми құндылығын жоймаған екі тұсы бар: Біріншіден, Махамбет ақынның өлең-жырлары осы кітапта тұңғыш рет толық топтастырылып, тасқа басылған, сол арқылы ғана бүгінгі ұрпаққа жеткен. Екіншіден, Исатай-Махамбет бастаған бас көтерудің ащы шындығы, оның отаршылдық бұғауына шыдамай толқыған халықтық, ұлттық көтеріліс екендігі ашық айтылған. Өкінішке орай, арбау сөзді молынан айтқан 50-60 жылдары тек Халел Досмұхамедұлы сынды арыстардың ел үшін еңіреп еткен еңбектерін, сонымен бірге Махамбеттің отты жырларын да құбылмалы саяси ағымның ығына бағытталды. Және Исатай-Махамбет бастаған көтеріліс те күні бүгінге дейін бар-жоғы хандық құрылысқа (Жәңгір ханға) бас көтерген «шаруалар қозғалысы» деп түсіндіріліп, насихатталып келген...

Халел Досмұхамедұлы осы еңбегінде Қазақстанның батыс бөлігіндегі Кіші жүз қазақтарының XVII-XIX ғасыр аралығында Ресей патшалығының бодандағына қарсы тәуелсіздік пен бостандық жолындағы жан қиярлық ерлік күрестеріне шолу жасай келіп, Исатай Тайманұлы мен Махамбет Өтемісұлы бастаған ұлт азаттық көтерілістің шығуы мен жеңіліске ұшырауының тарихи себеп-салдарына терең талдау жасаған. Сонымен қатар еңбекте қос арысты дүниеге әкелген туған-өскен ортасы, елдің саяси-әлеуметтік тыныс-тіршілігі жан-жақты баяндалған.

Халық үшін Исатай үй-ішін, бала-шағасын құрбандыққа берген. Олар жаудың қолына түсіп, айдауда шіріген. Ағайын, туған-туысқандары шабылған. Тырнақтап жинаған мал-мүлкі, дүниесі жаудың қолында қалған. Жәңгір ханға қадірлі ел билері бірнеше рет ханмен татуластырамын деп, араға түссе де Исатай келіспеген. Оралдағы орыстардың ішіндегі тамырлары да, Оралдың атама-ны Покатилов те, Орынбордың жандаралы Перовскийдің өзі де бірнеше рет шақырып, дегенінді істеймін деп, уәде берсе де сөзіне ермеген, өзінің дұрыс деп шешкен жолымен кеткен.

Халқын жарты жолда тастамаған, сатып кетпеген, керісінше оның сойылын соғып, жоғын жоқтап, мұңын мұндаған, қар жастанып мұз төсене жүріп, елім деп еңіреп, елі үшін мәнді де мағыналы өмірін құрбан еткен...

Исатай батырдың қимылы XIX ғасырдағы ел әдебиетіне көп әсер берген. Оның ісін дұрыстап ең әуелі сөз шығарған беріш Қуан жырау. Екінші, Исатай батыр туралы көп сөйлеген Истайдың жолдасы Махамбет жырау.

Ел арасындағы сөздердің бәрі де Исатайды мақтап, ісін дұрыстап, өлгеніне күйініп жоқтап сөйлеген. Заманында қас болған Жәңгір мен Баймағамбет те қазақ арасында Исатайды жамандап сөйлейді деп естілмеген. Бұлар Исатайды тек «тентек» дейді екен.

Исатай туралы сөзді көп айтқан адамның бірі – кете Шернияз шешен. Ол Исатай батырдың замандасы болған.

Баймағамбет сұлтан бір күні Шерниязға: «Исатай өлген болмай ұсталып кетіп, қайтып келген болса, қане не айтар едің» дегенде, Шернияз былай деп мойнынан құшақтар едім депті;

Бармысың жауға түскен алтыным-ай,
Самалым саз қонысым, салқыным-ай,
Кәпірдің қоржынына түсіп едің,
Шықтың ба, аман-есен жарқыным-ай.
Ақ алмас, алтын сапты қылышым-ай,
Құрып ең алты алаштың тынысын-ай,
Жатпапты алтын пышақ қап түбінде
Шықтың ба, қабын жарып ырысым-ай.
Кетекен соң ит малданған сонау жаққа
Тапсырдық құдай менен аруаққа.
Қазақтың күйі кетті орыс алып,
Төбеге доңыз шығып, ер аулақта.

Жәңгір ханды мақтаған жыршылар әрине, Исатайды мақтай алмайтын болған. Байтоқ, Жанұзақ деген жыршылар Жәңгірді қанша ұлығласа да Исатайды жеңдік деп мақтап сөз айта алмаған. «Тентегін тыйдық қазақтың» деп, бұлар Исатай батыр туралы жанай өткен.

Өкінішке орай, көп жылдар бойы Халел Досмұхамедұлының есімі мен шығармашылық қызме-тін «ататпауға» мәжбүр еткен саяси ағымға байланысты жоғарыда аталған еңбектері ғылыми айна-лысқа түспей қалған. Оның ел алдындағы ерен еңбегін елеусіз қалдыру саясаты ғалым, зерттеуші-леріміздің қаламына бұғау, пікіріне тұсау салып келді. Ал шын мәнінде Халел Досмұхамедұлы тіптен осы «Исатай-Махамбет» жинағынан өзге артында ешбір із қалдырмағанның өзінде, біздің-ше, бәрібір тарих дәптеріне есімі алтынмен жазылып қалар еді. Өйткені Махамбеттей дауылпаз ақынның отты жырларын қилы заманның өткелінен өткізіп, біздің қолымызға тигізу жолындағы ерлігі – өшпес мұра.

Халел ағамыз сынды ақылгөй азамат, зиялылыр «халақ жауы» атанып, халық мұрасының басым көпшілігі «жат пиғылды» деп жарияланған қилы замандарда Махамбет жырларын жинас-тыру, жариялау ісі қолға алынбаған. Араға көп жыл салып, тек 1939 жылы ғана академик Қажым Жұмалиев латын қарпімен «Махамбет өлеңдері» деген атпен ақын мұрасын екінші рет бастырып шығарған. Осы еңбектің жарық көруінің негізінен Махамбет есімі әдебиет тарихында нық орны-ғып, мектеп оқулықтарынан лайықты орын алды.

Одан кейін де ғалымдардың еңбектері өзара салыстырылып, жылдар бойы еленбей келе жат-қан жаңсақтары түзеліп, ғылыми жүйеге түсірілген. Дегенмен дағы зерттеушілер күмәнді, дүдә-мал тұстарында профессор Х.Досмұхамедұлы құрастырған 1925 жылғы жинаққа сүйеніп, негізін соны темірқазақ етіп ұстанаған.

Енді міне, жарты ғасыр бойы арнаулы қорда, құлып астынада сақталып келген еңбектер еш өзгеріссіз қалың оқырман қолына тиіп отыр. Профессор Халел Досмұхамедұлының тұңғыш құн-ды басылымы бұрын халықтың тек көкейінде болып келсе, енді үнемі көз аладында тұрмақ.

Баба рухымен тілдесу

Менің кім екенімді білетін боларсындар! Мен жұмыр жерде жасаған аз ғана ғұмырында азат-тық үшін арпалысқа түскен, тегіне тарта тектілігін жоғалтпаған, ісі қазақтың ұланы, алты алаш-тың қыраны Исатайдың ұрпағымын! Ия, араға қаншама ғасыр өте баба рухының алдына келіп тұрмын.

Жанарымда жас, жүзімде мұң, жүрегімде қайғы... Рас, көргенімнен көрмегенім, білге-німнен білмегенім көп адымы қысқа адам ұлы екенім баршаға аян. Көз ұшында сағымданған са-йын дала, қастерлі де, қасиетті жер ана мына сенің қойнауыңда қаншама сыр, тірі жан білмес ақи-қат бүгілуде?! Ей, бұлқына аққан Ақбұлақ өзені саған елім деп еміренген қанша ердің нақак қа-ны тамды екен? Қанша, Қанша? Дәл сенің жағаңа келіп, қайсар қазақтың ұланы, асылдың сыны-ғы болған менің бабам жанын жаратқанға аманат еткен. Сол Исатайдың тұлымдысымын... Құла-гердің құлыны құздан құламады, шабысынан жаңылмады, құндылығынан құлдық ете баз кешпе-ді. Ағысқа қарсы ұмтылып, тағдыр салған тауқыметке мойымады. Уа, баба сен аялаған сенім жо-ғалмады, сен жаққан от ошақта әлі сөнген жоқ, сен аманаттаған аманатқа қиянат жасамақ болған Батыраш (ниетпен) жұмсалған қылыштың жүзі қайрылды. Сендік арман ақиқатқа айналды. Өзің жаныңды пида еткен қараша қазақ әлі де Жер Ананың төсінде тіршілік етуде. Еңсесін тіктеп, еге-мен ел болды. Шаңырағы шайқалмай, ордалы елге айналып, керегесін кеңге жайды.

Керегесін кеңге жайды-ау, тек... сендік қоғамда болған Қарауылқожалар мен Баймағамбеттер, бұл қоғамда да қарасын көрсетуде. Тегіне тартқан тектілердің аяғына тұсау, қолына кісен болуда. Сендік қоғамда болған Тастөбедегі шайқас, араға екі жарым ғасыр сала, ұрпақтарыңның санасын-да орын алуда. Жеңістер мен жеңілістер әлі күнге өз жалғасын табуда. Сен тұтатқан сенім шыра-ғы әр қазақтың жүрегінде маздаса, қазақы таным, ұлттық сана қайта тіріле қазақ шынарының тамырына нәр болар еді ау, баба...

Уа, баба сенің қайсарлығың мен батылдығың, өр мінезді тектілігің, қара қылды қақ жарар әділеттілігің мына қоғамға ауадай қажет болуда. Білем ұлың Жақияның тәні өзіңмен бірге жер құшқанымен, оған артқан үмітің әлі сөнген жоқ. Сөнбейді, сөнбекте емес! Рухыңның алдында ант берем ұлттық рухтың сардары болған өр баба! Уа, қастерлі Жер Ана, қасиетті Көк аспан куәлік ет!

Саған жасаған тағзым, саған айтқан ұлықтық еліме айтқан ұлықтық. Сенің мадақталуың, ұрпақтарының еске алуы сендік еткен еңбектің зая кетпегенінің бір дәлелі. Рухыңмен үндесуге тым кешірек келгені үшін мына ұрпағыңды кеше гөр баба!!!

ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМІЗДІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ-ДЕ ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІ СТУДЕНТТЕРІНІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ЕЛ ЕРКІНДІГІНІҢ 20 ЖЫЛДЫҚ ТОРҚАЛЫ ТОЙЫНА АРНАЛҒАН «ТӘУЕЛСІЗДІК – ЕЛІМІЗДІҢ ЕРЛІК ЖОЛЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Жиында дәстүрлі бұқаралық басылым басшылары, сарапшы мамандар және зиялы қауым өкілдері Тәуелсіздік құндылықтары төңірегінде пікірлерін ортаға салды. Сол пікірлердің бірша-масын ықшамдап ұсынып отырмыз. Басқосуды тарих факультетінің деканы, тарих ғылымдары-ның докторы Ғабит Кенжебаев ашып, жүргізіп отырды.

Ақтолқын Құлсариева, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің Оқу ісі жөніндегі проректоры, профессор:

Қадірменді қонақтар, әріптестер, студент жастар!

Бүгін біздің университетіміз еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай өткізгелі отырған «Тәуелсіздік – еліміздің ерлік жолы» атты дөңгелек үстеліне қош келдіңіздер.

Қазіргі таңда Алтайдан – Атырауға дейінгі республиканың түкпір-түкпірінде осынау айтулы мерекеге байланысты жетістіктеріміз бен алар асуларымыз жөніндегі шаралардың кеңінен өткізіліп жатқандығы баршаңызға мәлім.

Иә, шын мәнінде біздің мұншалдықты табысқа жетуіміз оңайшылықпен жүзеге аса қойған жоқ. Еліміз егемендігін алып, тәуелсіздігін жариялаған сәттен бастап-ақ дербес елдің қабырғасын қалап, іргесін бекіту, тіпті әлем таныған мемлекетке айналдыру бір мезетте бола қалған жоқ. Мұның бәрі елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабал саясатының арқасында қол жеткізілгені бүгінде баршамызға аян.

Қазақстанды дүниежүзілік қауымдастықтың бейбітшілік пен ұлтаралық келісімнің орталығы, тұрақты даму жолына түскен мемлекет ретінде мойындағанын еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін білетіні ешкімге жасырын емес.

Қазақстанның осындай жетістіктері мен мол потенциалына ұлтаралық татулықтың тигізген оң ықпалы да жоқ емес. Өз елінің өткені мен бүгініне үңілген жастар мұны әрдайым жадында ұста-уы абзал.

Қадірменді достар! Мемлекетіміздің тәуелсіздігін қалыптастыру жолында үлкен-кіші барша-мыздың да түрлі салада өз үлестерімізді қосып жатқанымыз кім-кімге де мақтаныш сезімін туды-руы керек.

Елбасымыздың ұстанған тұрақты да салиқалы саясаты қоғамның идеялық және рухани жағы-нан топтасуына әкелгені бұл күнде баршаға ақиқат. Сондықтан, студент жастарымыз саналарын-да тәуелсіздіктің құндылығын ерекше қастерлеп, оны көздің қарашығындай сақтауға, жаңа белес-терді бағындыруға құлаш сермеуі қажет.

Біздің бүгінгі өткізіп отырған дөңгелек үстелге бас қосқандағы мақсатымыз да студент жас-тардың бойында өз еліне деген патриоттық сезімдерін қалыптастыру, өткен тарихы мен бүгініне құрметпен карауға тәрбиелеу болатын.

Қадірменді қауым, дөңгелек үстелге шақырылған қонақтардың басым көпшілігі де тәуелсіздікке сөзімен де ісімен де атсалысқан біртуар азаматтар мен азаматшалар. Сондықтан баршаңызды дөң-гелек үстел жұмысына белсене қатысуға шақырамын. Дөңгелек үстел жұмысына сәттілік тілеймін!

Махамбет Бейдали, «Нұр Отан» халықтық демократиялық, партиясы Алматы қалалық филиа-лы төрағасының бірінші орынбасары:

Тәуелсіздік, кейбіреулер айтып жүргендей, оп-оңай басымызға қона салған жоқ. Бұл XVIII-XIX ғасырларда жүргізілген отарлау саясатынан кейін үнемі егемендікке ұмтылған ата-бабалары-мыздың, ерлікке толы сандаған жорықтарының нәтижесі, кешегі Алаш көсемдерінің, ұлт ардақ-тыларының, ұрпақ санасына қалдырған азаттық идеяларының жемісі. Иә, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қарапайым ел-жұрт та, Үкімет те әлеуметтік-экономикалық дағдарысты бастан кешірді. Бірақ сондай қиын кезеңде.

Мемлекет басшысы тығырықтан шығатын жол таба білді. Кезең-кезеңімен реформалар жүзеге асып, экономикамыз түзелді, кейбір тұстарда ТМД елдерімен салыстырғанда көп ілгері оздық, қазір. Енді, ел мәртебесін әлем қауымдастығы алдында дәлелдеу-жастардың қолында. Бұл туралы Елбасы кеше ғана өткен «Нұр Отан» ХДП кезектен тыс құрылтайында жеткізе айтты. Ғылым-білім саласына серпін беру керек. Ол үшін дарынды жастарға қолдау көрсетіп, оларға жол ашу қажет. Біз 20 жыл ішінде көп шаруа атқардық. Ең басты құндылығымыз – адам факторының әлеуметтік әлеуетін түзедік, Тәуелсіздігімізді баянды еттік. Президентіміз ерекше мәртебесі бар әсем қаламызға әрдайым қамқоршы болып келеді. Мен бүгін таңертең метро көлігімен жүрдім, әсерім ерекше. Бұл, енді, қала әкімдігінің шын жетістігі. Еліміздің беделі. Қазір партиямыздың көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевты қаһармандық атаққа ұсынып жатыр, ол кісі бұған әбден лайық деп санаймын.

Махамбет Бидалиұлы партия қатарына өтуге ниет білдірген бірнеше студенттерге өз қолымен партия куәлігін тапсырып, жастарды алғы шепте белсенді қимылдауға, ел мұратына адал болуға шақырды.

Аягүл Миразова, Қазақстанның Еңбек ері, Ы.Алтынсарин атындағы №159 мектеп-гимназия директоры:

Өз жолын Бибігүл Төлегеноваға беріп еді

«Қуана білмегенге құт тұрмайды, бағалай білмегенге бақ тұрмайды» деген атадан жеткен сөз бар емес пе?! Сондықтан егемендігіміздің қасиетін, қадірін сезіне білейік дегім келеді. Ұстаз-бос-тан мемлекеттің бірінші кезектегі тірегі, өскелең ұрпақ отаншыл, мемлекетшіл болса, ол, ең алдымен, ұстазына байланысты. Биылғы көктемде әйелдер құрылтайы өтті. Құрылтайда Елбасы-мыз әйел-аналардың 90-жылдардағы қиын кезеңдегі рөлін ерекше атап өтті. Ерлеріне сүйеу болып, отбасына ұйытқы бола білгендері үшін алғыс айтты.

Біздің №159 мектеп Тәуелсіздіктің арқасында 1991 жылы 31-желтоқсанда алғаш қазақша қоңырау соқты. Әйгілі сахна шебері Асқар Токпановтың бұл мектепке көп еңбек сіңіргенін айта кету ләзім. Шүкір, қазір қалада қазақ тілінде 57 жалпы білім беретін оқу ошағы бар. Соңғы жыл-дары пайдалануға беріліп жатқан мектеп пен балабақшалардың дені мемлекеттік тілде. Биылдың өзінде осындай 11 тәрбие-оқу орындары ел игілігіне берілмекші. Үкімет тарапынан қаржы тап-шылығы жоқ бұл салада. Қазіргі таңда республика деңгейінде 15-16 оқушыға 1 компьютерден келсе, бізде 4 оқушыға 1 компьютер. Керек десеңіз, кітапханаға дейін компьютерленген. Айта-йын дегенім, мұндай жетістіктің барлығы ел еркіндігінің нәтижесінде мүмкін болып отыр.

Жаңа әзірде Махамбет айтып кетті, Елбасы «Халық қаһарманы» атағына ұсынылыпжатыр деп, біле білсек, ол кісі сонау Кеңес Одағының соңғы жылдарында «Социалистік Еңбек Еріне» лайық деп табылған. Алайда Нұрсұлтан Әбішұлы ең жоғарғы мәртебе-атақтан бас тартып, өз жолын әнші

апамыз Бибігүл Төлегеноваға берген еді. Елбасының азаматтыққа тән бұл қадамын екінің бірі біле біле бермеуі мүмкін.

Менің мына отырған студенттерге айтарым, сіздер мектепке қажетсіздер, ертеңгі ұрпақ сауат-ты тәрбие, білімді сіздерден алады.

Қали Сәрсенбай, «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы, Президент сыйлығының лауреаты:

Дәстүрлі басылымдар – ұлттық құндылықтардың қорғаушысы

Жастардың қатысуымен өтетін мұндай басқосулар қазіргі таңда өте керек. Тәуелсіздік бізге не берді деумен қатар, өзіміз Тәуелсіздікке қандай үлес қостық деген сауал да әрқайсысымызды мазалауы тиіс. 20 жылда ілгері дамыған әлем қауымдастығы керуенінен өз орнымызды ойып алдық, бізді бүгін дүние жүзі таниды. Әлемде дербес 200 мемлекет бар болса, соның бірі – Қазақстан. Жер шарында 5651 тіл мен диалект қолданыста екен. Мәселен бір Үндістанның өзінде 845 диалект бар. Ал, Қазақстан екі тілде сөйлейді. Таяу болашақта бір тілде – қазақ тілінде сөй-леп кететіндігіне сенім зор.

Бүгінде еліміздегі 77 пайыз мектеп оқушылары қазақ тілінде білім алады. 30 мыңға жуық басқа ұлт өкілдерінің баласы қазақ тілінде оқып жатыр. Ұл жақсы нышан. Қазақстандағы дәстүрлі басылымдар Тәуелсіздік мұраттары мен құндылықтары жайлы терең жазып келеді. Қазақстандағы орыс тіліндегі кейбір ресми басылымдар болмаса, қалғаны қазақ ұлтының мәселелері жөнінде жібі түзу сөз айтпайды. Демек, ұлттық құндылықтардың қорғаушысы да ұлттық басылымдар деген сөз.

Бір мысал келтірейін. Осы уақытқа дейін Алматының тарихын Верный бекінісінен беремен қарай таратып келгендер болды. Өткен жылы әлемнің 24 елінен келген айтулы археолог-тарихшы ғалымдар ЮНЕСКО шеңберінде Алматыда бас қосып, 3 күн бойы қаламыздың көне тарихын таразылады. Археологиялық зерттеу нәтижелерін талқылады. Қорытындысында, қаланың тарихи тамыры ең кемі 1000 жыл деп нақтыланды. Симпозиум барысында қабылданған құжат ЮНЕСКО-ға жолданды. Бұйыртыса, алақайлап тойлайтын күн де алыс емес.

Айта кету керек, қалалық, «Алматы ақшамы» газеті 2005 жылдың наурызында-ақ бірінші беттің маңдайшасына «Мың жасаған шаһардың шамшырағы» деп жазып қойған. Мұның өзі қалың оқырманды, әсіресе, жас ұрпақтың санасын қалыптастыруға, тәрбиелеуге үлкен әсерін тигізері сөзсіз.

Елбасының БАҚ басшыларымен кездесуде айтқанындай, Тәуелсіздігімізді тәулік сайын, сағат сайын қорғауымыз керек. Ел еркіндігінің жанында күнделікті айтыла беретін сыбайлас жемқорлығыңыздың да, түрлі саяси ойындардың да құны көк тиын. Көшеде келе жатып қазақ тілінде қате жазылған сөзді түзетуге ықпал еткен болсаңыз, Тәуелсіздікті қорғаным деп біліңіз. Бостан-дығымыз баянды болу үшін білімді жастардың ғылымдағы белсенділігі қажет. Мәселенің осы жағын жастар жадынан шығармағаны дұрыс. Анау маңдайшадағы «Кешегі бабамызбен, бүгінгі бағамызбен ғана емес, ертеңгі шамамызбен де мақтана алатын ұлт болуымыз керек» деген мемлекет басшысының сөзі әр жастың ойынды жүруі керек!

Қайнар Олжай, «Қазақстан» телерадио корпорациясы басқарма төрағасының орынбасары:

Бәсекелестік болмай, даму жоқ

Ел Тәуелсіздік алғаннан кейін-ақ азаматтық қоғамда көппартиялық жүйеге жол ашылды. Олардың қалың бұқарамен тұрақты байланысып отырған өз басылымдары да бар. Сын айтамын десе де еріктері өздерінде. Енді көппартиялы Парламентке де жеттік. Тәуелсіз газеттердің ұста-нымын, бет-бейнесін күнделікті көріп те жүрміз. Кеңес кезінде 70 жыл бедерінде цензура болған-дығын бәріміз білеміз. Ұлт мүддесі үшін шыбын жанын пиде еткен арыстарымызды бертінде ғана ақтап алдық. Дербес елдің келешегі – жастардың қолында. Заманына лайық саяси реформаны жасайтындар, экономикалық саясатты қалыптастыратындар білімді буын өкілдері, сондықтан, ел Тәуелсіздігіне мен не бере алам деген ой әрбір жасты толғандырса керек.

Көппартиялық жүйе – ел Парламентіндегі орынның көпшілігін алуға тең мүмкіндіктері бар бірнеше саяси партиялардың болуын білдіретін саяси жүйе. Көппартиялық – әралуан топтардың мүдделерінің толық өкілеттігін толық қамтамасыз етуге тырысады, саяси үрдістің жариялылығы мен бәсекелестігіне, қоғамның саяси элитасының алмасып отыруына ықпалын тигізеді.

Өткен Парламентте «Нұр Отан» партиясы жетекші партияға айналып келді. Алайда, бір партиялық жүйе билік пен бизнес біртұтас болып тұрғанда демократиялық және құқықтық мемлекеттің қалыптасуына кедергі келтіреді. Бұл қоғамда көрініс тауып отырған сыбайлас жемқорлық пен басқа да келеңсіз құбылыстардың туындауына себепші болады. Ендігі Мәжіліс сайлауында бірне-ше партия халық дауысына таласпақшы. Әрине, билік партиясына қай партияның бәсекелес бола-тынын сонда шамалаймыз. Демек, бәсекелестік болмай, даму жоқ.

Әзімбай Ғали, тарих ғылымдарының докторы, саясаттанушы:

Еркін елі бар азаматтардың ғана ертеңі жарқын

Мойындау керек, 20 жылда Қазақстан тәуелсіз мемлекет ретінде көп шаруаны істеп үлгерді. Ойлап қараңыздаршы, егер егемендік болмаса, ана тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесіне қол жеткі-зер ме еді? Ірі нәтижелер үшін 20 жыл көп уақыт емес, алда әлі талай-талай асуларды аламыз, Алла амандығын берсін, Алла тағала исі қазаққа тым көп жақсылық жасаған сияқты. Қарасаңыз-дар, иен даламызда табиғи байлығымыздың неше атасы кездесетініне көз жеткізесіз. Құнары бөлек, Жер-Анамыз бидай да, уран да, мұнай да, түрлі-түсті темірдің нешеме түрін беріп жатыр десенізші. Бұл байлықтың бәрі көрші жұрттың көз құртына айналған. Ресей мен Қытай арасында отырып «аптығуға» болмайды. Табан астынан туындайтын қауіп-қатерді ешқашан естен шығар-маған абзал. Ұлттық қауіпсіздігіміз тәуелсіз елдің бірінші кезектегі мұраты, жаңа ғана алдымда сөйлеген бір спикердің айтқанындай, Тәуелсіздікті сағат сайын қорғау керек. Өйткені, еркін елі бар азаматтың ғана ертеңі жарқын.

Дөңгелек үстел соңында Абай атындағы ҚазҰПУ-дің тарих факультетінің деканы Ғабит Кенжебаев құрметті қонақтарға алғыс айтып, ризашылығын білдірді. Бабаларымыздың сан ғасырлық арманы, мақсат-мұраты болған Тәуелсіздік алғанымызға 20 жыл толып отыр. Осы бір ұлы құндылығымызды ұлықтау, тарихқа тағзым ету, одан келешек үшін тағылым алу, сондай-ақ студент-жастардың бойында қазақстандық патриотизмнің, отаншылдық сезімнің және мемлекет-тің тәуелсіздігін құру процесіне жастардың да қатысы бар екендігіне мақтаныш сезімін қалыптас-тыру қай кезде де күн тәртібінен түспейтін маңызды міндет. Тарих факультетінің ұйымдастыруы-мен өткен аталмыш шара студенттердің өздерін қоғамның бір бөлшегі ретінде сезініп, белсенді азаматтық ұстанымдарын қалыптастырудың шынайы көрінісі болды.

«Алматы ақшамы» газетінің тілшісі

Берік Сәдуақас

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ ЖАҢАРУЫ: ТӘЖІРИБЕ ЖӘНЕ ТАҒЫЛЫМ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰПУ-ДЫҢ ТАРИХ ФАКУЛЬТЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ҚОЛДАНБАЛЫ САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТАНУ КАФЕДРАСЫ ӨТКІЗГЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алып, егеменді ел болғалы да 20 жыл уақыт өтті. Осы уақыт аралығында еліміз талай белестерден өтіп, талай биіктерді бағындырды. Қазіргі кезде Қазақстан өзінің ішкі және сыртқы саясатында даму бағыты нақты айқындалған дербес мемлекет.

Ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы армандап өткен тәуелсіздіктің таңы тек 1991 жылдың 16 желтоқсанында ғана атты. Біз бұл күнге үлкен қиындықтардан өтіп барып қол жеткіздік. Ақыр соңында әкімшіл-әміршіл тоталитарлық жүйені күйретіп, Кеңес Одағының құрсауынан босап, елде демократиялық саяси жүйе қалыптастырдық. Осы, тарихи тұрғыдан алғандағы қысқа уақыт аралығында еліміздің саяси өмірінде көптеген түбірлі өзгерістер болды. Қазіргі таңда еліміз саяси жаңғыртудың жаңа кезеңдеріне аяқ басты. Міне, осыған орай үстіміздегі жылдың желтоқсан айында Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультетінің теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасы Қазақстанның тәуелсіз ел болғанының 20 жылдығына арнап «Тәуелсіз Қазақстанның саяси жаңаруы: тәжірибе және тағылым» деген тақырып төңірегінде рес-публикаға танымал ғалымдар мен белгілі саясаттанушылардың басын қосып панельді пікір-сайыс форматында іс-шара өткізген болатын. Бұл бас қосуға саясаттанушылар мен саясаткерлер, ғалым-дар Ғ.Есім, Г.Кан, Д.Көшім, Н.Ерімбетов, А.Сарым, Е.Алияров, С.Көшкімбаев, С.Орумбаев және т.б. қатысты.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған іс-шараны белгілі саясаттанушы Нұрлан Ерімбетов өзінің алғы сөзімен бастады:

– Құрметті әріптестер, дөңгелек үстелге қатысушылар мен қадірменді қонақтар! Міне, бүгін Абай атындағы ҚазҰПУ-дың тарих факультетінің теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеу-меттану кафедрасы ұйымдастырып отырған еліміздің тәуелсіздігінің 20 жылдығына арналған «Тәуелсіз Қазақстанның саяси жаңыруы: тәжірибе және тағылым» тақырыбындағы дөңгелек үстел іс-шарасында республикаға танымал белгілі саясаттанушылар мен ғалымдар,

саясаткерлер бас қосып отыр. Сіздерді алдымен осы айтулы мерекемен құттықтаймын! Еліміз өсіп-өркендей берсін!

Бүгінгі бас қосудағы негізгі мақсат – өткен 20 жыл ішіндегі Қазақстанның саяси дамуын, қазіргі болып жатқан саяси жаңғырту үдерістерін сараптау және оларға баға беру. Осы тарихи тұрғыдан алғандағы қысқа уақыт аралығында еліміздің саяси өмірінде үлкен түбірлі өзгерістер орын алды. Саяси жүйені тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйеден демократиялық жүйеге көші-руден бастап саяси салада ірі үдерістер орын алғандағы белгілі. Бұл жағдайлар жалпы алғанда еліміздің дамуының саяси бағытын өзгерткендігі айқын.

Міне, осыған байланысты еліміздің белгілі ғалымдары мен саясаттанушыларының көзқарастарын тыңдай отырып, өзара пікір алмасайық. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдар ішінде саяси өмірде қандай жетістіктерге қол жеткізді, елдің саяси өмірінде нендей өзгерістер болды, қандай кемшіліктер орын алды? Өткенге көз жүгіртіп еліміздегі қазіргі саяси жаңғырту қалай жүріп жатыр, келешегі қандай болмақ, біздің қоғам қайда бара жатыр деген сауалдарға жауап іздеп көрейік. Қазіргі кездегі біздің мемлекетіміздің саяси жүйесінің құрамдас бөліктері болып табыла-тын саяси билік, саяси партиялардың даму үдерістері қандай, жалпы қоғамның әлеуметтік-саяси даму бағыты қалай өзгерді, осы жағдайлардың бәрін өздеріңізбен бірге таразыға салып көрейік.

Дөңгелек үстелді одан ары қарай сенатор, философия ғылымдарының докторы, профессор Ғарифолла Есім жалғастырды:

– Бүгінгі дөңгелек үстелдің тақырыбы өте өзекті мәселеге арналып отыр. Тәуелсіз Қазақстанның саяси жанаруына қатысты мәселе – бұл күн тәртібінен түспейтін көкейтесті мәселе.

Біздің басты жетістігіміз – елдің тәуелсіздігіне қол жеткізгендігіміз. Бұл жолда Қазақстан көп-теген жағдайларды өзінің басынан өткерді. Осы жерде, ең алдымен тәуелсіздік жылдарында еліміз қандай құндылықтарға қол жеткізді деген сұрақ туындайды. Әрине, бұрынғы ескі құндылық-тарымызды да жоққа шығаруға болмайды. Олардың кейбіреулерін жаңаладық, ой елегінен өткіздік, қазіргі күнге бейімдедік. Менің ең басты айтарым – біздің тәуелсіздік жылдарындағы қол жеткізген негізгі құндылығымыз – бұл осы кезеңде өмірге келген жас ұрпақ, жаңа буын. Олардың да жасы міне, жиырмаға жетті. Қазіргі кездегі саяси жаңғыртулардың келешегіне ықпал ететін осы жастар болмақ. Олар бұрынғы аға ұрпақ басынан өткерген марксизм-ленинизм идеология-сын басынан кешірген жоқ. Олардың саяси санасы мүлдем басқа жағдайларда қалыптасты. Бұлар мүлдем жаңа буын. Сондықтан, біз елдегі қазіргі саяси жаңғырту үдерістерін осы жас ұрпақпен санаса отырып жүргізуіміз керек. Олардың елдегі саяси реформаларға, саяси оқиғаларға көзқа-растары қандай, бұл туралы олар не ойлайды, соны есепке алғанымыз жөн.

Егемендік туралы тұжырымға әр ұрпақ өз санасымен жетеді. Тәуелсіздік алған кезде туғандар социализмді көрмей, биыл жиырмаға толды. Бірақ осы ғасырдың басында туғандардың санасы олардан бөлек. Балабақшада: «Менің елім, менің жерім!» деп Әнұран айтып тұрған бүлдіршіндер тіптен өзгеше. Яғни тәуелсіз елдің санасының толысуы әр ұрпақтың легіне байланысты. Сондықтан «Қазақстан-2030» бағдарламасының басты мәселесі – ұрпақтар сабақтастығы болмақ. Біз өз құндылықтарымызды социализмді көрмегендерге қалай өткізіп береміз? Жиырма жастағылар өздерінің інілеріне оларды қалай табыстайды? Ғасырдың басында туғандар қазір балабақшада жүргендерге қайтіп жеткізеді? Бүгінгі бүлдіршіндер кейін алдыңғы ұрпақтың әрқайсысына қан-дай сын айтады?

Бүкіл әлем жиырма жыл бұрын социализмнен құтылу үшін бар күшін жұмылдырып, инерция-мен бұрынғы бұрынғы кеңес елдері тәуелсіздік алды. Рас, одан кейінгі жиырма жылымыз да же-ңіл болған жоқ. Бірақ одан асқан қиындықтар – алдағы жиырма жылдықта. Өйткені жиырма жыл-дан кейін тәуелсіздікке деген ұмтылыс, инерция, серпін бола ма? Шамамен он жылдан соң қоғам-да сыни көзқарас күшейе бастайтыны анық. Себебі әр толқын алдыңғы ұрпаққа өз сынымен келе-ді. Ақпараттық ортада, виртуалды қоғамда өмір сүрген жастарға сын-пікір тән. Сынды алдыңғы ұрпақ қалай қабылдайды? Жиырма жылда жасалған жұмыс – тәуелсіздік туралы келешектегі тал-қының өзегіне айналмақ. Сондықтан жиырма жылдағы жауапкершілік – зор жауапкершілік.

ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ-ның директорының орынбасары, саяси ғылымдарының кан-дидаты Санат Көшкімбаев:

– Как известно, 90-е годы выдались самыми тяжелыми для истории Казахстана. В этот период досталась тяжелая миссия не только для тех, кто брал бразды правления в свои руки, не только для Казахстана, но и для всех постсоветских стран. Были бурные дискуссии по принятию многих решений. Именно в 90-е годы мы заложили фундамент, основу независимости Казахстана. Говоря о 90-х годах, можно сказать, что были определенные ошибки и отступления. Безусловно, Казахстан стоит на пороге новых политических задач, новых демократических реформ и изменений в политической сфере. Мы имеем все шансы продолжить экономические и политические преобразования, но во всех реформах необходима последовательность. Сделав один шаг, надо уверенней делать следующий, чтобы цепь всех реформ и преобразований достигла конечных целей и итогов. То, что говорит наш Президент о переходе к президентско-парламентской форме правления, это очень актуально. Есть вопросы, требующие оперативности, четкости, ясности, быстроты. Сегодня с учетом накопленного багажа Казахстан имеет возможность позволить более широкую дискуссию по тем или иным вопросам, это может плавно перетекать из стен парламента в представительные органы как на центральном уровне власти, так и на областные маслихаты, местные законодательные органы и т.д. Расширение полномочий этих органов, расширение представительств – это самый важный этап, перед которым мы сегодня стоим.

Саяси ғылымдарының докторы, профессор Есенжол Алияров:

– Уважаемые коллеги! Тема наша однозначно актуальна накануне 20-ти летия независимости Казахстана. Естественно, у всех поколений есть желание узнать, что мы изменили за 20 лет, что у нас получилось, что не получилось, какие были возможно ошибки. Прежде чем говорить о политической модернизации, мы должны сказать, с чего начиналась наша независимость. Существовал единый механизм, называемый Союз Советских Социалистических Республик, было единство хозяйственных связей. С развалом этого механизма, произошло падение производства более чем на 50 процентов, многие предприятия Казахстана были союзного подчинения, поэтому были наиболее подвержены тем негативным последствиям. Казахстан до последнего пытался сохранить единое экономическое пространство, единую валюту в виде рубля. Но в 1993 году был вынужден ввести свою национальную валюту. Если говорить о политической модернизации, то я согласен, что в этот период необходима была сильная власть президента, нужно было принимать жесткие решения, чтобы вытащить страну из коллапса. Поэтому становление реформ происходило в 1991-93 гг., когда мы наделили президента большой президентской властью, вследствие чего Казахстан прошел этот этап без особых потрясений. Вторая часть модернизации приходится на 1995-98 гг., когда мы сделали суперпрезидентскую страну, и это тоже было необходимо. В то же время были недостатки, так как появились местные элиты и т.д. Я считаю, что дальнейшее реформирование будет итогом политической модернизации. Считаю, что должна быть сильная президентская власть и сильный парламент. При этом Президент, осуществляя государственную власть, должен оставаться гарантом Конституции. Спасибо за внимание!

«Ұлт тағдыры» қозғалысының жетекшісі, саясаткер Дос Көшімов: – Ассалаумағалейкум, құрметті ханымдар мен мырзалар! Мен бүгін осы университеттің қабырғасында сіздермен кездескеніме өте қуаныштымын. Мен бұл жоғары оқу орында 20 жылдай қызмет еткенмен. Мен осы университетте саясаткер ретінде қалыптастым. Енді бүгінгі мәселеге көшейін.

Мен саясаттанушы емеспін, бірақ саясаттанушының ролінде өзімнің пікірімді айта кеткім келеді. Біріншіден, менің айтарым, тоталитарлық жүйеден демократиялық жүйеге көшкенде міндетті түрде белгілі бір өлара пайда болады. Міне, осы тұста авторитарлық жүйенің қоғамды басқаруы орын алады. Бұл табиғи заңдылық, бұл барлық елдер басынан өткерген жағдай. Оны әлем елдерінің тәжірибесі айғақтап отыр. Алайда, бұл жүйеден кейбір елдер қайтадан тоталитаризмге қайтып оралады не болмаса, федеративті демократияға көшуі мүмкін. Осы жерде біздің елде тоталитаризмнің келмеске кеткенін айта кетуіміз қажет.

Екіншіден, осы мәселеге қатысты саяси партиялар туралы айтар болсақ, кейінгі кездері Қазақстанның саясаттанулық лексиконында «балет», «спектакль» сияқты жаңа терминдер пайда болды. Осыған байланысты айтарым, біздің елімізде қалыптасқан осы саяси

партиялардың бәрі шынымен де азаматтардың басын біріктіріп, табиғи түрде билік үшін күресіп жатыр ма, әлде мұның бәрі «спектакль ме» деген сұрақ туындайды.

Демократиялық басқару жүйесінің институттарының бірі – бұл көппартиялық жүйе. Қазақстан Республикасында көппартиялық жүйе толығымен қалыптасып болды деп айтуға әлі ерте. Біздің елімізде мұндай жүйені қалыптастырудың бастамасы, алғышарттары мен жағдайлары бар, заң қабылданды. Бірақ, өкінішке орай соған қарамастан бізде әлі көппартиялық толыққанды қалыптасқан жоқ. Бұл жерде халықтың өзінің де кінәсі болуы мүмкін. Өйткені біз демократияның не екенін түсінбестен жатып, демократиялық мемлекет, қоғам құруға кірістік. Осы жағдайлармен байланысты бізде саяси партиялардың бағдарламасы емес, аты ғана аталады. Мәселен, атап айтар болсақ, баяғы «Қажыгелдиннің партиясы», «Терещенконың партиясы», қазіргі «Ғани Қасымовтың партиясы» және т.б. деген тәрізді атаулар.

Үшіншіден, осы авторитарлық жүйенің орын алуы демократиялық институттардың дамуына тым кері әсерін тигізеді. Соның ішінде, бұл жергілікті өзін-өзі басқару мәселесінің кемшін қалуымен де байланысты. Әлемдік тәжірибе авторитарлық жүйенің жеке басқа табынушылыққа алып келетіндігін көрсетіп отыр. Бұл қоғамға жақсылық әкелмейтін індет. Біздің қазіргі саяси жаңаруымыз осындай індеттерге жол бермеуге тиіс деп ойлаймын.

Менің өзімнің жеке көзқарасым бойынша, қазақ қоғамына парламенттік басқаруға қарағанда, әділ, халықшыл, ұлтжанды жеке бір адамның басқаруы лайықты сияқты. Халқымыздың бүкіл тарихына, ауыз әдебиетіне зер салып қарайтын болсақ, басқарудың осы формасы біздің ділімізге, болмысымызға сәйкес келетін тәрізді.

Қазақстан халқы Ассамблеясы кеңесінің мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Георгий Кан:

– Уважаемые коллеги, уважаемые студенты! Хорошая традиция в КазНПУ имени Абая нака-нуне больших судьбоносных событий проводить такие важные мероприятия. Я недавно вернулся из Москвы, где был в составе делегации Ассамблеи Народа Казахстана. В МГУ им. М.В. Ломоносова и Российском гуманитарном университете третий год читается специальный курс по модели межэтнических отношений в Казахстане. Хочу сказать, что искушенная московская публика с вниманием относилась к нашему казахстанскому опыту. Действительно, когда мы говорим о нашей модели, то там возникает неподдельный интерес, так же как и в ОБСЕ и на меж-дународной арене. Отмечу, что в 1991 году все мы были на одной стартовой черте. Никто не хотел идти назад, все объявили республики, парламенты, президентов, самые передовые формы государственного образования и т.д. Прошло 20 лет, что сегодня мы имеем? Почему Казахстан – успешное государство, и почему наш опыт изучается? Так как все институты работают и наполнены реальными механизмами действий. Вообще, нашу 20-ти летнюю историю можно разделить на два больших периода. 1-й – национальное возрождение, когда нужно было возродить потерянное, утерянное, невозможное. 2-й – модернизация. Хочется еще сказать, когда мы были в Москве и обсуждали Доктрину Национального Единства, чувствовалось, что кроме экономической модернизации у нас мощная гуманитарная составляющая политической модернизации. Это означает, что сам человек, мы с вами внутренне созрели, предрасположены и даже нуждаемся в этой модернизации. Я считаю, когда общество готово к модернизации в русле цивилизованных форм, то такое общество с мощным ВВП и внутренней готовностью не допустит какого-то манипулирования, а будет идти только вперед. Спасибо.

«Ұлы дала» қозғалысының жетекшісі, саясаттанушы Айдос Сарым: – Қайырлы күн, құрметті әріптестер, дөңгелек үстелге қатысушылар! Саяси жаңғырту жөнінде әңгіме өрбітіп жатырмыз. Біз осы жерде екі мәселені ұмытпауымыз керек. Алдымен біз саяси жаңғырту жөнінде айтқанда саяси реформалар, конституциялық өзгерістер туралы ойлаймыз. Бұл жерде ең бастысы адамның рухани әлемі, рухының жай-күйі туралы ойлану қажет. Біз қандай іс бастасақ та жеке адамнан бастауымыз керек.

Когда мы говорим о политической модернизации, то это не просто законодательные изменения, а состояние духа человека и общества. Я считаю, за 20 лет независимости у нас имеются 2 достижения: первое – появление сильного Казахстана и второе – появление нового поколения казахстанцев, тех людей, которые выросли в условиях независимости и

сегодня вступают в свои гражданские политические права, которые формируют новую картину бытия.

Казахстан – это государство, которое имеет свою историю, культуру, традиции, и то, что все мы сегодня оказались в новой глобальной картине мира. И 21 век – это век новых технологий и время для новых возможностей.

20 лет – это достаточно большой срок для того, чтобы получить 15 разных постсоветских общностей. Так, в одном из интервью в журнале «Форбс» известный российский бизнесмен гово-рил, что когда мы хотели вливать свои деньги в Казахстан, то мы совершили самую большую ошибку, когда думали, что все постсоветское население везде одинаковое. И это уже не так.

Следующий момент – это состояние нашей души, мы говорим о новом обществе, но новое общество зиждется на определенных ценностях. Сегодня мы должны признать, что тезис «снача-ла экономика, потом политика» ошибочен. Считаю, что экономика – это, прежде всего, продол-жение политики. Еще очень важный момент то, что мы долгое время жили в тоталитарном госу-дарстве, где и граждане, и общество слились с государством. Именно, появление новых площа-док должно дать новое состояние. Сегодня мы развиваем и поддерживаем госу-дарство. 20 лет мы создавали один большой институт, но необходимо укреплять и развивать другие институты: инс-титуты гражданские, человеческие, институт парламентаризма, институты самоуправления, инс-титут семьи и т.д. Очень важно нам, как автономным личностям, создать большой социум, боль-шое государство, т.е. нам нужны очень сильные институты, которые будут диверсифицировать ту политическую монополию, которая сегодня сложилась. Мы должны искать не ответы, а зада-вать себе правильные вопросы. Чем больше правильных вопросов мы зададим, тем легче мы вой-дем в это новое общество. Считаю, что следующие 10 лет будут более сложными, чем прошед-шее двадцатилетие. А как мы будем решать новые вопросы и проблемы общества, это во многом будет зависеть от тех людей, которые в силу своих обязанностей, а это журналисты, политики, политологи, т.е. наши смыслопроизводящие корпорации будут доносить до нашего общества. От того, насколько мы будем честными и искренними в отношении себя и своих близких, от этого будет лучше и нашему казахстанскому обществу.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасы-ның меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сәкен Орумбаев:

– Уважаемые гости, преподаватели, студенты КазНПУ имени Абая! Сегодняшняя тема кру-глого стола проходит в оригинальном формате панельной дискуссии, что впервые для нашего университета. Хочется отметить, что поднимаемые сегодня вопросы весьма актуальны. Я хочу вернуться немного к истории нашего государства. Национальное самосознание казахов пробуди-лось после 16 декабря 1986 года, не только казахов, но и других этносов постсоветского про-странства. Через десять дней исполнится 25-летие декабрьским событиям, которые дали толчок процессу пробуждения национального самосознания. Только после этого события другие респу-блики начали подниматься. Так, события происходили в Грузии, Молдове, Прибалтике и т.д., пошла волна, приведшая к образованию новых независимых государств. И вот сейчас эти госу-дарства отмечают свои двадцатилетия.

Особо хочу сказать о роли Президента нашего государства. Почему у Казахстана такой высо-кий рейтинг и авторитет во всем мире, это все благодаря мудрой и четкой проводимой политике планомерного и эволюционного пути, его харизме, умению очень взвешенно подходить ко всем вопросам. Наш Президент Н.А. Назарбаев смог поднять Казахстан до таких высот, до каких не смогла подняться ни одна постсоветская республика. Неслучайно, в прошлом году ОБСЕ довери-ла председательство именно нашему государству.

Абылай хан атындағы ҚХҚ және ӘТУ-нің әлемдік мәдениет және өркениет кафедрасының доценті, саяси ғылымдарының кандидаты Күлипа Байсұлтанова: – Соңғы 20 жылдағы Қазақстан-ның қоғамдық өмірі әлеуметтік-экономикалық және саяси трансформациялық елеулі өзгерістерге толы болды. Бұл өзгеріс нарықтық экономика механизмдері мен бәсекелестік демократияның қалыптасуы, көппартиялық саяси жүйенің құрылуы сияқты құбылыстардан анық көрінді. 90-шы жылдардың басында елімізде қабылданған даму бағдарламасы ішкі саяси-экономикалық тұрақ-тылықты қамтамасыз етуге және сыртқы

экономикалық, мәдени, саяси байланыстарды кеңейтуге бағытталды. Жоспарлы экономикадан еркін нарықтық қатынастарға өту мен тоталитарлық жүйе-ден қоғамды демократиялық қатынастарға бейімдеу жағдайында Қазақстан аймақтық және халықаралық интеграциялану үрдісіне ілесті. Қазіргі таңда жүзеге асырылған кешенді жұмыстар-ды саралай келе, еліміздің жан жақты дамуына басым ықпал еткен дұрыс қабылданған экономикалық саясат болғандығын мойындауымыз қажет. Экономикалық даму қоғам мен оның институт-тарының жетілуі және оның мүшелерінің рухани-мәдениеттілік деңгейінің артуымен қатар жүре-ді. Ел дамуының әр түрлі қиындықтарына қарамастан ҚР-дағы саяси институттар жүйесі, қазіргі заманның демократиялық мемлекет құру талаптарына толық жауап беріп және демократияның дамуына жол ашып келеді.

Экономика мен саясатты тығыз байланыстыратын саяси билік. Экономикалық саясат басым-дықтарын, оны ұйымдастырудағы, реттеудегі билік институттарының орны мен рөлін анықтай отырып, Қазақстан қоғамын өркениетті, дамыған мемлекеттер қатарына жатқызу мәселесі біртін-деп жүзеге асып келеді. Әдетте бірқатар саяси бағдарламалардың негізгі тұсы экономикалық мәселелерге арналады, әлеуметтік-экономикалық жағдайды реттеуге басым ден қояды. Себебі халықтың мүддесі экономикалық қаттынастардан туындайды. АҚШ тың бұрынғы президенті Клинтон айтқандай «сайлаудың нәтижесі экономикалық хал-ахуалға тікелей байланысты: эконо-микалық жай жақсы болса, қоғам сол үкіметке қайта дауыс береді, ал жаман болса қарсы дауыс бермек». Саяси экономикалық талаптар мемлекеттің экономикалық өрлеуіне, сол елдегі адамзат-тың құқықтарының бекуіне, кедейшіліктің төмендеуі мен халықтың табыс деңгейінің артуына арналады. Экономикалық үрдістерге саяси араласудың әдіс-тәсілдерін жетілдіру негізінде Қазақстан Республикасының саяси жүйесін модернизациялауға қол жеткізуге болатындығына көз жеткізіп отырмыз. Тәуелсіздік жылдарында елімізде халықтар бірлігі мен ынтымағына басты назар сала отырып, демократиялық принциптерге негізделген жаңа экономикалық және әлеумет-тік жетістіктерге қол жеткізді.

Қазақстан Президенті «білімді және жаңашыл адамдар дамудың басты стратегиялық ресурсы болып табылады» деп басып айтты. Бәсекеге қабілетті экономиканы қалыптастыру технология-лық саладағы жаңа идеялардың пайда болуы мен оның сапасына тікелей байланысты. Осы барыста мемлекеттің талантты адамдардың идеяларына қолдау көрсетіп, ең үздік жобаларды өндіріске енгізуді ынталандыру өз нәтижесін беретіні анық. Бұл мәселе де шетел тәжірибесінде кеңінен қолданылып, инновациялық дамуға үлкен үлес қосып келеді. Осы орайда инновациялық жобаларды іске асырудағы негізгі фактор адам, оның дамуына мемлекет тарапынан зор көңіл бөле отырып, кәсіпкерлердің инновациялық іскерлікке қызығушылығын арттыру арқылы жоғар-ғы белестерге қол жеткізе аламыз.

Қазіргі уақытта Қазақстан әлемдік аренада индустриалды, нарықтық экономикасы дамыған, демократиялық үлгідегі жетекші елдер қатарына қосылуды көздеуде. Бұл үшін мемлекеттің күш қуаты жетерлік және болашақта барлық табиғи ресурстарды пайдалана отырып, қаржыны дұрыс бөлу, жұмыс күшін тиімді пайдалану, сыртқы экономикалық қатынастарды реттеу, кәсіпкерлікті және бәсекеге қабілетті өндірісті дамыту арқылы ұлғайту сияқты факторларға басым назар ауда-ра отырып, Қазақстан экономикасын бірқатар жоғары деңгейге көтеруге болады. Әлеуметтік саладағы, экономика мен саясаттағы осы 20 жылда қол жеткен табыстар таңдаған жолдың дұрыс-тығын айқындайды.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасы-ның профессоры, саяси ғылымдарының докторы Бибігүл Иманбекова: – Қайырлы күн әріптестер! Міне, Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл толды. Қазақстан дүние жүзінің саяси картасына еніп, тәуелсіздік туының желбірегеніне 20 жыл толды. Тарихи фактілерге сүйенетін болсақ, 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы Конституциялық Заң қабылданды. Осы күннен бастап Республика тарихында жаңа кезең бастал-ды. 1992 жылы наурыз айында БҰҰ бүкіл әлемдік қауымдастыққа қазақ елін тәуелсіз мемлекет ретінде мойындағанын жариялады. Осы уақыт ішінде егеменді ел екеуімізді танытып, еңсемізді көтеретін көптеген дүбірлі оқиғалар болды. Еліміздің осы жылдар аралығында қол жеткізген толағай табыстары ауыз толтырып айтарлықтай.

Қазақстанның іргелі саяси ұйымдарға төрағалық етті, әлемдік қауымдастықта өзіндік орны бар тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасты. Тарихи өлшеммен алғанда өте қысқа мерзім ішінде эконо-микасы дамыған халқының тұрмыс-тіршілігі оңды, мәдениеті өркендеген мемлекетке айналғаны тарихи шындық. Осындай даму қарқынының бір көрінісі – еліміздің 2020 жылға дейінгі қабылданған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясының қабылдануы болды. Индустриалдық-инновациялық даму елдің кемел келешекке аяқ бастандығын көрсетеді. Бұл стратегияның саяси мәні зор, себебі ел экономикасын әртараптандыру, шикізаттық бағыттан серистік-технологиялық бағытқа одан ақпараттық-интеллектуалдық бағытқа өту үшін қабылданған бағдарлама болатын. Бүгінгі таңда еліміз осы қабылданған стратегияның екінші жаңа кезеңіне аяқ басты. Қазақстан болашақта шикізаттық ресурстарға иек артып отыра бермей технологиялық дамуға тез арада ілесуі тиіс. Алғашқы 10 жылдықта бұл стратегияны теориялық тұрғыдан зерттеу жүзеге асыру-дың стратегиясымен тактикасын жасау жылдары болса, осы он жылдық стратегияны нақты жүзеге асыру іс-қимылдар жылы болды. Қазақстанның бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына ену стратегиясында әлемде болып жатқан жаңа озық технологияларды игеруге негізделген. Қазіргі кезеңде жекелеген елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру білім мен технологияны меңгеру қажет-тілігін көрсетіп отыр. Қазақстанның индустриалдық-инновациялық стратегиясы елдің экономика-сын көтерумен халықтың әл-ауқатын көтеруді мақсат етіп отыр. Ең алдымен ғылым мен өндірісті ұштастырудың жаңа механизмдерін іске қосу қажеттілігі айқын сезіліп отыр. Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы Қазақстанның ғылыми-техникалық саясатын дамытудағы басты стратегиялық құжат болып табылады.

Қазақстан 2020 жылға дейін инновациялық экономикасы бар елдердің тобына қосылуы қажет. Қазіргі кезеңдегі ең өзекті мәселе болып отырған энергетикалық тиімділік, оған біз жаңа техноло-гияны енгізгенде ғана қол жеткіземіз. Алғашқы 10 жылдықтағы жаңа инновациялық жобалардың іске қосылуы жаңа инновациялық технологиялардың іске қосылуы болып табылады. Тәуелсіз Қазақстанның кемел келешекке ұмтылғанының басты белгісі, алдымен экономика, одан кейін саясат деген принциппен дамып отырған егеменді еліміздің салихалы саясатының ажырамас құрамдас бір бөлігі.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасы-ның профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Мұхсин Дәкенов: – Қазақстан мәдениетке, өнерге, дәстүрге бай ел. Оның маңызды оқиғаларға толы мәдениетінің тарихы ұлттық бейнесін қалыптастыруда айтарлықтай роль атқарып келді және атқарып та келеді. Қазақстан халқы өзінің дербес тәуелсіз мемлекетін құру кезеңінен бастап мәдениет саласы бұрынғы идеологиядан құты-лып, еркіндікке қол жеткізді. Алайда, нарықтық қатынастарға көшу мәдениетті көптеген ауыр қиыншылықтарға ұрындырып, тығырыққа тіреді. Соған қарамастан, қазақстандықтардың өз хал-қының төл мәдениетін танып білуге деген қызығушылығының артқандығы да байқалды. Осын-дай жағдайда мәдениетті реформалаудың, жаңғыртудың заңдары және заң актілері қабылданып, мемлекеттің мәдениет саласындағы саясаты белгіленді және соның негізінде мәдениетті дамыту-дың басты бағыттары айқындалды, еркін шығармашылық, ұлттық және шетел мәдениетін таңдау еркіндігі, ұлттық мәдениетке мемлекет тарапынан қаржылық, құқықтық қолдау көрсету және т.б.

Қазақстан Республикасының мәдениет саласын жаңғырту саясатын жүзеге асырудың меха-низмдері анықталып, институттары құрылды. Атап айтқанда, ҚР-ының мәдениет министрлігі, мәдениет министрлігінің республикалық және халықаралық мәдени бағдарламалар дирекциясы, ҚР-ындағы мәдениет пен өнерді мемлекеттік қолдау қоры, ҚР-ында мәдени саясат және өнертану институты және т.б. құрылды. Бұлардың нақты функциялары айқындалып, олардың жұмысының тиімділігі артты. Соның дәлелі ретінде 2003 жылғы ҚР мәдениет министрлігі дайындаған кешен-ді мәдени мұра бағдарламасын айтуға болады. Оның негізгі мақсаты – ұлттық мәдени дәстүрлер-ді жандандыру, дамыту және т.б.-ынан тұрды. Бұл бағдарлама елдің саяси мәдениет тарихында жаңа бетбұрыс жасады. Ол билік органдарының, мәдениетті басқарушылардың кәсіби шығарма-шылық иелерімен, мәдениет қайраткерлерімен және мәдениетті зерттеуші ғалымдармен диалог орнатып, жақындасуына ықпал етті. Сондай-ақ өнерді қолдаудың қазіргі жүйесі осы бағдарлама аясында жетілдірілді. Кеңес беретін әр түрлі органдар құрылды. Мәдениетті,

өнерді қолдау жүйе-сін демократияландыру үрдісі одан әрі тереңдетіліп, мұндай органдардың өз бетінше шешім қабылдауына құзыр берілді. 2003-2005 жж., 2007-2010 жж. Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан кейінгі мәдени өмірінің гүлдену жылдары болды десек, артық айтқандық емес. Осы тұста көпте-ген мәдени шаралар ұйымдастырылып, жүзеге асты. Атап айтқанда, 150 мұражай, 3516 көпшілік кітапхана, 2660 клуб пен мәдениет үйлері 42 демалыс орталықтары, 80-ге тарта театр қалпына келтірілді және 35 тарихи мәдени ескерткіштер жаңартылып, 30 ескі қалашықтарда, қорғандарда археологиялық қазба жұмыстары жүргізілді, 89 мұражай қорларынан 3 млн.-ға тарта мәдени құн-дылықтар жинақталып, жүйелендірілді. Десек те, мәдениет саласына бөлінетін қаражат бұл атал-мыш саланы толықтай қамтамасыз ете алмай отыр. Бұрынғысынша әлі де болса мәдениетке қар-жы бөлуде қалдық принципі қолданылып келеді. Сондықтан, саяси жаңғыртуды жүргізуде осы мәселенің кемшілікті тұстарына көбірек назар аударған жөн.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасы-ның аға оқытушысы, социология ғылымдарының кандидаты Нұргүл Ләпбаева: – Қайырлы күн, әріптестер мен дөңгелек үстелге қатысушылар! Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін ал-ғаннан кейін қоғамымыздың әлеуметтік құрылымы да үлкен өзгерістерге ұшырады. Бұл, ең алды-мен әлеуметтік-экономикалық және саяси саладағы реформалармен байланысты болды. Қоғам-ның бір жай-күйден екіншісіне өтуі, тарихтың көрсеткеніндей, ұзақ та күрделі үдеріс. Бұл ТМД елдерінде, соның ішінде Қазақстанда да және бүкіл кеңестік дәуірден кейінгі кеңістікте бұрынғы әлеуметтік құрылымның ыдырап, оның орнына жаңасының қалыптасуына алып келген еді.

Еліміз өз тәуелсіздігін алған жылдар ішінде қоғамымызды саяси-әлеуметтік және экономика-лық реформалаудың қол жеткізген қомақты табыстарының бірі – елімізде орта таптың қалыптаса бастауы. Орта тап – бұл қоғамның әлеуметтік-экономикалық дербес субъектілері. Орта тап – бұл қазіргі заманғы өркениетті қоғамдардың басты белгісі. Қоғамның әлеуметтік құрылымында орта таптың үлес салмағының қомақты болуы сол қоғамның өркениеттілігінің дәрежесі деген сөз. Орта тап қоғамдағы әлеуметтік келісім мен нарықтық экономиканың тірегі болып табылады. Қазіргі батыстық қоғамдар қоғамдық тәртіп пен демократияны жеке меншік пен орта таптың негізінде жасайды. Бізде де қоғамның саяси өмірінде демократияландыру үдерістерін тереңдету-де және саяси жаңғыртуды жүргізуде осы қағиданы ескеру қажет.

Тұтас алғанда, қоғамдағы адамдардың қызметі мен өзара қарым-қатынастарының әр алуан түрлерін ұйымдастыру мен үйлестіру бойынша маңызды функцияларды атқара отырып, әлеумет-тік энергия, ақпарат пен мәдени капиталдың қайта, басқаша бөлінуінің айрықша тәсіліне айнала отырып, стратификациялық құрылым дамудың әрбір жаңа кезеңінде қоғамның өзгермелі жағдай-ларға бейімделуіне көмектесетін, бейімдегіш қуатты құрал қызметін атқарады. Сонымен бірге, бұл құрылымның өзі де даму барысында объективті алғышарттарға ие болады. Қазақстан қоға-мында да қазіргі кезде осы үдеріс қарқын алып отыр.

Қазіргі Қазақстан қоғамының әлеуметтік құрылымы стратификациялық процестердің күшеюі-мен сипатталады. Елдегі әлеуметтік стратификациялық процестер динамикасы қоғамның әлеу-меттік құрылымының сипатын да анықтайды. Ал, бүгінде күн санап арта түскен теңсіздік пен кедейшілік – қоғамдағы әлеуметтік стратификациямен тығыз байланысты құбылыстар. Теңсіздік қоғамдағы тапшы ресурстардың, мәселен, атап айтар болсақ, ақша, билік, білім мен атақ-абырой-дың халықтың әр түрлі топтары мен жіктері арасында біркелкі бөлінбеуінен барып орын алады. Әлеуметтік жіктелудің, адамдар арасындағы теңсіздіктің іргелі сипаттамалары туралы айтқанда, олардың көрініс беруінің алуан түрлі тарихи, мәдени-өркениеттік мемлекеттік формалары туралы да ескерген жөн.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасы-ның аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты Әлия Бисенова: – Уважаемые гости, кол-леги и студенты! С момента обретения Казахстаном суверенитета и независимости прошло 20 лет, и все эти годы в национально-языковой политике государства важное и особое место занима-ют вопросы межэтнических отношений.

Исторически сложилось, что наше государство находится на пересечении главных коммуни-кационных магистралей, соединяющих его со многими государствами СНГ,

Центральной Азии и дальнего зарубежья. Своеобразие геополитических, историко-демографических и межгосударственных отношений формирует для нашей страны определенный многонациональный колорит. В связи с этим межэтнические взаимосвязи приобретают особый социальный смысл и требуют к себе повышенного внимания. Несомненно, вопросы межэтнических отношений постоянно находят отражение в выступлениях и публикациях Президента страны. Это вполне оправданно, так как национально-языковая политика полиэтнического Казахстана должна обеспечить межнациональную стабильность и терпимость, а также сочетание интересов всех народов, населяющих нашу страну.

Для истории Казахстана прошедшие два десятилетия всегда будут связаны с именем Первого Президента Казахстана Нурсултана Назарбаева. Огромная заслуга нашего президента в том, что на протяжении многих лет им проводится мудрая и взвешенная политика в вопросах межнациональных отношений, сохранения и укрепления внутривнутриполитической стабильности и национального единства в Казахстане.

Сегодня народ Казахстана смог ответить на самые серьезные вызовы современности, но самое главное – сохранил межнациональную стабильность, не допуская конфликтов на почве идей, разделяющих этносы.

Особенностью национальной политики Президента РК Н.А. Назарбаева следует считать то, что она исходит из реальности и служит ей. Этому свидетельствует принятие Конституции РК ст. 7-й о придании казахскому языку статуса государственного. Это было своевременным и необходимо, а также явилось основным фактором единства народа. Народ Казахстана консолидировался вокруг казахского народа, и наше многообразие стало нашим преимуществом. Однако следует отметить, что существующие в некоторых странах и СМИ мнения, что придание казахскому языку статуса государственного ущемляет русский язык и языки этносов, проживающих в Казахстане, не имеют под собой почвы. Так как, вторая и третья часть ст. 7 Конституции РК придают русскому языку статус официально употребляемого, а также государство создает условия для изучения и развития языков народов Казахстана.

Как отметил Лидер Нации Н.А. Назарбаев: «Каждый казахстанец, независимо от его национальной принадлежности, должен сознавать, что Казахстан – это плоть от плоти его родное государство, всегда готовое защитить его права и свободы. Только в этом случае появляется корневая основа для взращивания и воспитания чувства казахстанского патриотизма, только в этом случае сограждане испытают чувство гордости за принадлежность государству, которое весь мир знает теперь как Казахстан». Казахстан – поликультурное государство, объединяющее под единым флагом, под одной национальной идеей более 140 этносов. Основу нашей национальной идеи составляет Конституция, преамбула которой начинается словами: «Мы – народ Казахстана...» Каждый этнос, занимая свое место, храня и развивая свою уникальную культуру, свой язык, в то же время интегрировался в единый казахстанский народ.

Хочется отметить, оглянувшись назад, когда шел сложный процесс создания собственной модели государственности, что сегодня наша страна может достойно гордиться достижениями во всех сферах жизни и праздновать успешное становление своей независимости.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы, саяси ғылымдарының кандидаты Айнұр Әбдіқалық: – Бүгінде Қазақстан – қоғам өмірінің барлық салаларында оң өзгерістерге қол жеткізіп, экономикасы, білімі мен мәдениеті тұрақты дамыған, ынтымағы жарасып, берік нығайып келе жатқан ел болып табылады. Елбасының сындарлы саясатының арқасында әлеуметтік-экономикалық даму үрдісіне қол жеткізгеніміз белгілі. Елдің болашағы үшін ең басты мәселе – ол елдегі әлеуметтік тұрақтылық. Егемендікке қол жеткізгелі бері әлеуметтік саясат және халықты әлеуметтік қорғау мәселелері кеңінен қарастырылып, мемлекеттің басты саясатына айналып отыр.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы жүргізілген әлеуметтік саясатты кезеңдерге бөліп сипаттайтын болсақ: бірінші кезең (1991-1993 жылдар) әлеуметтік саланы басқарудағы ескі әдіс-тәсілдерді жаңа экономикалық және саяси жағдайларға көшіру кезеңі; екінші кезең

(1993-1996 жылдар) қоғамдағы дағдарысты процестер мен құбылыстардың өсуі салдарынан азаматтарды әлеуметтік қолдаудағы дәстүрлі механизмдердің тоқтау процесімен сипатталады; үшінші кезеңде (1995-1997 жылдар) әлеуметтік саланы реформалау басталды. Реформаның негізгі бағыты бюджет қаржысын үнемдеу арқылы, әлеуметтік саланы экономикалық жағынан қамтамасыз етудің жаңа тәсілдерін енгізуде меншік құқығын реттеу болды; төртінші кезеңде (1997-2003 жылдар) өткенге талдау жасалып, жіберген олқылықтарды түзетіп, әлеуметтік саясаттың жаңа норматив-тік-құқықтық базасын қалыптастыруға бетбұрыс жасалды. Еліміздің Конституциясында Қазақстан Республикасы әлеуметтік мемлекет болып белгіленді. Яғни, мемлекет өзінің бар мүмкіндігін, қамқорлығын өз қоғамының дамуын, ондағы азаматтардың өмір сүру деңгейін көтеруге міндетті.

Әлеуметтік мемлекет құрудың негізгі талаптарының бірі – әлеуметтік бағыттағы мемлекеттік бағдарламалар мен оларды жүзеге асыратын тетіктердің болуы қажет болса, бұл мәселе бойынша Қазақстан жүйелі жұмыс жүргізіп келеді. Ол барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіп-сіздігі және әл-ауқатының артуына арналған «Қазақстан-2030» стратегиялық бағдарламасы болып табылады. Мұнда Қазақстанның алдына қойып отырған ұзақ мерзімді басымдықтарының ішінде әлеуметтік мемлекет құру бағыты стратегиялық мақсат ретінде айқындалған. Бұл бағдарлама әлеуметтік саланы дамытудың жаңа жолдарын белгіледі. Олар: салауатты өмір салтын ынталандыру және ауруды болдырмау, нашақорлық пен наркобизнеске қарсы күрес, ана мен баланың денсаулығын жоспарлау, қоршаған орта мен экологияның тазалығын жақсарту. Сонымен қатар әлеуметтік инфрақұрылымдарды жекешелендіру, медициналық қызмет көрсетудің мемлекеттік жүйесін реформалау, шағын бизнесті дамыту, білім беру мен мәдениет саласын нарыққа бейімдеу, зейнетақы реформасын енгізу және кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес болды. Осы аталған стратегиялық мақсаттар жүйелі түрде дамып орындалып келеді. Мемлекет те өзінің халық алдындағы жауапкершілігін сезініп отыр. Әлеуметтік жауапкершілік саясаттағы өте маңызды шарт. Өйткені, әлеуметтік жауапкершілік пен әділеттілік қоғамның әлеуметтік еркіндігінің өлшемі болып табылады. Бүгінгі күні Қазақстан әлеуметтік мемлекет ретінде қалыптасу жолында яғни, Конституция айқындаған бағыт бойынша даму үстінде.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың теориялық-қолданбалы саясаттану және әлеуметтану кафедрасының аға оқытушысы Бакытжамал Иманмолдаева: – Қазақстан Республикасы Тәуелсіз ел ретінде өркениетті елдер қатарына қосылып, демократиялық құқықтық ел құру жолына түскен мемлекет. Тәуелсіз еліміздің қалыптасуы өте күрделі тарихи кезеңдерде өтіп жатыр. Тәуелсіздік ұлттық сана-ны оятты, қоғамды ата-баба жолына үнілдірді. «Отан», «бостандық», «тәуелсіздік», «егемендік», «ұлтжандылық» деген сияқты ұғымдарды тәуелсіздік биігінен қайта қарастыруды талап етті.

Демократияландырудың өзіндік ерекшелігі әр елде әр түрлі болып келетіні де белгілі. Егемен-дікпен қатар Қазақстан қоғамына бірқатар қиындықтардың да келгенін жасыра алмаймыз және олардың негізінде бүкіл жүйені қамтыған экономикалық және саяси-әлеуметтік өзгерістер жатқаны белгілі. Қоғамдық санада бұл өзгерістер екі түрлі жолмен дамыды: бірінші жол – демократия жолын тандап, батыстың либералды құндылықтарын қабылдау болса, екіншісі – ұлттық сана-сезімнің өсуіне орай, кеңес заманында ұмыт болған қазақ халқының тарихи мұрасы негізінде ұлттық мемлекет құру еді. Осы орайда қоғамымызда саяси жүйені демократияландыру бағытын-да ұлттық дәстүрлерді ескеру де үлкен роль атқаратынына көзіміз жетіп отыр. Бұл туралы ғалым Б.Тлеповтің: «...дәстүрге табыну демократияға қарсы түсінік деп қарау қате пікір, себебі, орнымен пайдаланылған дәстүрлік қоғамның тұрақты дамуының кепілі болып табылады. Мысалы, әлемнің көптеген елдерінде дәстүрлік сабақтастығы қоғамның дұрыс жолмен дамуына ықпал жасауда. Жапония, Корея, Қытай сияқты шығыстың белді елдерінің және Ұлыбритания, Франция, Италия сияқты батыстың жетекші мемлекеттерінің тәжірибесі көрсеткендей, ғасырлар бойы қалыптасқан сана-сезім мен салт-дәстүр негізінде қазіргі заманға лайық экономикасы жоғарғы деңгейдегі мемлекет құруға болады» деген ойлары көңілге қонады.

Жаңа ғасырда ұрпақтар арасындағы келісім мен саяси-әлеуметтік жарасым – жаңа мыңжыл-дықты лайықты қарсы алудың ең басты кепіліне және алғы шарттарына айналды. Ұрпақтар ара-сындағы байланысты нығайту, бұл тек демографиялық ұғымды ғана білдірмейді. Ол саяси-әлеуметтік мәні бар ұғым. Қазіргі нарық заманында әр ұрпақтың өзіне

ғана мәлім тұрмыстық және қоғамдық проблемалары көп. Оның бәрін аз уақыт ішінде шешу мүмкін емес. Тәжірибеден көріп отырғанымыздай, бұл шаруа әртүрлі әлеуметтік топтардың аға, орта және жастардың тең құқық-ты болуына қол жеткізгенде ғана оң нәтижеге жеткізбекші.

Саяси өмірде қазіргі таңда қоғам мүшелері саяси өмірге деген белгілі бір өзіндік ұстанымдар мен мүдделерді, сондай-ақ өзіндік көзқарастар мен сенімдері бар белгілі бір саяси мінез-құлықты, жүріс-тұрысты қалыптастырды. Ол ұрпақтардың тарихи істерін: өндіріс тәсілі мен өмір сүру әдіс-терін, экономикалық және идеологиялық қатынастардың түрлері және рухани қызметінің нәти-желерін қамтиды. Әрбір ұрпақ өмірге өзіне тән жолмен еніп, алдында тұрған қоғамдық міндет-терді қоғамға сәйкес, өзінше шешеді. Саясатты нақты іс жүзіне асыру кезінде осының барлығы жаңаша көзқарасты қалыптастыруды талап етеді. Сондықтан «өткен заманның қалдықтарын» дер кезінде анықтау проблемаларына назар аударған жөн. Сонда ғана елдегі әлеуметтік-саяси про-гресс жолына осындай ескіліктің бірқатар қалдықтарының кедергі келтіре алатындығын немесе олардың қоғамның саяси жүйесін дамытуға тежеу жасауы мүмкін екенін, сөйтіп оларды дер кезінде жоюдың жолдарын қарастыруға мүмкіндік туады.

Ұрпақтардың өзара достығы, олардың бір-біріне деген сый-құрметі, үлкенге ізет, кішіге құр-мет көрсетуі – бұрыннан келген, қанымызға сіңген дәстүрлі игі қасиеттерге байланысты болмақ. Осы орайда белгілі зерттеуші ғалым Л.Н. Гумилевтің «Түрлі жұрт бір кеңістікке сиысып тұра алады» деген қағидасы шындық екенін өмірдің өзі дәлелдеп отыр.

Сонымен, осы бас қосудағы негізгі мақсат – өткен 20 жыл ішіндегі Қазақстанның саяси даму-ын, қазіргі болып жатқан саяси жаңғырту үдерістерін сараптау және оларға баға беру еді. Саяси жүйені тоталитарлық әкімшіл-әміршіл жүйеден демократиялық жүйеге көшіруден бастап саяси салада ірі үдерістер орын алғандағы белгілі. Бұл жағдайлар жалпы алғанда еліміздің дамуының саяси бағытын өзгерткендігі айқын.

Міне, осыған байланысты еліміздің белгілі ғалымдары мен саясаттанушылары өзара пікір алмасты. Қазақстан тәуелсіздік алған жылдар ішінде саяси өмірде қандай жетістіктерге қол жет-кізді, елдің саяси өмірінде нендей өзгерістер болды, қандай кемшіліктер орын алды? Өткенге көз жүгіртіп еліміздегі қазіргі саяси жаңғырту қалай жүріп жатыр, келешегі қандай болмақ, біздің қоғам қайда бара жатыр деген сауалдарға жауап берді. Қазіргі кездегі біздің мемлекетіміздің сая-си жүйесінің құрамдас бөліктері болып табылатын саяси билік, саяси партиялардың даму үдеріс-тері қандай, жалпы қоғамның әлеуметтік-саяси даму бағыты қалай өзгерді, осы жағдайларды таразыға салды.

Қорыта келе, саяси үрдістерге бағытталған әдіс-тәсілдерін жетілдіру негізінде Қазақстан Рес-публикасының саяси жүйесін модернизациялауға қол жеткізуге болатындығына көз жеткізіп отырмыз. Тәуелсіздік жылдарында елімізде халықтар бірлігі мен ынтымағына басты назар сала отырып, демократиялық принциптерге негізделген жаңа экономикалық және әлеуметтік-саяси жетістіктерге қол жеткізілуде.

Дөңгелек үстел материалдарын «Хабаршы» журналына дайындаған Нүргүл Ләпбаева және Әлия Бисенова.



Жұмағұлов Болат Сағидоллаұлы

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Жалпыуниверситеттік пәндер факультетінің деканы, тарих ғылымдарының кандидаты, университеттің профессоры, 1951 жылғы қарашада Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қоныстану ауылында дүниеге келген. 1969 жылы «Жаңашаруа» орта мектебін үздік бітіріп, республика Жастар одағы ұйымының «Мектеп түлектері ауылда қалып, еңбек етуге тиіс!» деген ұраны бойынша туған ауылында қалып «Комсомольск» кеңшарында еңбек жолын бастады. 1970-1972 жылдары Кеңес Армиясы қатарында қызмет істеді. Әскерден кейін туған ауылына келіп, жүргізуші болып жұмыс атқарды.

1973 жылы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының дайындық бөліміне түскен ол курсты ойдағыдай бітіріп, 1974 жылы студенттер қатарына қабылданды. Өзі оқып жүрген тарих факультетінің қоғамдық өміріне белсене атсалысып, үздік оқумен, үлгілі тәртібі-мен көзге түскен Б.С. Жұмағұлов бірнеше рет Республикалық конкурстардың жүлдегері атанып, грамоталармен, дипломдармен марапатталған.

Жоғары оқу орнын қызыл дипломға бітіріп, сол кездегі институт ректоры профессор Ж.Жұмабековтың қолынан «ҚазПИ-ге 50 жыл» деген төсбелгісін алғаннан соң, 1978-1982 жыл-дары Қазақ КСР Орталық мемлекеттік мұражайында аға ғылыми қызметкер болып қызмет істеді. Осы мекемеде қызмет істеп жүрген кездерінде халқымыздың біртуар перзенті, еліміздің тари-хында ерекше орны бар көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, қазақ қолөнерінің жанашыры, этнограф-ғалым, Өзбекәлі Жәнібековтан тәлім алып, тарих ғылымына, еліміздің болашағына деген ынта-ықыласы арта түсті.

Бұдан кейін Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтына Жалпы тарих кафедрасына оқытушы болып келді, аға оқытушы болды (1979-2003 жж.). 1999 жылы «Кеңес өкі-метінің аграрлық саясаты және Адай көтерілісі (1922-1933 жж.)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады, доцент атағын алды. 2003 жылдан бері Жалпы тарих кафедрасының доценті, тарих факультеті деканының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары (1993-1997 жж.), тарих факультеті деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары (1997-2008 жж.) болып қызмет істеген жылдарында еліміздің болашақ жас мамандарын дайындауға, оларға сапалы білім, саналы тәрбие беруге өлшеусіз үлес қосты. Факультет мамандықтарын кредиттік оқыту жүйесіне көшіруге, оны жүзеге асыруға белсене атсалысты.

2008-2011 жылдар аралығында Абай атындағы ұлттық педагогикалық университетінің Оқу басқармасын басқарды. 2011 жылдың қыркүйегінен Жалпыуниверситеттік пәндер факультетінің деканы.

Болат Сағидоллаұлы Жұмағұлов өзіне жүктелген қай жұмыста болсын еңбекқорлығымен,

ізденімпаздығымен, тиянақтылығымен көзге түсіп келеді. Бүгінде университеттегі оқу үрдісін заман талабына сай жаңаша ұйымдастыруға, оған әлемдік инновацияларды енгізуге жетекшілік жасап, бұл салада лайықты нәтижелерге қол жеткізуде. Сондай-ақ ол тарих факультетінің жұмысын жандандыруға да белсене атсалысуда.

Республиканың білім жүйесіндегі шығармашылық еңбегі және жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудегі табыстары үшін Қазақстан Республикасы Білім министрлігінің Құрмет грамотасы-мен марапатталған (1998 ж.), ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Қазақстан Республикасының білім беру ісінің құрметті қызметкері» (2002 ж.) белгісімен және «Ыбырай Алтынсарин» (2009 ж.) медалімен марапатталған.

Ғылыми ізденіс саласы: ХХ ғ. 20-30 жж. Кеңес өкіметінің аграрлық саясаты мен Қазақстанның батыс өңіріндегі шаруалардың қарсыласу қозғалыстары, ХІХ-ХХ ғғ. Батыс Қазақстандағы қала халқының әлеуметтік-экономикалық және демографиялық дамуы мәселелері.

60-тан астам ғылыми мақалалары және 1 оқу құралы жарық көрген. Қазақстан Республикасы-ның Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының (бакалавриат және магистратура): 020340 – Тарих, 030540 – Тарих, құқық және экономика негіздері, 050114 – Тарих мамандықтары бойынша авторы.

Абай атындағы ҚазҰПУ-і Тарих факультетінің ұжымы және Хабаршы журналының «Тарих және саяси-әлеуметтік ғылымдар» сериясының редакциялық кеңесі ғалым-тарихшы, талантты ұйымдастырушы Болат Сағидоллаұлы Жұмағұловты мерейтойымен шын жүректен құттықтайды және оған мықты денсаулық, ұзақ өмір, педагогтік және шығармашылық қызметіне толағай табыстар тілейді!